

Қазақ әдебиетінің классигі Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған
«ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ»
атты халықаралық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Қ 17

Жауапты редактор:
Мамбетов Ж.О.

Құрастырушылар:
Даутова Г.Р., Ахан Ұ.О.

Конференцияны ұйымдастырушы комитет: *Темірболат А.Б., Мамбетов Ж.О., Тлеубаев С.Б.,
Солтанаева Е.М., Даутова Г.Р.*

Конференция модераторы: *Әбдезұлы Қ.*

Қазақ әдебиетінің классигі Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған «Тахауи Ахтановтың көркемдік әлемі» атты халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 128 б.

ISBN 978-601-04-6582-4

Жинаққа 2023 жылдың 7 қарашасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультетінде өткен Қазақ әдебиетінің классигі Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған «Тахауи Ахтановтың көркемдік әлемі» атты халықаралық конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және мектеп ұстаздары, көпшілік оқырман қауымға арналған.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

*Әбдезұлы Қансейіт,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
профессоры, филология ғылымының докторы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

ТАХАУИ АХТАНОВ АДАМ ЖАНЫНЫҢ СУРЕТКЕРІ

Өткен жылдары, үстіміздегі жылда жүз жылдық мерейтойлары аталып жатқан әдебиет алыптарының қаламынан руханиятымызға, оның ішінде сөз өнерінде өте құнды, мол мұра қалды.

Бұл қаламгерлердің қазақтың басқа жазушыларынан бір ерекшелігі – олардың барлығы майдангерлер. Екінші дүниежүзілік соғыстың қанды қырғынын көрген, оқ пен оқтың ортасынан алмағайыпта аман қалып, туған елге оралып, қалам еңбегіне отырғандар. Алапат соғыстың тауқыметі мен қасіретін бастан кешкен миллиондаған құрдастары мен оқопта бірге жатқан замандастарының оққа ұшып, ажалмен бетпе-бет келген сәттерін көзімен көрген соғыстың тірі куәгерлері еді.

Осыдан оншақты жыл бұрын осынау жүз жылдықтар шеруін бастаған Б.Момышұлы, Қ.Аманжолов, Қ.Қайсенов, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, Ә.Шәріпов, Ә.Нұршайықов, С.Мәуленов, К.Тоқаев сынды қаламгерлердің шығармашылығын атап өттік. Ұлттық деңгейде, елдік мінберден.

Міне, бүгін қазақтың классик қаламгері Т.Ахтановтың да жүз жылдығы келіп жетті. Кеше ғана Ұлттық кітапханада тағы да бір майдангер жазушымыз, балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаев ағамызға құрмет көрсеттік.

Келесі жылдары тағы да екі әдебиет алыбының – Әбдіжәмил Нұрпейісов пен Қуандық Шыңғытбаевтың жүз жылдықтары. Екеуі де соғыс жалынына шарпылған, жүректерін оққа төсеп, алапат майдан шындығын көзімен көріп келген шынайы суреткерлер. Бірі – қазақ прозасына, бірі қазақ поэзиясына өлшеусіз үлес қосты.

Жалпы айтқанда, осынау мен атап өткен, аталмай қалған мол шоғыр майдангер қаламгерлердің мұрасын біз ешқашан ұмытпауымыз керек. Олар әдебиетіміздің үлкен бір кезеңін жасады. Қазақ әдебиетіне құнарлы, көп қатпарлы әскери тақырыпты әкелді. Бір-бірін қайталаған жоқ, әрқайсысы өз тақырыбымен, өз қолтаңбасымен көрініп, туған әдебиетімізге қайнары терең, шынайы өмірден тамыр тартқан, көркемдік болмысы күрделі кемел туындыларды өмірге әкелді.

Осынау қаламгерлердің шоғырында жазушы, драматург, аудармашы, әдебиет зерттеушісі Т.Ахтановтың шығармашылығы оқшау көрінеді.

Т.Ахтановтың шығармаларының тақырыбы сан алуан. Бір туындысы екіншісін қайталаған жоқ. Әрине, жазушы майдан, соғыс тақырыбын да айналып өткен жоқ.

Өзі тікелей басынан кешірген оқиғалар алғашқы туындыларының арқауына айналды. Жасандылығы жоқ, соғыстың ащы шындығы қайта сөйледі. Соғыс, майдан тақырыбын тереңнен қопарып, өмірдің өз бояуымен бейнелеп берген, шынайы өмірдің көркем шындығын құнарлы тілмен оқырман жүрегіне жеткізе алған шығармалар қазақ оқырманын бірден елең еткізді. Т.Ахтанов әу дегеннен ешкімді қайталамай, қазақ әдебиетіне құбылыс болып қадам басты. 1961-жылы өмірінің соңғы күндерінің бірінде операция алдында жатқан Мұхтар Әуезов өз аманат-хатын Т.Ахтановқа жолдады. Сол хатында әдебиетіміздің ендігі болашағы сенсің деп жазыпты, жарықтық.

Алғашқы туындыларының бірі «Қаһарлы күндер» жарыққа шыққанда әдебиет сыны жарыса жазды. Жаңа туынды, көркемдік бітімі дара туынды үлкен әдеби талқылауға түсті. Осы романымен-ақ жазушы әдебиеттегі үлкен жолын, суреткерлік жолын бастап кетті.

Бұл туындыда қаламгер алдымен өзінің үлкен суреткер, нақты айтсақ адам жанының үлкен суреткері екенін бірден танытты. Мұнда қым-қиғаш, оқырманды жалықтырып жіберетін, бітіп болмайтын шытырман оқиғаларды қоса, қат-қабат жарыстыра баяндай беретін сюжет жоқ. Оның есесіне жау өтінде жүрген, ажал аузындағы қазақ жауынгерлерінің тағдыры, шеккен азабы мен көрген мехнаты, отан қорғап жүрген адамның барлық қасиеттері сынға түсетін соғыс шындығы алдыңғы қатарға шығады.

Әр кейіпкер дараланған, көркемдік тұрғыдан жинақталған. Жазушы адам жанының трагедиясын түп-тамырына дейін үңіліп зерттейді. Әрбір кейіпкерінің жүрегінің түбіне терең бойлайды. Жасанды,

жылтырақ бояуы жоқ. Қаны сорғылаған майдан шындығын көз алдына әкеледі. Суреткерге осыдан артық қандай олжа керек? Өз тақырыбына, өз кейіпкеріне адал болудың эталонын да көрсеткен жазушы Тахауи Ахтанов.

Қаламгерлік жанкештілігі, жүрегінің түбіне кір жасырмай оқырманмен риясыз сырласатындығы, кейіпкерін өліп-өшіп сүйетіндігі, сол арқылы адамның қадірін біліп, өмірдің әрбір сәтін бағалауға шақыратын шығарма беттерін бей-жай, жүрдім-бардым оқу мүмкін емес.

Барлық туындыларында адам трагедиясы бірінші орынға шығатынын жоғарыда айттық. Барар жер, басар тауы қалмаған, өз тағдырымен өзі алысқан, ағысқа қарсы жүзетін қайсар, қайтпайтын, маңдайының соры бес елі, бірақ жанұшыра жанталасқан, өзегі мықты, рухы сынбаған кейіпкерлердің тұтас галереясын қазақ әдебиетіне алып келді.

«Қаһарлы күндер» романында автор қарапайым қазақ жауынгерінің майдандағы өмірін, тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін терең психологиялық арнада ашады. Бір естелігінде жазушы: «Мен ең алдымен бұғанасы қатпай, майданға кірген, от ішінде есейген өз қатарым туралы айтқым келді. Мені және бір қызықтырған соғыстың шытырман оқиғасы, қауіп-қатері емес, сол соғыс арқылы, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам характерлері болды.» - деп жазды. Осы суреткерлік ұстанымынан кейінгі туындыларында да жазушы бір елі ауытқыған жоқ.

«Қаһарлы күндер» романындағы Ержан, Кәкібай, Қартбай, Бондаренко, Көжек сияқты кейіпкерлердің әрқайсысының өмір жолы, майдан шебінде көзге түсетін іс-әрекеттері боямасыз, әсірелеусіз, шынайы, шыншыл эпизодтар арқылы ашылады.

Соғыстың жан түршігерлік ауыр, азапты күндері мен түндері, сол ортада тағдыр кешетін қарапайым жауынгерлердің психологиясы қалың, қатпарлы сюжет арқылы, кейіпкерлердің жан дүниесін терең ашатын тартыстар арқылы, алдауға, арбауға түсіп қалатын, сөйтіп қасірет шегетін қазақ қызы Раушанның бейнесі арқылы қаламгер соғыстың күндерінде де қым-қиғаш өмір үшін арпалыс, күрес, адам баласының бойындағы барлық жақсы, жаман қасиеттері сынға түсетінін шебер жеткізеді. Адамдық сезім, кісілік, адамгершілік қасиеттер соғыс кезінде де баға жетпес байлық екенін сезінесіз.

Кеңестік кезеңдегі көп туындыларда кездесетін жалған сөйлеу, әсіре мақтау, советтік идеологияның талабына орай жауырды жаба тоқу, яғни жасанды суреттер шығармада жоқ.

Кеңес армиясының өміріндегі келеңсіз көріністер, соғыстың алғашқы күндерінде өлімге душар болған миллиондаған солдаттардың ажал аузында қалуы, шегініс сәттері, жазықсыз қырғынға ұшыраған қыршын жастардың обал-сауабын жазушы бүркемелемей, бұрмаламай өмірдің өз суретімен жеткізуге тырысады.

Романда батальон командирі Мұрат Арыстановтың бейнесі халық батыры, жаужүрек қолбасшы Б.Момышұлының тағдырына негізделіп сомдалғаны анық аңғарылады.

Ал жазушының есімін әлемге танытқан әйгілі «Боран» романы нағыз психологиялық туынды. Қаламгердің шығармашылығындағы үлкен белесі де, оны әдебиет төріне көтерген, қалың қазақ оқырманының сүйікті қаламгеріне айналдырған да осы атақты роман еді.

Романның бас кейіпкері Қоспанның соғыс жылдарында тұтқында болуы оның кейінгі тағдырына қалай әсер еткені, үнемі алдынан шығып отыратын жазықсыз айыптау, билік тарапынан көрсетілетін қысым, қиянат, сенімсіздік, барлығы, барлығы жалғыз жүрегін оққа тосып, аянбай соғысқан, майдан өртінен дәм бұйырып, алмағайыпта аман қалып, төрт мүшесі түгел, туған еліне оралған еңбек адамының қайшылықты тағдыры көз алдымыздан өтеді.

Бұл жерде алдыңғы қатарға отан қорғаған, қайғы мен қасіретті, азапты күндер мен түндерді бір адамдай басынан кешкен, өзінің соғыс алапатына тұспа-тұс келген ауыр тағдырын адал арқалап өткен адал жанның қолдан жасалған қиянаттан қалайша азап шегетінін жазушы шегіне жеткізе суреттеген.

Сондықтан да романдағы Қоспан бейнесі – трагедияға ұшыраған тұлғаның бейнесі. Сталиндік режим, қызыл империя, репрессиялық жүйе жүз мыңдаған майдангерлердің тағдырын тәлкекке салып, олардың Отан қорғаудағы еңбегін, ерлігін көк тиынға шығарып, қаншама соғыс алапатынан жүректері жараланып оралған совет солдаттарының қырқыншы, елуінші жылдары кеңес билігінің, мемлекеттік, идеологиялық, партиялық саясатының ойыншығына айналғаны бұлтарғас тарихи шындық.

Осынау қаны сорғалаған тарихи шындықты Т.Ахтанов романына арқау етті. Ол заманда бұл жазушылық ерлікке пара-пар еді. Михаил Шолоховтың соғыс тақырыбын, оның алапат азабын, трагедиясын суреттейтін «Адам тағдыры» («Судьба человека») дейтін туындысы сол тұста бүкіл Кеңес Одағын жаулап алып еді. Ал мына Т.Ахтановтың «Бораны» тереңділігі, ауқымдығы, көркемдік деңгейі тұрғысынан оны он орап алатын шығарма болатын. Аудармашысы сәтті табылғанда әлемдік

деңгейдегі бестселлерге айналатын көркем дүние болатын. Кремль ондайға жол беруші ме еді? Есесіне қазақ прозасының 60-жылдардағы белесті туындысы ретінде өз қазынамызда қалды.

Романның басты құндылығы – оның шынайы реализмінде. Тағдыры тығырыққа тірелген майдангер, қайсар жан барар жер, басар тауы қалмаған соң қойшы болып, ауыр, ақ, адал еңбектің нанын жеймін деп туған даласында қой бағады. Күтпеген жерден көз ілмей бағып жүрген, алдындағы мыңдаған қоймен алапат боранға ұшырайды. Осынау боран стихиясы арқылы армансыз суреттелетін көріністер, кейіпкердің жан азабы арқылы ашылатын ішкі жан дүниесі, ешқандай қоспасы жоқ баяндаулар, авторлық шегіністер, адамдар портреті, олардың арасындағы орын алатын опасыздық, сатқындық, екіжүзділік, достыққа деген тұрақсыздық, немқұрайдылық, барлығы нақты оқиғалар арқылы ашылады.

Қоспанның жан дүниесі сол тұстағы моральдық азғындауға түскен қоғам шындығымен терең сабақтастықта суреттеледі. Дәуір шындығы адамдар тағдыры арқылы көрінеді. Шығарма тұтастай романның үш басты кейіпкері – Қоспанның, Қасболаттың, Жаңылдың жан дүниесін, бір-біріне ұқсамайтын тағдырларын бейнелеуге құрылған.

Роман өте тартымды оқылады. Жазушының суреткерлік шеберлігін, қаламгерлік мақсат, мұратын да мейлінше анық көрсеткен туындысының бірі осы роман.

Әйгілі Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары!» повесті бір тұста осынау романдағы идеямен, тақырыппен терең сабақтасындай көрінді. Әрине, Айтматов өз шығармасын Ахтановтан кейін жазды. «Қош бол, Гүлсары» повесті де бас кейіпкер қойшы Танабайдың, соғыс ардагерінің ауыр да аянышты тағдырымен аяқталады.

Келесі шығармасы «Шырағың сөнбесін» роман-диалогиясында да Т.Ахтанов тағы да соғыс тақырыбына қайта оралады. Майдан шындығын енді басқа қырынан алып бейнелейді. Күйеуі Қасымбек бір түнде майдан шебіне аттанған соң жау тылында қалған бас кейіпкер, қазақ әйелі Нәзира бейнесі арқылы, соның тағдыр жолы арқылы суреткер жазушы, енді әдебиетімізге соғыс азабын басынан кешірген қазақ анасының образын алып келді. Бұл туынды да таза, шынайы психологиялық шығарма.

Ал енді Тахауи Ахтановтың әдебиет сынына, әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі де өлшеусіз.

Ол өткен ғасырдың 50-70-ші жылдары күнделікті әдеби үдерісте, қазақ әдебиетінің барлық жанрларында көрініс берген көркемдік жаңалықтардың барлығын қалт жібермей, өзінің бағасын беріп отырған.

Әсіресе әдебиет айдынында алғашқы қадамдарымен көріне бастаған, жақсы шығармаларымен келген жас буын, жаңа толқын қаламгерлердің барлығын есімін атап, әрқайсысының табыстары мен кемшіліктеріне тоқталған.

Туған әдебиетіміздің сол тұстағы тыныс-тіршілігін, көркемдік ізденістерін Тахауи Ахтановтың үнемі жарияланып отырған әдеби-сын мақалаларынан анық аңғарамыз.

Бірнеше рет жазушылар Одағының пленумдарында, жыл қорытындыларында ауқымды баяндамалар жасап, әдебиетіміздің болашағы туралы, көркемдік табыстарымыз туралы, шығарманың тілі, қаламгерлік тың ізденістер туралы өте құнды талдаулар жасаған, ой-пікірлер айтқан.

Әдеби сынға, әдебиет тарихына арналған сүбелі-сүбелі үш кітабында, әсіресе әлемдік деңгейдегі суреткер жазушы М.Әуезов, әдебиет алыптары Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов жайында жазған көлемді әдеби-талдау, әдеби-зерттеу мақалалары жаңалығымен, тереңдігімен, құнарлы тілімен баурап алады. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов шығармашылығына қайта-қайта айналып соғып отырған.

Ал енді бір шоғыр қазақтың аса дарынды, талантты ақын жазушылары туралы жазған мақалалары да өте құнды, маңызды. Олар бүгінгі таңда да мәнін, өзектілігін жоғалтқан жоқ. Солардың арасында, әсіресе Қ.Аманжолов, Т.Әлімқұлов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Қ.Шаңғытбаев, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, Ш.Мұртаза, С.Бердіқұлов сынды қаламгерлердің тұңғыш жарық көрген туындыларына, олардың туған әдебиетімізге алып келген көркемдік табыстарына ақ жүрегімен ағынан жарылып, төгіліп, терең талдауларға құрылған әдеби-сын мақалалар жазған екен.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романына жасаған талдау мақалалар сериясын мен Абайтану, Әуезовтану ғылымына қосылған үлкен үлес деп есептеймін. М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповті оқырманға танытудағы еңбегін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Қорыта айтқанда, Т.Ахтановтың қаламынан қазақ әдебиетіне атап айтарлықтай мол мұра қалды. Орда бұзар отыз жасында-ақ жарқ етіп әдебиет айдынында көрінген суреткер жазушының 1956 жылы жарық көрген әйгілі «Қаһарлы күндер» романынан бастап әдебиеттің барлық жанрларында сүбелі-сүбелі деген туындылары бірінен кейін бірі дүниеге келді.

Олардың әрқайсысы әдебиеттегі өз орнын ойып алды. Санамалап шықсақ: 1960-жылғы «Махаббат мұңы» (повестері мен әңгімелері), 1963-жылғы «Дала сыры» (повестер мен әңгімелері), кейінгі атақты «Боран» романына ұласатын туындысы (1966-жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болған), 1956, 1968, 1980-жылдары жарық көрген «Ғабит Мүсірепов», «Керуен», «Көкейкесті» атты әдеби-танымдық деңгейі аса жоғары, өте құнды әдеби-сын, әдеби-зерттеу еңбектері, 1968-жылғы «Көк құтан» әңгімелер жинағы, 1971-жылғы «Үндістан» атты сапарнама очерктер кітабы, 1973-жылғы «Шырағың сөнбесін» атты роман-дилогиясы, «Ант» атты драмасы, 1978-жылғы «Ана дауысы» атты драмаларының жинағы, оның үстіне ұлттық театр сахналарының төрінен түспеген «Сәуле», «Әке мен бала», «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу», «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» сияқты драмалық және комедиялық туындыларын аттап өте алмаймыз.

Бұлардың барлығы да классикалық дүниелер. Жазушы-драматургтің сахналық туындылары ұзақ жылдар бойы орыс, басқа да түрік тілдес туысқан халықтар театрларында үлкен табыспен қойылды.

Қаламгер аударма саласында да өнімді еңбек етті. Алексей Толстойдың әйгілі «Азапты сапарда» («Хождение по мукам») атты трилогиясын, М.Горькийдің таңдамалы әңгімелерін ана тілімізде сөйлетті.

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған жас дарын, жас майдангер осылайша жарты ғасырға жуық туған әдебиетіне адал қызмет етті. Бірде бір нашар, осал, ортаңқол шығарма жазған жоқ. Алғашқылардың бірі болып «Халық жазушысы» құрметті атағына ие болған да суреткер қаламгер Тахауи Ахтанов. Бұл енді елінің, халқының, қалың қазақ оқырмандарының берген шынайы, жоғары бағасы еді. Әдебиет алыптарының бірі, әрі бірегейі болған Тахауи Ахтановтың бүгінгі ғасырлық тойы – туған әдебиетіміздің биік белесі деп есептеймін.

*Орда Гүлжаһан Жұмабердіқызы,
филология ғылымдарының докторы, доцент,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының Тәуелсіздік дәуіріндегі
әдебиет және көркем
публицистика бөлімінің меңгерушісі*

ТАХАУИ АХТАНОВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңестік әдебиеттің проза жанрында жазылған кең ауқымды эпикалық роман жетекші жанрға айналды. Соғыстан кейінгі жылдары соғыс тақырыбына жазылған кеңестік жазушылардың романдары аталған жанрдың дәстүрлі жолын қалыптастырып, дамытты [1, 5-33]. Қазақ әдебиеті де біршама табысқа қол жеткізіп, жазушылар шағын жанрдағы шығармалармен қатар эпикалық жанрларға құлаш сермей бастады. Роман жанрының тұрақты зерттеушісі С.Қирабаев ол жөнінде: «Соғыстан кейінгі дәуір қазақ романының жаңа бір тынысын танытқан, өрісін байытқан кезең болды», – дейді [2, 22]. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» (1950, «Қазақ батыры» (1945)), Ә.Нұрпейісовтің «Курляндия» (1950, «Күткен күн» (1958)), Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» (1956), Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» (1959), К.Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» (1983) романдары Ұлы Отан соғысы тақырыбын арқау етті. Бұл тақырыпқа негізінен соғыс майданын көрген қаламгерлер ғана барды деп айтуға болады.

Ал, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры» туындысына жазған рецензиясында Е.Исмайылов: «Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған «Қазақ батыры» терең идеялы, көркемдік стилі айқын аса күрделі, маңызды шығарманың бірі», – екендігін баса айтты [3, 354]. Майдан даласын көрмеген жазушы романына айтылған сындар автор бас кейіпкердің баяндауынан шыға алмаған, соғыс шындығы жете көрсетілмеген, публицистика басым, суреттеуден шешендік басым, романның тереңдігі, кеңдігі, ұлы соғыс бейнесін жасауы жетіспейді дегенге саяды [4].

Соғыс аяқталғаннан кейін майдангер жазушылар өздерінің басынан өткен соғыс шындығын күнделік жазбалары негізінде қағаз бетіне түсіріп, ірілі-ұсақты жанрда шығармалар жаза бастады. 1956 жылы Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы жарық көрді. Романның 1949 жылы басталғанын еске алатын болсақ, өзі куә болған, көзімен көрген оқиғаларды қағаз бетіне түсіру жазушыға оңай болмаған. Қан майданды кешіп келген Т.Ахтанов романның жазылуы жөнінде «Өзімнен жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім» деген сұхбатында: «Бұл романның жазылуы онша көп уақыт алмағанымен, толғағы ұзақ болды. Үш жыл бастан кешкен соғыс туралы роман жазуды көп ойладым. 1949 жылы бас жағын жазып, кірісіп те кеттім. Бірақ жұмысым өнбеді. Шамасы,

келер жылы болар, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Курляндия» романы жарық көрді. Соны оқып шығып, ойға қалдым. Шығарма біраз кемшілігі болса да, маған қатты ұнады. Онда сол кездегі қазақ жазушыларының басым бөлігінде жоқ, кәдімгі тірі, жанды сурет, бусанып тұрған өмір бөлшектері бар екен. Ал менің бастап қойғандарымның тұрған дәрежесі одан әлдеқайда төмен болатын. Содан өзімнен-өзім жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім. Кейде болашақ шығарманы ойлап, толғанып жүрсем де, үш-төрт жылға дейін қайтып оралуға зауқым соқпады. Сын мен көркем аударма саласында жұмыс істей бердім», – дейді [5]. Бұл жылдары қаламгер Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тайыр Жароков, Әбу Сәрсенбаев, Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Шерхан Мұртаза, Федор Достоевский, Антон Чехов, Шыңғыс Айтматов шығармашылығына арналған әдеби-сын мақалалары, басқа да өнер салалары туралы эсселерінде әдебиет пен өнердің түрлі мәселелерін сөз етті. Өнер және өнер адамдары туралы «Алғашқы ән», «Қызғаныш», «Күй аңызы» әңгімелері осы жылдары жазылып, әдеби қауым мен мен көпшілік оқырманнан оң баға алды.

Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдарына 1941 жылы Алматыда құрылған Панфилов дивизиясының Москва түбінде көрсеткен ерлігі арқау болған. Роман соғыс басталған соң, Қазақстан жерінен майданға аттанып бара жатқан әскерлердің туыс-достарымен қоштасу сәтінен басталады да әр кейіпкердің өмір жолы туралы әңгімелермен лирикалық шегініс жасалып, олардың бейнелері толығырақ түседі. Олардың әрқайсысының өмір жолы да әр түрлі.

«Қаһарлы күндер» романының негізгі кейіпкерінің бірі – взвод командирі Ержан. Қарапайым қазақ арасында өскен Ержан онжылдықтан соң әскерге алынып, училище бітірген өрімдей жас болғанмен ел ішінен алғаны көп. Жылқыға құрық салып, ат жалын тартып мінген ол мал қайыруды да біліп, ғажайып жыр ертегілерді де жаттап өсті. Роман басында туып өскен жерінен өтіп бара жатып, көзін ашқаннан көрген дарқан даламен қоштасу сәтінде көзіне жас жас алуы – кіндік қаны тамған жерге деген сезімінің көрінісі. Туған жерінен басқа жерді көрмеген Ержанның жерге деген сүйіспеншілігі жалқыдан жалпыға ауысып, Отан деген ұғымға ұштасуы шынайылық танытады. Шығарманың басындағы қазақ жері үшін көзіне жас алған Ержан Отан үшін, Москва үшін бір емес, бірнеше рет басын оққа тікті. «Солдаттар таң атқанша окоп қазды. Бөлімдер алғашқы соққыдан есін жиып, енді шегіне соғысуға машықтанып келеді. Алғашқы күндердегідей емес, қазір аяқ іліккен жерге табан тіреп, жиі-жиі жауға қарсылық етеді. Дедектеп зымырап кетпей, тістесіп, қырқысып шегінеді. Талай күндер бел шешпеген солдаттар түзде, майданда жүрген адамның сұсты, сауыс бейнесіне енді: балшық сіңіп сірескен шинельдер қара қайыстай жылтырайды, қолды күс басып, жел қағып тотыққан беттерінде қаулап сақал өскен. Ержан да аңқау ғой: қасындағы Бөрібайдың көсе екенін осы кезде ғана байқады...» [6, 130], – деген үзіндіден майдандағы жауынгерлердің жай-күйімен бірге, оларға командир болып жүргендердің өзінің өте жас жігіттер екендігін аңғарамыз. Осындай авторлық сипаттамалар да кейіпкер бейнесін толықтырып отырады. Майдан шындығын көрген жазушы әрбір кейіпкер бойындағы сезімді шынайылықпен танытқан. «Ол енді өзге дүниені ұмытып, бар арманы анау сирек орманға тығылу, жан сақтау болып, кейбіреулерден басып озып зытып барады» деген суреттегі жаумен алғаш кездескенде қолдары дірілдеп, есін әрең жиған Ержан бөлімшесінің жау күшіне төтеп бере алмай, кейін қарай зымырап қашуы да көңілге қонымды. Полктың екі батальонын жапырып өткен жау әскері дивизияны бөліп-бөліп жібереді. Ержанның жігіттері қоршауда соңғы оқ-дәрілер қалғанша ұрыс сала жүріп, өз дивизиясына келіп қосылуының өзі үлкен ерлік. Дивизияның бекініп алып жаумен екінші рет кездескенінде бұл жігіттер де қатайып, ширай түскен еді. Сол сәтті кейін Зелениннің: «Ой біздің сондағы өкшеміз жылтырап қашқанымыз-ай», – деп еске алуы – дайындықсыз келген жауынгерлердің соғыста пісіп-жетілуінің белгісі. Волоколам тас жолын алуды көздеген жаудың негізгі күшіне төтеп беру аз әскерге оңай тиген жоқ. Ержанның взводы бұл шайқаста ерекше ерлік көрсетті. Политрук Кусков пен санитарка Раушан тылға өткен танкты өз кеуделерімен тоқтатса, осы ерлікті көрген жолдастарының қасық қанымыз қалғанша күресеміз деп жігерленуін автор шынайы бейнелеген. Майданға алғаш келгенде жаудың көп күшінен қорқып, зыта қашқан Ержан взводы романның соңында темір табанды техникаға үш дүркін төтеп береді. Алғашында бес кейін он танкімен шабуылға шыққан жауды тойтаруда бұл взводтың темір техникамен қалай күрескені санаулы адамдардың тірі қалуынан байқалады. Жарадар болып жатқан Ержанды Ерофей Максимовичтің іздеп келуі – сол тұстағы түрі басқа тілегі бір кеңес адамдарының бір-біріне деген қамқорлығының көрінісі. Үш дүркін шабуылға темір осалдық танытса, адам шыдамдылық танытты. Олар – Отанымыздың астанасы Москва үшін басын өлімге тіккен кеңес әскері.

Кәкібай – жетімдіктің зарын тартып, балалар үйіне келген соң жасы ұлғайып кеткендіктен алтыншы сыныптан кейін троктарист болған жан. Ол кезде шыққан тегіне қарап, жұмысшы

отбасынан шыққандар мен жетім-жесірлерге ерекше көңіл бөлінетіндіктен, Кәкібайдың айы оңынан туа кетеді. Ауданның бетке ұстар озаты болған соң, оның жоспарды дер кезінде орындай алмағанын да ескермей, сол үйренген орыннан ауыстырмайды. Басшылықтың бұл қылығын ол кәдімгідей қызарақтап ұяла отырып еске алуынан, оны жұбайы Марияшқа да айтпағанынан кейіпкер характері ашыла түседі. Алғашқы шайқаста окопқа жете құлап, жан тапсырған неміс солдаттының соңғы сапарға аттанардағы көз қарасын көп уақытқа дейін ұмытпай айта беруі – адам баласы түгіл жыбырлаған жәндікті өлімге қимайтын Кәкібай жанының нәзіктігін, жүрегінің жұмсақтығын танытар деталь. Кәкібайдың атадан балаға мирас болып қалған, табиғат сыйлаған әншілік өнеріне сұрапыл соғыс та тосқауыл бола алмайды. Автор шабуыл алдындағы жауынгерлердің ән тыңдап демалған кешіндегі Кәкібай мен Раушанның салған әні олардың жан дүниесін ерітіп қана қоймай, шабуыл алдында күш-қуат бергендігін, олардың сол сәттегі көңіл-күйлерін лиризммен жеткізе білген. Осындай адамдарды соғыстың өзі шынықтырғанына романдағы оқиғалар куә. Бір қолының жараланып қалғанына, жолдастарына көмек бере алмағанына күйінген ол қарсы келе жатқан танкінің астына түсіп оны жарады. Бұл – өлген адамның көзінен қорқып жүрген жанның қан майданда шынығып көзсіз ерлік жасауы.

Алғашында батальон командирі болған капитан Арыстанов Мұрат –соғыстан хабары бар әскери адам. Жаумен алғаш кездескен кезде Ержан бөлімшесінің зыта қашқанына шыдамай «Тоқта!» деп бұйрық беріп жүруі – оның соғысқа дейін де әскери өмірден хабардар екенін танытар эпизод. Күші басым жаудың әскерлердің сағын сындырарын біліп, үнемі оларды сөзбен жігерлендіріп жүреді. Өз әскерінің шегініп келе жатқанын, олардың екпінін қайтаратын тосын күш керек екенін де біледі. Ал сол күш өзіне жүктелгенде қобалжуы орынды. Себебі, әскердің дайындығы да онша емес. Оларды шынықтыра түсетін уақыт та жоқ. «Мұраттың мінезі дөрекілеу, ол соғыс үшін жаратылған адам», – деген Уәлидің сипаттамасы да оның бейнесін толықтырар деталь. Ол – жасы отыз екіге жаңа келгенмен жастық шағы елдің аумалы-төкпелі кезеңімен дәл келіп, жастықпен ерте қоштасқан жан. Отырықшылыққа көшу, байлардың малын конфискелеу, ел ішіндегі ашаршылық, жеке басқа табынудың салдарынан жаппай қудалаудың бел ортасында жүріп шыңдала түскен. Оның үстіне Мұраттың отбасылық жағдайы да онша емес. Өзінен аумайтын жалғыз ұлы Шерниязды ғана өзіне жұбаныш ететіні болмаса, жарының дүниеқоңыз қызылшыл мінезі қажытып біткен.

Шығармадағы негізгі кейіпкердің бірі – генерал Панферов. Бұл – генерал Панфиловтың прототипі. Жазушы атын өзгерткенмен оқырман Москва түбіндегі шайқасқа басшылық еткен генерал Панфиловты жазбай таниды. Бірінші дүние жүзілік соғыс пен азамат соғысына бірнеше жыл қатысқан, соғыс стратегиясы мен тактикасын терең меңгерген генералды алғашқы шайқастың өзі ойландырып тастауы – алдағы шайқастың оңай еместігінен хабар берер деталь. Ендеше оның ұстасар жауы да осал емес. Сол мұздай қаруланған жауға қалай төтеп беру, дивизияны аман алып қалу – генералдың негізгі міндеті. Ол әрбір солдаттың өміріне жауап береді. Осынша жауапкершілікті көтеру әккі генералға да оңай емес. Себебі, бұл соғыс –бұрынғылардан өзгеше. Жалаң қолмен техникаға қарсы шығу – өлімге жүгіру сықылды. Бірақ қалай болғанда да оларды тойтару – Панфиловтың міндеті. Генералдың әбір сөйлеген сөзі, істеген ісі оның бейнесін толықтыра түседі. Мәселен, штабта отыра алмай алғы шепке бір емес үш баруы, шегініп келе жатқан Мұратпен ресми түрде емес, етене жақын адамдарша қол алысып амандасуы, Егоров полкы әскерлерінің жай-күйін жеке-жеке сұрауы, окоп ішінде кездескен қатардағы солдат Шөжебаев Көжектің қолын алып қана қоймай, онымен тұра қалып әңгімелесуі, елінен хабар үзбеуін ескертуі, оларға өз атынан сәлем айтуы, т.б. – генрал бейнесін толықтырар эпизодтар. Кейіпкер бейнесін толықтырудың бір түрі кейіпкер ойы, сипаттама болса, оны Көжектің «мына кісінің алды кең екен, өзі де келбетті келген адам ғой» деген сөзінен көруге болады.

Келесі кейіпкер – взвод командирі Уәли. Ол – аспирантураны бітіріп, мұғалім болам деп болашағынан мол үміт күтіп жүрген жігіт. Оның мінезі де, іс-әрекеті де, пиғылы да өзгеше. Оның жымысқылығы Раушанның басын саудаға салудан байқалады. Раушан туралы Ержанға айтқан ойы өз бейнесін аша түседі. Тылдағы жанұясын ұмытып, ел басына күн туғанда жеңіл әрекетке барып, жас қыздың басын шатастыруы – капитанның жексұрын әрекетінің бірі. Өмірде асығы оңынан түсіп үйренген ол қашан да алғы қатардан көрінуді ойлайды. Ержан батальонының жауға қарсы атақаға шыққан шайқасын өз атына пайдаланып, ерлігі үшін орден алғысы келген оның ойы орындалмай қалады. Қол астындағы Ержанға өтірік жала жабуы – қара басының бақыты үшін неден болса да аянбайтындығының көрінісі. Әскери сотта ол керісінше алдыңғы шепке жіберіледі. Уәли бейнесінің ашыла түсетін кезі – осы тұс. Оның ашық шайқасқа шыдамай, шегінуге бұйрық берілді деп Коростылевті алдап зыта қашуы, жолда Раушанды да ала кетпек болған ойы, өз батальонынан айрылып қара басы басқа дивизияға кездесуі, олардың ішінде жүріп тамақ асырауы, Ержанның

взводна келгенде де жанаярлық етіп окоп қазбауы, жау шабуылана шыдамай қаша жөнелуі – жанаяр, қорқақ, сужүрек жандардың әрекеті. Оны сыртынан да, көзінше де қашқын деп басқа дивизия әскерлерінің мазақ етуі Уәли бейнесін толықтыра түседі. Романдағы өмір шындығына иландыра түсетін кейіпкердің бірі – бөлімше командирі сержант Добрушкин. Ол да Уәли секілді ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүретіндердің бірі. Алғашқы шайқаста жаудың шепті бұзып тылға өтіп кетуі – осындай қоян жүрек командирлердің қорқақтығынан болса, екінші шайқастағы жаудың Соколовоға соқпай тылдан орағытып, дивизия штабы тұрған Василево деревнясына бет алуына – Уәли ротасының жауға төтеп бере алмай тым-тырақай қашуы себепкер. Жауынгерлердің командирге қарап, одан үлкен медет күтетінін жазушы жеткізе білген. Ал, қорқақ командирлерге жауынгерлерді сеніп тапсыруға болмайтындығы осындайлардың әрекетінен көрінеді.

Баласы мен жұбайымен қоштасар сәтте поездан қалып қойған Қартбайдың да өмірі қызық. Соколовоны алғанда Бондаренко екеуінің неміс майорын тұтқындап алып келуі – олардың ерлік істерінің көрінісі.

Келесі кейіпкерлер – санитарка қыздар. Алғашында дал-дұл болып, ақсия сынған иықты көрген Раушанның көз алдынан сою-сою сүйек пен қып-қызыл қанға боялып боршаланған ет кетпей қойса, жазушы оның ерлікпен қаза тапқанына оқушысын иландыра білген. Алғы шептегі жаралыларды алып кетуге келген Раушан ондағы жайды көрген соң, кейін қайтпай окопта жауынгерлермен бірге болады. Тылға өтіп кеткен танкының артынан граната лақтырып, бір танкыны күйрете жан тапсырған ол мұндай ерлікке Отан үшін басын тіксе, тылға қайтпай ерлік жасауына екінші бір себеп – махаббат атты тылсым күш. Жазушы махаббат туралы авторлық ұстанымын: «Мейлі тіпті ғашықтық болсын. Бірақ мен көз қысып, қабақ қағысқанды айтпаймын. Өмірде бір сондай адам барын білесің, соған бар жаныңмен сенесің... сол үшін өліп кетсең де арманың жоқ», – деген сөзді кейіпкер Коростылевтің аузына салады. Раушанды Ержанның қасынан жібермеген осы – тылсым күш еді.

Жазушы логикалық, лирикалық шегініс арқылы соғысқа дейінгі бейбіт өмірден хабар берсе, сол тұстағы тыл өмірін де есте сақтап отырған. Айша мен Хадиша арасындағы бір сәттік эпизодпен бүкіл ел өмірінен мол мағлұмат алуға болады. Бейбіт күнде бір-бірін жау санайтын екі әйелдің арасындағы әңгімеден жатты жақын еткен соғыс қасіреті аңғарылады. Дүкендердің босап қалуы, Хадишаның мектепке алғаш барған жалғызының шынтағы жамаулы қысқа костюммен жүруі – кеңестер одағындағы бүкіл елдің сол тұстағы әлеуметтік өмірінің шынайы суреті.

Романдағы тағы бір көңіл аударатын мәселе – халықтар достығы. Ел басына күн туған тұстағы орыс, қазақ, т.б. ұлт өкілдері бір атаның баласындай болып, жұмыла күресуі де көңілге қонымды. Олардың арасындағы жеңіл қалжың, ең жақын адамдарша сыр бөлісу, бір-біріне деген жанашырлық пен үлкен сенім, т.б. осылардың бәрі де жарасымды өріліп отырады. Жауынгерлердің қоршаудан аман шығуына көмектескен жергілікті орыс шалы Ерофей Максимович Ержан жарақаттанғанда оны өз баласындай көріп іздеп келсе, қатар жүрген Кусков, Дәурен, Добрушкин, Раушан, Кәкібайларды аман қалған Көжек, Бондаренко, Қартбай, Земцовтар өз бауырларынан айрылғандай қайғырып, солар үшін жаудан кек алды.

Шығарманың жетістігі ұлттық ерекшелікте. Лирикалық шегініс арқылы қазақ аулының тыныс-тіршілігінен хабар береді. Ержанның жастық шағынан халықтың бай ауыз әдебиетімен сусындап өсетіні, өмірі малмен тікелей байланысты қазақ халқының ер балаларды ептілік, қайсарлық, шыдамдылық, төзімділік сынды жақсы қасиеттерге бала кезінен баулитыны аңғарылады. Яғни үлкен ерлік иелерінің сол батылдық жасауға дайындығы қанмен берілетіндігін нақты мысалдармен дәлелдей түскен. Сонымен бірге олардың арасындағы жарасымды әзіл-қалжың да жауынгерлердің жеңіске деген сенімін шыңдай түскен. Жазушының болашақ үлкен ерлік иелерінің шыққан тегі мен еліне сипаттама беруі де орынды. Ұлттық ерекшелікті көрсетер тағы бір шағын эпизод – Көжекті жеңгелерінің қоянның баласы деп атауы. Бұл – қазақтың қалыптасқан әдет-ғұрыптарының заңды жалғасы. Шабуылға шығарда өздерін әнмен қанаттандырған жандардың бойынан да өнердің өлмес, өшпес қуатын танытса, сол өнерге деген жақындық та қазақ халқының бойынан табылуы орынды. Шығармада фашизмге қарсы кеңес әскерінің күресі шынайы көрсетілсе, соның ішінде қазақ жауынгерлерінің жасаған ерлігі бұл халықтың жауынгер халық екендігін әлемге паш еткендей әсер аласың.

Осы шығарманың жазылуы туралы жазушы: «Мен ең алдымен бұғанасы қатпай, майданға кірген, от ішінде есейген өз қатарым туралы айтқым келді. Мені және бір қызықтырған соғыстың шытырман оқиғасы, қауіп-қатері емес, сол соғыс арқылы, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам характерлері болды» [7, 319], – деген еді. Жазушы алдына қойған мақсатына жеткен. Оны романның алғашқы беттерінен-ақ көруге болады. Эпикалық кең тыныспен басталған роман кейіпкерлерінің табиғи ерекшеліктері алғашқы сәттерден-ақ байқала бастайды. Әскери өмірден хабары жоқ, жас түлектер от

пен оқтың, өмір мен өлімнің ортасында жүріп қайраттанып, қайсарланып, болаттай берік болып шыңдалып, аз уақыттың ішінде есейіп шыға келуін нанымды бейнелеген. Әрбір кейіпкердің тұлғасы мен жан дүниесіне, өткен өмірі мен ішкі сырына, сөйлеген сөзі мен істеген ісіне, көңіл күйіне аса мән берілген. Кейіпкер образын сомдауда лиризм мен психологизм қатар өріліп отырады. Шығарманың негізгі жетістігі – автордың өзі сол оқиғаның бел ортасында жүруі. Жазушы бұғанасы қатпай соғысқа кірген өз замандастарының көркем бейнесін жасады. Романның аты секілді Отанға төнген қаһарлы күндердегі кеңес жауынгерлерінің жасаған ерлігінің шынайы болуы да, оқырманын баурауы да автордың сол майданның ішінде болуынан. Жоғарыда көргеніміздей шығарманың үлкен бір жетістігі – кейіпкер бейнесін сомдаудағы жазушы шеберлігі. Романда қанша кейіпкер болса, сонша характер бар. Олардың бірі-біріне ұқсамайды. Тіпті ерлікпен қаза тапқандардың да өмір тарихы мен жасаған ерліктері әр түрлі. Негізгі кейіпкер Ержан мен Мұрат арасында ортақ ұқсастық болғанмен, олар – типтік бейнеге көтерілген образдар. Әрбір кейіпкерінің бейбіт күндегі тіршілігінен мол мағлұмат берген жазушы оларды қан майданның ортасында шытырман оқиғалар мен қауіп-қатермен арпалыстыра отырып кейіпкер характерін сомдауда, сұрапыл соғыстың шындығын көркем шындыққа айналдыруда табысқа жетті. Қазақ прозасының өсіп, өркендеуіне көп үлес қосқан Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы жөнінде әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуқенов былай дейді: «...прозадағы тұңғыш шығармасы «Қаһарлы күндер» (1957) романының бағы бірден жанды» [8, 239]. Жазушы шығармашылығы әдебиеттанушыларды күн өткен сайын өзіне елітіп келеді. Бұл сөзімізді ол туралы жазылған Ш.Елеуқеновтің [9, 467-496], С.Құлбарақовтың зерттеулері растайды [10]. Аталған еңбектерде бұл романның қазақ прозасындағы соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың үздігі екендігі баса айтылған.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларына өзі куә болған өмір шындығы негіз болды. Жазушы өмірі туралы: «Біздің жастығымыз туралы не айтуға болады? Балалығымыз ашаршылықпен тұстас келді. Жастығымыз Отан соғысымен тұстас келді... Соның бәрінен аман қалып, әдебиетке кірген кезде бізде тағы бір майданға енгендей екпін, от бар болатын.

...Жастығымның майданда өткенін айттым. Ал майданның адамды тазалыққа, әділдікке, тәртіпке үйрететіні белгілі. Менің бір іштей шүкіршілік ететінім – осы қасиеттер менің өзімнің де, майдандас тұлғаластарымның да бой-басында қалып қойды ғой деймін», – деген болатын. Ол өзінің шығармаларына балалық шағын ұрлаған ашаршылық, жастық шағын ұрлаған соғысқа қайта-қайта оралып отырды. Оны жазушының «Боран» романындағы Қоспан мен Қасболат, «Шырағың сөнбесін» романындағы Нәзира, «Қаһарлы күндер» романдарынан көруге болады. Жазушы ұлт әдебиетіне тыңнан жаңа образдар қосты. Деректілік пен нақтылық шығармалардағы соғыс шындығын шынайылай түссе, жазушының кейіпкер жандүниесіне үңілуі психологизм мен лиризмді шебер игергендігін байқатты. Бұл жазушының ғана емес, елуінші жылдардағы кеңес әдебиетіндегі қазақ романының үлкен табысы еді. Соғыстың басталған алғашқы күнінен жеңіске жеткенге дейінгі аралығын қамтитын Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», майдангер жазушылар –Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас», К.Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романдары – Б.Горбатовтың «Бағынбағандар», А.Фадеевтің «Жас гвардия», М.Буббеновтың «Ақ қайың», В.Панованың «Серіктестері» сынды әдебиеттің алтын қорына кіретін туындылар. Бұл шығармалар сол тұстағы майдандағы, жау қолына түскен қала, деревнялардағы, тылдағы кеңес халқының көрсеткен ерліктерін жан-жақты қамтуымен құнды. Ұлы Отан соғысы ел өміріндегі айтулы үлкен тарихи оқиға болса, сол тарихи соғысқа қатысқан адамдардың көркем бейнесі – қазақ әдебиетіне қосылған жаңа образдар. Қайрош, Шеген, Есей, Нұржан, Көжек, Ержан, Кәкібай, Мұрат, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров сынды қазақ батырларының образын сомдаған бұл туындылар ұлттық мұрамызға қосылған бірден-бір үлес. Жазушылардың ортақ жетістігі – көп ұлтты кеңес одағы жауынгерлерінің ерлігі мен достығын өмір шындығынан көркем шындыққа айналдыруы. Сонымен бірге жауынгер қазақ халқының батыр ұлдарының ерлігін суреттеуде де әр жазушы бірін-бірін қайталаған жоқ. Тіпті Москва түбіндегі бір майданның екі шебінің өзі екі жазушының шығармасында екі түрлі көрініс тапқан. Майданның қақ ортасында болған жауынгерлер сондағы көрген оқоп шындығын көркем шындыққа айналдыруда қазақ романының көркемдік деңгейін биікке көтерді.

Әдебиеттер:

1. Роман военных лет (1941-1945). В кн.: История русского советского романа. – Москва-Ленинград: Наука, 1965.
2. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Т.8. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004.
3. Исмаилов Е. Тақырыптың көркемдік шешімі. Кіт.: Сын мен шығарма. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960.

4. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. – Алматы: Жазушы, 1978; Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985; Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. – Алматы: Мектеп, 1989.
5. Ахтанов Т. «Өзімнен жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім»: Тахауи Ахтанов туралы не білеміз. Сұхбат // <https://sputnik.kz/20210912/Takhaui-Akhtanov-omirbaian->
6. Ахтанов Т. Қаһарлы күндер. – Алматы: Жазушы, 1976.
7. Ахтанов Тахауи. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 5. – Алматы: Жазушы, 1985.
8. Елеуєнов Ш. . Ғасырмен сырласу. – Астана: Елорда, 2004
9. Елеуєнов Ш. Он томдық Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. 9. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006;
10. Құлбарақов С. Тахауи Ахтанов шығармашылығы. – Түркістан, 2004.

Қами Нұрлан Ізғалиұлы,
жазушы, драматург,
зерттеуші, аудармашы
«Жұлдыз» журналының
жауапты хатшысы

ТАҚАУИ АҚТАНОВТЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ДРАМАЛЫҚ ТАРТЫС КЕЙІПКЕРДІҢ ӨЗ БОЙЫНАН БАСТАЛАДЫ

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері Тақауи Ақтановтың драматургиясы туралы сөз қозғағанда алдымен оның жаңашылдығын айтқан жөн. Жазушының драматургия саласындағы тырнақалды туындысы, алғаш рет 1962 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көріп, еліміздің көптеген театрларында қойылған «Сәуле» драмасын алайық. Шығарманың бас кейіпкері – ол кезде қазақ арасында сирек кездесетін басшы қызметтегі әйел, партия комитетінің хатшысы, бой жетіп қалған қызы бар тұрмыстағы от анасы. Адамзат қоғамында, соның ішінде қазақ халқының да арасында қалыптасқан түсінік бойынша, ерлі-зайыптылардың адалдығы отбасылық өмірдің ең басты алғышарты; бәлкім адам өміріндегі ең маңызды заңдардың бірі де осы шығар. Идеясы жақсы болғанымен өмірге енгізілуі, орнығуы, дамуы жалпы адамзат үшін қанды қырғын мен қайғы-қасірет әкелген социалистік қоғамда әйелге қойылатын талап өте қатал-тұғын: ол барлық жағынан мінсіз болуға тиіс. Ал біздің кейіпкеріміз жай ғана әйел емес, өзгелерге үлгі көрсететін басшы қызметтегі адам. Драматургиялық шығарма тартысқа құрылуы керек деген қағиданы ескерсек, пьесадағы тартыс атаулының бәрі кейіпкердің өз бойынан, ішкі табиғатынан, адами қасиеттерінен, тіптен пенделік кемшіліктерінен бастау алатынын Ақтанов асқан шеберлікпен жеткізе білген. Автордың адам психологиясын, адам жанының құпия сырларын терең түсінетін сұңғылалығына, біліктілігіне сүйсінесіз.

Сәуле – тұрмыстағы әйел, сөйте тұра өзге адамға ғашық. Бірақ ғашық екенмін деп жастай отасқан жарына опасыздық жасамайды, сезімін ақылға жеңдіріп, халқымыздың обал-сауап туралы қасиетті ұғымына кіршік түсірмейді, әйелдік абыройына кір келтірмейді. Ол – лауазымдық тәртіпке қатаң бағындырылған партиялық жүйенің қызметкері, бірақ өзінен жоғары тұрған басшы – Сырдақпен қақтығысқа түсуден тайсалмайды. Соны өзі үшін істемейді, бұл жерде жеке басының пайдасын ойлап тұрған жоқ, бар ойы, арман-мақсаты – халқына адал қызмет ету. Өйткені оның жұмысы сондай, ол - ел басқарып жүрген адам; бұларға осы да жетеді, осыған шүкіршілік етсін деп жүре бермей, жаманды жақсартсам, жақсыны одан да асырсам деп ұмтылған өршіл адам. Қазақша айтқанда, алдындағы нанын адалынан жеуді мұрат тұтқан абзал жан.

Енді сол кездегі елдің жағдайын еске түсірейік. 20-шы ғасырдың 17-ші жылы билікке келгеннен бастап өзгені де, өздерін де аямай, қарамағындағы халықтың басына қан-қасап қырғын орнатқан, бас көтергендерін түгел атып-асып, одан қалғанын түрмеге тығып, жер аударып, еш жазықсыз ағайын-туыс, бала-шағасын қуғынға ұшыратқан, сөйтіп Жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан алпауыт елді ұрпақтан ұрпаққа жетер алапат үрей туғызу арқылы басқарып келген билік басындағы үлкенді-кішілі тұлғалардың бәрі көркем өнерде ізгі адам, қателесуді білмейтін кеменгер ретінде бейнеленетін. Ақтанов олардың да ет пен сүйектен жаралған кәдуілгі кісі екенін, олардың да қателесетінін, пендешілікке бой алдыруы мүмкін екенін алғашқылардың бірі болып, бәлкім бірінші болып көрсеткен суреткер.

«Боран» пьесасының бас кейіпкері Қоспан – қарапайым көп қазақтың бірі, тұтастарынан оза шапқан ештеңесі жоқ, кейіпкерді кейде қаһарман деп жатамыз, сол кезде Кеңес Одағының, жалпы социалистік лагерьдің өнер әлемінде үстемдік құрып тұрған социалистік реализм әдісінің талабы бойынша қаһарман дегеніміз өзгелердің бәрі үлгі тұтуға лайықты болуға тиіс. Қоспан болса

қаһармандық былай тұрсын, кешегі неміс-сәбет соғысында тұтқынға түскен, саяси сенімсіз адам. Ол кезде неміс тұтқынынан шыққандар елге қайтқан соң өзіміздің тұтқынға түсіп, итжеккенге айдалатын. «Неміске тұтқын болған, отанын сатқан опасыз» деген алапес айдар тағылып, ақ жүзіне қара таңба басылып, өзі ғана емес, бала-шағасы мен кейінгі ұрпағы да тағдырдың сол бір өкінішті кезеңінің құрбаны болып кете баратын, бар өмірі қудаланумен өтетін. Ал Тақауи Ақтанов сондай адамды көркем шығарманың бас кейіпкері етіп алды. Сол кездегі Кеңес Одағы жазушыларының арасында ондай тәуекелге барған қаламгер кемде-кем. Соның өзінде тоталитарлық қоғамның инквизиторлары Ақтановқа түк те істей алмады, жазушының қаламгерлік қабілеті олардың қатып қалған қасаң қағидаларының тас-талқанын шығарып, қарапайым адамның да бойында асыл қасиеттер болатынын, атаның қанымен, ананың сүтімен сіңген құндылықтар ешқашан арзандамайтынын, қандай қиындық та оларды мұқалта алмайтынын шығарманың кемеліне жеткен көркемдігі арқылы дәлелдеп берді. Қаламгердің суреткерлік шеберлігі азаматтық ерлігінен де асып түсті – пьесаның прозалық нұсқасы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болғаны соның айғағы.

Бұл пьесадағы тартыс та ең алдымен бас кейіпкер – Қоспанның ішкі дүниесінде жүріп жатады. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасболат оның досы, соғыстағы командирі. Өмір мен өлім тайталасқа түсіп, адамның шынайы табиғаты барлық қырынан жарқырай көрінетін сын сағатта сыр алдырмаған Қасболат бейбіт өмірдің сынағынан өте алмапты – жалған құндылықтарға арбалып, мансап қуып, арам жолмен байымақ болып, адамдықтан айни бастапты. Қоспан соны көргісі келмейді, досының ішкі әлемі уланып біткенін, бұрынғы Қасболат емес, қуыскеуде біреуге айналып кеткенін мойындаудан тайсалады, өз тазалығы соның ластығымен былғанып жүргенін білсе де білмеуге тырысады. Өзін қиянатқа қиса да досын ақтап алмақ болады. Көзімен көргенін көңілімен қабылдағысы келмейді. Адам өз-өзімен күрескенде кім жеңеді екен? Осы жағын ойлаған адам бар ма өзі?

Қоспан өз-өзімен қалай күрессе Қасболат та солай арпалысып жүр. Кім жеңді, кім жеңілді? Қай Қоспан қай Қоспаннан үстем түсті? Қасболаттың қайсысы кімнен жеңіліп тынды? Бұл жағын көрерменнің өзі шешеді. Шынайы драматургияның серті сол – көрермен сырттай бақылаушы емес, сахнада жүріп жатқан тартыстың, күрестің, тайталастың іштей қатысушысы, ақ пен қараны айырып беретін төрешісі, шығарма аяқталғаннан кейін соңғы нүктесін қоятын әділ қазысы.

«Әке мен бала» пьесасын қарастырайық. Онда да осы тартыс, осылай бір адамның екі жарылуы. Ортаның ыңғайына бағынып, досына араша түсуге жарамай, адалдыққа қарсы, адамдыққа қарсы жымын білдірмес жымысқы шабуыл жасалып жатқанда қасқайып қарсы тұра алмауы Оразды өз-өзімен күресуге әкеліп бір-ақ тірейді. Ораз – әке, бүгінгі кейіпкер, баласы Асқар – болашақтың өкілі. Әке мен баланың тартысы екеуінің арасындағы айтыс түрінде ғана өтіп қоймайды, оның рәміздік сипаты да бар. Балаң кім ретінде барады болашаққа – шын мәнісіндегі толыққанды адам болып па, әлде жағдайға икемделгіш, бүгінгі дұрысын ертең-ақ теріске шығарып, күні үшін, қызметі үшін, мансабы үшін ешкіні – апа, текені – жезде деп жүре беретін сужұқпас бола ма? Болашақ - адалдыққа, ізгілікке, дұрыстыққа негізделсе ғана жарқын, әйтпесе бұлыңғыр, тұманды, күнгірт. Жазушының шеберлігіне тағы да тәнті боламыз - сахнадан үнсіз сұрақ қойылады: баламызды кім қылып тәрбиелеп жатырмыз? Осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған пьесаның көтерген тақырыбы, қоятын сауалдары қазір де күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер. Шынайы өнер туындысының мәңгі жасай беретініне тағы бір рет көз жеткіземіз. Ең алдымен, бұл – жазушының таланты мен көрегендігінің, адам табиғатын, жан дүниесін терең білетіндігінің көрінісі, соның дәлелі.

«Күтпеген кездесу». Бұл пьесаның драматизміне, бірде-бір артық сөз, оғаш қимылы жоқ таңғажайып дәлдігіне, адам жанының тұңғиығына бойлай беретін тереңдігіне тәнті болумен қатар, ондағы көтерілген мәселенің үнемі күн тәртібінде тұратынын әрі таңдана, әрі ризашылықпен мойындайсыз - көрермен екіұдай күйде қалады. Драматург пьесаны жазарда алдына сондай мақсат қойды ма екен? Қойса – орындалғаны. Ал егер ондайды ойламаған болса шын шебердің өзінен-өзі асып түсуі деген осы шығар. Бар-жоғы бес-ақ кейіпкер, бесеуінің бес түрлі шындығы бар. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Кімді қостайсыз, кімді теріске шығарасыз? Ал егер солардың орнында өзіңіз болсаңыз қайтер едіңіз?.. Өз басым бұл сұрақтарға жауап бере алмас едім.

«Махаббат мұңы» пьесасы қазақ театрларының сахнасына қай заманда болса да мақтанышпен шығаруға лайық туынды. Нәзік психологизм, кейіпкерлер бірін-бірі қаншалықты жақтырмай, жек көріп тұрса да адам ретінде сыйлай білетінін көрсететін дегдарлық тартыс, көрерменді ойлануға шақыратын терең философия оқырманды да, көрерменді де таң-тамаша қалдырады.

Тақауи Ақтановтың драматургиясындағы сыртқы ерекшеліктерінің ең бастысы ретінде өз басым сахналық тілдің мейлінше дәлдігін атар едім. Кейіпкерлер көркем сөйлейді, бірақ ділмәрсімейді,

шешендік көрсетуге тырыспайды, сөйте тұра нақты өмірдегідей сөйлеймін деп қарабайырлыққа ұрынып, дөрекілік танытуға да бармайды. Бұл да шеберліктің көрінісі.

Тақауи Ақтановтың драмалық шығармаларының арасындағы ең үздігі «Ант» драмалық поэмасы деп есептеледі, бұл пікірді біз де қостаймыз. Ақ өлең түрінде жазылған шығарма ең алдымен кейіпкерлердің аузынан ағыл-тегіл ақтарылған экспрессиялық шумақтарымен оқырманды да, көрерменді де баурап алады. Кейбір тұстары ұлттық поэзиямыздың шырқау шыңы – жыраулар поэзиясымен үндесіп жатыр. Бұл шығарма туралы белгілі сыншы, театртанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері марқұм Әшірбек Сығайдан артық ешкім айтпаған болар. Үзінді келтірейік.

«Ант» атты ақ өлеңмен, ағыл-тегіл шабытпен жазылған туынды – соңғы жылдары дүниеге келген драмалық шығармалардың ішіндегі ең шоқтықтысы. Көркемдік-идеологиялық деңгейінің биіктігі, кестелі де келісті тілі, сахнаға сән берерлік оралымды жомарт ойлары, кейіпкерлерінің кесек мінездері, оқиғаларының әдемі өрбу, даму, өзгеру, ауысу, алмасу сәттері бәрі-бәрі қабыса келе нағыз профессионалдық драматургияның өресін танытады. Әрісі Шекспир, Шиллерден тартсақ, берісі Әуезов, Мүсіреповтің ізгі дәстүрлерін еске салады. Және де сол озық үрдісті жөнімен жалғастырады, өзіндік қисынымен байытып, жаңғырта, жандандыра түседі. Сөзден сурет салуды, ойдан образ ексеуді толық меңгерген сарабал суреткердің шалқар шабыты, жойқын таланты асу бермес қия жолды, тайғанақ жолды тапап өткендей, жаншып тастағандай. Қаламгер сұсы деп осыны айтсақ керек. Фатима, Сауран, Әбілқайыр басындағы шытырман драма желілері тағы да бір-бір пьесаға жүк боларлық ауқымды міндеттер»... – деп ой түйеді белгілі театр сыншысы.

Осы шағындау мақаламызда жазушы, драматург Тақауи Ақтановтың драмалық туындыларын ғана қарастырып, комедияларына тоқталмай-ақ қоюды жөн көрдік. Ендігі сөзді қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосып, қомақты олжа салған, артына том-том материал қалдырып кеткен көрнекті ғалым, кезінде Әл-Фараби атындағы қазіргі ұлттық, ол кезде мемлекеттік университетте талай рет дәрісін тыңдаған аяулы ұстазымыз Рымғали Нұрғалиевтың пікірімен жалғастырайын. «XX ғасырдың басында дүниеге келген қазақ драматургиясы әр уақытта замана тынысынан алшақтап, дәуір проблемаларынан бойын аулақ салған жоқ, мезгілдің көкейкесті мәселелері, кезеңнің толғақты сырлары сан алуан пьесалар тудырған» - дейді қазақ театртану ғылымында өзіндік із қалдырған ғұлама. Осы сөзді Тақауи Ақтановқа қатысты да айтылған деп қабылдауға толық хақымыз бар. Ұстазымыздың тұжырымын сәл дамытып, нағыз жазушы, шынайы драматург «дәуір проблемаларын» ғана емес, адамзат қоғамына тән мәңгілік проблемаларды түп-тамырымен қопара зерттеген, сол түйткілдерді оқырман мен көрермен назарына ұсынып, сол сұрақтарға жауап іздеуді, шешімін табуды келер ұрпаққа аманаттап кеткен десек артық айтпаған болармыз деп үміттенемін.

Қорыта келгенде айтарым – өмірі де, «өнер алды - қызыл тіл» деп халқымыздың өзі есте жоқ ерте замандарда-ақ бағасын беріп кеткен әдебиет саласындағы еңбек жолы да қолына қалам ұстаған барша ұрпақтың өкілдеріне үлгі боларлық кемеңгер жазушы, адам жанына, психологиясына терең бойлай білген білікті драматург Тақауи Ақтановтың драмалық шығармалары қазақ оқырмандарымен бірге, көрермендерімен бірге мәңгі жасай береріне өз басым нық сенімдімін. Драма – өнер, сөз өнерінің бір саласы, Абайдың сөзін сәл өзгертіп айтқанда, «ер данасы қиыннан қиыстыратын», шын таланттың ғана қолынан келетін әдебиеттің өте күрделі саласы. Енді орыс әдебиетінің ірі өкілі, адамзат тарихындағы ең танымал тұлғалардың арасынан озып шыққан үздіктерінің бірі Лев Толстойдың өнер туралы пікірін назарларыңызға ұсынайық.

«Өнердің міндеті - өз бойындағы бір кезде бастан өткерген сезімді қайтадан оятып, қайта тірілген сол сезімді сөздің көмегімен берілген қимыл-қозғалыс, әлдебір желілер, бояулар, дыбыстар, бейнелер арқылы өзгелердің де сезінуіне қол жеткізу. Өнер дегеніміз адамның әрекеті, бір адамның өз басынан кешкен сезімді белгілі бір сыртқы айшықтар арқылы өзгелердің де бастан кешуіне саналы түрде ықпал етуі», - дейді ол.

Тақауи Ақтанов осы талаптың үдесінен шыға білген дара тұлға, қазақ халқының сөз өнері әлемінен өз орнын ойып тұрып алған қас талант, ұлттық драматургияны белгілі бір белеске көтеріп кеткен қайраткер. Болашағы зор, келешегі кемел халық өнерлі перзенттерін ешқашан ұмытпақ емес. Демек Тақауи Ақтановтың драмалық шығармалары да мәңгі жасай береріне еш күмәніміз жоқ.

Әдебиеттер:

1. Т.Ақтанов, көп томдық шығармалар жинағы, 4-том.
2. Алматы, «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013 ж.
3. Ә.Сығай, «Театр тағылымы», Алматы, 2003 ж.
4. Р.Нұрғалиев, (Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002 ж.
5. Л.Н.Толстой, «О литературе», Москва, гос. изд-во художественной литературы, 1955 ж.

Т.АХТАНОВ РОМАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Адамгершілік, ар-ождан мәселесі – адамзат тарихының өнбойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген үшінші мыңжылдықта да рухани асыл мұрат – адамгершілік, азаматтық парыз, ар тазалығы қалпында қала бермек.

Бүгінгі таңда ізгі ниетті адамды елендетіп отырған үлкен көкейтесті мәселе – ғасырлар бойы тірнектеп құраған адам баласының рухани байлығының құнсыздана бастауы.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, адам баласының материалдық жағдайының жақсаруы адамдар санасын өзгертудің субъективтік факторлары ғана. Адамның ар тазалығы, рухани байлығын, ішкі жан-дүниесінің сұлулығын, сезімінің мөлдірлігін қалыптастырудағы әдебиеттің қызметін ешқандай сыртқы күштер ауыстыра алмайды. Әдебиетіміздің ең жауапты да, абыройлы миссиясы да осында жатыр.

Кемелденген әдебиетіміздің ұлы көкжиегі саналатын кемеңгер жазушы М.О.Әуезов кезінде: «Әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шақта, әр дәуірде адамды оның жан-дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеуі керек болатындығын» [1]. жете түсіндірген еді. Себебі: «Көркем туынды, ең алдымен, адамды ойлауға, толғануға үйретіп, оның рухын арттырып, әсемдікке қарай талпынтуға міндетті» [2]. Ал орыс ғалымы Ф.Ф.Кузнецов: «Шын мәніндегі әрбір әдебиет үшін, егер ол әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті» [3], - деп жазады. Бұл қолына қалам алған жазушының шығармашылық міндеті екені сөзсіз. Олай болатын болса, жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстан халқын біртұтас отаншылдық рухында баулудағы, өзімшілдік пен жеке бастың мүддесін ойлауға, тоғышарлық пен мансапқорлыққа, жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудегі қазақ әдебиетінің орны айрықша.

Осы орайда әдебиеттің мәңгілік ізденісі адамгершілік, гуманизм мәселелерін, моральдық проблемаларды бүкіл прозалық шығармаларына өзек еткен халық жазушысы Тахауи Ахтанов прозасын зерттеу бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін өзекті.

«Күй аңызы», «Алыстан жеткен сарын», «Көкқұтан», «Алғашқы ән», «Қызғаныш», «Ол солай еді», «Жоғалған дос», «Тауап» атты әңгімелері мен «Үндістан хикаясы», «Шынтас», «Махаббат мұңы» повестері, «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдары адамның адамды көбірек, дәлірек түсінуіне көмектеседі және адам баласының өзі ұғынып, түсініп болмаған бойындағы түрлі жағымсыз қасиеттердің түп себебінің неден өрбитінін мейлінше нәзік, батыл жеткізе алуымен құнды.

Олай болса, адамгершілік арды серік еткен жазушы шығармаларының мәні мен мағынасына тереңдей ену арқылы жүйелі зерттеу және Т.Ахтановтың туған әдебиет тарихынан алар орнын саралау біздің басты парымыз.

Ахтановтың қаһарманның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиеттерін көрсетудегі суреткерлік шеберлігіне, өзіндік қолтаңбасына, дарын даралығына қайран қаласыз. Ахтанов «Борандағы» – Қоспан, «Қаһарлы күндердегі» - Ержан, «Шырағың сөнбесіндегі» - Назира арқылы бүгінде барша адамзатқа ортақ әлемдік гуманистік мәселелердің көркем бейнесін сомдағандай. Жазушы романдарында жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды “қоғам және адам” “соғыс және бейбітшілік”, “соғыс және адам” концептілері тұрғысында қарастырады

Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер» мен «Боран» романында тамырлана бастаған бейбіт уақыттағы даңққұмарлық пен баққұмарлық соғыста адамды қаралай өлімге айдаудан тайынбайтын қара жүректікке, өзімшілдік дерті біреудің обал-сауабына қарамайтын мейірімсіздікке айналатындығын «Шырағың сөнбесін» романында жеріне жеткізе суреттеді. Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесінде» соғыс тақсіретін тартқан ана мен болашақ ұрпақ – сәби көзімен соғысты айыптай отырып, «соғыс және адам» концепциясын өзінше көркемдік шеберлікпен шешкен.

Т.Ахтановты «Шырағың сөнбесінде» бірден-бір мазалаған ой – адам баласын небір келеңсіз жайттарға соқтырып жүрген жиренішті нәрсе нәпсіқұмарлықтан қайткенде құтқарып қалу. Сол арқылы жер ананың төсінде адам баласының өмірін қорғау. Тойымсыз нәпсі жеке адамның ғана емес, барша адамзаттың тағдырын азапқа салатын бірден бір сор. Шын мәнінде, барлық халық, бүкіл адамзат бастан кешіп келген тақсіреттер мен тауқыметтердің тұңғығында сол жатыр. Әлемде түрлі

жетістіктерге жеткен адам баласы осыған келгенде жалтарады. Мұндай қылық бір кездегі тағылықтан да қауіпті. Адамзаттың басындағы осы бір жиренішті қасиет арылмайынша қарапайым тіршіліктің басынан қатер кетпейді. Біздің басымыздағы осы шындықты ашқан шығарма – «Шырағың сөнбесін»[4].

«Шырағың сөнбесінде» жазушы сұрапыл соғыста дүниеге келген бейкүнә сәби өмірі мен тіршіліктің тамырлануына қарсы соғыс арасындағы контрасты көрсетеді. Т.Ахтанов адамзатқа тіршілік сыйлайтын әйел-ана образы мен сол тіршілікті өртейтін, жалмайтын соғыс атты кеселді қатар суреттеу арқылы адамзат баласын тойымсыздықтан, жексұрындықтан, сұрқиялылықтан, тағылықтан сақтандырады. «Сондай-ақ «Шырағың сөнбесін» қазақ әдебиетінде қала берді одақтық әдебиетте соғыс тақырыбына жазылған басты кейіпкері әйел болған бірден-бір шығарма екенін танысыз»[5]. Шынында да, бұл – автордың үлкен жетістігі, әрі зор шығармашылық табысы. Өйткені, «Шырағың сөнбесінге» дейін соғыстағы әйел рөлін шындап түсіндірген, яғни соғыстағы әйел психологиясын терең зерттеген шығарма тұмаған еді. Т.Ахтановтың бұл романы соғыс туралы жазылған шығармаларға, тіпті өзінің қаламынан туған «Қаһарлы күндерге» де мүлдем ұқсамайды. Мұнда, яғни «Шырағың сөнбесінде» соғыстағы жеке тұлға өмір сүруге деген күштарлығын сақтап қалады. Соғыс тақырыбына жазылған бұрынғы шығармаларда адам өліміне көп мән бермейді. Өлу керек. Отан үшін биік идеалдар жолында солай болу қажет. Көзсіз ерліктер дәріптелді. Жазушы аталған «Шырағың сөнбесін» романында әскери прозаның барлық атрибутикасын сақтай отырып, өмірдің бағасы туралы жазған. Адамға өмір сыйлайтын ана көзімен оны, яғни соғыста айыптайды:

Романдағы оқиға бас кейіпкер Нәзира атынан баяндалады. Сол арқылы автор Нәзира ішкі дүниесінің қатпарларын ақтарады. Алғашқы екі романында психологизм әдісін кеңінен қолданған жазушы бұл романда психологизмді қоюлата түскен.

Нәзира – дүниеге кіршіксіз көзбен, пәк көңілмен қарайтын жаны таза адам. Ол – қазақы ортада тәрбиеленіп, халқының барлық қасиетін Қамқадай асыл әжеден бойына сіңірген қазақтың қарапайым қызы. Үлкеннің алдында құрмет, кішінің алдында ізеттілікті, жар алдында инабаттылықты сақтауды қанына сіңіріп өскен Нәзира дәстүрі мен салты, тілі, діні бөлек бейтаныс адамдармен араласып кете алмауы, бөгде ортада өзін өгейсінуі бәрі-бәрі көкейге қонымды. Адал, ақкөңіл, нәзік жанды Нәзираның бірден соғысқа түсуі оның өмірін тозаққа салғандай. Алайда ол осындай өмірді жеңеді. Айналадағы қырғын соғыс, бірін-бірі өлтіру, зорлық-зомбылық арасынан Нәзираның аман қалуы таңданарлық құбылыс. Бұл сырт қараған адамға. Ішкі сырына үңілер болсақ, бұл құбылыстың астарында көп мән бар. Біріншіден, Нәзираның ұрпағын біреудің ала жібін аттамауға баулитын, үйіне келген жылан екеш жыланның басына ақ құйып шығарып салатын даладай көңілі кең қазақтың қарапайым ортасында өскендігі. Екіншіден, ол өзінің өмірге келгенінің өзін ерекше бағалай біледі: алдымен, Қамқа әжесінің айтқан дүниеден ертерек кеткен анасының артында қалған жалғыз шырағы екендігін түсінеді, ал бойында өсіп келе жатқан тіршіліктің өз өмірінің жалғасы болатындығын ұғынады. Тіршіліктің мәнін ұғынған, түсінген Нәзира адам өмірі үшін күреседі.

Ол алғаш төбе құйқасын шымырлатқан бомба жарылысынан есеңгіреген көңілін былай басады: «Көзімді аштым. Жасыл даланың шетін көмкерген орман түсті көзіме, одан әрі көкпенбек тұнық аспан. Сәл кейінірек байқадым – орманның бергі іргесінде шағындау деревня бар екен, үйлерінің төбелерін моржаларын көріп жатырмын. Жасаған-ау, ана бір моржадан кәдімгідей түтін шығады. Сұйқылтым бейбіт түтін аспанға қарай баяу көтеріліп барады» [6].

Осы эпизодтың астарында көп мән бар. Нәзира отбасының, ошақтың бейбіт түтінін көріп, соғыстың, ажалдың алғашқы қорқынышын, үрейін басады. Ол айналаны астаң-кестеңін шығарып кеткен бомба жарылысының бір сәттік екенін, ошақтың түтіні бар жерде дүниедегі тіршілік жоғалмайтынын, оның жалғасатындығын сезеді. Өзі де осыдан бастап өз ошағының отын сөндірмеуге от анасы ретінде бар күш-жігерін салады. Айналаға, төңірекке оның жақсы-жаман, жылы-суық құбылысына тек ана көзімен қарайды.

Жау тылында панасыз жалғыз қалып, небір келеңсіз оқиғаларды басынан кешіреді. Сол кездердің барлығында да ол өмірге деген сенімін, үмітін, адамға деген мейірімін жоғалтпайды. Соның арқасында ол салты-ғұрпы басқа жат орта мен қайнаған қалың жаудың ортасынан пана табады.

Нәзира өзіне осынау қиын күндерде жолдас, серік болған Қасымбек, Абан, Светаны жүрегімен түсінеді. Үшеуінің арттарында қалған ұрпақтарын адам ету олардың алдындағы азаматтық борышым деп есептейді. Қасымбегінен, Абанынан, жауынгер серіктерінен айрылған Нәзира өліммен бетпе-бет келген соңғы сәтте де бауырындағы екі баланың тіршілігі үшін күреседі. Қарулы жаумен тағы да аналық жүрегімен арпалысқа түседі.

Ана алдында ажал тағы шошынды, жеңілді. Адам баласы бір-бірінің көзіне ана көзімен қараса, мүмкін осындай зұлматтар болмас па еді деген ой туады.

Ана махаббатының құдіретті күші сондай жолында не кездесе де аяуды білмейтін жаудың өзі оның алдында дәрменсіз.

Өмір сүрудің өзін қасиетті де қастерлі ұғымға айналдырған сол жолда адамгершілік рухын жоғары ұстай білген Нәзира адамзаттың басына төнген зұлмат жылдарды жеңеді.

Романның аяғында елге, туған жеріне Дулаты мен Светасын және құрсағында Абанның тұяғын алып келе жатқан Нәзира ананы көреміз.

Ұрпақ алдында аналық борышын тағдыр салған тауқиметтің барлығына төзіп атқарған Нәзира тұлғасы автордың көркем әдебиетіміздегі әйел-ана образдар галереясына қосқан тың, қайталанбас жегістігі.

Адамзатқа тіршілік сыйлайтын, оның өмірі үшін түн ұйқысын төрт бөлетін ана гуманизмін осылайша суреттеу тек Ахтановтай кемел суреткердің ғана қолынан келеді.

«Ахтанов бұл шығармасында бұрынғы жазғандарынан бөлек, өзгеше бір мақсұт ұстанған. Соғыстың сан-сапалық сәттерінде қан төгіп жан беріскен арпалысты емес, адамдардың жан дүниесіндегі рухани тазалықты, рухани төзімділікті суреттеуді көздеген» [7], - деген сыншы Төлеген Тоқбергенов пікірін құптай отырып, төмендегідей тұжырымға келеміз.

«Шырағың сөнбесінде» соғыс оқиғасы адамның ішкі ойымен қатарластырыла өріледі. Адамның ішкі ой-толғанысы арқылы соғыстың адам баласына жат құбылыс екенін айтады. Роман қаһармандары ең қиын, тіпті қашып құтыла алмайтын сәттерде де өмірге деген құлшынысын жоғалтпайды, қажуды, шаршауды білмейді. Ажал аузында да адамдық рухын жоғары ұстаған жандарға іштей құрметпен табынасың. Бір сөзбен айтқанда, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы – соғыста да адамның адамшылық қасиеті алғы кезекте тұратынын айтқан, адамгершілік асыл қасиеттерді арқау еткен соғыс жайлы терең мағыналы туынды.

«Шырағың сөнбесін» Э.Хемингуэйдің әйгілі «Қош, бол майдан» романынан бағалы болып көрінеді. Осы орайда, «Соғыс жайлы Ремарк пен Хемингуэйден басқаша жазар ма еді?» [8], - деген сөзінің айқын дәлеліндей «Шырағың сөнбесін» романын тудырғанын айтпай кетуге болмайды. Сөйтіп жазушы бұл романында соғыс туралы көкірегіндегі ойын, оның барша қасиетін басқаша айтып береді. Роман жазылған тұста барша игі ниетті жанның алдында көкейтесті басты мәселе жер шарында тіршілікті аман алып қалу тұрған болатын. Өйткені, адам ойының ерекше бір дамуының жемісі – алып соғыс қаруы ядролық бомбаның түрлерінің күн санап өсуінің ақыры, тіршіліктің тағдырын бір нүктеге («красной кнопке») бағындыра бастаған-ды. Бұл үлкен проблема дүниежүзіндегі ғалымдарды алаңдатты. Дүниежүзі ғалымдары бұл турасында ортақ ойға топтасты. Ядролық қаруды қолдану өзін-өзі өлтіру деген тұжырымға келеді. Себебі қандай да болмасын ядролық держава ядролық соққыны бірінші беруді жоспарлаған болса да, қарсы жақтың соққысын күтпей-ақ өзін-өзі жоғалтатындығын ғалымдар зерттеу нәтижесінде дәлелдеген болатын. Бұған белгілі орыс ғалымы, академик Е.П.Велиховтың, америкалық ғалымы, Корнель университетінің профессоры К.Саганның және көрнекті америкалық ғалымы Р.Тарконның ғылыми тұжырымдары куә [9]. Тіпті осы сұмдық қаруды сынаудан тараған радиоактивті сәуленің салдарынан адам өміріне аса қауіпті жаңа бір құбыжық тіршілік – мутанттар өсуде. Кезінде Кеңес үкіметінің ядролық қару бөктерген сүнгүір қайығының Бермуд маңында бұзылып, суға үлкен көлемде радиоактивтік зиянды заттардың тарауынан теңіз бен мұхит суында тіршілік ететін кішкентай медузадан айналасындағы тіршілікті жалмайтын мутант пайда болған. Олар күн санап өсіп, адамзат баласына жаңа қатер туғызып отыр. Осы ретте «Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді» деген К.С.Циалковскийдің белгілі сөзі бұл күнде парасат иелерінің қанатты сөзіне айналғанын айтқанды жөн санаймыз. Сонымен қазақ жазушысы өзі бастан кешкен II дүниежүзілік соғыстың адамзат тіршілігіне әкелген зиянын уақыт таразысына тарта отырып, адамзатты алаңдатып отырған күрделі мәселелерге үн қосады. Және өзінің бойындағы тіршілік иесін қандай қиыншылыққа да қарамастан өмірге әкелетін, ұрпақ үшін бар ғұмырын сарп ететін ана гуманизмінің ұлылығын суреттеу арқылы, егер адамдар жер бетіндегі тіршілікке осындай ана мейіріммен, ана жүрегімен қарар болса, мұндай адамзат басына төніп отырған жаңа алапаттар болмас еді деген философиялық ойға мегзейді. Шынында да, жер – адамның алтын бесігі. Олай болса, адамзат жер бетінде өз тіршілігін сақтап қаламын десе, айналаға, қоршаған ортаға бөбегін аялаған ана санасының биік рухымен қарауы тиіс. Міне, бұл – Т.Ахтанов ұстанған жоғары рухани мұрат.

Америкалық жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Қош, бол майдан» романында да соғыстың мәнсіз, мағынасыз екендігін бас кейіпкер Генри көзімен, ойымен айтады. Адам баласына жат құбылыс екендігін дәлелдейді. Хемингуэй соғысты адамның өзі ойлап табатынын, сөйтіп, өз тіршілігін өзі бауыздайтындығын, небір келеңсіздік адам қолымен жасалатындығын Генри ойымен былай береді:

«Бейшара балақай-ай! Саған ұқсап өзімнің де тұншығып өлмегенім қандай өкінішті. Жоқ, өкінішті емес. Дегенмен, онда өзегіңді өртерлік осынау өлімдерге куә болмас та едің-ау. Енді Кэтрин өлмек. Қарашы, бәрінің немен аяқталатынын. Өліммен» [10].

Сөйтіп, ақырында соғыс Генридің қалыңдығы мен жаңа туған нәрестесін де жалмайды. Өзі де алдынан өлімді ғана күтеді: “күт те отыр, сен өз өліміңді табасың” [10,304]. «Қош, бол майдан» өліммен аяқталады. Тіршіліктің мәнін жоққа шығарады.

Ал Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесінде» соғысты ана көзімен айыптай отырып, гуманистік концепция ұсынады.

Соғыс қанша адамды жұтқанмен тіршілікті жер бетінен құртып жібере алмайды. Соғыс адамды қанша отағанымен, ол өсімдік сияқты қаулап өсіп шығады.

«Менің ұғымда жазушының өзінің моральдік бір ғана тақырыбы болу керек» [11], - деп жазушының өзі айтқандай оның шығармаларын тұтастырып тұрған күш – азаматтық, адалдық рух. Жоғарыда талдап өткен үш романда да кейіпкерлер азаматтық арымен іштей арпалысқа түседі.

Т.Ахтанов романдарындағы қаһармандардың ішкі әлеміне тереңірек үңілсек, олардың табиғи болмысы қажырлы, қайратты, мықты, рухы асқақ, өмірге деген сенімдері жоғары келеді. Суреткер сомдаған сүйікті кейіпкер Нәзираның бір өзінен-ақ осы қасиеттердің бәрі табылады.

Түйіндей келгенде, жазушы ауыз әдебиеті мен дәстүрлі әдебиетіміздегі адамгершілік ізденістерді суреткерлікпен дамыта отырып, кейіпкерлер бойындағы адамгершілік қасиетті ұлттық белгілермен және жалпы адамзаттық рухани құндылықтармен бірлікте ашады.

Қаламгер кейіпкерлерінің бойындағы азаматтық белсенділік, Отан, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сияқты патриоттық қасиеттер жазушының жеке басындағы жоғары интеллекті мен шеберлігінің табиғи үйлесім табуына байланысты шынайы реалистік сипатта характер, образ сырына сай шығып отырады.

Жалпы Т.Ахтанов концепциясында адамзат адамгершілік, рухани жағынан жетілгенде ғана ол өзінің даму өрісін таба алады. Қоғамдағы даму ғылыми-техникалық жетістікпен қатар, әсіресе адам баласының рухани өсуімен өлшенеді.

Рухани құндылықтарымызға жаңаша көзқарас қалыптасып жатқан кезеңде төл әдебиетіміздің, оның ішінде көркем прозаның дамуына елеулі үлес қосқан Т.Ахтановтай қабырғалы қаламгердің творчестволық тұлғасын таныту әдебиеттану ғылымында іргелі мәдени құбылыстардың қатарын молайтуға, әдебиеттану ғылымының теориялық деңгейін көтеруге септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428 б.
2. Елеуенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
3. Кузнецов Ф.Ф. Размышление о нравственности. Кн. публицистики. –Москва: Сов. Россия, 1979. – 411с.
4. Кекілбаев Ә. Шындық пен шынайылық сардарындай //Қазақ әдебиеті, 1993, 22 қазан.
5. Отарбаев Р. Сөнбеген шырақ сәулесі //Қазақ әдебиеті. –1987. – 6 март.
6. Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. – Алматы, Жазушы, 1992. – 400 б.
7. Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. – Алматы: Жалын, 1990. – 336 б.
8. Әшімбаев С. Сын мұраты. – Алматы: Жазушы, 1974. – 248 б.
9. Кузнецов Ю.Ф. Проблемы войны и мира: ядерное измерение. – Москва: Международные отношения, 1986. – 56 с.
10. Хемингуэй Э. Қош, бол майдан. –Алматы: Жазушы, 1979. –312 б.
11. Серғалиев М. Ой. Оқиға. Образ (Жазушы Т.Ахтановпен сұхбат) //Қазақ әдебиеті. –1976. –17сентябрь.

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

1-СЕКЦИЯ

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

*Мамбетов Жолдасбек Ормаханұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті*
*Полатбек Гүлдәна Жаңабайқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «МАХАББАТ МҰҢЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Аннотация. Бұл мақалада Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесіндегі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі қиындық пен қуанышты өмір шындығымен саралау негізі алынды. «Махаббат мұңы» шығармасы арқылы Тахауи Ахтановтың адам психологиясын терең суреттей білетін шыншылдығы айқын көрінеді. Хикаяттың басты құндылығы – композициялық тұрақтылық, кейіпкер психологиясын, сезімін кеңінен көрсете алу. 1960 жылы жарық көрген адам жанының сан түрлі құбылысын бейнелеген Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесі қазіргі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

Кіріспе. Қазақ сөз өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып, мол мұра қалдырған жазушы-драматург Тахауи Ахтановтың әрбір шығармасы әдебиет үшін құнды, оқырман үшін асыл қазына. Проза, драматургия, әдеби сын жанрындағы еңбектерінің күні бүгінге дейін атқарар қызметі мен тарихи маңызы мол. «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», «Боран» романдары, «Үндістан хикаясы», «Жолы болмас жігіт», «Махаббат мұңы» повестері, «Ант», «Сәуле» драмалары, өзге көптеген әңгімелері жазушы қаламынан төгілген көркем еңбек. Оның кейіпкерлері ақын да, композитор да, күйші де, майдангер де, қойшы да... Алуан тағдыр, сан қилы жол, бір-біріне ұқсамайтын, бір-бірін қайталамайтын, өмір дағдысы да, адамдық тұлғасы да бөлек түрлі кейіпкер. Бәрінің бойынан көрінер ортақ бір-ақ нәрсе – жазушының адам жанын терең суреттей білуі, психологизмі. Соның бірі – «Махаббат мұңы» (1960) хикаяты. Сыршыл да нәзік шығармада автор адам жанының сан алуан көрінісін, қуанышы мен өкінішін терең жеткізе біледі.

Негізі бөлім. Өткен ғасырда татар әдебиетінің барышы атанған Жамалитдин Уәлидов өз еңбегінде жазушыларды 4-ке бөлген екен:

1) Жазбай тұра алмайтындар, жазбаса ашығатындар, сондықтан өл-тіріл, бірақ жазбай қоймайтындар.

2) Жазушылықты мода деп сенетіндер, пәленше жазады, түгенше жазады, маған неге жазбасқа дейтіндер.

3) Жазғаны халық мұқтажын өтейді, сондықтан елдің бір жетпей жатқанын жеткізу үшін жазады.

4) Енді біреулер ақша қажет емес, өзі де халыққа қажет емес, өз жазғанын оқитындар бар ма, жоқ па, оған қарамайды, жаза береді. Өзінің ішкі сырын жасыра алмайды, жасырса ішін өртейді, жанын күйдіреді.

Қаһарлы кеңес дәуірінің қылышынан қан тамып тұрған алмағайып кезеңде әдебиетті ұлттың ертеңі, бүгінгі айнасы деп терең ұққан қай суреткер болсын, жастық желік, әуес сәндік ниетпен емес, күре мақсат, нық талаппен бұл жолға келгендігі мәлім. Екінші топтың сойылын соғушылар дәл сондай қалтарыс, қия белде некен-саяқ кездесе керек. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қарымды қаламгер Тахауи Ахтановты бұдан өзге үш топтың көш басында тұрған, әдебиетті рухани ұстаз етуге өзіндік үлесін қосқан, өлеушіз еңбек еткен жазушы ретінде дөп басып айтуға болады. Тегінде, әдебиет көкжиегінде әрбір суреткердің өз биігі, өзіндік орны бар. Мәселен, Илияс Жансүгіров «қазақ әдебиетінің Құлагері», Оралхан Бөкей «қазақ әдебиетінің кербұғысы», Мұқағали Мақатаев «қазақ әдебиетінің мұзбалағы»... Көрікті де ұлы бұл көш осылай жалғаса береді. Тиісінше, жазушы Тахауи

Ахтановты «адам жанының суреткері» деп баға берілуі айна-қатесіз ақиқат. Бұған жоғарыда атап өткен бір-біріне ұқсамайтын, бір-бірін қайталамайтын кейіпкерлердің ортақ қисынын келіре білген автор шеберлігі дәлел.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында жарық көрген «Махаббат мұңы» хикаяты қазіргі таңда да өзектілігі, көркемдік қуаты мол мұра. «Сұлулық көрер көзде» екеніне дәлел болған 15 жасар Ләззаттың табиғатқа ғашықтығы, риясыз қуанышы, алдағы өмірден де осындай ерекше әрі үлкен бақытты күтуі – хикаяттың көркемдік қуатына салмақ беріп тұр. Алып қалаға келген албырт жас, ұяң қыз ақын жігітті көргенде, тілдескенде өзі күткен үлкен бақыттың осы деп сенуі – оқырманды баурай, ентелей түсуіне әсер етпей қоймайды.

Жас, ақжүрек ақын Ләззаттың Ниязға деген кіршіксіз, адами құрметі, жанашырлығы. Қыз баланың терең де нәзік жанын көрсете білген шығармаларының бірі де бірегейі деп баға беруге әбден лайық. Расында, өз фантазиясын ойда көркем бейнелеп, тұрмысын да, адамдарды да мінсіз, бейне ертегідегідей етіп құрастырып алатын, сол қиялынан өзі шапа шегетін жандар қай уақытта да табылып жатады. Ләззат та ақтайды, сенеді, тілекші болады. Бірақ, боскеуде, ынжық, мәселеге енжар қарайтын Нияз ақын қыздың кіршіксіз қиялындағы өз биігінен табыла алмады. «Нияз екеуінің арасын өзінше ажарлап, сырлап бақса да, қатал өмір ажыратып сырын ашып, жалаңаштап тастай берді» демей ме автор?! [1,73]. Бүгінгі қоғамның да түйткілі осы. Өнер – өмір десек, адам жанын терең психологизм мен шындықпен ұштастыра, өмірмен сабақтастыра білген автор шеберлігінің ар жағында талай қазақ отбасының мәселесі қылаң беріп тұр. «Шықпа, жаным, шықпамен» күн кешіп, тұрмысын түзелтуге, шаңырағын шайқалтпауға барын аямай жүрген қазақ әйелінің әдебиеттегі образы Ләззаттың осы бір ойынан-ақ мен мұндалап тұр.

Темірхан Тебегенов «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Ақтанов ақиқаты» мақаласында шығармадағы Нияз образына «дарынсыз, ынсапсыз, әйел махаббатын тәлкек етуші кейіпкер» деп баға береді де, өзге де шығармаларындағы кейбір кейіпкерлерді талдай келіп, «бәрі де сыншыл суреткердің туындыларындағы өмір шындығының қарама-қайшылықты сипаты психологиялық талдаулар жүйесімен аңғартады» деген пікір айтады [2]. Нияздың ішкі монологы айқын берілмесе де, көзі қарақты оқырман жас ақынның жан күйзелісін толыққанды ұға алады.

«Ендігі еңбегі ауыр қара жұмысқа ұқсап барады. Сөзден сөз талғап, қисынын келтіре алмай, діңкесі құриды» [1,77]. Бұл ақындықтың қия жолына беттеп, өз ізі айқындала түскен ақын Ләззаттың жан азабы. «Ахтановтың ақиқаты» деп айғайлап айтар лайықты баға осы бір сөйлемде-ақ жаңғырып тұр. Жазушылық еңбектің нар көтермес ауыр жүгін автор осы арқылы жеткізіп отыр. Ой, қажыр-қайрат, шыдам, еңбек, тайталас, сынға сынып кетпеу, қиялдың көркемдігі, шындықтың шебер суреттелуі – қаламгер мойнындағы ауыр жүк.

Ләззаттың құрбылары Бағила мен Салиқаның өмірге көзқарастары арқылы да автор өз көркемдік шындығынан жазбаған. «Бейне өмірден торыққан кексе әйел» сияқты, бірақ «кеудесінде қаншама мейірім жатқан» Салиқа сындылар өмірде көп. Өзгеге де, өзіне де көңілі толмай, тек теріс ой, торығу үстінде жүретін мұндай жандар өз жүрегіне айрықша, елде жоқ жылылықты жасырады. Ақыр соңында, «көп зарығып, ол да өз бақытын табады» [1, 85]. Айналадағы таныстарына ат қойғыш, өмірге тым жеңіл қарайтын, мазасыз Бағиланың образы да қоғамдағы кейбір адамдардың дәл көшірмесіндей; олардың қылығы қызықты болғанымен, мұның да тиісті жерде кесірі тимей қоймайтынын автор астарлы жеткізеді.

Қорытынды. Кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов бұл шығарма туралы «замандас бейнесін көрсету, ішкі мәдениет өрісіне үңіле, сезіміне бойлап жазу бар» екенін айтып, «әрине, әрбір сыршыл шығарма солай еліктіреді де: өз жүрегіңе ұқсап соққан жан тамырды жан бауырдай сезбеске шараң жоқ» деп, жоғары баға берген [3]. «Адамды адам еткен – кітап» деген Әбіш Кекілбаевтың дәл сөзі, суреткер жазушы Тахауи Ахтановтың әрбір шығармасында көрініс тауып отырады. Бейнелі де тартымды, қызықты да шағын туындылардың өзі-ақ оқырман үшін бір мектеп. Үйрене отырып жирену, өз әрекетін саралау, өмір шындығына өнер құдіреті арқылы жіті мән беру – Ахтанов шығармашылығымен сусындаған оқырман қауымға ортақ құбылыс десек қателеспейміз. Өнер адамдарын бас кейіпкер етіп, солар туралы жазған өзге де шығармалары арқылы жазушының көркемдік қуатының жаңа қыры ашыла түскендей. «Күй аңызындағы» Естемес күйшінің өнер құдіреті, «Алғашқы ән» әңгімесіндегі Серәлінің шығармашылық тоқырауы, жан азабы, «Махаббат мұңындағы» Ләззаттың ішкі монологында адасқан ойлары... бәрі де ізденіс арқылы жаңашылдыққа тың жол салған автор шеберлігінің дәлелі. Тахауи Ахтановтың мол мұрасы – бүгінгі қоғам үшін де, келешекте де өзекті, құнды рухани қазына. Биылғы жылы туғанына 100 жыл толған қарымды қаламгердің проза, драматургия, әдеби сын салаларына қосқан үлесі, жазған еңбектері – ұлттық сөз

өнеріміздің өлшеусіз жауһары. Келер ұрпақтың рухани биіктігі үшін Тахауи Ахтановтың мол мұрасы қашан да құнды болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ахтанов Т. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Рарирет, 2005. – 288 бет.
2. Темірхан Т. Ақтанов ақиқаты. – «Ана тілі» газеті, 2013, 23 тамыз
3. <https://articlekz.com/kk/article/22224>

Тлебалдина Нургуль,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ аға оқытушысы

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘНГІМЕСІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Көркем әдебиет-ғасырлар бойы жасап келе жатқан үлкен бір сала болып табылады. Әдебиет пәнін оқытуда оқушыларымыздың танымына, әдебиеттің өзіндік басты ерекшеліктерін танытумен қатар, сезімдеріне әсер ете отырып, сөздің мән-мағынасын жете түсінулеріне және көркем шығарманы ұлттық құндылық негізінде және эстетикалық тұрғыдан қабылдай алуларына ықпал ете білу.

«Атамұра» баспасынан 2018 жылы жарық көрген 8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» [1, 190 б.] оқулығының «Қиял мен шындық» атты тарауында Қазақстанның Халық жазушысы, II дәрежелі Отан соғысы ордені, «Құрмет белгісі» ордені иегері, «Боран», «Шырағың сөнбесін», «Қаһарлы күндер» т.б. шығармалардың авторы Тахауи Ахтановтың шығармашылығы мен жазушының баспа бетінде алғаш жарық көрген «Күй аңызы» әңгімесін оқытуға 4-сағат бөлінген.

Заман талабына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді жас ұрпақты тәрбиелеу өмірлік қажеттілікке айналып отыр. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, оқушыны сыни ойлауға, мәтіндердің мазмұнын, астарлы ойын ұғына оқуға, өзіндік рефлексия жасай білуге, алған ақпаратты өз мақсаттарына сай қолдана білуге бағыттайтын шығармалармен жұмыс жүргізу.

Бағдарламада көркем шығарманы оқу мен өзіндік таным-түсінік аясында жеткізуде бірнеше оқу міндеті қойылады: Шығарманы мәнерлеп, түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру, мазмұнын айта білуге баулу, бейнелі және зерделі ойлауға, Тахауи Ахтанов шығармасы арқылы өнер деген құдіретті ұғымның мәнін білу, шығарманың тақырыбы мен идеясын аша білуге, шығарманы композициялық құрылысына талдау жасауға дағдыландырумен бірге ойларын жүйелі жеткізу, авторлық көзқарас пен танымды терең түсіну, оқушылардың жан әлемін рухани-адамгершілік құндылықтармен байыту, сөз мәдениетін жетілдіруге ұйытқы болу, оқушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқуға деген қажеттілігін туғызу.

XXI ғасыр ұстаздарының алдында тұрған басты міндет-ата-бабаларымыздың қанында болған еркін де батыл қазақы мінезді баланың бойына сіңіріп, ұлттық рухы биік, ана тілінің қадір-қасиетін түсінетін саналы да сауатты шәкірт тәрбиелеу. Жазба тілінің сауаттылығымен қатар, ауызекі сөйлеу тіліне де баса назар аударып отыру мұғалімнің назарынан тыс қалмау керек.

Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесін оқу кезінде күтілетін нәтиже төмендегі талаптарға сай болуы қажет етіледі:

Шығарманың мазмұнын біледі, күй өнері туралы жазылған шығарма екенін түсінулері керек. Шығарманың мазмұнын айта алады, өз ойын топта еркін жеткізе білу. Шығарманың тақырыбы мен идеясын аша біледі, өзінің түсінгенін өзгелерге дәлелдеп айта біледі, шығарма кейіпкері – қарттың күй өнерін дәріптеу мәніне үңіле алады.

Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесінің тақырыбы – өнер құдіреті мен басты кейіпкеріміз күйші Естемес тағдыры.

Шығарма оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тілі оқуға жеңіл, оқиғасы қызықты.

Мәтінді оқып, талдау кезінде оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға жетелеу жұмыстарын ұйымдастыру, талдаудың ұтымды да оңтайлы жаңа жолдарын табу тиімді болмақ. Талдау дұрыс ұйымдастырылғанда ғана мақсат-міндет орындалады, білімнің сапасы артады.

Қазіргі кездегі сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де өте көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек.

Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі–тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады.

«Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - [2, 6 б.] деп Ж.Аймауытов айтқандай, сабақ беруді өнер деп бағалауы тегін емес. Соның ішінде әдебиет сабағы–асыл өнер сабағы. Асыл сөз өнерін терең ой мен эмоция, сезімге беріліп, шабыттана қиялдау, елестету, болжау мен оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін өнер сабағы.

Бағдарламада берілген Тахауи Ахтанов шығармаларын оқушыларға меңгертуде оқылым мәтіні қандай болуы керек екеніне қысқаша тоқталсақ:

Біріншіден, берілген мәтін баланың қабылдауына, біліміне, жасына лайықты болуы керек.

Екіншіден, мәтінмен жұмыс жасауда алдымен қандай мәселені қозғау керек.

Үшіншіден, мәтіннің басты ойы қандай? Жанама пікірі қандай?

Төртіншіден, қиын сөздері бар ма, сөйлемдері, өзгеше жерлеріне баса назар аудару қажет етіледі. Әңгімені меңгертуде мәтінмен жүргізілетін төменде сараланған жұмыс түрлерін ұсынамыз:

1. Алдымен мәтін мазмұнын меңгертіп, мәтінге талдау жасау, мәнерлеп оқу сияқты түрлі жұмыстар да сабақ үдерісінде назардан тыс қалдырмау қажет.

2. Шығарманың мазмұнын толық түсініп болған соң шығарманы композициялық құрылымына талдау жасату міндетті болып табылады. Композициялық талдауды: а) Сюжеттік композиция; ә) Образ композициясымен жұмыс; б) Баяндау композициясы; в) пейзаж композициясы т.б. талдаудың жолдарын сабақ барысында қолданамыз.

Шығарманың композициясы: Оқиғаның басталуы: Екі салт аттының жолға шығуы. Күйшілердің әңгімесі.

Оқиға байланысы: Жапанда жалғыз нардың кезігуі, ботасы өлген аруананың зары. Естеместің домбырасына тіл бітіруі, жолаушылардың жалғыз қараша үйге келуі.

Оқиғаның шиеленісуі: Қыздың «Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар», - деп қолқа салуы.

Оқиғаның шарықтау шегі: Естемес күйшінің өнері, «Нар идірген» күйінің дүниеге келуі.

Оқиғаның шешімі: Естеместің жолын жас жігітке беруі.

3. Жалпы прозалық шығармаларға нысан болатын талдау бағытының бірі шығарманың образдар жүйесіне талдау. Образдарды дербес талдау, салыстыра талдау, топтай талдау түрлерін жүргізу.

Шығармадағы образдар жүйесі: Естемес-жасы елуді алқымдырған, әдемі, дөңгелек қара сақалды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез кісі. Оразымбет - астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған көк мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл үдері белбеумен қынай бұған, төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік киген жас жігіт. Жаңыл - жасы он алты - он жетілер шамасында. Қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы. Кейіпкердің күйініші – «...күйімді үлгі етсең де, өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша қарттық келеді. Нағыз от басының жылуын аңсайтын кез сонда болар». Сүйініші - «Естемес Жаңылдың көзіне ұзағырақ қарады. Қыз көзіне көзі түсіп кеткенде, жүрегі бүлік ете қалды. «Сақалды басыммен сабырдан айырылғаным қалай» деп кейіді өзіне. Бірақ көңілі құрғыры бір нәрсеге талпынып алып барады. Сонау бір жастық шағы қайта оралғандай елге құмартады. Талайдан аңсағанын көргендей көз жазғысы келмейді....» [3, 223 б.].

4. Шығармадағы күрделі сөздер мен сөз тіркестерін тауып, оларға түсіндірме сөздіктен анықтама жаздыру.

5. Шығарманың тілі бойынша жасалатын жұмыс түрлері (тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, көп мағыналы сөздерді, фразеологиялық сөз оралымдарын мәтінінен тауып жазып, оларға түсініктеме жасау).

6. Мысалы, «тулақ» – үстіне жүн сабау үшін немесе төсеу үшін жүні алын бай қатырылған шикі тері сырты; мая – сыңар өркешті түйенің ұрғашысы, қара нар – түйенің күштісі, мықтысы; «тізгін»– аттың басын тежеу, игеру үшін пайдаланатын, ұштары жүгеннің ауыздық шығыршығына екі жағынан байланған қайыс; «шылбыр»–жүгеннің шығыршығына бір жағынан тағылған жіп; «түндік»–киіз үйдің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз; «қолқа салу»–дос, жолдас адамдардың бір-бірінен бір нәрсені қалауы; «аңғырт»–аңғал, аңқау; «мүсәпір» – бейшара, байқұс; «әудем жер» – көз көрім жер, жақын ар; «сағақ» – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы; «шыңырау» – биік құз, таудың ұшар басы; «аруана»–екі өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы; «кінген» – қос өркешті түйенің ұрғашысы; «мая» – жалғыз өркешті түйенің інгені; «нар»–бір өркешті түйе т.б.

7. Тұрақты сөз тіркесі: «Секем алды, төбе құйқанды шымырлатып»; ауыспалы мағынадағы сөздер: «көзі шалып қалды», «көзін қадап қалды», «дүниенің табалдырығы», «салшы өнерінді» т.б.

8. Топтарға немесе жұптарға бөлініп, «Күй аңызы» әңгімесіне кешенді талдау жасату да оқушылардың шығарманы жүйелі меңгерулерін дамытатыны сөзсіз. Тақырыбы: Идеясы: Композициясы:–оқиғаның басталуы–сюжеттік байланысы–шарықтау шегі–шешімі. Поэтикалық тілі: Кейіпкерлері: Образ сомдау шеберлігі.

9. Әңгіме эпизодтарында көтерілген мәселелерді, кейіпкерлер қарым-қатынасын сипаттау, шығармада кездесетін көркемдік тәсілдер: эпитет–«өткір қоңыр көзді», «мүсәпір бейнесі», «жұмсақ әуен бояуы», «жалаңаш тау» т.б. теңеулер–«жібектей майысып», «балшықтан құйғандай», «сүйріктей саусақ», «балапандай» т.б. анықтау.

Білім мазмұнын жетілдіру үрдісінде оқушыларға дайын білімді беріп қана қоймай, білімді игерудің әдіс-тәсілдерін игерту, оның дамытушылық жақтарына басымдылық беру қарастырылған.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мәтінді меңгерту арқылы оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құруды басты назарда ұстау қажет.

Қорыта келгенде, шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын айқындай отырып, әр мәтінді талдаудың өзіндік жүйесін жасау қажеттігі туындайды.

Көркем шығарманы талдау мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы мен ізденісін, танымы мен талғамын, өзіндік көзқарасы мен пікірін, танымға бағытталған түрлі іс-әрекеттерінің жетілуін қажет ететін күрделі үдеріс болып есептеледі.

Әдебиеттер:

1 Зайкенова Р., Тұрсынғалиева С.Ч., Қазақ әдебиеті: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2018. – 192 б.

2 Аймауытұлы Ж. 5 томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым. 1998. 6 б.

3 Ахтанов Т. Шығармалар жинағы. Бес томдық.А., «Жазушы», 1984 –223 б.

*Өміржанова Жанар Тоқтарбайқызы,
филология ғылымдарының кандидаты
Алматы облысы
«Арыстан» мамандандырылған лицейі*

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада белгілі қазақ жазушысы, аудармашы, драматург, сыншы Тахауи Ахтановтың шығармашылығына шолу берілген. Жазушының барлық шығармасының леймотиві – халық өмірі мен қарапайым да төзімді, адал,еңбекқор жандардың тағдыры. Жазушы күрделі өмір шындықтары арқылы оларды сан сынақтан өткізіп, өмірі өнеге боларлықтай кейіпкерлер бейнесін жасағаны туралы, ал ол кейіпкерлер әлемі біздің қазіргі заманмен де үндес екендігі айтылады. Тахауи Ахтанов өз заманының үлгісі бола білген сезім түйсігі жоғары, ақиқатшыл жазушы екендігі, оның еңбектері бүгінгі күн оқырманының да сүйікті кітабына айналғаны туралы жазылған.

Кілт сөздер: роман өзегіндегі көркем шындық, кейіпкер психологиясы, ішкі монолог, өмір сырлары, шегініс арқылы оқиғаны әңгімелеу, жаңашыл кейіпкерлер, өмірлік драма, тағдыр талқысына түскен бейнелер, шығарма өзегі, өмір мен өлім тартысы, болашақтың жарқын сәулесі.

Белгілі жазушы Тахауи Ахтановтың өмірбаяндық деректеріне көз жүгіртсек, 1940 жылы Абай атындағы ҚазПи-дің екінші курсына жиырмаға толмастан өзі сұранып майданға аттанғанын, төрт рет жараланып,еліне ерлікпен оралғанын білеміз. Алғашқы очерк, өлеңдері майдан газеттерінде жарияланып, елге оралған соң, шығармашылықпен айналысуға ден қояды. Тахауи Ахтанов туралы сол кездегі классик жазушы Ғабит Мүсірепов әділ бағасын береді: «Майданнан қайтқан Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» атты романымен Ұлы Отан соғысы тақырыбын бастады. Дәл осы тақырып – меніңше, Ахтанов творчествосының негізгі тақырыбы ғой деп ойлаймын. Сол романымен-ақ совет әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалардың ішінде кеуде тұстағы туынды болды». Иә, жазушының алғаш өлеңмен әдебиет есігін ашқанын білеміз, аз жазса да, көп ойланып, мәнді де маңызды туындылар қалдырған дегдар жазушының қаламынан туындаған «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдары адамның ерік-жігерін, адал адамның айлакерлерден алар соққысы көп екенін көрсетіп, тағдырға мойымай алға жүруге үндейтін, адам

жанының шыдамдылығын, өмірді сүюін, болашақтан үміт үзбеуін көрсететін шығармалары бүгінгі күннің талғамынан да шыққан айтулы туындылар болып саналады.

1966 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты иеленген, алдымен драма, повесть, артынан романға айналған туындысы «Боран» романы жазушының шоқтығы биік шығармасының бірі. Басты кейіпкер соғысқа қатысқан, одан жау қолына түсіп, тұтқында азап шегіп, одан қашып шыққан қажымас қайрат иесі Қоспан қойшының өмірі мен бейнеті арқылы бүкіл кеңестер еліндегі тұтқыннан қашып шыққан соғыс ардагерлерінің қиындығы мол өмірлерінен сыр шертеді. Өзінің командирі болған Қасболат та оған аудан басшылығында отырғанымен, көмек қолын созбайды. Жауды бөгей тұруға өз еркімен сұранып қалған бір кездегі көмекшісіне ол да сенімсіздік танытады, адалдығын, ерлігін біле тұра оны қолдауға адамдығы жетпей қалады. Міне, «Боран» романындағы бір шындық өмірдің дауылы, боранының адам тағдырына етер әсері орасан, Қоспан да соғыстан соң өзі қалаған мамандықты атқара алмайды, осы тұтқында болды деген сенімсіздік жолын кескедіктен, бір отар қойды бағып ен далада ішкі ойларымен еркін арпалысады. Жаны жаралы майдангер бәрібір тірлікке мойымайды, ел қатарлы жұмысын атқарып, табиғаттың да, өмірдің де суық ызғарын, боранын жеңуге, жан жылуымен жылытуға тырысады. Себебі Қоспан сияқты еңбек адамын өмірден түңілдірмейтін, жанашыр Қаламүш (Ғалымжан) сияқты жастар бар. Ол мал бағуға техниканы араластыруды көздейтін, қарапайым еңбек адамының тұрмысын жеңілдетуге күш салып жүрген 18-19-дағы жас жігіт, өзі сұранып Қоспанға көмекші шопан болады. Қоспан қойларымен бірге дүлей боранға жұтылып кеткенде, артынан елдегі атқа міне алатын жастарды қйымдастырып төрт күн бойы талмай іздеп, Қоспанды табады. Табиғат дүлейімен боранмен, қасқырмен алысып, әлсіреген шағында Қоспанды үміт берген Қаламүш өмірге қайта әкелгендей болады. Соғыс кезінде елдің берекесін кетірген Жаппасбай сияқты кейіпкерлер соғыс туралы жазылған қазақ көркем әдебиетінің бәрінде бар. Бұлар майданға барлық күш-жігерін арнап, күндіз-түні еңбек етіп жатқан ауыл адамдарын титықтатқан үстіне титықтата беретін, әсіресе, қорғансыз қыз-келіншектерге, жесірлерге өз арам ойын асыра алмаса, күн бермейтін опасыз жандар ретінде бейнеленген өмір шындығының бір көрінісі болып табылады. Себебі алаш зиялыларын да бір сигналдарымен жаманатқа қиған осындай құлқын қамының құлдары еді. Жаппасбай да сол алашты сатқан, азаматы майданға кеткен жарларға тыныштық бермеген азғын бейненің бірі ретінде романда жан-жақты ашылған.

Қоспанның романда соғыстағы өмірі еске алулар арқылы бой көрсеткен, еңбек майданындағы соңғы ерлігі сұрапыл бораннан отар-отар қойды аман алып қалуы еді. Марапат пен сый-дәреже дәмпейтін, еңбегін бұлдамайтын таза еңбек иесінің бейнетті тағдыры арқылы жазушы қазақ тағдырына еріксіз көз жүгірттіреді. Өмірдің бейнетін, тағдырдың талқысын көп көрген қазақ халқы да осы «Борандағы» Қоспандай қиындыққа төтеп беріп, адамдығын, болашаққа деген үмітін сөндірмей, алға ұмтылып, қаншама құрбандықтарын бейбіт күннің шұғыласына арнап, шыдаумен келеді. Болашақ өмір сәулесі жүректерді нұрландырған тіршілік тартысы.

Тахауи Ахтановтың тағы бір ел назарын аударған туындысы «Шырағың сөнбесін» романы (1973) еді. Бұл роман қазақ әдебиеті үшін соны шығарма болып саналды, себебі бізде соғысқа қатысқан ерлер туралы, майданға тылдан көмек жіберіп жатқан ауылдағы еңбеккер қарттар мен қыз-келіншектер туралы шығармалар жеткілікті еді, ал мына «Шырағың сөнбесін» романы басқа бір шындықтың шырағын жақты, жап-жас қазақ әйелінің майдан даласына ерімен бірге аттанып кетуі және күйеуі Қасымбектің қайғылы қазасы, одан кейінгі Абанмен тұрмыс құруы, екі еркектің жанған әлсіз шырақтарын аман-есен сақтап, елге оралу жолындағы қиындықтар мен кедергілер, соғыс алапатының ішінде жанған адам арманы, ана мен бала тағдыры, соғыс пен адам концепциясы. Роман соңында екі баласымен елге аман-сау келе жатқан Назираның толқуы қатты білінбейді. Оның әйелдік қорқынышын, нәзіктігін, айналаға таңдана қарайтын аңғалдығын – бәрін де соғыстағы көрген қанды қырғын мен тіршілік үшін болған жанталас өзгертіп жіберген еді. Партизан отрядтарымен бірге болған уақытта ол Надя, Света, Шура сияқты түрлі әйелдермен сапарлас, дәмдес болады. Барлық көрген-білген оқиғасын Назира өз аузымен баяндап, эвакуацияланған адамдардың басынан кешкен тағдыр қиындығымен бөліседі. Қан майданның суреті де Назираның еске алулары арқылы бейнеленеді. Жау басып алған деревнялардағы немістердің салған ылаңы Назираның көңіл түкпірінде сақталып қалады. Кейде оның жанары болған сұмдық оқиғаларды суретке тартып алған камера сияқты қызмет атқарады. Деревнядағы Дуня апай оған ауылдағы әжесі Қамқаны еске салады. Адамдардың тілі бөлек, діні бөлек, түрі басқаша болғанмен, өмір сүруге деген құлшынысы ұқсас екендігін осы роман айқын көрсетеді. Бұл романда ерен ерлік жасап көзге түскен ірі қаһарман жоқ, тұтқиыл болған соғыс өртіне жанған, сол тозақтан аман қалған қарапайым қазақ әйелінің ерекше тағдырына ортақтаса отырып, соғыстың қанды қасіретіне құрбан болған, шырағы жанбай, артында ізі қалмай, өшіп кеткен белгісіз солдаттарды еске аласың. Немістердің аяусыз жойған қалалар мен

деревняларының бейбіт тұрғындарының атылған, қиналған, өртелген кездегі жан айқайын естігендей боласың. Сол бір қаралы жылдардың келмеске кеткеніне жұбанасың. Міне, жазушының шеберлігі де осында – кейіпкермен бірге қуанып, бірге қайғырып, сұрапыл кездің шындығын өз көзіңмен көргендей болуыңда. Адамзатты қан қақсатып, соғысты бастап отырған немістердің ұяты оянар күн болса, қайтер еді деген сұраққа қарапайым қазақ әйелі өзінше жауап іздейді. Адал еңбек иелерінің қажырлы істерін көрсетумен бірге немістерге жағынып, өз ауылдастарына сатқындық істеген опасыз жандардың іс-әрекеттерін де романда көрсетіп, адам аласы ішінде екендігін ашып айтады.

Жазушының тағы бір күрделі шығармасы «Қаһарлы күндер» (1956) деп аталатын романы. Бұл төрт тараудан тұратын романның леймотиви-Отан қорғау. Негізгі кейіпкерлер Мұрат та, Ержан да, жауынгер Бондаренко мен Кәкібай да, Василий Кусков та, Панферов дивизиясы да Москва үшін болған шайқаста жан қиярлықпен соғысып, Отанын неміс басқыншыларынан азат етеді. Намыс, бірлік, адамгершілік, солдаттық төзім мен достық, өмірге деген құштарлық осы романның өзегі болып табылады. Негізінен, мұнда жау қоршауын бұзып шыққан Ержан взводының ерлігі даңқты батырымыз Бауыржан Момышұлының ерлік істерін еске салады. Танктің астына гранатасымен кіріп жастығын ала жатқан Кәкібай сияқты жігіттердің ерлігі көзбен көргендей нақты суреттелген, себебі соғыста болған, қан майданның ортасында жүріп, жараланып, елге оралған майдангер ғана осылай соғыс бейнесіне сендіріп жаза алады. «Танк өтпеуге тиіс. Кәкібай сол қолына ұстап тұрған гранатын окоптың ернеуіне қойды. Еріксіз қимылмен шұқырдағы бума гранатын алып шандыған жіптің шетінен тістеді. Окоптың ернеуіндегі гранатын қайтадан сол қолына ұстады. Енді бері қарай тура бет түзеген танкке қадала қарады. Бір сәт қап-қара шыңырау құздың дәл ернеуіне келіп қалғандай, шалқалай беріп, арқасы окопқа тірелді. Туған жер, жақын достар, Марияш, күллі қызық өмір күн шұғыласына малынып көз алдына келіп тұрып алды. Қап-қараңғы түпсіз түнек пен жайнаған жарық дүниенің ортасында тұр. Кәкібай жауырынымен окоптың артқы қабырғасын ойып жіберердей шегіне шіреніп, ыңыранып қалды. Танк бері қарай түп-тура келе жатыр. “Өте алмайсың, сұмырай” Кәкібай дене мен жүректегі ең соңғы күшін сығып алып қап-қараңғы шыңырауға қарай атылды. Ең соңғы рет арттағы айдын өмір бар шұғыласымен бір жарқ етті»[1, 335б]. Міне, осындай ел қамын жеген ерлердің арқасында, осындай жігіттік жалынын, жас ғұмырын ел жолына бағыштаған миллиондаған Кәкібайлардың арқасында соғыста жеңіске жеттік. Миллиондардың ерлігі мен еңбегінің, адами қасиеттерінің бір арнада тоғысқанымен де жеңістің жалауы желбіреді.

Уәли сияқты қорқақтарға қарсы Ержан, Мұрат, Кусковтар бейнесі алынып, соғыс даласында да адамдық пен адамгершілік, достық басты күшке ие екенін көрсетеді.

Қысқасы, жазушы Тахауи Ахтановтың қай туындысын алсақ та, адамгершілікті ту еткен аға буынның абыройлы жолын, адамдық пен адалдыққа үндеген өнегелі өсиетін сезінеміз. Сезім түйсігі мен ар өлшемінен шыққан әрбір туындысы ғасырлардың сынына төтеп беріп, өз оқырманын табатынына бүгінгі оқырманы сенімді.

Әдебиеттер:

1. Т.Ахтанов. Қаһарлы күндер. Алматы. «Атамұра», 2003.
2. Т.Ахтанов. Шырағың сөнбесін. Алматы. «Атамұра», 2003.

*Саргелтаева Ардақ Құрманалықызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің оқытушысы*

ТАХАУИ АХТАНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Қазақ әдебиеті үшін Тахауи Ахтановтың орны ерекше. Себебі оқырман қауым қаламгерді сыншы, прозашы әрі драматург ретінде жоғары бағалайды. Атап айтатын болсақ, проза жанрындағы «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», «Қызғаныш», «Боран» романдары көркемдік образдар, портреттік детальдары арқылы оқырман жүрегіне тікелей жол тартқан бағалы туындылар. Ал, «Күтпеген кездесу», «Махаббат мұңы», «Әке мен бала», «Ант», «Арылу» пьесаларынан қаламгерді шоқтығы биік драматург ретінде тани түсеміз. Әдебиеттану ғылымының бағыттаушы құралы болған сын-зерттеу саласына да өзіндік үлесін қосқан. Мысалы, «Ғабит Мүсірепов», «Керуен» мақалалары соның айғағы. Әрбір шығармасы арқылы адам жанының психологиясына терең бойлай білген.

Т.Ахтановтың әрбір сөзді орнымен, ұтымды қолдануының өзі шығармадағы көркемдік әлемді айшықтай түседі. Жазушының көркемдік әлемі – көркем шығармасы. Ондағы диалог, монолог, көркем бояуы қанық образдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөздердің қайталануы, бәрі-бәрі көркемдік әлемін жан-жақты толықтырып тұр. Жазушының көркем әлемі шынайы болмысты бейнелейді. Шындық болмыс арқылы соғыс кезеңіндегі қиын-қыстау өмірді психологиялық тұрғыдан анық жеткізе білді.

«Қаһарлы күндер» романы – Т.Ахтановтың өзі көрген, өзі бастан кешірген өмірді суреттейтін шынайы шығармасы. Соғыс тақырыбындағы ең алғашқы әдеби туындысы да осы. Жазушыны көркем әдебиеттегі әскери тақырыптың негізін қалаушы суреткер ретінде бағалайтынымыз да содан. «Роман сюжетіне 1941 жылдың күзі мен қысында Мәскеуді жаудан қорғау кезінде Қазақстанда жасақталған генерал Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясының жанқиярлық ерлігі арқау болды. Алматыдан майданға аттанудан өріс алған оқиғалар тізбегі, соғыстағы қилы көріністер арқылы қазақ жауынгерлерінің ерлігін суреттеуге ұласып кетеді» [1, 186]. Соғыс алаңында төрт рет жараланса да, қатардан шықпай, ерлік көрсеткен жазушының ісі – жеңіске қосқан үлесі.

Т. Ахтанов – қаһарман. Жастайынан қан майданға ерте араласқан қаламгер «Іздену, зерттеу – басты шарт» атты мақаласында: «Сөйтіп барлық жағдайды екшей келгенде үш жыл бойғы соғыстан көрген-білгенімді 1941 жылдың қаһарлы күзіне топтауға болады екен деген ойға келдім» [2, 351], - деп роман жазудағы мақсатын қалың оқырманға таныстырады.

Оқиға желісіндегі қақтығыстар, шиеленістер, кейіпкерлердің бейнесі, майдан даласында өмір мен өлім арасында арпалысқан адамдардың әрекеті терең психологиялық бағытпен берілген. Тіпті, жазушы әр образдың өзіне тән мінезі, әдетіне дейін мән беріп, толық ашуға тырысқан. Мысалы, пойыздан қалып қойған Көжектің оқиғасына оқырман күлкілі жағдай ретінде қарағанмен, Көжектің барлық қырын жақынырақ сипаттау үшін, осы оқиғаны сәтті пайдаланған.

«Шырағың сөнбесін» шығармасы – түрлі кейіпкерлер галереясымен оқырманды өзіне тарта түсетін әсерлі туынды. Әсіресе, образдарды жансыз заттар арқылы суреттеуі кейіпкердің болмысын анық көруге итермелейді. Мысалы, «Салалы ірі қолы маңдайымнан, жағымнан сипайды. Көзім жұмулы болса да, оның еміреніп, телміре қарап отырғанын білемін. Бірақ осындайда адамды бір қатты қысып, құшырланып сүйіп алуға... именшек пе, болмаса сезімге сараң ба?.. Алақаны мұрнымды сипап аузымның үстіне келіп қалды. Саусағынан сүйіп алдым. Қолын бетімнен алмастан Қасымбек ақырын еңкейді де ернінің ұшымен самайымнан сүйді. Мені бір уатылып кететін шөлмек дей ме екен?» [3, 12] – дейтін жолдардағы «уатылып кететін шөлмек» теңеуін прозашы алдыңғы суреттеулердің түйіні ретінде әсерлі жеткізген. Енді мына бір теңеуді қараңыз: «Соңғы кезде Қасым тіпті сыпайы боп барады. Мен қазір оған полк командирінің үйіндегі хрустальдан жасаған қымбат ваза сияқтымын. Командирдің әйелі Елизавета Сергеевна онысына қол тигізбей, жібекпен ғана сүртетін, Қасым да маған қаттырақ тиіп кетуге қорқады» [3, 12]. Дәл осы тұста автор Нәзіраның нәзіктігін шыны ыдыс хрусталь арқылы оқырманның көз алдына әкеледі.

Келесі кейіпкер Николайды жылқы жануарымен салыстыра отырып суреттеуі де жазушының көркемдік әлемін әсем ете түседі. Мысалы, «Шекесі жұмырықтай, соқпақ бет, аласа шот маңдай, су ішуге мойнын созған аттың басы сияқты иегі ілгері ұмсынып біткен» [3, 15] немесе «Тұсынан өтіп баратқан бәйгеге делбесі қозып, шыдай алмай, жер тарпып, ауыздығымен алысып тұрған тай-құнан сияқты» [3, 15].

Романның көркемдік әлеміндегі ең негізгі ерекшелігі – монолог. Нәзіраның ойы арқылы біз басқа да кейіпкерлерді танып, оларға сүйсініп, олармен бірге майдан ортасында боламыз. Әсіресе, шығармадағы оқиғалардың шиеленісетін тұстарында ішкі монолог үлкен қызмет атқарған. Сонымен қатар, кейіпкерлерді диалог арқылы да кеңінен сипаттайды. Мәселен, Усачевті төмендегі іс-қимылдары арқылы қу, сатқын, екіжүзді сынды жағымсыз қырынан танимыз:

- «Сенің кеше қып-қызыл белсенді болғаныңды да жұрттың бәрі біледі. Кулакты құтқарамын деп, айқайласып, қақсатқан жоқ па едің?» [4, 155].

Жазушының диалог арқылы кейіпкер портретін сөзбен салуы асқан шеберлікті талап етеді. «Суреткер шығармасына бір нәрсені баяндау, пікір айту, персонаждың сезімін, көңіл күйін, қимылын, жекелік ерекшеліктерін т.б. айқын беруде диалогты стильдік құрылымдарымен шебер пайдаланады» [5,6].

Т.Ахтанов кейіпкерлерінің тілі экспрессивті-эмоционалды сөздерге бай. «Боран» романынан мысал келтіретін болсақ:

- «Ұрыс-керісті қоялық. Онсыз да келісіп жүрген жайымыз жоқ қой, - деді тек қана.
- Мен бе келіспей жүрген?..
- Осы қайсымыз болсақ та келісуден кетіп барамыз ғой деймін. Осы соза бермей...

- Не дейсің? - деп Сәбира шошып кетті. – Мен сені бес жыл күткен жоқ па едім?! Сондағы тапқан опам осы ма? Ал, балаңды қайтесің? Оның жазығы не? Мына соғыстан шырылдап қалған жетімдер аз ба еді?» [6, 64].

«Боран» романы әдебиеттің биік деңгейін көрсететін шығарма. Кезінде Мұхтар Әуезовтің көзіне түскен Т.Ахтановтың көркем әдебиетке енгізген жаңалығы да жоқ емес. Табиғаттың мінезі мен адам баласының көңіл күйін, ішкі толғанысын беруде алдына жан салмайтын ірі суреткер. Әсіресе, «Боран» романы ұлттық психологияның ұлттық танымын жеткізуімен бағалы. Шығарманың бас кейіпкері Қоспан арқылы заман шындығын сынай отырып бейнелейді. Өзге үшін кеудесін оққа тосқан Қоспан фашист тұтқынынан бір-ақ шығады. Елге оралғанда қайда барса да «тұтқын» деген сөз үнемі жолын кесіп отырады. Былай қарасаң, қазаққа бұрыннан етене таныс тіршілік. Жұрт қатарындағы қойшы, бірқалыпты тұрмыс, халықтың еті әбден үйренген кеңестік заңдар. Бірақ суреткер осы бәріне жаттанды әрі таныс өмірді табиғат құбылысы арқылы паш етеді: «Жел қатая түсті. Алды өр сияқты. Аумағы көрінбейді. Қойдың алды тоқырап қалып еді, жел жағындағылары ұйлығып кеп, лықсытып итеріп әкетті. Қоспан жер шамасын болжамаққа атына мініп ілгері жүрді. Ешнәрсені көре алмай, ой-шұңқырды аттың тұяғымен ғана өлшейді. Алды арқан бойы сұрғылт тартып, ар жағы теңселген қара түнекке тіреледі» [6, 39].

Т.Ахтановтың көркемдік әлемі – әрі қарай зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Себебі біз көркемдік әлем дегенде тек стилистикалық, стильдік ерекшелікке ғана мән бермеуіміз керек. Әр шығармасындағы психологиялық терең толғаныстар пәнаралық деңгейде зерттеуді қажет етеді. Жазушының көркемдік әлемі жан-жақты, сан тараулы. Өйткені суреткердің көркемдік ойлау жүйесінің өзі ерекше құбылыс. Арпалысқан өмір, күрескер адам, түрлі тағдыр. Осы үш ұғымның сырын тереңінен тебірене отырып, сыртқы әлемге ақтара түседі. Қоғамдағы тіршілік пен ішкі сезім түйсіктерін өрнектеуде көркемдік құралдарды шебер қолданады. Сондықтан әрбір туындысы оқырман қауымның көңілінен шығып, ықыласқа бөленіп жатады.

Әдебиеттер:

1. Р.Бисембай. «Т.Ахтанов шығармаларындағы соғыс және адам тағдыры». – Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2011. - №1. – 186-190 б.
2. Ахтанов Т. Көкейкесті. – Алматы: Жазушы, 1982. – Т.4. – 367 б.
3. Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013. – 608 б.
4. Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. – Алматы, 1992.
5. А.Айтпенбетова. «Көркем шығармадағы диалогтың қолданымдық түрлері. (Т.Ахтанов шығармалары бойынша)». – ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №7(89). – 2005.
6. Ахтанов Т. Боран. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 308 б.

Түрдәлі Талғат,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

ТАХАУИ АХТАНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ІЗДЕНИСТЕР

Адамгершілік, ар-ождан мәселесі адамзат тарихының өнбойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген үшінші мыңжылдыққа қадам басар кезеңде де рухани асыл мұрат – адамгершілік, азаматтық парыз, ар тазалығы қалпында қала бермек.

Әдеби шығарманың басты ізденісі – адамгершілік, ар-ождан мәселелері. Адамның мінез-құлқын рухани ұлы мұраттар биігінде шыңдау мен тәрбиелеуде әдебиеттің қызметі өлшеусіз, шексіз. Әдебиетіміздің сонау балаң шағынан қазіргі өркениеттік биік шыңдарына дейін көркемсөз зергерлерінің қаламынан туған ғажайып дүниелердің барлығын бір арнаға тоғыстырып жатқан көркемдік түйін қаһарманның рухани-адамгершілік әлемі екені баршамызға аян. Ертегі, аңыздарда адамның ерекше қасиеті мадақталады. Ежелгі аңыз-жырларда қаһарман сұлулыққа, мейірімділікке, жақсылыққа жаны қас зұлымдық иелерімен күреседі. Мәселен, халқына бақыт пен тыныш өмір іздеп, желмаяға мініп, жиһан кезген Асан образын немесе «Қыз Жібек» жырындағы өзіне қанжар сұққан Бекежанға қарғыс та тілеместен, «Бетімді жасыра кетші, жақсы аға!», – деп өтінген Төлеген образын алайықшы, халық ауыз әдебиетіндегі осы екі қаһарманның мінезінен жандарының сұлулығы, пәктігі, өмірге деген ғашық сезімдері асқақ адамгершілік рухы сезіледі.

Әділдік пен әділетсіздіктің, адалдық пен зұлымдықтың, махаббат пен ғадауаттың, жақсылық пен жамандықтың алысы адамзаттың барлық заманына тән. Мәдениет пен білім көркейген, ғылым мен

техника дамыған заманымызда олардың түрі өзгергенмен заты өзгерген жоқ. Бүгінгі өмірімізде кездесетін келеңсіз жайттар тоғышарлық, мансапқорлық, өзімшілдік, пайдакүнемдік дерті жоғарыда аталған адамға жат қасиеттердің жаңа түрі екені еш дау тудырмайтыны белгілі.

Біздің зерттеу объектіміздегі Т. Ахтанов шығармаларында басты тұлғаның адамгершілік әлемі, міне осындай кеселдермен күрес үстіндегі әрекеттері арқылы ашылады. Жазушы шығармашылығына тоқталмас бұрын, суреткер қалам тартқан уақыт әдебиетіне қысқаша көз жүгіртіп өткенді жөн санаймыз. Бұл қаламгер прозасындағы адамгершілік ізденістердің ара салмағын айқындауда аса қажет. Тахауи Ахтанов әдебиетке соғыстан кейін келген буын өкілі болғанымен көркем әдеби туындыларын 50-жылдардың екінші жартысынан бастап ғана ұсынды (Жазушы оған дейін сын жанры мен көркем аударма саласында жұмыс істеді). Бұл уақыт, яғни 1956 жылдар әдебиеттегі жаңғыру кезеңі болатын. Партияның XX съезі (1956) әдебиетке жаңаша көзқараспен қарауға негіз болды.

«Күй аңызы», «Алыстан жеткен сарын», «Көкқұтан», «Алғашқы ән», «Қызғаныш», «Ол солай еді», «Жоғалған дос», «Тауап» атты әңгімелері мен «Үндістан хикаясы», «Шынтас», «Махаббат мұңы» повестері, «Қаһарлы күндер» «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдары адамның адамды көбірек, дәлірек түсінуіне көмектеседі және адам баласының өзі ұғынып, түсініп болмаған бойындағы түрлі жағымсыз қасиеттердің түп себебінің неден өрбитінін мейлінше нәзік, батыл жеткізе алуымен құнды. Бұл тұста «Шындықты қызарта да, бозарта да боямай, ақиқат қалпының бар заңдылықтарымен көрсету, өмір ағысының, адамдар қатынастарының мазмұнына зерттей үңіліп, әр әрекет пен құбылыстың себебін терең ашу адамгершілік мәселесі мен қоғамдық әлеуметтік мәселені ұштастыра, жымдастыра өру – Тахауи Ахтанов прозасының басты ерекшелігі» [1], - деген ғалым Н. Ғабдуллин пікірі өте орынды.

Олай болса, адамгершілік арды серік еткен жазушы шығармаларының мәні мен мағынасына тереңдей ену арқылы жүйелі зерттеу және Т. Ахтановтың туған әдебиет тарихынан алар орнын саралау біздің басты парызымыз.

Қазақ көркем прозасының дамуына елеулі үлес боп қосылған Т. Ахтанов шығармаларының көркемдік қасиеті, қаламгер шеберлігі, тіл айшығы жайында байыпты толғамдарды М. Базарбаев, Р. Бердібаев, А. Нұрқатов, С. Қирабаев, Н. Ғабдуллин, З. Қабдолов, Ә. Кекілбаев, Р. Нұрғалиев, Х. Есенжанов,

Т. Тоқбергенов, Т. Сыдықов, С. Шаймерденов [2] теңбектерінен кездестіреміз. Т. Ахтанов шығармашылығы туралы баспасөз бетінде көптеген әдеби-сын мақалалар жарық көрді. Ол мақалаларда қаламгер шығармаларының біраз қырлары сөз болған. Солардың ішінен Ш. Елеуқеновтің, М. Атымұраттың, Ә. Нарымбетовтің, Қ. Құттыбаевтың, С. Әшімбаевтың, Б. Тоғысбаевтың, Қ. Қуандықовтың, Н. Оразалиннің, Ш. Нұрпейісованың мақалаларын [3] атап өткен орынды.

Адамның рухани болмысын сын сағаттардағы әрекет мінезі арқылы ашу шеберлігін Тахауи Ахтанов «Боран» романынан байқауымызға болады. Жазушы бұл романында өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы тоғышарлық, мансапқорлық, пайдакүнемдік, өзімшілдік дертін қатал сынға алды.

«Әдебиет белгілі бір қоғамның материалдық дамуының немесе экономикалық өсуінің шежіресі емес, керісінше өз заманының саяси-әлеуметтік жағдайына сәйкес моральдық және рухани жағынан өсуі мен өзгеруінің кері кетуі мен кемелденуінің таразысы әрі айнасы екен» [4, 46] - деп белгілі сыншы-ғалым С. Әшімбаев атап көрсеткеніндей, Т. Ахтанов «Боранда» қоғам алдындағы, болашақ ұрпақ алдындағы азаматтық жауапкершілікпен қатар кейбір адамдар бойына сүліктей жабысып келе жатқан пайдакүнемдік, жалақорлықты өнердің эстетикалық заңдылықтарына сүйене отырып көркемдік түрғыдан бейнелейді. «Боран» романы жазылған тұста, яғни 60-жылдарда қазақ әдебиетінде замандастар бойындағы адамгершілік асыл қасиеттер мен қатар оған қайшы мінез-құлықтарды суреттеу арқылы қоғам, заман тынысын танытқан романдар көптеп жазылды. Оған М. Әуезовтің «Өскен өркен», З. Шашкиннің «Теміртау», «Сенім», Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», Қ. Жұмаділовтің «Көкейкесті», Р. Тоқтаровтың «Бақыт», Қ. Исабаевтың «Сұңқар самғауы», С. Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», З. Қабдоловтың «Жалын» романдары куә. Бұл туындылар әдебиетте қоғам шындығын суреттеу тек қана тақырып қуалау емес, адамдардың биік сапалық деңгейін ашу, жалпы адамгершілік қасиетті сақтау, бастан кешкен қиындықтарға назар аудармай, қайткенде адам болып қалу проблемаларымен қатарластырыла қойылғанын дәлелдейді. Жазушылар ауыл өміріндегі еңбеккерлер, өндірістегі жұмысшылардың өмірін суреттесін адам тағдырын ең басты бағдарда ұстайды. Сол арқылы әдебиеттің төл мәселесі – адамгершілік проблемасын өзіндік дара қолтаңбаларымен шешуге

тырысты. Ал Ахтанов «Боранда» өмірдің қиындығында шыныққан, бойында рухани қуаты мол, моральдық сапасы биік азаматтың жаңа бейнесін жасады. 1963 жылы «Жұлдыз» журналында «Дала сыр» деген атпен повесть болып жарияланған 1966 жылы «Боран» деген атаумен роман болып өңделген, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты иеленген бұл туындыны кезінде әдеби жұртшылық кеңінен талқылады. Бұған сол жылдарда газет-журнал беттерінде жарық көрген Қ. Қуандықовтың, Б. Тоғысбаевтың, Ж. Жүнісбаевтің, Ш. Елеукуеновтің, Р. Бердібаевтың, Н. Ғабдулиннің, С. Құспановтың, П. Косенконың, Н. Ровенскийдің, В. Панкинаның, О. Мозголинаның, М. Дьячковтың, М. Атымовтың, М. Мағауиннің т.б. сын мақалалары куә. «Боран» – әдебиетімізде бұрын-соңды болмаған, қалыптасқан әдеби рамкаға сыймайтын, күтпеген әдеби құбылыс. Сондықтан да әдеби жұртшылық пен сыншылар тарапынан кең қолдау тапты. Жалпы «Боран» романының зерттелуі жөнінде айтар болсақ, оны үш кезеңге бөлеміз: Бірінші кезең роман болып шықпастан бұрын повесть кезінде берілген сындар. Бұларда сыншылар повестің өзін емес, сол повестьтегі оқиғаға назар аударды. Оларда: Ахтанов кеңестің малын боранға апарып соқтырып қырып тастады.

Шығарманың бас кейіпкері – Қоспан кеңестің малын талан-таражға салды. Осындай адамды дәріптеген жазушының өзі кеңестік қоғамға жат элемент емес пе деген сияқты сыңаржақ пікірлер төңірегінде айтысып-тартысты.

Уақыт өте келе (роман болып өңделгеннен кейін) қоғам шындығын танытты, мал шаруашылығын дамытуға өз үлесін қосты. Шопан өмірін жазды. Қарапайым еңбек адамының, принципшіл партия қызметкерінің образын жасады деген тұжырымға келді.

Үшінші кезең қоғам өміріне демократиялық процестер ене бастаған қайта құру дәуірінен күні бүгінге дейінгі сындарды құрайды. Бұларда негізінен романның шын мәніндегі мақсатын, идеясын түсіну баршылық. Роман астарына біршама тереңдеу байқалады. Осы орайда роман туралы зерттеуші А.Исмакованың пікіріне тоқталғанды жөн көрдік. Ол: «Повестің ішкі тақырыбы адамгершілік проблемаларды шешуді құрайды – бұл да 60-жылдардың екінші жартысындағы тарихи тақырыптарға, публицистикалық декларацияларға, оқиғаларға деген айрықша қызығушылықтарға еліктеуді жеңе білген, сюжеттің ішкі қозғалысын елей бермеген қазақ прозасындағы жаңалық болды. Роман-эпопеяның монументальді қаһарманы орны алғашқыда ескерілмеген қарапайым шопанның кейпіне дейін түседі. Повесть кеңістігінде жеке адам тұлғасы қалыптасып, адам өмірінің құндылығына қайта баға беріледі: қатыгездік, сатқындық, опасыздықтың бар екендігі және қайтарылуын талап етпейтін, бірақ қашан да жалпыадамдық тұрғыдан жеңіске жетіп отыратын қайырымдылықтың бар екендігі көрсетіледі» [5], – деп жазады.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиетінде алыптар шоғырының ізін басқан, тарландар тобы көш басшыларының бірі – сөз зергері Тахауи Ахтанов. Ахтановтай кемел таланттың шығармашылығын әлденеше қырынан зерттеуге болады. Қандай да болмасын ірі қаламгер тудырған көркемдік әлем бір типті, бір ізді ғылыми таным шеңберіне сыя бермейтіні мәлім. Сондықтан Т. Ахтанов шығармашылығы да күрделі әрі жүйелі зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Әдебиет әлемінде өзіндік дара қолтаңбасын қалдырған суреткер Тахауи Ахтановты толық тану үшін алдымен оны сыншы, драматург, аудармашы, прозашы ретінде жеке-жеке зерттеу керек. Сонда ғана Тахауи Ахтановтай қазақ халқының рухани өмірінен лайықты орын алған қабырғалы қайраткер тұлғасын тануға болар еді. Т.Ахтанов сыншы ретінде де, драматург болып та, прозалық еңбектерімен де қазақ әдебиетінің мәуелі бәйтерегінің біріне айналар еді.

Т.Ахтанов «Қаһарлы күндерде» сомдаған Ержан, Раушан, Күләндә, Дәурен, Кәкібай т.б. сияқты жастар бейнесі жандарының тазалығымен, биік те асыл арман-мақсаттарымен оқырманына әсер ете отырып, жазушының психологиялық жітілігін, әмірге деген реалистік көзқарасын танытады. Ал, 60-жылдар әдебиетінде замандас тұлғасын жасауда өзіндік табыс әкелген «Боран» романында қаһарманын (Қоспан, Қасболат, Жаңыл) ішкі ойымен тартысқа түсіріп, адамгершілік арының алдында жауапқа салады. Сол арқылы жазушы адамзат қоғамының басындағы адамға жат құбылыстардың (мансапқорлық, атаққұмарлық, тоғышарлық т.б.) ащы өзегін табуға ұмтылады. «Шырағың сөнбесін» романында жазушы адамзатқа тіршілік сыйлайтын, оның өмірі үшін түн ұйқысын төрт бөлетін ана гуманизмін суреттейді. Бұл романында қаламгер Нәзира ананың ішкі ой-толғанысы арқылы соғыстың адамзат баласына жат құбылыс екенін айтады. Ажал аузында да адамдық рухын жоғары ұстаған Нәзира, Света, Дуния апай, Қасымбек, Абан тұлғалары жазушының рухани биік идеалын белгілейді. Т.Ахтанов қай шығармасында болмасын өзі өмір сүрген кеңестік қоғам шындығы, өзі басынан кешірген соғыс шындығы мен қоғамдағы адам тағдыры, соғыстағы адам тағдыры жайында ой қозғайды. Осы ретте жазушының біздің зерттеу нысанамыздағы «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдары көркем әдебиетте «қоғам және адам», «соғыс және адам» проблемаларын көтерудің жемісті үлгісі еді. Диссертацияда Т. Ахтанов

шығармашылығының даму, көркемдік кемелдену жолына, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен әлемдік әдебиет сахнасынан алар орнына мінездеме берілді. Осыған орай Т. Ахтанов романдарындағы адамгершілік ізденістер, қоғам шындығын, соғыс шындығын танудағы авторлық концепция басқа жазушылардың шығармашылығымен салыстырылды. Соның нәтижесінде Т. Ахтанов прозасының (романдарының) тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік ерекшеліктеріне көңіл бөлінді.

Әдебиеттер:

1. Ғабдуллин Н. Уақыт сыры. – Алматы: Жазушы, 1981. – 232 б. – 126 Б.
2. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1966. – 272 б.; Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 280 б.; Нуркатов А. Идея және образ. Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: ҚМКӨБ, 1962. – 324 б.; Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 224 б.; Ғабдуллин Н. Уақыт сыры. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.; Кабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.; Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. – Алматы, Жазушы, 1972. – 184 б.; Омаров І. Шабыт шалқары. – Алматы: Жазушы, 1973. – 432 б.; Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.; Есенжанов Х. 6 томдық шығармалар жинағы. 6 том. – Алматы: Жазушы, 1981. – 328 б.; Токбергенов Т. Ай мүйіз. – Алматы: Жалын, 1990. – 336 б.; Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. – Алматы: Жазушы, 1987. – 320 б.; Шаймерденов С. Әдеби толқындар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 320.
3. Елеукунов Ш. Люди 60-х годов //Казахстанская правда. 1966, – 6 января.; Атымов М. Замандас сыры //Лениншіл жас. 1966, – 13 январь.; Нарымбетов Ә. Қаһарлы күндер бейнесі //Социалистік Қазақстан. – 1958, 29 май.; Құттыбаев Қ. Ерлер бейнесі //Лениншіл жас, – 1958, – 19 апрель.; Әшімбаев С. Таланттын шаңқай түсі //Лениншіл жас, – 1971, – 5 июнь; Тоғысбаев Б. Дала сыр шертеді //Орталық Қазақстан, 1964, – 4 январь.; Куандықов К. Дала сыры туралы //Қазақ әдебиеті, 1963, – 13 сентябрь.; Оразалин Н. Қаламгер тезі //Жұлдыз, – 1974, № 10. – 216-218 Б.; Нурпеисова Ш. Третье измерение //Простор, – 1988, № 1. – С.188-192.
4. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б. – 59-Б.
5. Исмакова А. Казазская художественная проза. – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с. – С. 316.

*Тойбазар Аяжан,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Шынайы дарын иесі көп қырлы, терең сырлы болып келеді. Оның талант табиғатын, азаматтық-қаламгерлік келбетін, шығармашылық ізденіс жолын тануда соңына қалдырған әдеби мұрасын үлкен-кіші демей арнайы зерттеу, тұтас қарап қорыту қажеттілігі әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің біріне саналады. Сонда ғана, біздіңше, автордың шығармашылық тұлғасы толық ашылады. Қазақ әдебиетіне Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін келген белгілі жазушы Тахауи Ахтанов та сондай бітім-тұлғасы күрделі қалам иесі қатарынан. Ол шебер прозашы мен драматург, аудармашы және әдебиет сыншысы, мәдениет, өнер жанашыры, қоғам қайраткері ретінде де соңына әр алуан жанрда мол мұра қалдырды.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары түрлі жанрда (прозада, поэзияда, драматургияда, әдеби сын мен әдебиеттану ғылымында) қатар жемісті шығармашылық жұмыс атқару аға буын қаламгерлердің қажырлы ізденістерімен, еңбектерімен орныққан берік дәстүр болды. Мұндай жан-жақтылықты уақыт, үнемі жетілу үстіндегі әдеби процесс қажет етті. Бұл жөнінде Ә. Тәжібаев «Өмір мен поэзия» атты зерттеу кітабында: «Бізге бәрін істеу керек, – дейтін. Сәкен. Бұған Бейімбет, Сәбит, Илиястар жақсы түсінетін. Олар да бәрін істейтін. Қазақстанға театр керек. Пьеса қайда? Жазушыда Сәкен мен Бейімбет отыра қалып, өлеңнен драмаға ауысады. Өйткені пьесасыз театр жоқ... Роман жазу үшін туған Мұхтар қаршадайынан қазақ әдебиетінің ғалымына айналды: үйде отырып әдебиет тарихын зерттейді, институтқа барып сабақ береді. Өйткені «бәрін істеу керек» [1, 3-4 бб.] – деп жазды. Осындай игі дәстүр Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін де жалғасты.

Т. Ахтановтың шебер жазушылығымен қатар өз тұсындағы әдеби процеске белсенді араласуы да шығармашылығынан мол көрініс берді. Бұл, ең алдымен, оның жазушылық қалыптасу кезеңіндегі әлемдік, ұлттық әдеби дәстүрді игеру ізденісімен тығыз байланысты болса, сонымен бірге автордың қоғамдық белсенділігінің жоғарылығынан, болып жатқан әдеби жаңалыққа, оның жетістік-кемшілігіне бейтарап қарай алмайтын сыншылдық өресінің сергектігінен, алғырлығынан болатын.

Автордың жазушы ретінде көркем туынды табиғатын жақсы білуі мен шығармашылық процесі тікелей өз басынан өткеруі сыншылық өнерін кемелдендіре түскен. Оның бұл еңбектері айқын көзқарасымен, өз уақытының көкейкесті мәселелерін өткір қозғауымен және талдау

орнықтылығымен ерекшеленеді. Сондықтан жазушының бұл саладағы еңбектерін өз кезеңіндегі әдеби дамудың біршама толымды шежіре парақтарының бірі деп те қарауға болады. Т. Ахтановтың қаламгерлік ерекшелігі - осы белсенділіктен өмірінің соңына дейін өзгермеді. Тәуелсіздік заманындағы әдебиет енді қай бағытта дамуы керек деген келелі ой жазушыны айрықша толғандырды, әдебиеттің келешегі, түркі халықтарының рухани бірлігі мен мемлекеттік тіл жайы, қоғамдық даму туралы байыпты да сыншыл ой-толғамдары қаламгердің 90-шы жылдардың басындағы мақалалары мен сұхбаттарында да көрініс берді.

Қазақ прозасының дамуына «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» тәрізді кеңінен танымал романдары мен «Махаббат мұңы» повесі, лирико-психологиялық әңгімелерімен сүбелі үлес қосқан, «Ант», «Күтпеген кездесу», «Әке мен бала», «Күшік күйеу» секілді тағы басқа пьесаларымен ұлттық драматургияның өркендеуіне ат салысқан Тахауи Ахтановты әдеби қауым, оқырман көпшілік, ең алдымен, жазушы-драматург ретінде біледі. Дегенмен, оның өз кезеңіндегі әдеби процеске белсене араласуын, әдебиеттің жетістігіне сүйсініп, байқалған кейбір келеңсіздіктерге, әсіресе, халтураға қарсы бел шеше күрескен қайраткерлігі шын жанашырлықтан туындаған.

Жалпы, ол бір сарындағы қаламгер емес. Жанрлық жан-жақтылықпен, кең ауқыммен қатар әрбір жаңа туындысына тың суреткерлік таным-шешіммен, жазу мәнерімен келуді мақсат тұтуы оның шығармашылық ізденісінен айқын байқалады.

Мәселен, ортақ соғыс тақырыбына қалам тартылды деген «Қаһарлы күндер» романы мен «Шырағың сөнбесін» романының жазылу табиғаты бір-біріне мүлде ұқсамайды. Ал «Боранда» соғыс қасіреті мол көрінгенмен, соғыстан кейінгі әділетсіз қоғам шындығы мен әлеуметтік психология мүлде тың арнамен, сыншылдық көзқараспен суреттеледі. Қажет десек, автор айтқандай, «Ант» трагедия болса, «Әке мен бала» - нәзік психологияға құрылған драма, «Күшік күйеу» комедия жанрында жазылған. Қалай дегенде де, автор өзін-өзі қайталаудан, сын мақалаларында көп айтылатындай трафареттіктен сақтанғандай.

Жазушы Шерхан Мұртаза аға қаламгер дарынының осы бір қыры туралы: «Халқымыз суреткер Тахауи Ахтановты ерте таныған және өзінің ықылас сүйіспеншілігіне ерте бөлеген. Тауфихты оқырмандар махаббатының бастауында «Қаһарлы күндер» романының тұрғаны рас. Бірақ, оның қаламынан туған әрбір жаңа шығарманы құныға да қызыға күтетін оқырмандардың іңкәр күштарлығының іргетасына Ахтановтың партиялық ұстанымдылықтан мейлінше адал, сыншыл жазылған сын мақалалары негіз болғандығын айта кету парыз. Бұған сыншы Ахтановтың Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы мақалалары мен Ғабит Мүсіреповтің творчествосы жөніндегі монографиясы және басқа көптеген сыни еңбектері дәлел» [2, 59 б.] – деп толғана ой өрбітеді.

Қаламгер інісі Баққожа Мұқаев: «Ахтанов – сыншы, Ахтанов – аудармашы, Ахтанов – драматург! Қай жанрда еңбек етпесін, ол ешқашан өзінің биігінен түскен емес. Ол қашан да болсын өз замандастарынан озып, озық жүреді. Әдебиеттің көкейкесті мәселелері талқыға түскен үлкен жиындарда алдына жан салмай бірінші болып сөйлейтін және кейбіреулер секілді жақынның көңіліне қарап, бой жасырып отырмай өзін мазалап жүрген ойларын ашық айтатын да Ахтанов» [3, 26 б.] – дейді.

С. Жұмабектің: «Қазақ прозасына «Қаһарлы күндер» романы тәрізді ырысты дүние қосқан автордың бұған дейінгі көркем сындағы орнының ойсырап қалғаны, әрине, өкінішті еді, Егер атақты да азулы, ең бастысы, әділ сыншы ретінде 1950-1955 жылдардағы ойлы да кенен мақалаларын жалғастыра бергенде, ол әдеби-көркем сын жанрының дербестігін бекіткен үстіне бекітіп, нығайтқан үстіне нығайтып, арттырған үстіне арттырып, күшейткен үстіне күшейтіп, жаңа да тың сапалар биігіне көтеріле беретін аса көрнекті сыншы болатыны даусыз еді» [5] – деп жазуында шындық негіз бар деп есептейміз.

Т. Ахтановтың суреткерлік талантының табиғатын, азаматтық позициясын, жазушылық беталысын саралаған алғашқы шығармасы – «Күй аңызы» (1956). Мұнда автор адамдық бақыт пен жеке бастық эгоизм арасындағы тартысты көрсетеді. Егер «Күй аңызы» көзсіз эгоизмді адамдық бақыт жолындағы саналы күштарлық, арман-тілек жеңгенін айтса, «Алыстан жеткен сарын» (1959) әңгімесінде адамзат баласы ғасырлар бойы арыла алмай келе жатқан рухани кесел – нәпсіқұмарлықты сөз етеді. Өз-өзін жақсы көретін, өз бақытын, өз жан рақатын бәрінен де жоғары қойған ақылсыз, ерке хан қызы жау елінің батырына өзін бір аймалату үшін әкесін, халқын, отанын құрбан етеді. Сөйтіп, атағы жер жарған Аяз қала бір ғана адамның тойымсыз нәпсісінің астында қалады.

Қаламгер адам баласын небір келеңсіз жайттарға бастайтын эгоизм табиғаты жайында сөзді бұл екі әңгімесімен аяқтамайды. «Қызғаныш» (1959) әңгімесінде оның бүгінгі күнгі көрінісін берген.

Жазушы бұл әңгімесінде табиғатынан талантты жігіт Жұмабекті көп қолпаштау мен мадақтаудың салдары «өзімшілдік» дертіне шалдықтырғанын шеберлікпен бейнелейді. Сондай-ақ бұл шығармасында өнерді жеке қара басының пайдасына айналдыруды көздеген суретші Доғал бейнесінде жасайды. Ол: «Эксперт комиссиясында «Қайыңдарымды» үш мыңға ытқытып жібердім» деп арзан дүниесін қымбатқа сатқан кәсіпқой ептілігіне риза болады. Доғал образы арқылы жазушы өмірдегі тоғышарлықтың өнердегі көрінісін көрсетеді. Әңгімеде Жұмабек пен Доғалға қарама-қарсы суретші жігіт Ермек пен қарапайым қыз Роза бейнесі жасалған. Ермек өнердің шын жанашыр адамы ретінде әсер қалдырса, Роза дүниеге шынайы қарайтын, сезімтал жан ретінде көңілімізге нәзік сыр құяды.

Т. Ахтановтың психологтық талантын танытқан таңдаулы әңгімелерінің бірі – «Жоғалған дос». Мұнда автор адамгершілік арды, азаматтық парызды аяқ асты еткен опасыз Мырзахмет пен оның арбауына түсіп, адал махаббатын қор еткен ана - Ғайни өмірінен әңгіме қозғайды. Т.Ахтанов бұл шығармасында адалдық пен опасыздықтың қарсылықты образын жасайды.

Шағын әңгімелерде көрініс берген адамгершілік мәселесі повестерінде жазушының басты ізденісіне айналады. Осы тұста кезінде М.Әуезовтің өзі жоғары бағалаған «Махаббат мұңы» (1960) повесі туралы айтпай кетуге болмайды.

Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» повесінде эгоизм адамды адамгершіліктен ада қылатын сүркия сипатын ашып береді. Бұл повесінде де алдыңғы әңгімелеріндегі сияқты өнер адамының образын жасайды. «Күй аңызында» күйші, «Қызғанышта» суретші өмірін, «Алғашқы әнде» композитор өмірін сөз етсе, «Махаббат мұңында» ақын өмірін арқау етеді. Мұнда 15 жасынан өлең жаза бастаған, айнала тіршіліктен тек қана сұлулықты, іңкәрлікті көре білген, көкірек көзі ояу, сезімтал ақын қыз Ләззат өмірін сөз етеді. Ләззат 3 курста оқып жүргенде әдебиет үйірмесінің жетекшісі Нияз ақынмен танысады. Періште көңілді – Ләззат әккі жігіт Нияздың арбауына түсіп қалады. Аппақ, адал көңілмен берілген Ләззат сезімін Нияз аяққа басады. Ләззат өзі сүйген Нияздың кемшіліктерін көрмейді. Өзінің адал махаббатына жасаған Нияз опасыздығын сезбейді. Тек көп жыл өткен соң редакцияның тапсырмасымен Нияз өлеңдерін оқып шыққаннан кейін ғана оның кім екеніне көзі жетеді. Ләззат Нияздың осы уақытқа дейін әдебиетке масыл болып келген жалған ақындығын таныды. Сол арқылы алдында тұрған адамның өзінің кіршіксіз таза махаббатының алдында сондай мүсәпірлігін көріп жерінеді. Сөйтіп өзінің адал махаббатын таптаған опасыз жанмен біржолата қоштасады. Т. Ахтанов бұл шығармасында адалдықты серік еткен Ләззаттың рухани әлемінің биіктігін көрсетсе, өзін ғана ойлайтын, сүйетін Нияздың адамгершіліктен айырыла бастаған рухани бейшаралығын танытады. Эгоизмнің сиқыр күші рухани әлсіз Ниязды біржолата соқыр қылып тастайды. Жазушы эгоизмді табиғи кемтарлық емес, үлкен әлеуметтік кесел ретінде суреттейді. Ниязды осындай күйге, яғни өзімшілдік дертіне жолықтырған оның жалғыз ақылсыздығы ғана емес, айнала қоршаған ортасы. Ол орынсыз мақталды, орынсыз баға мен қолпаштауға ие болды. Міне, мұның бәрі келіп онсыз да рухани әлсіз Ниязды адамгершілік сипаттан тұлдыр жексұрындыққа бастады. Бір сөзбен айтқанда Т.Ахтанов адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді әшкерелеп қоймайды, оның қайдан, неден тамыр жаятынын ашып көрсетеді.

«Қаһарлы күндер» романы – көркемсөз шебері Тахауи Ахтановтың прозадағы тұңғыш көлемді шығармасы. Ол алғаш 1956 жылы жарыққа шықты. Одан кейін роман 1962, 1967, 1976 жылдары қайта басылады және 1983 жылы жазушының 5 томдық шығармалар жинағының I томына енеді. Роман жарыққа шығысымен-ақ әдеби жұртшылықтың, оқырман қауымның назарына ілігеді. Туынды туралы Ә.Нарымбетов, А.Нұрқатов, Қ.Құттыбаев, І.Омаров, Ә.Нұрпейісов, С. Әшімбаев т.б. сыншы-ғалымдар өз пікірлерін білдіріп, сын мақалалар жазды [5].

Қорытындылай келе, Т. Ахтанов – табиғатынан сондай шын өнерді қастер тұтқан тума дарын иесі. Еңбекпен шыңдалған, өнерін өмірі санаған нағыз дарын иесі кең тынысты, мол өрісті болып келеді. Ол ешуақытта өзін киелі санаған өнерден бөліп алмайды. Сондықтан да өзі өмір кешкен уақыттың өнерге қойған талабы да, оның жетістіктері мен кемшіліктері де, болашағы да оны толғандырмай тұрмайды.

Т. Ахтановтың біртұтас бітімінің бір қыры – сыншылдық өнерге келуі де, ең алдымен, қасиетті әдебиеттің алдындағы жауаптылық, саналылық болса, екіншіден, өз бойындағы жазушылықты өрістетудің, шеберлікті игерудің, тәжірибе жинақтаудың жолы еді.

«Қаһарлы күндер» романын жаза жүріп, тұстасы Ә. Нұрпейісовтің тырнақалды «Курляндиясын» оқып, өзінің жазғанына көңілі толмай, бусанып тұрған өмір шындығы, тірі бейнелі адамдары бар туынды туралы сын мақала жазуы әдебиеттегі жаңалыққа, көркемдік ізденіске қуануы, қуаттауы десек, іштей өзіне де қатаң талап қоюы, жазушылыққа тың көзқараспен қарауы болатын. Т. Ахтанов

үшін сыншылдықтың құнды құнары әлемдік, ұлттық әдебиеттің дәстүрін тану, игеру, өзіндік ой қорыту болды.

Қаламынан туған алғашқы «Күй аңызы», «Қызғаныш», «Алыстан жеткен сарын» әңгімелері мен «Махаббат мұңы» повесінен бастап, әлем әдебиетінің таңдаулы мұрасына айналған «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдарына дейін адамзаттың сонау балалық шағынан бастап, бүгінгі өркениеттік шырқау шыңына дейін өзекті де басты мәселе болып отырған адамгершілік ізденістерге толы. Сондай-ақ, оның шығармалары адамзат баласының бағын байлап келген небір әлеуметтік келеңсіздіктердің түп себебінің неден өрбитінін мейлінше терең, жеріне жеткізе суреттей алуымен құнды.

Әдебиеттер:

1. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: ҚМКӘБ., 1960. – 485 б.
2. Тақаң жайлы тасқа басылған тіркестер // Таң-Шолпан. – 2003. – №5. – 42-60 бб.
3. Мұқаев Б. Ахтанов әлемі // Пионер. – 1983. – №10. – 24-26 бб.
4. Жұмабек С. Талант тектоникасы (Ахтанов – Ахтанов көзімен): роман-портрет // Алматы ақшамы. – 2003. – 30 қазан.
5. Нарымбетов Ә. Қаһарлы күндер бейнесі // Социалистік Қазақстан. – 1958. – 29 май.; Нұрқатов А. Қаһарлы күндер қаһарман жандар // Жұлдыз. – №6, – 114-119 б.; Құттыбаев Қ. Ерлер бейнесі // Лениншіл жас. – 1958. – 19 апрель.; Омаров І., Нұрпейісов Ә «Қаһарлы күндер» туралы // Қазақ әдебиеті. – 1958. – 14 ноябрь; Әшімбаев С. Таланттың шаңқай түсі // Лениншіл жас. 1971. – 5 июнь.

*Оспанбаева Наргиза Әсетқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

Т. АХТАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақала мектеп мұғалімдеріне және жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге қажет. Орта мектептегі 8 сынып оқушыларының көркемдік-эстетикалық таным деңгейлерін қалыптастыруды ұйымдастыруға бағытталған жаңаша бағыттағы Тахауи Ахтанов шығармашылығын оқытудың тиімді әдістері туралы ақпараттар келтіріледі. Оны орта мектеп мұғалімдері қолдана алады, сондай-ақ, мектепке арналған балалардың танымы мен қызығушылығын арттыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулық үлгісін ұсынатын боламыз.

Тахауи Ахтанов – жазушы-драматург, көрнекті қаламгер. Ол 1923 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шетырғыз ауылында дүниеге келген. Тахауи Ахтанов өз шығармаларында қақтығыстар мен эмоцияларды шебер ашатын адам. Оның сөзге деген сезімталдығы және сөз арқылы сезім мен ойларды жеткізе алатын қабілеті бар. Сөз зергері әдетте қиял мен шығармашылыққа бай. Оның шығармалары көбінесе адам болудың әртүрлі аспектілерін, атап айтқанда, махаббат пен құмарлықтан өлім мен трагедияға дейін көрсетеді. Драматург-жазушы біздің ойымызға, сезімімізге және әлемді қабылдауға әсер ететін көркем туындыларын жазған. Тахауи Ахтановтың туындылары маңызды әлеуметтік және эмоционалды диалогтарды тудырып қана қоймай, мәдениет пен өнер саласындағы маңызды тұлғаға айналды. Ол шығармаларында қоғам мәселесін сипаттайды және оқырманға ойлануға мүмкіндік береді. Қаламгердің туындыларында қазақ өмірінің суреттері бейнеленген, онда кейіпкерлер қарапайым адамдар сияқты әрекет етеді және сөйлейді. Ол өмірдің мәні, болмысы және қиындықтарды жену туралы жазып оқырмандарын өз бетінше ойлауға итермелейді.

Тахауи Ахтанов – психологиялық портреттің шебері. Ол кейіпкерлердің ішкі әлемін, олардың мотивтері мен өмір салтының себептерін ашудың ерекше қабілетіне ие. Оның кейіпкерлері – әлсіздіктері, қорқыныштары, үміттері мен армандары бар адамдар. Жазушы ешкімнің мінсіз емес екенін және әрқайсымыз өз қайшылықтарымыз бен кемшіліктеріміздің тасымалдаушысы екенімізді көрсетеді.

Драматург-жазушының жұмысы тереңдік пен даналыққа толы. Ол шығармаларында өмір сүрудің мәселелері туралы сөз қозғайды. Тахауи Ахтанов бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайтын туындылар жазды. Оның романдары мен әңгімелері өзімізді және айналамыздағы адамдарды, олардың армандарын, қорқыныштарын мен үміттерін жақсы түсінуге көмектеседі.

Шығармаларды оқытудың тиімді әдістері – бұл оқушыларға көркем шығармаларды тереңірек, толық түсінуге және бағалауға көмектесетін стратегиялар мен әдістер. Әдебиетті зерттеу білім берудің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол сыни ойлауды, бағалау дағдыларын және әдеби сауаттылықты дамытуға көмектеседі. Шығармаларды оқытудың тиімді әдістерін қолдану оқушылардың тәжірибесін едәуір жақсартып, байыта алады.

Шығармаларды оқытудың тиімді әдістерінің бірі – мәтінді талдау. Оқушыларға шығарманы жеке компоненттерге бөлуге тапсырма беріледі: сюжет, кейіпкерлер, тақырыптар, стиль және т.б. содан кейін олар әр аспектіні талдайды, олардың арасындағы байланыстар мен қайшылықтарды іздейді, символизм мен метафораларды зерттейді. Бұл тәсіл оқушыларға шығарманың терең мағынасы мен құндылығын түсінуге көмектеседі.

Оқытудың тағы бір тиімді әдісі – шығарманың тарихи және мәдени контекстін зерттеу. Оның құрылған жағдайын түсіну оқушыларға шығарманың мағынасын ашуға көмектеседі. Олар авторға және оның шығармасына әсер ететін әлеуметтік, саяси және мәдени факторларды зерттей алады. Бұл тәсіл оқушыларға шығарманы көбірек контексте көруге және тарихи және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып талдауға көмектеседі.

Сондай-ақ, шығармаларды оқытудың тиімді әдісі – талқылау және диалог. Топтық пікірталастар студенттерге өз пікірлерін білдіруге, басқалардың көзқарасын тыңдауға және көзқарасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқушылар шығарманың әртүрлі тақырыптары мен аспектілерін талқылай алады, дауласа алады, өз ұстанымдарын дәлелдей алады және жаңа түсіндірмелерді аша алады. Бұл тәсіл оқушылардың ойлау процестерін белсенді қылады және оларға шығарманы жақсы бағалауға көмектеседі.

Шығармашылық жобалар мен тапсырмаларды енгізу де шығармаларды оқытудың тиімді әдісі болып табылады. Оқушылардың материалға тереңірек енуі үшін олар шығарманың өзіндік түсіндірмелерін жасай алады. Мысалы, оқушыларға оқиғаның жалғасын жазуды, мәтінге коллаж немесе иллюстрация жасауды, көріністер жасатқызуды, шолу немесе кітап шолуын жазуды ұсынуға болады. Мұндай шығармашылық тапсырмалар оқушыларға өз білімдері мен түсініктерін практикалық контексте қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, шығармаларды оқытудың тиімді әдістерін қолдану оқушыларға сыни ойлауды, аналитикалық және бағалау дағдыларын дамытуға, көркем шығармаларды толық және тереңірек түсінуге және бағалауға көмектеседі. Мәтінді талдау, тарихи және мәдени контекстті зерттеу, талқылау және диалог, шығармашылық жобалар мен тапсырмалар – бұл әдістердің барлығы әдеби материалды неғұрлым белсенді және саналы түрде игеруге ықпал етеді.

Мектеп бағдарламасында қазақ әдебиеті пәнінен 8 сыныптарға Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі «Қиял мен шындық» атты IV тарауда берілген [1, 189 б.]. Тарауды аша сала, Тахауи Ахтановтың өмірбаянын оқуға болады. Келесі бетінен «Күй аңызы» әңгімесін кездестіре аламыз. Ал әңгімеден кейін «Блум таксономиясына» салынған тапсырмалар берілген. [1, 190-203 б.].

Әр ұстаздың басты міндеті – оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамытуға және онымен қоса, оқуға үйрету болып табылады.

Мұғалімнің қызметі барлық сабақтың мазмұнын әңгімелеу және көрсету емес, үйрету, оқушының ойлау, дағдыландыру үшін оған практикалық іс-әрекеттер беріп отыру. Бұған оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері ықпал ете алады деп санаймыз.

Оқытудың тиімді әдістері – бұл оқушыларды оқу материалын игеру процесінде белсенді ойлау және практикалық іс-әрекетке итермелейтін әдістер. Оқытудың мұндай әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ақыл-ой іс-әрекетіне ынталандыру жатыр, онсыз білімді игеруде алға жылжу болмайды [2, 44-45 б.].

8 сынып оқушыларын осы тақырыпты өткенде ойынмен және көптеген цифрлық қосымшалармен қызықтыра аламыз. Мәселен, «Pickers» қосымшасы. Бұл тест сұрақтарын креативті тексеруге арналған цифрлық қосымша. Келесі «Educarplay» қосымшасы. Қызықты ойын түрлерін құрастыруға болады. Мысалы, Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіне байланысты сұрақтарды дайындап, ойын арқылы көрсетеміз. Оны төмендегі суреттерден көре аласыздар.



Сурет-1: «Educarplay» қосымшасындағы «Froggy jumps» ойыны

Оқушылар қызығып, сабақты ынтасымен тыңдайды. Ескере кететін жайт, оқушыларды қызықтырамын деп, оқу мақсаттарын ұмытып кетпеген жөн. Ең бастысы, оқушы сабақты түсінген дұрыс. Соңғы ұсынатын қосымша ол – «Wordwall» платформасы. Бұл цифрлық құралды пайдалану арқылы топтық/жұптық тапсырмаларды беруге болады.

Тағы ұсынатын әдісіміз – бейнероликтер түсіру, технологиялар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану [3]. Оқушылар қысқа фильмдер түсіре алады, анимация жасай алады немесе Тахауи Ахтановтың өмірі мен шығармаларының контексті туралы деректі фильмдер түсіре алады. Бұл шәкірттерге бейне монтаждау, аудио безендіру және тіпті кинематография саласындағы дағдыларын қолдануға көмектеседі, сонымен қатар Тахауи Ахтановтың шығармашылығын тереңірек зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді.

Педагогика саласын меңгеріп жүрген студенттерге немесе болашақта ұстаз боламын деген арманы бар оқушыларға керек еңбектер: Мағжан Жұмабаев «Педагогика» [4] және Жүсіпбек Аймауытов «Психология» [5]. Осы еңбектерде проза жанрындағы болсын, поэзия болсын қалай оқыту керектігі баяндалған.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілдерімізді қолдану арқылы оқушылар Тахауи Ахтановтың шығармаларын жақсы түсінеді, сонымен бірге олардың шығармашылық, коммуникативті және көркемдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұндай тәсілдер әдебиетті оқытуды өнерге айналдырады және олар оқушылардың ынтасын арттырады, оқушылар көрнекті қаламгер Тахауи Ахтановтың туындыларына ғашық болуға көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. Р.Зайкенова, С.Ч.Тұрсынғалиева. Қазақ әдебиеті. Арман-ПВ. 2018, 189-203 б.
2. Н.Оспанбаева. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын қашықтықтан оқытудың әдістемесі. 2022, 44-45 б.
3. Д.Б.Адилова. Креативные методы обучения и их использование на уроках русского языка в средней школе.
4. М.Жұмабаев. Педагогика.
5. Ж.Аймауытов. Психология.

*Тұрсынбек Бибіфатима Нұржанқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ТАХАУИ АХТАНОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ӨНЕР АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Тахауи Ахтановтың әңгімелері сан-қилы, тақырыбы әр-алуан. Өмірде болып жатқан құбылыстарды, табиғатты, кейіпкерлер жан дүниесін бейнелегенде аса бір көркемдік жинақылық бар.Кез-келген әңгімесін оқып бастағанда ақ кейіпкердің ішкі сезімімен оқырман сезімі үндесіп,байланыс бірден орнатылады.Биік реализм мен терең психологизмді қатар көтерген жазушы әр кейіпкерін жасауда ерекше ықылас танытқанын байқаймыз.Әңгімелерінде махаббат, ар-ұят, достық, шыншылдық тақырыптары кеңінен ашылады.Ұлттық құндылықтарды оның ішінде күй күдіретін суреттеген шығармасы «Күй аңызында» қарт Естеміс пен жас күйші Оразымбет ұлттық болмыстың жанашыры ретінде бейнеленеді. Ал «Алыстан жеткен сарын» әңгімесінде ертектілік, әңгімешіл Дәулетияр ескі аңыз-әңгімелерді нақышына келтіріп айтатын қайратты шал кейіпінде суреттелген.Т.Ахтановтың осы әңгімелерінде тарихи тағылым, рухани ілім, таным мен талпыныс тұнып жатыр.

Тахауи Ахтановтың «Алғашқы ән» әңгімесі жас композитордың ішкі әлемін, жегідей жеген ойларын, өткенге өкінішін суреттейді. Оны музыка әлемінің баспалдағын басуға итермелеген сол өзеннің қасында тұрғанда естіген сыңғырлап аққан бұлақтай әсем күлкі еді.Қиялынан сергіткен, ойын бөлген бұл күлкі бота көзді, аққұба талдырмаш қыз Гауһардыкі еді.Серәлі жүрген жері думан, ән мен күйдің ортасында жүрген жігіт болса да, қызға бірден сөз айтуға батылы жетпеді.Тіпті ең алғаш үйіне шығарып салғанда жол бойы аузына бір сөз түспей, қатты ұялды. Іштей махаббаттың буына мас болып жүргенде, ыңылдап жүріп ең алғашқы әнін шығарды.Оны басқаларға айтып бере алмай тағы іркілді. Серәлі талантты жас жігіт болғанымен сүйгеніне сезімін білдіруге тайсалып жүргенін байқаймыз. Қалаға оқуға кететінін хабарлап айтуға ғана батылы жетті.Тек келесі жылы емтихандарын ерте тапсырып ауылға келгенде ұялшақтығынан арылып,ысылып қалғанын көреміз. Ендігіде Гауһарды емін-еркін киноға, биге шақырып жүрді.Көптен бері айта алмай жүрген әнін де айтып берді. Гауһар

да ерекше бір күйге еніп, жан сезімін, ыстық ықыласын білдіре алды. Сол сәтте Серәлінің бойына бір тылсым күш еніп, Гауһарды шын сүйетінін және осы ән дәл өзіне арналған «алғашқы әні» екенін айтты. Серәлі соғыс басталғанда майданда жүріп, Гауһардың хатын алып тұрды. Гауһар сол хаттарында қамқорлығын, ынта-пейілін, нәзік сезімін ашық білдіретін. Қырық бесінші жылы Серәлі туған жерге оралғанда Гауһардың көзіне мөлтілдеп келген жас оның қатты сағынғанын сездірді. Соғыста жүріп шығарған 4-5 әні жақсы бағаланып, Серәлі консерваторияға шақырылды. Гауһар осы сәтте нағыз көрегендік танытып, сүйгеніне қолдауын осылай білдірді: «-Үй болып қалсаң, оқуың қиын болар. Талабыңнан қайтпа. Сенің таланттыңа, үлкен композитор болатынына сенемін. Әзір оқуға орналасып байқа, өзгесін кейін көрерміз»[1.18].

Серәлі жас композитор атанғанда мінезі, Гауһарға деген сезімі өзгере бастағанын аңғарамыз. Таныс жолдастары көбейіп, тапсырыс көбірек түсіп сүйгеніне хат жазуға уақыты табылмай қалды. Осылайша Гауһар екеуінің арасы үзіледі. Арада біраз жыл өткенде Серәлінің шығармашылығы үлкен сынға ұшырайды. Жұрттың көбісі мұның жазған музыкаларының іліп алар ешнәрсе жоқтығын айтып, тіпті түкке тұрмайды дегенге барады. Осы сәтте қолдау беретін жан табылмай Серәлінің сарсаңға түскенін байқаймыз. Тіпті әйелі Алмагүл қайғысына ортақтасып, сырласуға ниет білдірмейді. Күйеуінің өнерін аяқ асты етіп, ашулы кейіп танытқан Алмагүлдің мінезінің тік, жеңіл ойлы екенін көруге болады.

Тұмшаланып қалған ойларын серпілту үшін Серәлі туған жерге келеді. Мұны жұрты сыйлап, қонақ етіп жақсы қарсы алды. Гауһардың жылтыр қара жігіттен беріп жіберген хатында «Бүгін үйден дәм татсаңыз» деген шақырту екен. Сол кеште бұрынғы мектептегі досы Жолтай да үйіне шақырып, Серәлі сол үйге қонақ болады. Қазақтың қазакилығы осындайда көрінеді. Ауылға сыйлы, қадірлі азамат келсе, оған тағылған айыпқа қарамай үйіне қонақ етіп, дәм татқызады. Әңгімеде ауыл адамдарының ақкөңілділігі, дархан пейілі, кең жүректілігі айқын суреттеледі. Амандық саулық сұрасу, дәм татқызу, көңілге қарап сөйлеу мұның барлығы қазақи тәрбие, адамгершілік әліппесі. Осы үйге бір сәтте жымылып күліп жас келіншек кіреді. Қызыл шырайлы Гауһардың талдырмаш денесі толысып, көз қарасы тереңдеген. Нағыз қазақтың биязы, көңілді келіншегіне айналғанын көреміз. Серәлі Гауһардың көз қарасынан өзін айыпты сезінді. Бұл атақ қуып, мансап жолына түскенде Гауһар талай түн үнсіз жылап, баянсыз махабаттың отына күйді емеспе. Серәлі Мұратов қазіргі күндерде басынан өтіп жатқан қиындықтың бір шеті жас қыздың көз жасына қалғандықтан екенін түсінгендей болады. Екеуі бөлек қалғанда ұмытылып келіп, Гауһардың қолын ұстайды. «-Сен мені кешіресің бе, Гауһар?! - Мен сол кезде-ақ кешкемін, Серім». Әңгіме соңында Серәлі қатты ойланып қалады. Тахауи Ахтанов әңгімесін «Кімге болса да ойланған жақсы ғой» деп аяқтайды. Әңгімеге арқау болған тақырып махаббат, атақ пен даңқ, сезімге салғырттық. Әңгіме барысында Серәлінің бойындағы ұяндықтың жылдар өте сейілгенін, танымалдық жүрегіне сызат түсіргенін байқаймыз. Кейіпкердің өткенге өкініші, қол үзіп қалған махабаты, қайта оралмас жылдар әңгіменің негізгі идеясын құрайды. Гауһардың қамқорлығын, кең пейілділік, қызға тән нәзіктік пен ашық мінезділігін байқаймыз. Тіпті кейіпкер бойынан өз ойын ашық білдіретін батылдығын көруге болады. «Алғашқы ән» әңгімесі композитор Серәлі мен сыңғырлаған күлкі иесі Гауһардың ішкі әлемін толық бейнелейді.

«Ол солай еді» әңгімесі терең психологияға тұнып тұрған әңгіме. Басты кейіпкер Бегіш ақын мен оның өнеріне сырттай тәнті болып жүрген жігіт. Біз адамдармен араласып, танысып біліспей жатып, оларды өзімізге идеал көреміз. Әнші болсын ақын болсын кез-келген адамның бір кемшілігі, кем-кетігі болатыны шындық. Тіпті ақынның суреттеп отырғаны шын мәнінде шындықпен мүлдем жанаспайтын кездері де болады. Бұл әңгіме сол бір өтірік пен шындықтың ара-жігін ашып берген шығарма деуге болады. Әңгімеде ақын сұңғақ бойлы, ажарлы, ашаң аққұба өңді, келбетті жігіт ретінде бейнеленеді. Ақынның өнеріне ғашық кейіпкер онымен кездесіп, араласып жүруді қалайды. Ақынды ресторанға шақырып, дәм беріп сыйлайды. Осы отырыста көкейінде жүрген сауалдарын қояды. «Өлеңді жақсы көру өз алдына, ал кейде өзіңді тебіrentкен ойды бейтаныс ақынның дәл басып айтып беретін кезі болады»[1.27]. Бұл жігіт ғашықтық сезімге беріліп жүргенде дәл осы ақынның «Қара көзің мөлдіреп қарар едің, Жанарыңнан жаныңа қана бердім» деген жолдарына қатты көңілі кетеді. Ақыннан дәл осы өлеңнің кімге арналғанын сұрағанда ақын: «Қыз кезінде әйеліме жазып едім, техникасы нашар, олақтау өлең» - деп жауап береді. Жүректі шын тебіrentетін өлеңнің техникасы емес, оның ішкі сезімді дөп басып табуында. Сол кештен ақын өзінің қолдаушысын үйіне шақырып тарқасады. Жігіт көп ойланып жүріп, тәуекелге бел буып ақыры ақынның үйіне барғанда өңі жүдеу, жабырқау әйел есік ашады. Бұны үй қызметшісі екен деп ойлап қалса, бұл ақынның жұбайы болып шығады. Ақын екі тәулік үйде болмағанын, әйелінің соған ренжіп жүргенін айтады. «-Бар, ас дайында» деп әйелін екі көзімен ата сызданады. Қонақ болып келген жігіт ыңғайсыз жағдайға түседі. Ақынның «Қара көзің мөлдіреп қарар едің, Жанарыңнан жаныңа қана

бердім» деген жолдары енді оған асыл сезімнің, өлген махаббаттың жоқтауы сияқты сезіледі. Әңгімеде ақынның жазғаны бір бөлек, жасап жүрген іс-әрекеті бір бөлек екенін аңғаруға болады. Махаббатты, ғашықтық сезімді алаулата жырлаған ақын өз жұбайын бейшара халге түсіріп, қатты қысымда ұстайды. Әлбетте, бұл біздің тәрбиемізге жат, ұлттық болмысымызға сын. Себебі ақын жаны әрқашан ізгілікке, өркениетке ұмтылып тұрған. Ол оқырманға өлеңін берумен қатар, бар болмысын, ішкі әлемін береді. Ал ақынның жазғаны мен жасағаны сай болмаса ондай ақыннан не пайда?! Кейіпкер жігіттің абдырап қалғаны да содан. Ол өлеңге ғашық жан, оны шығарған адамға да ғашық болды. Оның күткені мен шындық көрінісі қарама-қайшы болғандықтан көңіл сарайы жабырғанын байқауға болады.

Өнердің қай түрі болмасын адамды жақсылыққа, ізгі қасиеттерге жетелейді. Ал сол өнерді тудырушы адамдардың бойында кездесетін өрескел кемшілік – іштарлық пен көреалмаушылық. Тахауи Ахтанов «Қызғаныш» әңгімесінде суретшінің қызғаныш сезімінің құрбаны болғанын бейнелейді. Бас кейіпкер Жұмабек Құлжанов аты дардай суретші болса да, өз-өзіне көңілі толмай, әр кезде өзін әріптесі Ермекпен салыстырып жүрді. Мәскеуде бір оқу орнын бітіргенде де оның салған суреттерінен бір кемшілік іздеп, оның аты шыға қалған жерде іштей сарсаңға түсті. Ермек Жұмабектің де суреттерінің қате тұсын дөп басып айтқанда, іштей қадірі түсіп қалушы еді. Жұмабектің іштей өртеніп, ұяттан жерге кіретін тесік таппай қалған шағы Розамен болған әңгімеден кейін болды. Жұмабек демалып жатқан санаторийде қыстың күні Ермекте демалып кеткен. Роза Ермекті әрқашан еске алып, оның сурет салуға жалықпайтын, әр істі сондай ыждаһаттылықпен істейтін мінезін айтушы еді. Бұл Жұмабектің шамына қанша тисе де, өзін ұстауға, қыз алдында намысын төмендетпеуге тырысты. Роза - жұқа өңді, құралай көзді, тал бойында бір мін жоқ сұлу қыз. Өзіл-қалжын айтуға именбейтін, ашық жарқын мінезі Жұмабектің көңілін аударды. Жаңбырлы күні үйіне барғанда балаша жүгіріп, Жұмабекті қонақ етті. «-Техника суретшіге керек. Бірақ қолда тұрған сиқырлық жоқ. Сурет деген де ойдан, көңілден туады. Ең алдымен айтар ойың, идеяң анық болу керек» [2.407]. Міне осы сөздерді айтқан Жұмабек әр суреттің астында терең ой жататынын, оны ұғыну үшін көкірек көзі ояу болу қажеттігін айта өткендей. Дегенмен, Жұмабек суреттің сырын терең ұққанымен, өз сырын ұға алмаған кейіпкер. Оның Ермектің аты аталған жерде біреу шешіндіріп алғандай жиренішті жалаңаштық сезімге түсетіні қызғаныштың, көреалмаушылықтың белгісі еді. Суреткер-классик Т. Ахтановтың жазушылық таланты жоғары, әр шығармасы бірнеше тақырыпды көтереді. «Таланттар - раушан гүлі сияқты: жан-жағына жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені-азабы өзіне. Талантсыздар шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді. Азабы-өзгеге. Жамандық солардан. Бес күн қонақ өмірде жаркылдап өткендердің бірі-Тахауи Ахтанов еді. Оның да азабы аз болмаған. Бірақ жаймашуақ жаралған» - деп жазады Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза. [3.306]

Қорыта келгенде, Тахауи Ахтановтың кейіпкерлері өмірдің шырғауына түскен, жақсылық пен жамандықты қатар көрген, шындалған образдар. Әр образдың бойында бір адал қасиеті мен бір кемшілігі қатар жүреді. Бұның өзі жазушының кейіпкерді идеалға айналдырмай, ақ қарасын ажыратуды оқырманға қалдырғандығы деп білеміз. Әр шығармасы шындыққа құралғандықтан, кейіпкерлері де шынайы, тұтас бір өмір жолын жүріп өткен жандар. Кейіпкерлердің өмірлік мақсаты, жиған тәжірибелері, дүниетанымы мен таным-түсінігі қалыптасқан, біртуар тұлғалар екенін және әрқайсысы өнердің әр саласында жүрген майталман екенін аңғарамыз.

Әдебиеттер:

1. Тахауи Ахтанов. Махаббат мұны: таңдамалы шығармалар. Алматы, «Рарирет»-2005
2. Тахауи Ахтанов. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы, «Жазушы баспасы»-1983
3. Тахауи Ахтанов. Алтын қалам: классикалық шығармалар. Алматы, «Ан арыс» 2010

2-СЕКЦИЯ

ЗАМАНАУИ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейітжанов Зуфар Нұрсапаұлы,
филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры
Набиолла Насихат,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті докторанты

«ЕР ЖӘНІБЕК» ЖЫРЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ ХАҚЫНДА

Қытайдағы қазақтардың арасында кең тараған тарихи жырдың бір парасы «*Ер Жәнібекке*» байланысты туған жыр нұсқалары. Елімізде Жәнібекке қатысты жырлар мен аңыздар әлі толық, біртұтастықта қаралмаған. Жәнібек батыр – Абылай хан дәуірінде жасаған әйгілі батырлардың бірі. XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғарлармен болған соғыс жағдайының ушығып тұрған заманында өмір сүрген. «Ер Жәнібекке» байланысты туған, халық арасында тараған жырлардың шоғырының молдығы, онда Жәнібектің асқан батырлығымен қоса, тілге шешен, ойға көсем алымдылығы, би болғандығы да айтылады.

Назар аударатын бір жағдай, тарихи жырлар мен аңыздардан нақтылы тарихи оқиға, белгілі бір жылды талап ету артық. Ол туралы ғалымдарымыз былайша ой қозғайды: «Тарихи шындықты, болмысты фольклор да, әдебиет те, өнер де дәл сол күйінде бейнелемейді. Әсіресе, фольклорда өткен заман оқиғалары тұтастанып, бір дәуірге шоғырланады, сондықтан әр шығармадан нақты болған тарихи оқиғаны, істі, фактіні сол қалпында болады деп іздеуге болмайды. Фольклорда уақыт тұйықталады, кеңістік жиырылады, іс-әрекеттер әсіреленеді...» [1, 505]. Сондықтан да Жәнібек батырдың Абылай дәуірінде жасаған батыр екендігі тарихи шындық. Алайда, Жәнібекке қатысты жырлар нақтылы мына жорыққа байланысты туған деп басып айту қиын, сол себепті белгілі бір тарихтың ізін нақтылы құжаттар мен деректерге салыстыра отырып зерттеу керек. Бұнда біз фольклорлық тұрғыдан қарастырамыз. Ер Жәнібекке байланысты ел арасында бес жыр (бірі – Моңғолия қазақтары арасында тараған, Мағауия Сұлтанияұлының жыры), елуге тарта аңыз тараған, үш тарихи роман жарық көрген. Жырлар негізінен Қытай мен Моңғолиядағы қазақтар арасында кең тараса, аңыздар осы аталған елдердегі қазақтармен бірге Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында да сақталған.

Жәнібекке байланысты айтылатын жырлар негізінен циклденіп, оның ғұмырбаяны секілді көрінеді. Батырдың қалай өмірге келгені, алғашқы ерліктері, батырға лайық тұлпар атты таңдауы, соғыстағы ерліктері, жар сүюі мен жалғыз қызын ұзатуы, қартайып тұғырдан тайған шақта айтқан, өз басынан өткен ерлік жайлары, қайтыс болғаннан кейін де артта қалған мұраларының кімнің отбасында сақталғанына дейін жырлар мен аңыздарға тірек болған. Мұнда біз батырға байланысты екі жырды қарастырамыз.

1) *Жәнібек батыр*. Жыр «Алтай аясы» журналының 1980 жылғы №2 санында жарияланған [2, 19-26]. Кейіннен «Қазақ қиссалары» атты кітаптың 2 томында «Жәнібек» деген атпен қайта жарық көрген [3, 3-27]. «Қаба ауданының қисса-дастандары» (1-кітап) [4, 86-107] атты кітапта да басылған, осы жырдың сәл қысқартылған нұсқасы «Буыршын ауданының қисса-дастандары» деген кітапта жарияланған [5, 192-209]. 2006 жылғы жарық көрген Шәмис Құмарұлы мен Ақын Байбосынұлы құрастырған «Ер Жәнібек» атты кітапта бұл мәтін өзгеріске ұшыраған. Алдыңғы жарияланымдардағы мәтінде кездесетін, Жәнібектің айқасатын жауы «қырғыз» деп көрсетілсе, 2006 жылғы басылымда «қалмақ» сөзімен саналы түрде орны ауыстырылған [6, 3-27]. Ал, 2008 жылғы Жәди Шәкенұлы құрастырған «Ер Жәнібек» кітабы мен 2009 жылы Т.Тынысбекұлы, С.Қорабай, Т.Шаңбай құрастырған «Ер Жәнібек» кітабы 2006 жылғы басылымның ізімен кеткен, яғни 2006 жылғы жарияланымды еш өзгеріссіз жариялаған.

Жыр бірнеше эпизодтардан тұрады. Кіріспеде Жәнібектің сырт келбеті суреттеледі; оның нағашысының ауылына келуі, олардан көк бестіні қалауы, нағашысының балалары бермей, оның інісі көк дөненді алуы; Абылайдың Жәнібекті сынауы; жол тосқан айдаһарды айбатымен жасқандыруы; қырғыз батыры Садырды жекпе-жекте өлтіруі; атына оқ тиген Абылайға атын түсіп беруі; Абылайдың соғыс майданында көк дөненин берген баланы іздетіп табуы; Жәнібектің Абылайдың оң

тізесінен орын алуы; Тіленші бимен сөз қағыстыруы; Садырдың қалыңдығының Жәнібекпен серттесуі, Абылайдың сауғаға қызды сұрауы, серттен таймаған батырдың хан алдында қыздың басын шауып тастауы. Осы жырдың ішінде кездесетін айдаһардың жасқануы туралы эпизод Жәнібекке байланысты аңыздардың бірінде оны өлтіріп, басын кесіп алғаны туралы айтылады. Сондай-ақ сол «Айдаһардың басы» дейтін зат 1966 жылдарға дейін Жәнібектің ұрпақтарында сақталған деген аңыз бар.

Зерттеу нәтижесінде жарияланымдардағы мәтіндердің өзгешелігі айқын болып отыр. Айталық, 2006 жылғы жарияланымның мәтінін саналы түрде өзгертушілер: «Жәнібек батыр» жырын қазақтар мен қалмақтардың (жоңғарлардың) арасындағы қақтығыс негізінде туған жыр. Жырлаушы тарапынан қателіктер жіберген» деген тұжырым жасаса керек. Екіншіден, Жәнібек батырға байланысты туған басқа жырларда қазақтар мен қалмақтардың (жоңғарлардың) соғысы бейнеленсе, сол нұсқаларға, Жәнібек батырға байланысты туған аңыздарды да айтуға болады. Ал, қазақ пен қырғыздар арасында бүкіл ел болып аттанысқа келген соғыстар болмаса да, бірнеше рет ірі соғыстар болғаны тарихтан белгілі. Абылай бастаған қазақ қолының Жетісуды басып алған қырғыз манаптарының бетін қайтарып, жерімізді азат еткені де тарихи шындық. Сондықтан бұл жырдың алғашқы жарияланымындағы қазақ пен қырғыз арасындағы соғысты жырлауы орынды деп қабылдағанымыз дұрыс. Төменде сол өзгеріске ұшыраған мәтіннен үзінділер беруді жөн деп санадық:

Қазақты бұдан бұрын қырғыз шапқан,
Қан төгіп, малды тонап ықсыратқан.
Айланып Алатауды, Қырым асып,
Дайындық соған Абылай құрып жатқан [2, 21; 3, 11; 4, 91; 5].

Қазақты бұдан бұрын қалмақ шапқан,
Қан төгіп, малды тонап ықсыратқан.
Айланып Алатауды, Қырым асып,
Дайындық соған Абылай құрып жатқан [6, 6; 7, 76; 8, 11].

2006 жылғы және одан кейінгі басылымдарда құрастырушы жырда кездесетін сөз-сөйлемдерді ыңғайына қарай икемдеген. Алғашқы жарияланымдарында кездесетін «Көбеш» деген адамның атын «батырлардың бірі» деп өзгерткен. Оның да өзіндік себебі бар. Өзгертушілердің пайымдауынша, бұндағы – Көбеш, Қотырақтың немересі Көбеш батыр деген түсінікте болса керек. Көбеш батыр XIX ғасырда жасаған, сондықтан бұл жырға сәйкес келмейді деген ой қорытады. Алайда жыр мәтініндегі Көбеш жас жағынан Жәнібектен әлдеқайда үлкен болып келеді, соған қарағанда батыр Көбештен бұрын да Көбеш есімді кісінің болғанына ешкім күмән келтіре қоймас, Көбеш батыр болса Жәнібектің тұсындағы жас батыр Қотырақтың немересі болып келетіні шежіреден белгілі. Сондықтан да жырдағы Көбеш, Көбеш батыр емес екендігі түсінікті. Тарихта аттас адамдардың көп болғанын да ескерген жөн.

Жәнекең нағашымды көрейін деп,
Бір барып амандасып келейін деп.
Жанына жолдас болып Көбеш ерді,
«Жалғыз жүрме мен ертіп жүрейін» деп [2; 9; 3, 4; 4, 87].

Ал, бұл шумақ «Буыршын ауданының қисса-дастандары» (1-кітап) деген кітапта төмендегідей кара сөз түрінде беріледі:

Әлхиса, Жәнібек Көбешті жолдас етіп, нағашысына барыпты. Нағашысы Досымбек, Өмір «жиеніміз де бір жалын болса келер» деген үміт үстінде екен [5, 193].

Ал өзгерген мәтінге назар аударалық:

Жәнекең нағашымды көрейін деп,
Бір барып амандасып келейін деп.
Жанына батырлардың бірі ерді,
«Жалғыз жүрме мен ертіп жүрейін» деп [6, 2; 7, 73; 8, 8].

Жыр мәтінінде кездесетін сөздерді өз еркімізбен мағына, мазмұн қуып өзгерте беруге де болмайтынын, жыр шумақтары дәлелдеп берді. Өйткені әрбір сөздің мағына беретінін ескерсек, сылдыр сөзден гөрі, белгілі бір ой айтып тұрған сөздерге баса мән бергеніміз абзал. Әуелгі жыр шумақтарында кездесетін «соғыста» шошиды да өледі ақыр, – деген тармақты, «онан сон» шошиды да өледі ақыр, – деп өзгерткеннің жыр шумақтарын әлсіретпесе, күшейтпейтінін байқаймыз. Әр

сөздің өз орны, өз мағынасы бар екендігін ескеруіміз керек. Айтпақ ойымыз түсінікті болу үшін төмендегі, әр басылымнан келтірілген жыр шумақтарына назар аударалық:

Бала ғой олжа алуға бара жатыр,
Бола ма ойландаршы бала батыр?!
Біреуің астындағы атты алыңдар,
Соғыста шошиды да өледі ақыр [2, 21; 3, 6; 5, 197; 4, 93].

Кейінгі басылымдарда:

Бала ғой олжа алуға бара жатыр,
Бола ма ойландаршы бала батыр?!
Біреуің астындағы атты алыңдар,
Онан соң шошиды да өледі ақыр [6 13, 8; 7, 77; 8, 13].

«Буыршын ауданының қисса-дастандары» (1-кітап) деген жинаққа енген «Жәнібек батыр» жырының бір өзгешелігі, онда Жәнібектің көк дөненді үйретіп мінуін жыр жолдарымен әдемі кестелеген. Сонымен бірге батырға серік болатын аттың ерекшелігін, тек батыр ғана мінуге жаралған тұлпар екендігін жыр жолдарымен көрсеткен:

Көк дөненді үйретті,
Жібектен арқан сүйретті.
Үйретпек болып келгеннің
Бәрін жығып күйретті.
Он екі жігіт тартқанда,
Шырпыдай көрмей сүйретті.
Бес айыл тартып Жәнекең
Мініп алып шу депті.
Бөкен желіс құс қанат,
Жел соқтырып гулетті.
Сауыт киіп үстіне,
Барған сайын үдепті [5, 196].

Бұл жинақта жарияланған жырдың тағы бір өзгешелігі: Абылайдың атына оқ тиіп, қысылтаян күйде қалған кезін бір шумақпен бейнелеп берген. Жәнібектің астындағы атын түсіп беретін ерлігін осы шумақтар асқақтата түскен:

Жаяу қашып ханымыз,
Төгіліп беттен арымыз.
Бет-бетімен қашқан жұрт,
Қандай болар халымыз [5, 201].

Кейбір мәтіндерде кездесетін сөздер айталық «қатыбас» көпті көрген сақа біреу дегенді, «қақбас» көпті көрген сақа біреу, – деп, «тосып» деген сөзді «түсіп» деп өзгертіп алушылық ұшырасады. Сондықтан да жыр мәтінінің әсіресе, ел аузынан жазып алған фольклорлық мәтіндерге жеке көзқараспен өзгертулер жасаудан абай болғанымыз лазым.

1982 жылғы жарияланымнан алынған бұл жыр «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» сериясымен шыққан «Ер Жәнібек» кітабында да жарияланған [10, 1-19].

2) *Ер Жәнібек*. «Мұра» журналының 1989 жылғы №2 санында басылған. Жырлаушысы: Ыбырай Ботайұлы, жазып алып, жариялаған Ақын Байбосынұлы. 1946 жылы жыршының аузынан жазылып алынған. Жыршының айтуынша бұл жырды 1927 жылы жырлаған [11, 36-39].

Жырдың кіріспе бөлімінде ру шежіресі таратыла беріліп, Жәнібектің ататегі тарқатыла көрсетіледі; жыр оқиғасының бастауында Алтының он төрт отауының жұртпен бірге көшпей, бір күн еру болған күні жау шауып қырғанға ұшырағаны, жөргектегі Алтының кенжесі Сарыны бір жеңгесінің жерошаққа жасырып аман алып қалуы; Сарыдан Бердәулет пен Кірдіулет деген екі ұл туғаны, Бердәулеттің әйелі бөрі етіне жерік болып, одан Жәнібектің өмірге келуі; Шақшақұлы Жәнібек батырдың өз атын қойып, бата беруі, Жәнібектің он екі жасында жорыққа аттануы; Садырды жеңуі; Абылайға астындағы атын түсіп беруі; Абылайдың оң тізесінен орын беріп, туын сайлап беруі; наймандардың алып тұратын «үш кесік» салығына (үш кесік деп отырғаны – үш қыз, отыз қаймал, үш жүз байтал салық алып тұрған) тосқауыл қоюы; жоңғарлармен бір жекпе-жекте (Қабанбай,

Бөгенбай батырлардың қартайған шағында) қазақ қолынан ешкім шықпай қаймығып тұрғанда Жәнібектің Серін қалмақпен жекпе-жекке шығып басын алуы; Абылайдың Жәнібекті Ежен ханға елшілікке жіберуі; Ақтабан шұбырындыда бытырап кеткен абақ керейдің басын қосып он екі атаға топтауы; Көгедайды керейге төре сайлауы; жыр соңы Жәнібектің қайтыс болып, Қызыл Су-Шар бойында жерленгені туралы дерек береді. Көгедайдың ұлы Әжі төренің елге жайсыз, төрт би сайланып елге жайлы болғандығы айтылып жыр аяқталады.

Жәнібек жайлы жырлардағы сарындардың кейбірі аңыздарда да көрініс тапқан. Айталық, «Жәнібек батырдың балалық шағы» деген аңыз екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігінде жас балаға Шақшақұлы Жәнібек батырдың өз атын қойып, бата беруі, жас батырға көкбөрі киесінің даруы сөз болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.1. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
2. Ер Жәнібек // Алтай аясы. – 1980. – №2.
3. Қазақ киссалары. 2-т.: Батырлар жыры (Құрастырғандар: Қабден Балықшыұлы, Оразанбай Егеубаев). – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1984.
4. Қаба ауданының қисса-дастандары. 1-кітап. – Қаба, 1992.
5. Буыршын ауданының қисса-дастандары. 1-кітап. – Буыршын, 1991.
6. Ер Жәнібек. (Құрастырғандар: Шәміс Құмарұлы, Ақын Байбосынұлы). – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2006.
7. Ер Жәнібек. (Құрастырған: Ж.Шәкенұлы). – Алматы, 2008.
8. Ер Жәнібек. (Құрастырғандар: Т.Тынысбекұлы, С.Қорабай, Т.Шаңбай). – Семей, 2009.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 27 том. – Қытайдағы қазақтардың фольклоры. – Астана: Фолиант, 2006.
10. Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы: Ер Жәнібек. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2011. Мұра. – 1989. – №2.

Қалқабәева Сәлима Әбдіраманқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

КӨРКЕМ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Көркем образ – көп қырлы және күрделі әдеби-философиялық категориялардың бірі. Оның өте кең мағынада қолданылатынын философиялық, психологиялық, эстетикалық тұрғыдан қарағанда ұғына түсеміз. Көркем образ феноменін тануда көптеген ғылыми аспектілер аясында қарастырудың маңызы зор.

Образ көркем шығарманың сюжеттік-фабулалық құрылымын құрайды. Әдебиетте оқиғалар, ситуациялар, характерлер – бәрі де адам бейнесімен танылады. Ол жануар не құс, я қиялдан туындаған тіршілік иесі болсын – бәрібір адами мәнге толы гуманизацияланған образ болуы мүмкін. Мұның бәрі де адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтайды. Көркем образ белгілі бір дәуірдегі көптеген адамдарға тән моральдық белгілерді жинақтап қамтиды. Образ әлемінен жазушының шындық пен адам туралы көзқарасы анықталады.

Әдебиет сан ғасырлар бойы мәдени құбылыс ретінде өмір сүріп келе жатқанымен, оның негізгі компоненттері әлі өзгермеген. Бұл көркем образға да қатысты. Әйгілі «Жаңа ғылымның» авторы, итальяндық философ, этникалық психологияның негізін қалаушы Дж. Вико «Жалпы ұлт табиғаты туралы жаңа ғылымның негіздері» кітабында бастапқыда адамдар нақты бейнелермен ойлады, ал дерексіз ойлау кейінірек пайда болды деген идеяны дамытты. Архаикалық ойлау, яғни нақтылықты бейнелеу және модельдеу көркем шығармашылықта бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Визуальды ойлау – адамның әлемді қабылдауының негізі екені анық. Көркем туынды мен түс көру арасындағы жақындықты З. Фрейдтен бастап Э. Фроммға дейінгі психолог-ғалымдар зерттеулерінде айтып та кетті. Дегенменде тарихи даму барысында көркем образ ұғымы мен оның компоненттері үлкен өзгерістерге ұшырап отырған. Мысалы, ерте кездегі антикалық әдебиетте ілкі образ (архетип) – *мифтік, символдық, классикалық образдар* сомдалса; Орта ғасырда өнерде астарлау, тұспалдау жиі қолданылып, *астарлы, символдық образдар* көрініс тапты. Антикалық құндылықтарға бой ұрған, өнер жана стильдік ағымдармен дамыған Қайта өрлеу мен Ағарту дәуірінде – *классикалық және барокко, рококо* сияқты образдар бой көрсетсе; өмірді материалистік тұрғыда пайымдай бастаған Жаңа еуропалық әдебиетте – *романтикалық, реалистік образдар* қалыптасты. Осылай заман өзгерісі мен уақыт ауысуының әдеби үдеріске әсер ету салдарынан көркем образдар жүйесі де үнемі өзгеріп

отырған. Әр дәуірдегі өзгерістер, өнердегі жаңа стиль образға ықпал етіп, образдың жаңа түрлерін тудырып отырған.


Қазіргі әдебиеттануда көнелік (ілкілік), құндылық, мағыналық, жинақтық, бейнелілік сипаттары мен жасалу жолдарына (тектік, әдістік, тәсілдік) қарай көркем образды бірнеше түрге жіктеп қарастырады. Мысалы, тектік тұрғыдан *эпикалық, лирикалық, драмалық* деп жіктелсе, ал стильдік, тәсілдік тұрғыдан *реалистік, романтикалық, сюрреалистік, трагедиялық, комедиялық, юморлық, сатиралық, фантастикалық, геройлық* т.б. түрлерге жіктеледі. Ілкі образды – *мифтік, классикалық, символдық образдар* деп атасақ, жинақтау мәнін – *типтік, дәстүрлі, ұлттық, әлемдік образдардан* байқаймыз. Көріністі суреттейтін – *пейзаждық, анималистік, детальдық-образдар*; мазмұнына, мақсатына қарай – *жағымды, жағымсыз, гуманистік, геройлық*; шындыққа жанасымдылығына қарай – *реалистік, шартты, абстракты* сияқты түрлерге де бөлінеді. Образ әдеби тек тұрғысынан үш түрге: *эпикалық, лирикалық, драмалық* болып бөлінсе, жасалу әдісіне қарай: *романтикалық, реалистік*; ал амал-тәсіліне қарай *комедиялық, юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, геройлық, т.б.* болып бөлінеді.

Оқырман шығарма мәнін образ арқылы таниды. Ежелгі адамның дүние мен өзін тану формасын мифтен, мифтік образдардан көреміз. Мифолог ғалымдардың айтуынша, «Миф – адамның болмысты, өзін қоршаған ортадағы өмірдің мәнін тануға ұмтылудағы бірінші бастау көз болып табылады». Мифологияны адамның дүниені образды түрде игерудің, шығармашылық қабілеттерін көрсетудің ең алғашқы формасы деп те түсінеміз. Мифологияда діннің, моральдың, өнер мен ғылымның да алғашқы элементтері біріктірілгендіктен (синкреттелген) ондағы психологиялық ойларды заттардың бастапқы қасиеттері ретінде қабылдайды. Ежелгі адамның барлық психикалық процестері архетип деп аталатын ұжымдық бейсаналық күйінде болды. Санаға ене отырып, алғашқы бейне (образ) мазмұнды сипаттамаға ие болады.

Архетип (гр. *arche* – бастау, *typos* – бейне, образ) – алғашқы бейне, идея, бейненің түпнұсқасы, атасы (прообраз). Архетип ұғымы Платон философиясында ақылмен қабылданатын нәрсе деп түсіндіріледі. Оны термин ретінде ғылымға енгізген К.Г. Юнг пікірінше, архетиптер – «ұжымдық бейсаналық» мұралықпен берілетін жалпыадамзаттық негіз болып табылады. Сондай-ақ архетиптер – бейсаналық жеке психикалық белсенділіктің, адам ойлауы мен танымының, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің әмбебап үлгілері, мәдени тұлғаның рухани шығармашылық әлемінің көрінісі. Демек миф шығармашылығы архетиптің көркем образға айналу процесін танытады.

Мифология ежелгі адамның тірі қалуының жалғыз тәсілі оның қатаң табиғат құбылыстарымен жақындастығы сезімі екендігін көрсетеді. Мифтің негізгі идеясы тотемизм, анимизм, фетишизм, магиядан көрінеді. Мифологиялық жандар (Құдайлар, нимфалар, құбыжықтар) табиғи және элеуметтік күштердің бейнесі саналды, оларды мейірлендіруге, дуалауға, ал кейде қорқытуға болады. Өмірде тірі қалу үшін адамның қуатты қамқоршысы болу керек, бұл қамқоршылар оның құдайына айналады. Мұндай Құдайлар ролінде мифологиялық қиялда жанданған ең белгілі күштер мен құбылыстар болады. Әр тайпаның өз құдайы, өзінің сыйынатын мифологиялық жандары пайда болады, оларды бейнелейді. Мәселен, түркінің «Оғыз Қаған» аңызындағы көк бөрі, Мажардың «Ғажайып бұғы» аңыздарындағы бұғы, Абайдың «Қазақтың қайдан шыққаны туралы бірер сөзіндегі» ақ қаз, Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі Бұғы-ана бейнелерінен ерте кездің танымдық сенімін көруге болады.

Мифтік образдар – мифтік дәуірде өмір сүріп, мифтік әлемдегі нәрсенің бәрін жасаушы, тіршілік атаулының бәрін дүниеге келтіруші күш. Қазақ фольклорында да мифологиялық кейіпкер бар. Олар өзінің шығу тегі мен мезгіліне, іс-әрекетіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірі – архаикалық мифте бейнеленетін ілкі ата мен жасампаз қаһарман. Екінші топтағы кейіпкерлер – қастандық ойлаушы албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, үббе, күлдіргіш, айдаһар, жалмауыз кемпір, т.б. Кейінгі замандарда исламның әсерінен бұлармен қатар пері, дию, шайтан сияқты ежелгі араб-иран әдебиетіндегі кейіпкерлер де көріне бастады. Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ – мифтік сана кезіндегі түсінік бойынша таудың, көлдің, желдің иелері. Бұл образды халық жаңаша көркем символ ретінде пайдаланып, оларға өзінің арман-аңсарын жүктеген (1-суретке қараңыз).



(1-сурет)

Символдық образдарға Толағай мен Ерсарыны жатқызуға болады. *Толағай* – асқан күш иесі, алып бейне. Еліне қуаңшылық кезінде төбесін бұлт басқан тауды көтеріп әкеп мерт болады. Халыққа жаңбыр әкеп ауыртпалықтан құтқарады.

«Ерсары» аңыздағы Ерсары – асқан күш иесі ғана емес, адамдардан көмегін аямайтын мейірімді, адал кейіпкер. Бір жылы таудан аққан су мол құйылып, Үстірт пен Ақтаудың маңын су басарлықтай қауіп төнеді. Көмек сұрай келген жұртқа жауап ретінде Ерсары найзасын алып, жыра сызады. Тасыған су Ерсары сызған жырамен ағып, Каспийге келіп құйылып, жергілікті елді шайып кетуден сақтап қалады.

Жиынтық, символдық, мифтік образдарға: көне шумердің «Гілгэмеш батыр туралы дастандағы» Өгіз бен оны жеңген Энкиду (Гілгэмештің досы); көне түркілік «Қорқыт ата» аңызындағы Бұқаш (бұқаны женуші), кентавр, т.т. жатады.

Классикалық образдарға айналған көне грек әдебиетіндегі Прометей, кешегі қазақ әдебиетіндегі Асан қайғы, орыс әдебиетіндегі Данко – әдебиеттер тарихына жалпы дүние жүзілік тұрғыдан қарағанда, шын мәніндегі мәңгілік образдар.

Көркем образдың таңбалану, жасалу амал-тәсілдері алуан түрлі. Сондықтан да көркем образды жіктеуде тектік, тақырыптық, жинақтық, архаикалық, семантикалық, құрылымдық, стильдік сияқты бірнеше негіздерге жүгіну керек. Өйткені әр образ – өз заңдылықтары мен даралық сипаты бар өзіндік жүйе. Көптеген қасиеттерге ие көркем образды объективті-танымдық және субъективті-

шығармашылық аспектілер тұрғысынан айқындай келе, оны жан-жақты жетілген әмбебап әдеби-эстетикалық категория деп тұжырымдауға болады.

*Рамазанова Шайгул Әмірғалиқызы,
филология ғылымының кандидаты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың аяқ шені мен XXI ғасыр аралығындағы ұлттық болмыстың сабақтастығына Абайдың көзімен баға беріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Өркениеттер қақтығысын тудырған жаһандану дәуірінде ұлттық тамырдан ажырамай, көштен қалмау – өзекті мәселе. Қазіргі постиндустриалды қоғамда қазақы дүниетанымды терең түйсіну үшін, Абай шығармашылығына бүгінгі пайыммен қараған абзал. Футурист-ақынның «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңдері зерттеу нысаны болып табылады.

Автор қазақтың Абай заманынан бері айықпаған рухани кеселдерін ашып көрсетуді мақсат еткен. Мақалада күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған: науқаншылдық, еліктеушілік, көрсеқызарлық, дүниеқоңыздық, жемқорлық сынды жаман қасиеттер сөз етіледі.

Кілт сөздер: Абай, жаһандану, футурист-ақын, постиндустриалды қоғам, көрсеқызарлық, т.б.

Абайдың әдеби мұрасы – қазақтың болмыс-бітімін, мінез-құлқын, ұлттық ерекшелігін тамыршыдай тап басып, шынайы сипаттауымен өміршең. Әдетте, «ұлттық ерекшелік» дегенде, қазақтың батырлығы, шешендігі, дархан мінезі, қонақжайлығы ойға оралады. Бірақ, Абай осы бір асыл қасиеттерімізге басқа қырынан қарады. Батырлықты басбұзарлыққа, шешендікті сөзшендікке, дархан мінезді даңғойлыққа, қонақжайлыққа ысырапшылдыққа айналдырмауды, ауыстырмауды қалады. Осыны шатастырған халықтың өркениетті қоғам құра алмайтынына көз жеткізді. Қазақтың осындай құбылғыш, өзгергіш мінез-құлқын ашына сынады. Бірақ, өзгерген, түзелген көп ештеңе жоқ. Бәрі де сол Абай заманындағыдай күйде қалып отыр. Хакім өмірден өткелі қазақ қоғамы екі бірдей саяси жүйенің теперішін көрді. Социалистік лагерден құтылып, егеменді ел болсақ та, ақын көтерген мәселелер әлі де өзекті. Мұнан біз Абай шығармашылығының социализм, коммунизм сынды империалистік идеялардан биік тұрғанын анық аңғарамыз.

Әсемпаз болма әрнеге

Осыдан бірнеше жыл бұрын жаңадан кәсіп бастағандардың көпшілігі дөнер сататын дүңгіршек ашуға талпынатын. Таңсық тағамға Қазақстан ғана емес, ТМД елдерінің аңсары тегіс ауды. Түрік асханасына ақшаның ағылып жатқанын көрген жұрт шамасы келсе осы бір кәсіпті игеруге барын салды. Капиталы жоқтар несие алып, тәуекелге бас тікті. Ақыр соңында көпшілігі нарықтағы бәсекеге шыдай алмай, бірінен соң бірі жабылып жатты. Бұдан пайдаға кенеліп, бүйірі қампиған қазақтар аз. Мықтағанда аспазшы, даяшы болды. Одан соң, жаппай интернет-клуб, плестейшн ашу науқаны басталды. Әншілердің бақуатты тұрмысына қызыққан тағы бір топ микрофонды қолдарына алды.

Әрине, сұраныс қажеттілік тудырады. Бірақ бүгінгі қоғамның науқаншылдығының артында нарықтың қасаң қағидалары, заман талабынан гөрі көрсеқызарлық, тұрақсыздық тұрғандай. Осы орайда, Абайдың мына бір жыр шумағы еріксіз еске түседі:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір – кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан! [1, 135].

Тура мағынасындағы әсемпаздыққа кейінірек тоқталамыз. Алдымен оның ішкі мәніне үңілейік. Бұл бір болмыстың немесе саланың сырына қанықпастан, тек сыртқы формасына елітіп, шалағайлықпен тез арада игілікке жетуді көздеу. Жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі әсемпаздар шама-шарқыларына қарамай өнмендеп, әрненің басын бір шалып жүр. Досы шұлық сатып байыса, дереу кәуапханасын жауып, базарға жүгіреді. Көршісі айтыстан көлік ұтып алса, домбыраны қолына алады. «Пәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дегендей, сандалумен күн кешеді. Абай айтқан әсемпаздық жеке адамға ғана емес, қоғамға, қала берді мемлекеттік құрылымға кесірін тигізетін кесапат. Әсемпаздық популизмді тудырады, авантюраға жол ашады. Салдарын көріп те жүрміз. Блогерлер актерға, әртістер журналистке айналды, әншілер мен әзілкештер киноиндустрияға бет

бұрды. Мұндай мысалдар көп-ақ. Әуесқойлар қолдарынан келмейтінге ұмтылып, кез-келген салаға кесірін тигізіп жатыр.

«Әсемпаз болма әрнеге» деп, табандылыққа, бастапқы мақсаттан айнымауға, «өнерпаз болып арқалануға» үндейді. Мұндағы өнерпаздықты әртістік деп түсіну жаңсақтық. Абайдың айтып тұрған өнері ән салып, би билеу емес, белгілі бір саланы меңгеруде кәсібилікке ұмтылу, шеберлікке жету. «Ғылымның, кәсіптің ұнғыл-шұңғылына терең бойлап, өнер деңгейіне жеткіз» дейді. Осы екі жол батыс мен шығыс пәлсапасын түйістіріп, қазақы дүниетанымда ой тастайды. Абай айтқан әсемпаздықпен қазіргі психолог-коучтер де күресіп келеді. З. Фрейдтің мектебінен өткен олар: «Фокус қайда болса, энергия сонда. Вебинарыма келіңіз. Фокус жасауды үйретемін» деп әлеуметтік желілерде жарнама жасайды. Рас. Ғаламтор дамығалы әсемпаздықтың бірнеше түрі пайда болды. Жалт-жұлт еткеннің бәріне елендеп, негізгі мәселеге ден қойып, нақты іспен айналысудан қалып барамыз. Гүлден-гүлге қонған көбелектей әсіреқызыл әсемпаздарды қазақ: «табанының бүрі жоқ, тұрлаусыз, жігерсіз» деп атаған.

Шығыс ауыз әдебиеті әсемпаздыққа символикалық түрде қарады. Ирандықтардың самұрық жайлы аңызының идеясын Абайдың үш ауыз сөзге сыйдырғанына қайран қаласың. Аңыз желісіне сүйенсек, ертеде жер бетіндегі құстардың арасында әділетсіздік белең алыпты. Өнбейтін дауды қуған құстар, кеңесе келе, құс патшасы – самұрықтан төрелігін сұрамаққа бекінеді. Онымен кездесу үшін мыңдаған шақырымдарды артқа тастап, Қап тауының шыңындағы ұясына бару қажет. Барлық құс жиналып, алыс сапарға аттанады. Діттеген жерлеріне жету үшін жеті аймақтан өтулері тиіс. Күн-түн демей ұшып, «табандылық аймағына» келеді. Мұнда құстарға қажеттінің бәрі бар екен. Аңшылық жасаудың, жемтік іздеп, шарқ ұрудың керегі жоқ. Бәрі бар, дас-дайын. Құстардың бір бөлігі жұмақ мекенді қимай, қалып қояды. Дамылдап алған өзге құстар сапарын одан әрі жалғастырады. Екінші аймақ сұлулыққа толы екен. Қараса көз тойғысыз жердің кереметіне арбалған құстардың бір бөлігі осында қалуды ұйғарады. Үшіншісі – надандық аймағы. Белгісіз мекеннің тылсым күшіне дуаланған құстардың бір шоғыры қайда бара жатқандарын ұмытып, жан-жаққа бет-бетімен лағып кетеді. Көлдер мен шөлдерді, айлар мен жылдарды артқа тастап, тоқтаусыз ұшқан қанаттылар «үрей аймағына» енеді. Кенеттен бойларын қорқыныш билейді. «Самұрыққа аман-есен жете алам бе, жете алмаймын ба?» деген дүдәмал сұрақ туындайды. Күмәнін жеңе алмаған, ұзақ жолдан қалжыраған бір топ әрмен қарай ұшудан бас тартады. Қанаты талмаған өзге құстарды жалғыздық аймағы қарсы алады. Мыңдаған құстың көзін шел басты. Бәрі де өздерін жалғыз сезінді. Құдды жападан-жалғыз ұшып келе жатқандай көрінді. Сөйтіп, алдамшы күйден арыла алмағандары кері қайтты. Құстар ғайбат аймағына келгенде «Мұның бәрі өтірік. Самұрық өмірде жоқ. Әлдеқашан өліп қалған. Кері қайтыңдар!» – әлдебір дауыс естіледі. Бұған иланған кейбірі мойындарын кері бұрды. Сыннан сүрінбей өткен жүз құс «Мен аймағына» келді. Алыстан мұнартып Қап тауының шыңы көрінеді. Бәрінің бойын мақтаныш сезімі кернеді. Бір-бірінің бойынан кемшілік іздеп, жеке бастарын ардақтауға көшті. Даудың соңы қырғын соғысқа ұласты. Қанды қырғыннан тек отыз құс аман қалды. Олар Қап тауының шыңына өрлеп, самұрықтың мекеніне келгенде бос тұрған үлкен ұяны ғана көрді. Патшалары еш жерде жоқ. Құстар абдырап тұрғанда ұядан айна пайда болып, арғы бетінен алып самұрық шықты. Бір қызығы, құстардың әрқайсысы айнадан самұрық кейпіндегі өздерін көрді. Дағдарған топқа қарап, хут-хут құсы: «Біз сынақтардан сүрінбей, шыңды бағындырдық. Сол себептен бәріміз де самұрыққа айналдық!» – деді.

Аңыздағы отыз құс жылы-жұмсақ, жылтыраққа мойын бұрмағандықтан мақсаттарына жетті. Абайдың «әсемпаз болма» деген ескертпесінің мәнісін самұрық туралы аңыз тарқата түседі. Үш ауыз сөздің астарында қазақтың өткеніндегісі мен бүгіндегі түйіткілді кесел бұғып жатыр. «Ақынның адамгершілік, парасаттылық жөнінде жастарға арнап айтқан сөздерін жинақтап келсек, жалпы бағыт-бағдары «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбаттан» бастау алған бұл тағылымның соңғы ой қорытып, нүкте қояр осы тұсы деп «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін атар едік» [2, 88].

Өзгенің қаңсығын таңсық көру күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналғаны рас. Жаһандану үрдісіне аяқ басқалы шетелге еліктеп, өркениетті елдермен біте қайнасуға тырыстық. Қазіргі азаматтық қоғамның ішіндегі құндылықтар текетіресінің басты себебі де осы еліктеушілікте жатыр. Алаш ардақтысы Ә. Бөкейханұлының: «Мәдени жұрт пен тағы жұрт кездескенде тағы жұрт мәдени жұрттың ең жаман қылығын үйренбек» [3, 30] деген сөзі ойымызды бекемдей түседі. Әрине, бүгінгі жұртты тағы деу қисынсыз. Бірақ соңғы отыз жылда қазақтың еліктемеген ұлты жоқ. Жақсы істерінен үлгі-өнеге алса, әңгіме басқа ғой! Кешегі кеңес үкіметі тұсында орысқа еліктеп, ішімдікке үйірсектеді. Егемендік алған соң түрік пен арабқа еліктеп, солардың өмір салтын ұстануға ұмтылуда. Әрине, бұл дұрыс емес. Қазақтың ғасырлардан жалғасып келе жатқан өз салт-санасы, әдет-ғұрпы, ұстын-ұстанымдары бар. Одан бас тартсақ, қазақтығымыздан, ұлттығымыздан, елдігімізден

айырыламыз. Осыны ешқашан естен шығармағанымыз абзал. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан айтпақшы, аталған халықтардың жақсы әдеттерін бойына сіңіргендер көп емес. Көп жағдайда сырт келбетімізді, жүріс-тұрысымызды, сөйлеу мәнерімізді ұқсатуға құмармыз. Ұлттық болмыс ұғымын да сол киім-кешек деңгейінде түсінетініміз өкінішті. Бұның бәрі тура мағынадағы әсемпаздық. Ел боламаз десек, оысндай жаман әдеттерден арылуымыз керек-ақ.

Ғылым таппай мақтанба

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Тайға міндік», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» сынды өлеңдері жастарға айтылған өсиетнама. Бүгінде технология қарыштап дамығанымен, тұтынушылық деңгейден әрі аса алмай келеміз. Абай ғылым-білімді игеру үшін жастарды оқып-ізденуге, алдамшы қызық пен арзан күлкіден, ойын-сауықтан аулақ жүруге шақырады. Хакім өз заманында жас ұрпақты ғылымға шақырғанымен, өкінішке қарай, бүгінгі қоғамның шындығы басқаша. Көгілдір экран мен әлеуметтік желілерде басқа кәсіп иелерінен гөрі, әншілер мен спортшылардың жарнамасы жер жарады. Зиялы қауым өкілдері «ғылымға көңіл бөлу керегін» айтудай-ақ айтқанымен, нәтиже шамалы. Қазақтың науқаншылдығы осыдан-ақ көрінеді. Абай ХХІ ғасырда қазақ қоғамының ғылымға сусайтынын білген жоқ. Ол бір болашақты болжайтын сәуегей емес. Десе де, ақын заман тынысына адами болмыс тұрғысынан қарағандықтан, бұл мәселенің қаупін күн ілгері сезді. Жабайы капитализм орнаған елде ақша қашанда алдыңғы орындағы құндылық. Ғалымдарымыз бен өнертапқыштарымыздың жаңалығын өндіріске енгізу жолға қойылмағандықтан, ғылымның әлеуеті ақсап тұр. Ақын жас буынды былайша шабыттандырады:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз [1,33].

Маңдай тердің түбі ақталарына сендіреді. Абайдың бұл сөзін қазіргі заман ағымы қуаттай түседі. Көкірегі ояу әрбір жас дамыған мемлекеттердің сыры ғылым-білімде жатқанын анық түсіне бастады. Кешегі Никола Тесла, Стив Джобстан бастап, бүгінгі Бийл Гейтс, Марк Цукерберг, Илон Маск сынды тұлғалардың ғылымның арқасында атақ-даңқтан да, бақуатты тұрмыстан да кенде қалмағанын көріп жүрміз. Күллі әлем жұртшылығы аталған өнертапқыштарды шыққан биігінен асыра ұлықтағанда кейде көңілге күдік ұялайды. Отандық спортшыларымыз, әншілеріміз әлемдік деңгейде танылғанымен, өнертабысымен әлемді аузына қаратқан ғалымның болмауы жүректі шайлықтыратындай. Қазақтың дүниеден алған бар еншісі төбелесу, ән салу, сөзбен шарпысу сияқтанады да тұрады. Шетелдік өнертапқыштардың мәртебелі тұғырына қону орындалмас армандай көрінеді. Мұндайда тағы да Абайға жүгінеміз:

Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңыз?

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпай ғылым сүйсеңіз.

Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып, сөнсеңіз? [1,33].

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...

Жемқорлық – кез-келген мемлекеттік құрылымның ата жауы. Тоғышарлық, паракорлық жайлаған елде әділетті қоғам құру, ғылыми төңкеріс, серпіліс жасау мүмкін емес. Дүниеқоңыз шенділер әр заманда да болған. Абайдың 1896 жылы жазылған «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңі дәл бүгінгі уақытқа арналғандай.

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,

Аларында шара жоқ алдамасқа.

Табысына табынып, қалтаң қағып,

Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,

Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.

Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,

Сорпа сумен, сүйекпен сүйдірмекке [1,151].

Өлең жолдарына үңілсек, ХІХ ғасырдағы шенділер мен ХХІ ғасырдағы шенеуніктерден айырма көре алмаймыз. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деп, ақшаны ұлтының қамынан, мемлекетінің болашағынан артық санайтын ашкөздікті бейнелейді. «Аларында шара жоқ алдамасқа» дегені бүгінде мемлекет қаржысына жөн-жосықсыз қол салатындарды еске салады. Бұған жемқорлықтың, пасықтықтың символына айналып үлгерген ЛРТ жобасы бұлтартпас дәлел. Бюджетті

сауын сиырға айналдырған кейбір пысықайлардың мойындарына алған міндеттемелерінің соңы құрғақ уәдемен аяқталатыны өкінішті. Шетелдегі вилласы, қымбат яхтасы табылған мемлекеттік қызметкерлердің алды сотталып, арты тергеліп жатқанына көз үйренді.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп,

Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп [1,151].

Капитализмді «материалдық құндылық, бай өмір салты» деп жаңсақ түсінуіміздің салдары, адамгершілік қасиеттерімізді аластады. Адамның қадір-қасиетін парасат биігімен емес, дүние-мүлкімен, әлеуметтік статусымен бағалайтын заманда өмір сүріп жатырмыз. Абай айтқан кемел адам өлшемдері бүгінде қатты өзгерді. Астында джипі, қолында айфоны, зәулім үйі, лауазымды қызметі бар жан толық адам, кемел адам саналады. Осы орайда, Мағжан Жұмабайұлының өлең жолдары қазіргі қоғамға үкім шығарғандай:

Білген емес иман деген не нәрсе,

Қарын деген сөзді ғана жаттаған [4,35].

Қорыта айтқанда, Абай мұрасы – ұлтымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам болмысының терең қатпарын толық қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен қымбат. Халық қаншама тарихи кезеңдерді бастан өткерсе де, Абай мұрасы, Абай өсиеті жол көрсетер бағдаршамы, бой түзейтін айнасы, ой түзейтін кемеңгері болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 1976.–230 б.
2. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. – Алматы: «Ғылым», 1994. –280 б.
3. Ботпайұлы С. Әлихан Бөкейханның нақыл сөздері. – Шымкент: «АЗИАТ», 2017. –44б.
4. Ербол Тілеш. Мағжан. –Астана: «Фолиант», 2019.–225 б.

***Керімбекова Баян,**
филология ғылымдарының кандидаты,
Сүлеймен Демирел атындағы университетінің
қауымдастырылған профессоры,
Сұлтанқожа Айжарық,
Сүлеймен Демирел атындағы
университетінің магистранты*

МЕКТЕПТЕРДЕГІ ӘДЕБИ-ПОЭТИКАЛЫҚ ШЕБЕРХАНАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРАНСФОРМАТИВТІ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа. Мақалада әдеби-поэтикалық шеберханалардың әсері жайында жазылған зерттеулерге шолу жасалып, сол шеберханалардың оқушының эмоцияналды дамуына ықпалы айқындалады. Оқушының басқа адамдармен қарым-қатынас құруы, сыни ойлау мен шығармашылық дағдысын дамыту мәселелері қарастырылады. Шеберханалардың маңызы өзін-өзі тану, эмпатия және әлеуметтік жауапкершілік аспектілерінің аясында талданды. Мақалада әлемдік практикадағы поэтикалық шеберханаларға мысалдар келтіріп солардың негізінде Қазақстанда ұйымдастырылған шеберхананың оқушылардың эмоционалды жәй күйіне әсері талқыланды.

Тірек сөздер: поэзия, әдебиет, психология, әдеби-поэтикалық шеберхана.

Поэзия – ғасырлар бойғы адамдар арасындағы қарым-қатынастың ажырамас бөлігі. Ол терең сезімдерді оятып, ұғымдардың мағынасын ашып, рефлексияға жетелейтін құрал. Осы орайда поэзияның прагматикалық мәніне келсек соңғы жылдары поэтикалық шеберханалар оқушылардың тұлғалық және академиялық дамуына әсер ететін тиімді әдіс ретінде танылып келеді. 2017 жылы Л.М.Бреннан жүргізген зерттеулер бойынша өлең жазудың оқушылардың сыни ойлап, эмоционалды интеллектін қалыптастырып өзін танытуына оң әсері дәлелденген [1]. Шығармашылық процесс барысында оқушылар түрлі когнитивті жаттығулар жасау арқылы қалыпты ұғымдар мен құбылыстарды жаңаша қабылдауды үйренеді. Өз эмоциаларын жазбаша формада жеткізу оқушылар үшін алғашында қиын болғанымен, дағдылана келе тиісті теңеулер мен сипаттамалар арқылы әр оқушы өзінің ғана емес өзге балалардың да эмоцияларын дұрыс қабылдауға бейімделген.

Поэзия шеберханаларының оқушыларға әсері жайлы бірнеше эксперименттер жүргізілген. Зерттеулердің бірінде Миллер психикалық травмасы бар бір топ колледж оқушыларын іріктеп, өлең жазу арқылы ішкі ойлары мен толғаныстарын сыртқа шығаруды көздеді. Зерттеу нәтижелері бойынша поэзиялық шеберханаға қатысқан оқушылар - мазасыздық пен депрессия белгілерінің төмендегенін, сондай-ақ, өзіне деген сенімділігі артқанын байқаған [2]. “Journaling” яғни

эмоционалды күйін журналға толтырып, жазып отыру психологияда бұрыннан қолданылып келе жатқан практикалардың бірі. Үрей мен мазасыздық өз эмоцияларын басқара алмаудың нәтижесі болса, оның алдын алу мақсатында фиксация яғни өз күйін дұрыс түсіну қажет. Осылай өз өлеңдерін жазып, бөлісу арқылы студенттер қауіпсіз және қолдаушы ортада өз ойлары мен сезімдерін зерттей алады, сонымен бірге олардың жазу дағдылары да дамып, әлемдегі адамадар мен олардың көзқарастарының әртүрлілігін бағалауды үйренеді деген тұжырым жасалған. [3] Эмпатия ұғымы да (лат. *empathia*, өзге адамның жай күйін ұғыну мен оның жан дүниесін түсіну қабілеті) соңғы жылдары жиі қолданысқа ие. Американдық жазушы, балалар әдебиетінің авторы және білім берудегі консультант Ральф Флэтчер жүргізген тағы бір зерттеуінде бастауыш мектеп оқушыларының эмоционалды әл-ауқатын арттыруда поэзияны пайдалануды қарастырады. Ол өлең жазып, оны оқу, оқушылардың эмпатия сезімін дамытуға көмектесетіні, сонымен бірге олардың өз эмоцияларын түсініп, реттеуге оң әсер ететінін анықтады.[3] Ральф Флэтчердің 2001 жылы шыққан “Writing Workshop” (Жазу шеберханасы) атты кітабында шеберханалар жас балалардың жазушылық әлеуетін қалыптастырудағы әсерлі құрал бола алатындығын жазады, сонымен қатар кітапта оқытушыларға шеберханаларды ұйымдастыру үшін қажетті стратегияларды ұсынады. Автор, мәтін жазу семинарының негізгі принциптерін түсіндіреді және оның негізгі компоненттерін зерттейді. Келесі Манчестер университеті жүргізген шығармашылық шеберханалардың студенттердің үлгеріміне әсерін зерттеуде поэзиялық семинарға қатысқан студенттердің эмоционалды әл-ауқаты мен өзін-өзі бағалауы айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

National Association for Poetry Therapy ұйымының бастауымен шығарылатын «Поэзия терапиясы» журналында (тіл өнерін терапевтік, білім беру мақсатында және қоғамдық әлеуетті нығайту үшін пайдалануға бағытталған түпнұсқа мақалаларды жариялауға бағытталған пәнаралық журнал) жарияланған зерттеуде психологиялық травмасы бар оқушылар үшін поэзиялық шеберханалар эмоционалды сауықтыру мен дамуға ынталандырудың тиімді құралы бола алатыны айтылған. Эксетер университеті жүргізген зерттеу, поэзиялық шеберханалардың студенттер арасында сыни ойлауға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, «Journal of Creative Education» журналында жарияланған зерттеу - поэзиялық шеберханалардың дәстүрлі академиялық пәндерден қиналатын студенттер үшін тиімді болуы мүмкін екенін айтады. Сонымен қатар ғылыми журналда шеберханаларды ұйымдастыруда студенттерге оқумен айналысу үшін қауіпсіз және қолдаушы ортаның маңызы да атап өтілген [4]. АҚШ-тағы Мэриленд университетінің оқытушылары жүргізген зерттеуде поэзиялық семинарға қатысқан оқушылардың синтаксисі, сөздік қоры және жалпы жазу дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Поэзия шеберханалары студенттерге метафора мен символизм сияқты күрделі әдеби ұғымдарды тереңірек түсінуге көмектесетінін де айтқан [5]. Яғни поэзиялық шеберханалар оқушылардың эмоционалды жай күйіне ғана емес олардың жазу дағдыларының жақсаруына әсер етеді. Күрделі сөйлемдер құрау, сөздік қордың жақсаруы және өз ойын мәтінде жүйелеу сынды қабілеттерін арттырады.

Поэзия шеберханаларының студенттерге трансформациялық әсерін одан әрі зерттеу үшін біз мектептерде өткен поэзия шеберханаларын мысалға алдық. Бірінші кейс-стади Америка Құрама Штаттарындағы Огайо бастауыш мектебінде жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға арналған жазғы бағдарламаның бір бөлігі ретінде өткізілген поэзия семинары. Семинарда поэзияны – өзін таныту, көрсету және тұлғалық өсу құралы ретінде пайдалануға баса назар аударылды және жазу нұсқаулықтары, топтық талқылаулар және жеке жазу уақыты сияқты тапсырмалар тағайындалды. Сонымен қатар семинар поэзияны әлеуметтік әділеттілік мәселелерді тану құралы ретінде пайдаланып, топтық пікірталастар және бірлесе жазу сияқты іс-шараларды қамтыды. Аталмыш зерттеуде оқушылар поэзия шеберханаларына қатысқаннан кейін оқушылардың қызығушылығы артқанын және өздерінің жазу қабілеттерінің артқанын хабарлады. Студенттер сондай-ақ өздерінің құрдастарымен қарым қатынастарының нығайып, әлеуметтік, әділеттілік мәселелер жайында көбірек білгенін айтқан.

Жоғарыда аталып кеткен шет елдік тәжірибелер негізінде Алматы қаласындағы “Qalam High School” мектебінде “Әдеби шеберхана” үйірмес ұйымдастырылды. Шеберхананы ұйымдастыру алдында әр сыныпқа үйірменің қалай өтетіні мен ерекшеліктері айтылып қатысушылардың білім деңгейі анықталып психологпен бірлесе эмоционалды жағдайы анықталды. Үйірме аптасына екі рет бір сағаттан бекітілді. Үйірмеде оқушыларға сабақ барысын, талқыланатын тақырыптарды, шығармаларды өздеріне таңдау еркіндігі ұсынылды. Үйірмеге қатысатын оқушылардың барлығы “жеке күнделік” бастап сол жерге өз ойлары мен сезімдерін жазады. Ол күнделікті мұғалім оқымай тек күн ретін тексеріп отырады. Сонымен қатар оқушының сабақ айтқанда өзін еркін сезінуі үшін модельдік ойындар мен жаттығулар жасалды. Шығармаларды таңдауға келгенде, өлең мазмұнының

жан-жақтылығы мен эмоционалды байланыс тудыра алуы маңызды. Алынған шығармалар оқушылар үшін үлгі болып, тілдің мүмкіншіліктері мен әлеуетін көрсетеді. 2023-жылдың Қыркүйек, Қазан айларының нәтижесі бойынша, үйірмеге қатысқан оқушылардың гуманитарлық бағыттағы сабақтарында оң өзгерістер байқалды. Эксперимент нәтижелері қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастың нығайғанын, және қауіпсіз ортада өз ойлары мен сезімдерін еркін бөлісу мүмкіндігі пайда болғанын айты.

Осы зерттеуде талданған әдебиеттерге және мысалдарға сүйене отырып, мектептердегі поэзия шеберханаларының тиімділігіне ықпал ететін бірнеше негізгі факторлар бар:

Қауіпсіз және қолайлы орта құру: Поэзия шеберханалары студенттерге өз ойын білдіру үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз еткені жөн.

Әртүрлі пікірлер мен перспективаларды біріктіру: Поэзия шеберханалары студенттерді әртүрлі тәжірибелер мен мәдениеттерге баулу үшін әр түрлі пікірлер мен көзқарастарды қамтуы қажет. Түрлі ортадан шыққан жазушылар поэзиясын пайдалану және оқушыларға өздерінің ерекше көзқарастарын жазуға ынталандыру арқылы біршама жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Ұйымдастық пен кері байланысқа мүмкіндіктер беру: Поэзия шеберханалары колаборация мен кері байланысты қамтуы керек, бұл оқушыларға өз жазбаларын нақтылау және конструктивті сын ұсыну үшін бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұған өзара тексеру сессиялары және топтық жазу арқылы қол жеткізуге болады.

Қоғамдастықты тәрбиелеу: Поэзия шеберханалары студенттер арасында ұлттық сезімін оятып, олардың жазбаларымен бөлісуге және бір-бірін қолдауға шақыруы қажет. Бұған топтық талқылаулар, әдеби оқулар және басқа да бірлескен әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келе, поэзия шеберханаларының мектептердегі оқушыларға трансформациялық әсері анықталды. Семинарлар оқушылардың эмоционалдық әл-ауқатын, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, сауаттылық дағдыларын және жалпы оқуға деген қызығушылығын арттырады. Осы зерттеуде талданған кейстер мектептердегі поэзия шеберханаларының тиімділігін дәлелдейді. Поэзия шеберханаларын тиімді өткізу – қауіпсіз және қолдаушы ортаны құруды, әртүрлі көзқарастар мен перспективаларды біріктіруді, ынтымақтастық пен кері байланысты қамтамасыз етуді және ұлттық бірлестік сезімін дамытуды талап етеді. Жалпы, поэзия шеберханалары мектеп оқушыларының жеке және академиялық өсуіне жәрдемдесу үшін құнды құрал бола алады.

Әдебиеттер:

- 1 Бреннан, ЛМ (2017). Поэзия арқылы эмоционалды интеллектіні дамыту. Ағылшын журналы.
- 2 Миллер, С.Д (2018). Өлең жазу арқылы шығармашылық өрнек пен емдеуді насихаттау.
- 3 Флетчер, Р. (2015). Поэзия шеберханасының педагогикасы: Семинар үлгісінде поэзияны оқытуға арналған қысқаша нұсқаулық. Мұғалімдер мен жазушылар журналы.
- 4 Хиггинс, А. (2018). Өлең арқылы сауаттылықты дамыту. Бүгінгі сауаттылық.
- 5 Майес, П. және Лэйн, С. (2018). Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту үшін поэзияны пайдалану.
- 6 Арчер, С. және Костелло, Р. (2019). «Менің қалай айтқанымды емес, не айтып тұрғанымды тыңда»: Мұғалімдерге арналған өлең жазудың күші. Білім берудегі ағылшын тілі.

*Глеубаев Советхан Баянович,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы
Рустемова Ақерке Сәкенқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

САЛ-СЕРІЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТАРИХИ ТАҒЛЫМЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің жарқын жұлдыздары, өз дәуірінің асқан шеберлері әнші-ақындар шығармашылығы баяндалған. Әсіресе, өнерді өзінен жоғары қоя білген, сал-серілер шығармашылығының алатын орны туралы сөз қозғалған. Зерттеу барысында «сал» мен «сері» ұғымына анықтама беріліп, ғалымдар пікірі жүйеленді. Сал-серілердің әндерінің шығу тарихы талданып, Біржан сал мен Ақан сері, Үкілі Ыбырайдың қазақ қоғамына жасаған игі істері мен әншілік

дәстүрі зерттелді. Зерттеу жұмысы соңында, қазақ ән-өнерін дамытуға үлес қосқан сал-серілердің бітім-болмысы дараланып, айқындалды.

Кілт сөздер: сал, сері, өнер, ән, дәстүр, қоғам

XIX ғасыр – қазақ мәдениетінің алтын ғасыры. Халқымыздың тарихи тағдыры қиыншылыққа толы болғанымен, өнер саласында теңдесі жоқ талайдың тарланы өмірге келді. Халқымызды жақсылыққа үгіттеп, ерекше толқында өмір сүрген олар – қаймағы бұзылмаған нағыз әдебиеттің биік дінгегіне айналды. Бұл жөнінде «Өнер мен өмір» атты мақаласында А.Сейдімбек былай деп сөз қозғады: «Өнер туындысы адамның қабілет-қарымынан туындап жатқандай болып көрінгенімен, өнер адамының өзі де, ең алдымен өскен орта, кешкен ғұмыр, туған заманының перзенті»[1] – деуі дәлел бола алады.

Қазақ поэзиясының түрлене дамуына әнші-ақындар шығармашылығы елеулі қызмет етіп, өзіндік қолтаңба қалдырды. Оның дәлелі – қазақтың сал-серілік өнері. Сал-серілер әдебиет тарихында да, музыка өнері тарихында да есімдері алтын әріппен жазылып, халықтың ерекше ықыласына, сүйіспеншілігіне бөленген талант иелері. Сал-серілер – бір басында бірнеше өнердің қасиетін жинақтаған ірі тұлғалар екендігі туралы көптеген зерттеу еңбектерінде жазылды. Профессор Е.Ысмайылов сал-серілерде ақындық, музыкалық, драмалық өнердің қабысып, оның үстіне би, спорт өнерлерін де қолданғанын атап өткен. Сондай-ақ зерттеуші сал мен серілердің айырмасы ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ, тек сыртқы түрінде, яғни жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетін де деп көрсетеді. «Серілердің салға қарағанда сыпайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш ерсі бола бермейді, елден ерекше, қызылды-жасылды, жарқ-жүркі етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза бермейді», – деп көрсеткен. Сал-серілердің өзіндік ерекшеліктері мынада: олар өлең жазады, өз өлеңдеріне ән шығарады, сол әндерді өздері орындап, халық арасына таратады. XIX ғасыр мен XX ғасырдың арасында Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Мұхит Мералыұлы тәрізді бірқатар сал-серілер атағы кең жайылған болатын. Одан беріректе әйгілі Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Балуан шолақ Баймырзаұлы, Әсет Найманбайұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы сынды өнерпаздар өздеріне дейінгі сал-серілер дәстүрін жалғастыра түскен болатын.

Сал-серілердің көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы, көркем ойлау қабілеті өзгеге ұқсамайтын өрнектерімен ерекшеленеді. Олардың көтерген ортақ мәселесі – өз шығармалары арқылы заман шындығын, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті шыншылдықпен жырлау болды. Олар өздерінің айналасындағы жағдайды жіті көре білді, ойларын батыл айтып отырды. Ел басында күн туғанда қолдарына қару алып, жорыққа бірге аттанды, ру-тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты. Шығармаларында ерлікті мадақтады, қаза болған батырларды жоқтап, ел қайғысымен бөлісті. Осылайша, бойына бірнеше өнерді тоғыстырған «сегіз қырлы, бір сырлы» сал-серілердің қазақ қоғамында алар орны теңдессіз екенін танытты.

Жыраулар дәстүрі мен әншілік өнердің негізін қалаған, рухани алтын көпірі бола білген қазақ ақындарының ішінде әдебиет тарихында өз орны бар, озат ойлы озық тұлға – Біржан сал Қожағұлұлы.

Ұлт әдебиеті мен мәдениеті тарихында ақын-композитор, импровизатор, әнші Біржан сал Қожағұлұлы өнернамасы айрықша құрметке ие. Руханият әлемінде сал-серілер поэзиясының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан ерен тұлға. Сахарада өз алдына ақындық мектеп құрған, ұлттық музыка тарихында жарқын із қалдырған, ақындық өнердегі өнер жұлдызы Сарамен сөз сайысына түсіп, меруерттей мөлтілдеген жауһар мұра қалдырған дархан дарын. Мұхтар Әуезовше айтқанда, «Сахараның бір ғажайып алыбы». Академик А.Қ.Жұбановтың пікіріне жүгінсек, «Біржан – қазақтың халықтық музыка мәдениетінің алыбы» әрі «Қазақтың халықтық музыка мәдениеті тарихында Біржан аты алтын әріппен жазылған».

Жаратылыс Біржан салға жоғары дәрежелі рухани қабілет, парасат-білік, суреткерлік қасиет, ұшқыр қиял, телегей шабыт сыйлаған. Ол орыс, қырғыз, башқұрт, ноғай, шүршіт тілдерінде шырқата ән айтқан. Егер де бір апта бойы жыр толғап, ән шырқаса бірде-бір қайталау болмайды екен. Тайбурылдың шабысындай дауылша үдей кетеді екен. Тұран баласы Ысмайыл қария: «Біржанның дауысы он-он бес шақырым отырған ауылға жетіп, даланы жаңғырықтырып жіберуші еді»[2], – деп еске түсіреді. Әсіресе, керемет әншінің «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Айтпай», «Адасқақ», «Жонып алды», «Көкек», «Алқара көк», «Жамбас сипар», «Он саусақ», «Он екі взвод», «Телқоңыр», «Жалғыз арша», «Бурылтай» секілді әндері замандастарының аузында аңыздай айтылатын-ды. Қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше даңқты халық композиторы, асқан әнші, дарқан ақын Біржан салдың есімі мен тамаша шығармалары қалың бұқараның сүйіспеншілік құрметіне бөленіп, бүгінгі күні ұлттық мазмұны мен социалистік жаңа мәдениетіміздің сарқылмас

асыл қазынасына айналып отыр. Оның дәлелі – біздің заманымызға жеткен Біржан салдың алпысқа жуық әндерінің бірі – «Теміртас». Өмірінің соңғы кезінде ру арасындағы талас-тартыстар, ағайын ішінің кикілжіңі Біржан салдың жеке басына да қатты әсер еткен. Қиянатшылар оны «жынданды» деген лақап таратып, қол-аяғын байлап тастауға дейін барады. Аталмыш оқиға Біржан салдың «Теміртас» әнінде үлкен қасіретпен айтылады. Мысалы:

*Теміртас, Асыл, Ақық, қарақтарым,
Үкідей мен сендерді балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар,
Есіктен келе ме деп алақтадым...[2]*

Әншілік өнерінің арқасында елінің алақанында болып, сауық-сайран, той-думанның гүлі болған ел аралап, салдық құрған әншіні ағайын-туыстары жасы егде тартқан, алпыстан асқан шағында «қартайдың» дегенді желеу етіп, ауылдан алты қадам аттатпауға тырысқан. Біздіңше, бұл жағдай Біржанға оңай тиген жоқ. Қанаты қыркылғандай күйге түсті. Тағдыр тауқыметін аз тартпаған өмір үшін күресте жан мен тәннің арпалысына түскен Біржан салдың өмірі кімді де болса елең еткізері сөзсіз. Біржан салдың ақындық жүрегінен төгілген «алтын мен күмістің нақысындай» толқынды жырлары мен сырлары ұлттық игілігіміз ретінде ғасырлар керуенімен аршынды қадаммен ілгері баса бермек.

Қазақ әншілік өнердің келесі көрнекті өкілі – Ақан сері Қорамсаұлы. Ол – заманынан озып туған, талайлардан асып туған, жастайынан өнер қуған, шартарапқа өнеге шұғыласын шашқан, қиял есігін еркелеп ашқан, жалпақ даланы жыр мен сырға толтырған, перизаттарды жүрек құштарымен, іңкәр көңілмен, шалқар сезіммен толқыта суреттеген, сұлу, сылқым һәм меңіреу, мылқау табиғатпен бірге оянып, бірге қалғып, бірде күлісіп, біресе бүрісіп ғұмыр кешкен сал-серілердің падишасы – ақпа ақын, саңлақ сазгер, дүлдүл әнші, майталман орындаушы. Оны «Тау-тасты шабыт қылған ақиық» ел еркесі, сахараны ән мен күйге бөлеген өнер керуенінің ай мүйізді ақ серкесінің мінсіз тұлғасы, өнерпаздық келбет-болмысы тұрасында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің жауһар нұсқаларының қажырлы жинаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Ақан сері — заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі»[3], – деп шыншылдықпен сипаттаған.

Ақан сері ұлтымыздың өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі ең мәнді, ең мағыналы, ең көркем салдық пен серіліктің салтанаты мен сауығын, аңшылық-саяткерлік, құсбегілік өнердің ғажайып құпиясын, таратып, өрбітіп айтқанда, Құлагердей сәйгүліктің еренін, Қараторғайдай қыран құстың тегеурінді беренін, Базаралыдай құмай тазының ұшқырын алақанына аялап, құрметтеп ұстаған. Атақты оқымысты Әлкей Марғұланның жазуына ден қойсақ, әйгілі сері қоңыр түнде ақ киім киіп, боз атқа қонса, күндіз сұр түсті киініп, құлаға мінеді, күз айларында үстіне қара түсті киім іліп, қарагер атқа отырады екен.

*Мінгенім, Құлагерім, өзің тұлпар,
Қолыма ұстанғаным тағы сұңқар.
Жастықтың арқасында қылдым сайран,
Өзім сал, өзім ақын, емеспін зар[4].*

– Жылқы жарықтық – менің пырақ-қанатым, қыран құс – саят-санатым, жеті қазынаның бірі ит – қорған, көңіл-күйімнің қошын табатын серіліктегі серігім, – дейді Ақан сері. Ақан серінің тағдыры – бір жағынан сұлу өмірдің иесі сықылды, екінші жағынан, өксік-өкініші, зар-наласы, мұң-шері шаш-етектен мейлінше арманға толы аянышты өмір. «Мақұлықтың да тілін білетін» аяулы Ақан сері, өз сөзімен ойымызды сабақтар болсақ, «жігіттің дүрри жауһар дүрі, дүние жаннатының гүлі» тасындай диірменнің ойнап тұрған отыз жасында опасыз жалғанның буынсыз жерге пышақ салған сұмдықтарын бастан кешіреді. Құлагердің қайғысы ғана емес, асылдардың ішіндегі асылы, құдай қосқан қосағы Үркиясы о дүниеге сапар шегеді. Аққудың көгілдіріндей үлбіреген ару мүсінді Ақтоқтысынан көз жазып қалады. Көк еркесі Көкжендеттей құсы мен төрт аяқты да теңдесі жоқ жүйрік Алақұмайынан айырылады... Жігіттің бағланы, жұрттың ардағы, тіл біткеннің шешені, суырылып сөйлейтін көсемі тірлігіндегі барша қызықшылықтарынан бірінен соң бірінен жұтап, жұрдай қалу, ажырап қалу, тағдыр тәлкегіне ұшырау, қасіреттің құрсауында күңіренген күй кешу Ақан серіге мүлде оңайға соқпайды. Сайып келгенде, Ақан серінің ақындық – әншілік мұрасы – біліктілік пен білімнен, сыршылдық пен сыншылдықтан, әдептілік пен әдемілікке құмартудан, көрегендік пен көсемдіктен, қуатты шабыт пен күдіретті қиялдан өріліп туған, өрнектеліп тоқылған сап таза поэзия.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы – жөппелдемеде жыр тасытатын айтыстың ақтангері. Үкілі Ыбырай ауыл молдасынан арабша оқуды да, жазуды да білген. Сал-серілік жолға түсіп, жүйрік мінген, ит

жүгірткен, қаршыға, түйғын, бүркіт баптап, құсқа салған. Сарыарқада күмбезі биік әншілік өнердің қасиетті мектебін құрған Біржан тағлымы, шарапаты Ыбырай шығармашылығына қуатты ағын қосып, ажар дарытқан. Осының нақты дәлелі ретінде:

*Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,
Денеңді қорғасындай балқытайын.*

Біржаннан алып қалған әнім еді,

Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын[5], – деген Ыбырайдың өз лебізін келтіруге болады.

Айтулы әнші – ақын сыршылдыққа, нәзік иірімдерге толы өлеңдермен қатар, өмір, дүние турасында философиялық шынайы толғаныстарға құрылған «Қалдырған» әнін шығарған. Өнердің, халықтың шамшырағы:

Жасымда болдым балдырған,

Талайды сөзге қандырған.

Сол балдырған кезімде

Ғашықтық отын жандырған...

Құрбы-құрдас, замандас

Іздеп кеп, атын шалдырған.

Сүмбіленің бұлтындай

Сөзім де жиі жаңбырдан.

Алпысқа келіп ән салып,

Атын бір қойдым «Қалдырған»[5], – деп түйіндейді. Үкілі Ыбырай поэзиясы қазақ қоғамында ойып тұра орын алған, сонау әншілік өнерді кейінгі ұрпаққа үлгі еткен асыл қазына.

Сал-серілер – Е.Бсмаиловтың сөзімен айтқанда, «халықтық өнер адамдары». Олар – ауыз әдебиетінің синкреттілік сипатын заманауи жаңашылдықпен әрлеген жоғары шығармашылық адамдары. Бүгінгі заман тілімен айтқанда музыка, дизайн, цирк өнерін біріктіріп, өз тыңдарманына шоу ұйымдастырып, өз заманының өнерін жаңа сатыға көтерген, халқына ерен еңбек сіңірген өнер өкілдері. Биік өнерді бір саты жоғары көтерген әнші-ақындар шығармашылығын оқыту бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі.

Міне, халқына әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер ретінде танылған, ұрпақтарына аса мол мұра қалдырған сал-серілердің шығармашылығы әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан аса құдіретті құбылыстардың бірі болды. Олардың қай туындысын алып қарасақ та, кем-кетігі жоқ классикалық өнерде әлемдік деңгейде өнер саласында иық теңестірген туындылар екеніне көз жеткізе аламыз. Артына осыншама өлмес, өшпес із қалдырған сал-серілердің мұрасы әлі де зерттеліп, болашақта да қазақ қоғамындағы орнын айқындап, өз үлесін қосатынына сеніміміз мол. Қиын-қыстау заманға жасымай, керісінше халық дәстүрлі ән-өнерін дамытуға ықпал еткен әнші-ақындар шығармашылығын дамыту, біздер үшін аманат. Заманынан озып туған әнші-ақындар шығармашылығы халық жадында мәңгі сақталары хақ!

Әдебиеттер:

1. Тұрсынов Е.Д. «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері». – Алматы: Ғылым, 1976 – 199 б.
2. Біржан сал. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1967. – 228 б.
3. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 27-б.
4. Ақан Сері Қорамсаұлы. Шығармалары: – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2013. – 384 бет
5. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2005. – 194-б.

*Дәрібаев Самал Дәрібайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы
Қалдыбай Бақытгүл Нұрланқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің докторанты*

ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОР ЖАНРЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетіндегі белгілі жазушы Хамза Есенжанов романдарындағы фольклор жанрларының атқаратын көркемдік қызметіне талдаулар жасалады. Жазушының қазақ сөз өнері мұраларының бұрынғы және кейінгі көркемдік дәстүрін жалғастырып, оны күрескер тұлғалар

мен тарихи оқиғалардың маңызын ашуда қаламгерлік шеберлігі айқындалады. Заман бейнесін суреттеуде әдебиетіміздің асыл үлгілерін танытатын жанрларының романдағы көрінісі қарастырылып, тарихи шындықты сипаттаудағы маңызына сараптаулар жасалады.

Көркем сөз байлығының басты саласы саналатын фольклор нұсқалары жастарға ұлттық дүниетанымды түсінуге мүмкіндік беретін даналықтың қайнар көзі. Мұның бәрі келешек ұрпақты тәрбиелеудегі эстетикалық құрал екені анық. Өйткені, ел болашағы үшін бұл дәстүрлерді кейінгі буынға насихаттау фольклордың маңыздылығын арттырады. Ата-бабаларымыз қарапайым тіршілікке қажетті нәрседен бастап, өмірлік мәні бар құбылыстарды жүйелеп шебер түрде ертегіге, эпостық жырлар мен аңыз әңгімелерге, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға қосып, болашақ ұрпақты адамгершіліктің игі қасиеттеріне, өз елін сүйетін азамат ретінде тәрбиелеуге бейімдеген. Қазақ әдебиетінде сарқылмайтын байлық ретінде саналған халық мұрасындағы асыл сөз үлгілеріне қай нұсқасы да әрбір кезеңдегі елдің тұрмысы мен түсінігін көрсететін бастауы болып табылады. Фольклорлық шығармалардың қай үлгісін алып қарастырсақта өмірлік мәні бар мәселелерді халық тәжірибесінде қалай көрініс тапқанын, оқырманға терең ой салатын жағдайлармен танысуға болады.

Қазақ әдебиетінің белгілі жазушысы Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» романдарында фольклор үлгілерін шебер қолдана отырып, елдің тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрпы мен салт-санасынан көп мәлімет береді. Сонымен қатар мұнда әлеуметтік, қоғамдық, отбасылық мәселелер де қозғалып, сол кезеңдегі билік пен қарапайым халықтың ара-қатынасының көптеген сырлары ашылады. Мәселен, жазушы романда Жиреншені сипаттап көрсететін аңыздардың негізінде өткен замандағы отбасылық құндылықтар жөнінде біршама мәлімет алуға болады. Бұл жерде автордың мақсаты ғасырлар бойы қалыптасып ұстанған дәстүрлерімізді ұмыт қалдырмай, бүгінге жеткізу болып табылады. Қазіргі таңда жаһандану заманында ешбір елден кем емес ұлтымыздың озық үлгілерін сақтап, келешек ұрпаққа аманат етіп тапсыруда Хамза Есенжановтың туындыларының атқаратын орны ерекше.

Хамза Есенжанов романдарындағы оқиға желісі революциядағы халықтар күресін көрсетуге арналған. Жазушының тарихи мәліметтерді фольклор нұсқаларымен байланыстырып сипаттауын романды парақтаған сайын байқауға болады. Қаламгер сол дерек, мағлұматтарды тарихи романның құрылымына ендіре, қиялда қорыта отырып өзінше дамытқан. Автордың тарихи шығармашылық әлемін талдау барысында бұған айқын көз жеткізуге болады. Қайсар мінез, қажырлы еңбектің біліммен ұштасқан тұсын жазушы болмысынан танимыз.

Фольклор жазушының шығармашылығында көркемдік материал ретінде ғана емес, сонымен бірге бейнеленген шындықтың атмосферасын қалпына келтіруге көмектесетін бай өмірлік ассоциацияларды тудыратын алуан түрлі әсерлердің күрделі кешені ретінде енеді. Жазушының сөз өнерінің көркем туындыларына үндеуі кездейсоқ болған жоқ. Ол фольклормен терең байланысты «Ақ Жайық» роман-эпопеясында көрсетеді. Жазушының мақсаты – көнеден қалған мұраларымызды қайта тірілтіп, тарихи зұлмат дәуірді ертеден мұра болып келе жатқан бейнелі сөздің сәулесімен сәулелендіру болып табылады. Мәселен, «Ақ Жайық» романында халық туындылары шебер қолданылады: мақал-мәтелдер, аңыздар, айтыс, шешендік сөздер және т.б. Олар шығарма тіліне шынайы ұлттық ерекшелік беріп, кейіпкердің көңіл-күйін, сезімін, эстетикалық әлемін бейнелейді. Кез-келген ұлттың фольклорлық мұрасы рухани және мәдени жетістіктерді сақтаудың бірегей көзі болып табылады. Ол эстетикалық, адамгершілік мұраттар мен құндылықтардың биік талғамын көрсетеді. Бүкіл шығарманың көркемдік ойы халықтың ойлары мен сезімдерімен ажырамастай үйлесуі мен ескі замандағы халықтың рухани мұрасы саналған шығармалардың сюжетте көрініс табуы сол дәуірмен ұштастырып отырады. Бұлардың барлығы романның қызықты әрі шытырман оқиғалы болу үшін жасалған әдістер. «Ақ Жайық» романындағы негізгі басты мәселе ол қазақ халқының революцияға келу жолы мен сол дәуірдің шындығын жеткізу болып табылады. Жазушы фольклорлық мұраларды пайдалану арқылы заман келбетін ашуға сәтті қолдана білген. Сонымен қатар қазақ қоғамында орын алған қайшылықтарды шеберлікпен суреттеген. Осындай шыншыл негізде жазылған романдар айшықты бояулармен әрленіп, оқырманды көркем әлемге жетелейтіні анық.

Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында кездесетін жырлар мен аңыз-әңгімелердің, ел арасында кеңінен таралған тарихи шежірелердің, рухы мәңгі өшпес қазақ батырлардың есімдері романмен үндесіп, жазушы мақсатымен көркем үйлесіп жатқанын айтуымыз керек. Ол мұраттың түпкі астарында мемлекетіміздің бірлігі мен өткенімізді қайтадан сараптау идеясымен бірігіп жатыр.

Жазушы романдарында қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жеткен мақал-мәтелдерді де шебер қолданған. Оның басты ерекшелігі - шынайы өмірден туған тәжірибе. Олардың тақырыбы әртүрлі, өмірдің барлық салаларын құрайды деп айтуға болады. Соның ішінде: «Баланың қадірін

балалы болмай білмессің», «Жақсы сөз жарым ырыс», «Жаман айтпай, жақсы жоқ», «Өңгіменің басы байлы болса, түбі сайлы болады», «Аюдан қашсаң дөңбекке», «Бір құмалақ бір қарын майды шіретеді», «Ащы мен тұщыны татқан білер, жақын менен алысты жортқан білер», «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ», «Істің басы майлы болса, түбі сайлы болады», «Қаса жаман қатыны мен баласын мақтар», «Көп қорқытады терең батырады», «Бөрі ашуын тырнадан алады», «Жаман айтпай жақсы жоқ», «Семіздікті қой көтереді», «Бармақ көтерсең жұдырық бар, қамшы үйірсең қада дайын», «Сабыр еткен жетер мұратқа», «Дұшпан күлдіре айтады, дұшпан жылата айтады», «Жас өседі, жарлы байиды», «Ашу дұшпан, ақыл дос», «Түрі жақсыдан түңілме» т.б. трилогияда көп ұшырасады [1]. «Көп жыл өткен соң» мен «Жүнісовтер трагедиясында» мақал-мәтелдерді кездестіруге болады: «Жол ақысы жүрмек, көз ақысы көрмек», «Жігітке қиын сауда халыққа жақпақ, көңілін жай, жарлының бірдей таппақ», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», «Кемедегінің жаны бір», «Көппен көрген ұлы той». Шығарма тіліндегі мақал-мәтелдер романның көркемдігін үшкірлеп, шырайландырып отырады. Сонымен қатар оларды шығармадағы кейіпкерлердің диалогі арқылы беріп, болашаққа ой салуға негіздеген.

Белгілі бір көркемдік мақсаттар үшін автор кейде халық мұраларын қайта қарастырып, оларды орнымен қолдануға мән береді. Тарихи романдарда көрініс тапқан көп мақалдар халық тәжірибесінен туындағандықтан өзінен кейінгі буынды қиындықтар туындау қаупінен сақтандырады. Міне, халқымыздың асыл маржан, саф алтындай сөздерін жазушы өз шығармасында орынды қолдана алған. Мұның өзі қазақ халқының тарихын жан дүниесімен сезініп, туған халқын жан жүрегімен сүйгенін білдіреді.

Халқымыз сөзді қиыннан – қиыстырып, ұтымды, шебер қолдана білген. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешетін, сөзге шешен болуды өнердің биік шыңына балап, сөзді күшті, қуатты, күдіретті қару деп білген. Сондықтан халқымыз болып жатқан сансыз түрлі құбылыстарды жинақтап, ойға түйіп, жасаған қорытындылары мен пайымдарын мақал-мәтелге айналдырып, сөздің күдіретін арттырып отырған. Бұл ретте Хамза Есенжанов мақал-мәтелдерді шығармасында ұтымды қолдана отырып, өз ойын нақты, өзіндік байлам тұжырымдармен көркем жеткізген. Осы ретте қазақтың әйгілі фольклортанушысы, профессор Мәлік Ғабдуллин мақалдардың пайда болуына қарапайым халықтың үлесі зор екенін айта келе, оның біз үшін асыл қазына екендігін айтса, [2] белгілі ғалым Б.Адамбаев бұл жөнінде: «Мақал-мәтелдер адам аңсарын абзалдыққа баурай тартады, жақсы қасиеттерге үйретеді, жамандықтан жирентеді» деген [3].

Жоғарыда келтірілген ғалымдарымыздың пікірінен халықтың алтын қазынасы саналатын мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы екенін байқауға болады. Сонымен қатар бұл жанрға қатысты зерттеулер Ә.Диваев, Ш.Уәлиханов секілді ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан қарастырылған.

Жазушы романдарда мақал-мәтелдермен бірге шешендік сөздерді де ерекше қолданған. Романдағы қаһармандардың дара келбетін тілдесу үстінде, бірін-бірі сынай сөйлейтін шешендік сөз орайында, диалогтарда тереңірек көрсетіп отырған. Мәселен Жүніс қажы сөйлегенде қазақтың дархан, кең жазира пейілі төгіліп жетеді. Шұғыл қиянатына қарсы қаһарында көрінген: «Қален сенің жесіріңді алып, желінді кескен жоқ. Бармақ көтерсең – жұдырық бар, қамшы үйірсең – қада дайын». Құлмырза бимен кездесуінде: «Сұраусыз ұл жоқ, бос жатқан пұл жоқ» деп әділет шартын алдына тосып отыр. Мұндай шешендік сөз орайын жазушы көркем түрде жеткізген.

«Шыңдалу» деп аталатын трилогияның екінші кітабында Ахметшенің аталы сөзін білдіретін үзінділер кездеседі. Мысалы: «Маған жас кезімде нағашым: «Дүниеде өлмейтін үш нәрсе бар, ол: ұстаздық, шаруашылық, саудагерлік. Ұстаз болу үшін білім керек. Білімі көп кісі ғана басқаға сабақ бере алады, шәкірт ұстай алады. Ал шәкірті бар кісінің ісі өлмек емес. Екінші шаруашылық. Тілін білсең тілдей жерден жылдық қорек табасың. Ұстай білсең бір малдың жүз малға тұратыны бар. Сондықтан шаруашылықтың тетігін тапқан адам қор болмайды. Үшінші саудагерлік. Саудагерлік жер танытады, ел танытады»[4], - деп берілген.

С.Қирабаев қазақ фольклорлық үлгілердің өте бай және көп қырлы екендігін айта келіп, оның мәні маңызын атап өткен: «Олардың ертегілік мұрасы, эпостық (батырлар жырлары, лиро-эпос, тарихи дастандар) шығармалары, тұрмыс-салт жырлары, шешендік тапқырлыққа құрылған көркем сөз үлгілері (шешендік сөздер, айтыстар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар т.б.) өзі қатарлы халықтардың ешқайсысынан кем емес, қайта мазмұнымен атқаратын көркемдік, қоғамдық өнегелерімен биік тұр. Олар халқымыздың өмір сүру жағдайлары мен тарихи тұрмыс қалпынан, дүниетанымы мен наным-сенімінен, кәсібі мен әдет-ғұрпынан, халық рухының өміршеңдігімен әрқашан болашаққа қараған оптимизмінен мол мәлімет береді»[5] - деген болатын.

Көрнекті қаламгердің романдарынан фольклор үлгілерінің көрінісі ретінде көптеген аңыздардың үлгілерін кездестіруге болады. Қазақ әдебиетінде осындай ертедегі тарихи негізі бар оқиғаларды өз еңбектерінде пайдалану ерте кезеңнен бастау алып, әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан дәстүр. Сол дәстүрді жалғастырушы өкілдерінің бірі ретінде Хамза Есенжановтың романдарындағы аңыз сарындарын айтуға болады.

Романның алғашқы кітабындағы Әбдірахман Әйтиевтің Дмитриевке айтқан Қожанасыр мен Алдар Көсе туралы әңгімелері талай момынды алдап, зар қақтырған алаяқтардан айласын асырғаны туралы жазғаны халық даналығын көрсетуге арналған. Қожанасыр ақырзаман туралы өтірік айтып, тоқтысын жегісі келген қулардың киімсіз қалуы мен Алдардың сайтанға мінуі сияқты аңыз әңгімелер – ақылы мен айлакерлігі мол халық даналығының куәсі іспетті. Бұл эпизодтарды романдағы Әбдірахманның сөзінен байқаймыз: «Алдаркөсе дейтін халық аузындағы бір герой сайтанды да алдаған. Бәкең оны айтқан жоқ па сізге?». Осы жерде жазушы абзал азамат, халық кемеңгері Бақытжан Қаратаев сияқты көреген, дана адамның образын аша түсу үшін шеберлікпен пайдаланған. Бұл арқылы қазақ жерінде орын алған тарихи, саяси оқиғаларды суреттеген. Белгілі тарихи оқиғалармен қатар сол кезеңнің рухани, мәдени бейнесін де көркем бейнелеген. Әсіресе фольклордың көне үлгісі болып табылатын аңыз-әңгімелердің атқарған қызметі жоғары. Мәселен Алдар Көсе, Жиренше шешендер ежелден жалғасып келе жатқан халық бұқарасының туындысы. Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың сөзіне сүйенсек, аңызда мифологиялық қаһармандар мен тарихи адамдар жайлы ақпараттар беріліп, олардың қасиеттері сипатталады екен [6].

Қазақ арасында әртүрлі нұсқада кездесетін Алдар көсе, Қожанасыр жайындағы аңыздардың баяндайтын негізгі оқиғасы сұрапыл заманның кезеңдерінде елдің еңсесін көтерген, ұрпаққа нәр берер рухани тұлға ретінде қарастырылады. Олар негізінен әділет пен адалдықтың туын ұстаған, халық мүддесін ойлаған кейіпкерлер. Жазушы қазақ санасына сіңген кейіпкерлерді романға қосу арқылы бүгінгі ұрпақ ұлағат алып, үлгі тұтсын мақсатында айтқан. Сонымен қатар, ескі аңызды қайтадан жаңғыртып қоймай, оған философиялық рең үстемелеп, әлеуметтік маңызын ашады. Жалпы, Алдар көсе қазақ ұлтының бойындағы кереғар іс-әрекеттерді сынап, ашкөздікті айыптаушы адам. Аңыздың негізгі түпкі мәнінде – ақиқат пен оның кешегі өмірдің шындығы жатыр. Сол арқылы да халықтың көне таным-түсінігін, өткен заманның алуан оқиғалары ішінен бүгінгі жұртшылыққа ғибрат беру арқылы көрсете білген.

Ерте заманнан рухани мәдениетіміздің құнды фольклорлық үлгілерді жазушы Хамза Есенжанов романдарында қазақ халқының байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән қолданған. Тарихи романның дамуында фольклорлық жанрлар өткен дәуір шындығын көркемдікпен игеруде үлкен роль атқарып отыр. Кеңес дәуіріндегі көптеген жазушыларымыз идеологияның негізінде шындықты өз еңбектерінде ашық көрсете алмай, фольклор дәстүрі арқылы астарлы пішінде жеткізіп отырған. Елдің қандай қилы кезеңдерді бастан өткізсе де, болашаққа жарқын үмітпен қараған мүдделері осы үлгілер арқылы бейнеленіп отырған. Бұл жайында ғалым Т. Тебегенов әдеби шығарманың маңыздылығын атап өтіп, онда елдің тарихын көрсететін өзекті мәселелердің қамтылатындығын атап өткен [7].

Хамза Есенжанов романдарында XIX ғасырда халық өмірінде ерекше орын алатын айтыс өнерінің үлгілері де кездеседі. Бұл кезең халықтың негізгі музыкалық дәстүрлері - аспаптық, әндік, ақындық туындыларды тудырған ұлттың шынайы рухани жаңғыруы болды. Қазақ сөз өнеріндегі өзіндік ұлттық сипатын айрықша даралап көрсететін ерекше үлгісі болып табылатын бұл өнер романның екінші томында Күлшан мен Ерғали айтысы арқылы көрініс тапқан. Жазушы айтыс өнері арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін көркем де көрікті жеткізе білген. Қазіргі заман бағдарымен қарасақ, ертеден келе жатқан айтыс өнерінің үлгілерін жаңа сипат алғанын байқауға болады. Бұл жөнінде З. Сейітжанов «Парасат пен пайым» атты еңбегінде: «Қазіргі заман айтыс жаңа қырынан даму жолына түскен. Бұрығы деңгей-кемерінен әлдеқайда тереңдеген» - деп, айтысты бүгінгі өміріміздің айқын шындығы ретінде қарастыруды ұсынды.

Фольклор нұсқаларының қай үлгісін алып қарастырсақта өмірлік мәні бар мәселелерді халық тәжірибесінде қалай көрініс тапқанын, оқырманға терең ой салатын жағдайлармен танысуға болады. Бұл мәселені зерттеу барысында жазушының осы кезеңдегі халықтың көркем ойлау қабілетін, халықтың рухани-адамгершілік және эстетикалық құндылықтарын шебер игеру қабілетін айту керек. Жазушы шығармасының тіл байлығы, әсіресе, диалогтерді бергенде халықтың сөздік қазынасына не үлгілерді бойына дарытып, жалпы сұлулық бедері ауыл тіршілігіне тән, қазақылық байырғы талай-талай көріністерді шебер түрде жеткізе білген. Сөзге жүйрік болуды – өнердің озығы деп ұққан. Сондықтан өмірдің сандаған құбылыстарынан түйген қорытындылары мен жасаған топшылауларын фольклор жанрларын қолдану арқылы сөздің ғибраттылығын, қасиетін арттырып отырған. Міне,

осындай халық маржандарын өз шығармасында жазушы орынды пайдаланып, елінің тарихын ғана емес ішкі жан дүниесін сүйгенін білдіреді.

Халықтың барлық даналық сөздері олардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген сөздерінде шоғырланған. Бұл жолдарды оқу әр оқырманды парасатты ой мен адамгершілікке тәрбиелейді. Өмірлік шындық құбылыстар мен тарихи мәні бар оқиғалардың арасынан маңызы бар фактілерді көре білу және оны көркем шығармаға сай етіп әрлеу үшін де зергерлік зерде қажет. Хамза Есенжановтың тарихи деректерді беруде арғы-бергі дәуірлерге ауысып отырып, ондағы фольклор мұраларын мысалға келтіруі жазушының өнер туындысын жасау кезінде өмірдің шындығын көрсету талпынысында жатыр. Бұл күрделі көп сатылы процестің кейбір маңызды, негізгі қырларын тануға, әрі көркемдік-идеялық бітімін анықтауға жол ашады.

Әрбір фольклорлық шығармалардағы асыл сөз - бүкіл халыққа арналған дана нұсқаулық. Жазушы Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» романында көркем сөз шеберлігімен ерекшеленетін алтын қазынамызды -терең мазмұнмен көрсету арқылы жастарды батылдық, достық, қайырымдылық, отансүйгіштік сияқты адам бойындағы биік қасиеттерге тәрбиелейді.

Әдебиеттер:

- 1.Есенжанов Х. Көп томдық шығармалар жинағы.–Алматы:Мереке, 2014. -20 б.
- 2.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974. - 95 б.
- 3.Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989.- 92 б
- 4.Есенжанов Х. Ақ Жайық. – Алматы, 2013 .-2-ші кітап: Шыңдалу.-38б.
- 5.Қирабаев С.С. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Қазығұрт,2007.-461 б.
- 6.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі,1991. -125 б.
- 7.Халық ақындар шығармашылығы жөніндегі әдебиет пен фольклор дәстүрі - Алматы: Ғылым1997, -472 б.

*Мауленов Алмасбек Анықбекұлы,
филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті
Оспанова Асель Қожамуратовна,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің докторанты*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕ-ПОВЕСТЕРІНДЕГІ АҢЫЗДАР МЕН МИФТЕР

Прозадағы миф-аңыздардың көркемдік қызметін зерттеу мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында соңғы жылдары ғана қолға алына бастады. Проза жанры кенжелеп дамыған қазақ әдебиетіндегі ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келген әңгімелердің өзінде миф-аңыздардың қолданыла бастауы бүгінгі әдебиеттанушыларға көп ой салары сөзсіз. Белгілі бір тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармашылығындағы ерекше бір құбылыс екендігін жоққа шығара алмаймыз. Миф, аңыз, хикая немесе эпсана-хикаят аталып жүрген негізгі сюжеттен тыс шағын оқиғалар желісінде негізінен деректі, дерексіз романтикалық оқиғалар баяндалады. Ал оның негізгі тақырыпқа қатыстылығын, жазушының айтар идеясына әсер-ықпалын, сюжет дамуымен сабақтастығын, композициямен бірігіп жымдасып кетер қасиетін арнайы зерттеп, толымды тың ой айтып жүрген ғалымдар баршылық.

ХХ ғасырдың 50-жылдарының өзінде М.Әуезов прозадағы миф-аңыздар туралы: «Ұлттық көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сапалы көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр» [1, 237], – деген болатын. Ғалымның бұл пікірі әдебиетіміздегі кейінгі жылдары жарық көрген әңгіме-повесть, романдардың идеялық-мазмұндық, көркемдік табиғатын айқын аңғартады.

Қаламгерлеріміз бүкіл адам баласына ортақ уақыт тынысын, замана сырын, қоғамдағы рухани өміріміздің кейбір жұмбақ заңдылықтарын көркемдікпен шешуде аңыздар мен мифтерге үлкен мән бере бастады. Қазақ прозасында аңыздық желіні алғашқылардың бірі болып М.Әуезов «Қорғансыздың күні» атты повесінде қолданды. Суреткер ел аузында бар, халыққа кең танымал «Күшікбай батыр» туралы аңызды шеберлікпен пайдаланған. Бұл қолданыс жөнінде академик З.Қабдолов: «Бұл да бір тартымды оқиға, әңгіменің фабуласымен ұтымды ұштасып кеткен қызық эпизод. Дәл осы тұста автордың екі түрлі қасиетін анық тануға болады: біріншіден, өмір бейнесіндегі шындық, екіншіден ортаны танудағы ұлттық ерекшелік» [2, 251], — деп атап көрсетеді. Әдебиеттің басты предметі адам болса, жазушы сол адам образы арқылы өмір шындығын танытады. Ал өмірдің

шытырман шындығы сол адам өмір сүрген ортамен, оның өткен тарихымен, болмыс-бітімімен, таным-талғамымен тікелей байланысты. Сонымен қатар көркем образдың ұлттық дара қасиетін де естен шығармағанымыз жөн. Ал ұлттық ерекшеліктің қайсыбір факторлары аңыздар мен мифтерде көрініс тапқан. Әрбір аңыздық сюжетте сол ұлттың өзіне тән болмыс-бітімі, сол халықтың арман-тілегі жатады. Қазақ жазушылары да осы идеяларды бүгінгі адам баласының ой-мақсаттарымен шебер ұштастыра білді. Мұндай қаламгерлер қатарында қазіргі қазақ жазушыларынан: І.Есенберлин, Т.Ахтанов, Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев, С.Жүнісов, М.Мағауин, О.Бөкеев, Т.Әлімқұлов, М.Сқақбаев, Д.Досжанов, С.Санбаев және т.б. қаламгерлеріміздің шығармаларын атасақ та жеткілікті.

Қазақ ауыз әдебиетінде алғаш рет аңыздың басқа фольклорлық жанрлардан өзгешеліктерінің бар екенін таныған ғалым Шоқан Уәлиханов еді. Ол тарихқа қатысты айтылған әңгімелерді «Тарихи аңыздар» деп оны ертегі, тарихи жырлардан бөліп алып, аңыздың белгілі бір тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын айтқан [3, 220].

Ұлттық фольклортану ғылымында ғалым С.Қасқабасов алғаш рет халық прозасының ертегіден басқа жанрларын, яғни аңыздық прозаны төрт жанрға бөліп қарастырады; миф, хикая, аңыз, эпсана-хикаят деп. Қазақ қаламгерлерінің бүгінгі күн шығармаларына аңыздық прозаның осы төрт жанры да біте қайнасып кеткен. Біздің бұл пікірімізді ғалым С.Қасқабасовтың мына бір ойы нақтылай түседі: «Қазақ фольклор жанрларының арасында көзбен көріп, қолмен ұстайтын жіп жоқ. Олар әу бастағы тектік туыстығын жоғалтпаған, сондықтан оңай кірісіп, ортақ белгілер мен қасиеттерді иемденеді, синкреттік сипатта болады» [4, 7]. Сондықтан да қазіргі қазақ қаламгерлерінің прозалық шығармаларындағы миф пен хикаяның, аңыз бен эпсананың ара жіктерін ашып көрсету өзінің ғылыми маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазақ жазушылары халық прозасын оның ішінде ертегілік қиял-ғажайыптықты, мифтік дүниетанымдылықты, аңыздың тарихи шежірелік рөлдерін жете бағамдағанымен, олардың өзіндік жанрлық ерекшеліктеріне көп көңіл аудармайды. Кей қаламгерлер аңыздық прозаның үлгілерін тек даяр күйінде пайдаланады. Оған І.Есенберлиннің «Көшпенділер» триологиясында Абылай ханға, оның төңірегіндегі би-шешен, батырларға байланысты туған тарихи аңыздарын, жазушы Т.Әлімқұловтың әңгіме-повестеріндегі Сүгір күйшіге, Ықылас қобызшыға байланысты айтылатын ауызекі аңыз-әңгімелерінің желісін жатқызамыз. Сонымен бірге Ә.Кекілбаевтың көне аңыздар мен эпсаналарға басқа қырынан келетін өзіндік ерекшелігіне де тоқталған жөн. Ә.Кекілбаев тарихи аңыздардың мазмұнын желі еткенімен оның көркем шығармадағы сюжеттік қызметіне, амал-тәсілдеріне, орны мен рөліне өзгертулер енгізіп, өз идеясы мен мақсатына сай пайдаланады. «Күй» повесіндегі «Қараман ата», «Шопан ата» және т.б. эпсаналар мен Абыл күйшіге байланысты айтылатын аңыздардың айтылуы мен көркем повестегі өзгеше бейнеленуінен көрінеді. «Аңыздың ақыры» романында жазушы жаңа мазмұндық формада мүлдем өзгеше соны қырынан көрінетін көркемдік бейнелер туғызған. Ал О.Бөкеев шығармашылығында аңыздар мен мифтер мүлдем бөлек қиял-ғажайыптық, фантастикалық ою-өрнекте сипатталады. Оның «Сайтан к-өпір», «Қар қызы», «Атау кере» повестеріндегі аңыздық прозаның үлгілері адам жанының ішкі сезім иірімдерімен байланыса, қабыса суреттелінеді. С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесіндегі «Сәукеле тау» аңызы жазушының халық прозасының ерекшеліктерін терең меңгергендігін көрсетеді.

Міне, сондықтан да аңыздар мен мифтердің көркем прозадағы шағын және орта көлемді эпикалық жанрдағы көріністері мен атқаратын қызметтері әртүрлі стильдің ерекшелігінен, оқиғаның уақыт пен кеңістікте бейнеленуіне қатысты мезгілдік-мекендік еркін орын ауыстыруларымен көрініс табады. Оның жарқын мысалын қазіргі кездегі адам баласының сонау өткен дәуірлердегі мифке, аңыздық желілерге қайта соғуынан қандай философиялық мән-мағына табатындығымен айқындалады.

Ғалым А.Жақсылықов «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» [5] атты ғылыми еңбегінде қазақ көркем әдебиетіндегі мифтік, аңыздық және діни-мифологиялық сюжеттердің көркемдік функциясын типологиялық, генетикалық, тарихилық тұрғыдан талдап, ғылыми айналымға түсірген.

Мифология – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы жинақтаған көркемдік таным дүниесі, онда адамның рухани ізденісі мен халықтың даналық-адамгершілік ұғымдары жатады. Ал оны әдеби мүддеге айналдырып бүгінгі күн шындығымен синтездеп, өңдеп қорытылған тәжірибесін көркем әдебиетте символдық образдарға айналдыруға болады. Миф-аңыздарды көркем шығармада пайдалану жаңа бір әдеби әдістердің өмірге келуін тездетуі де мүмкін. Мифтегі баяндалар сюжеттік мотивтерді көркемдік таным құрылымына айналдыруда қаламгер архетиптік ұғымының белгілі бір принциптерін шығармашылықпен игеру арқылы әдеби жетістіктерге қол жеткізеді.

Жер шарын мекендеген әрбір халық өз әдебиетін, мәдениетін және өнерін өркендетуге қолайлы мүмкіндік алған жағдайда өз архетиптеріне қайтадан жиі оралады. Оған қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 70 – 80 жылдары тарихи тақырыптарға, сонымен бірге бүгінгі күнгі замандас бейнесін

танытатын аңыздық-символдық шығармаларға қалам тартуын мысал ете аламыз. Көркем шығарманың жанрлық ерекшелігін, болмыс-бітімін, жаңа формалық мазмұн бірлігін қалыптастыруда тарихи аңыздар мен мифтік мотивтердің көркемдік қызметі ерекшелене түсті. Сондықтан да көркем әдебиеттегі мифтік сюжеттердің көркемдік қызметі алуан түрлі болып келеді. Соның бірі ретінде шығармаға көркемдік контраст беріп қана қоймай, оған қосымша мазмұн беретін жоспарлы монтаждық рөлін, композицияның біртұтастығын, образдылық бейненің символикалық сипатын атауға болады. Қазақ фольклортану ғылымында қазақта миф жанры жоқ деп күмән келтірушілер де болған. Мифтің халық ауыз әдебиетінде ішінара кездесетіні Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде [6], Ш.Елеукуеновтің «От фольклора до романа-эпопеи» [7] зерттеу еңбектерінде, Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» [8] еңбегінде қарастырылады. Алайда оны толық зерттеп, ғылыми айналымға түсірген ғалым — С.Қасқабасов. Оның «Қазақтың халық прозасы», сонан соң жарық көрген «Қазақтың аңыздық прозасы» атты еңбектері мифке, аңызға, хикаяға деген біздің көзқарасымызды өзгертті. Осы еңбектерге сүйеніп қазіргі қазақ прозасында жазушылардың шығармаларында қолданылған аңыздық прозаның ерекшеліктерін теориялық, тарихи тұрғыдан қарастырдық. Әдебиеттану ғылымында тарихи аңыздардың тарихи деректілігіне жете мән беріліп, жүйелі түрде зерттелініп келеді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы өзінің көшпелі өмір сүру салтына байланысты небір тамаша аңыздар мен мифтерді туғызды. Осы аңыздар мен мифтерде дүниенің құпия сырларын түсіндіретін жұмбақ заңдылықтары болатын. Бұл туралы ғалым М.Базарбаевтың: «Адам мен жер, табиғат, оның орын тепкен мекені, жайы, осыған байланысты ұғым, тілі деген проблема көркем әдебиет үшін, яғни образбен ойлау өнері үшін ең алғаш материалдар болған» [9, 67], – деген тұжырымы біздің жоғарыдағы ойымызды түйіндей түседі. Жазушылар көркем шығармасына аңыздық, мифтік сюжеттерді талғаусыз ала бермейді. Өз дәуірінің күрделі де ауқымды проблемаларын шешуде аңыздар мен мифтерде дәстүрлі өсиетшілдіктен өзге философиялық бастаулар ашылғанда қаламгерлеріміз сол игілікті игеруге кірісті. Сексенінші жылдары жазылған С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесі қазақ әдебиетінде өзгеше жаңалығымен ерекшеленген шығарма. Повестің тақырыбы тағдыр айдауымен туған жерінен безіп, басқа елге өтіп кеткен бір тайпа қазақтың өмірі. Олардың елге, қасиетті туған топыраққа деген сағынышы реалистік шындықпен суреттелінеді. Бас кейіпкер Балзия қартайған шағында немересі Аманайды атамекенге жеткізуді, елімен табыстыруды өзіне мұрат етеді. Сол жолда көптеген қиындықтар көреді. Өзі де мерт болады. Бірақ немересі Аманай туған жерге аман-сау оралады.

Осы повесінде жазушы Сәукеле тау туралы аңызды шығармасына қосымша сюжет ретінде енгізеді. Сәукеле тау жат жер мен атамекен арасындағы алып асу, шекара іспетті. Ол шетте жүрген қандастарымызға елді естеріне түсіріп тұратын үміт шырағы секілді. Әрине, шекарадан, құз-киялы жолдан өту оңай емес екені кімге де болса аян. Балзия оған мұқият дайындалады. Кішкентай немересін де дайындайды. Биік асудан өту тек тәннің қажыр-қайратын ғана емес, рухтың күштілігін, жігердің мықтылығын да қажет етеді. Сәукеле тау аңызы кішкентай Аманайды арманға бастап, ерлікке жетелейді. Ұлы мақсатқа жетуге талпындырады. Аңыз кейіпкерлері Жәәй мен Ғиззат алып шынды қашап, мәңгі махаббат символы ретінде өлмес өнер туындысын жасауды мұрат етсе, туған елге деген сүйіспеншілік жүректерін кернеген Балзия мен Аманай тәуекелі мол қиын асудан атамекенге деген махаббаттың күші арқылы өтуге бекінеді.

Повестің сюжеті мен аңыздың сюжетінің айтар ойы, идеясы бір. Сүю оңай, ал оның жеңіске жетуі, бақытты болуы әрқашан адал махаббатты, қажырлы еңбекті, ерлікті, табандылықты талап етеді.

Жазушы бұл аңызды шығармаға қажет болғандықтан ойдан шығарды дейді. Оны аңыз кейіпкерлерінің интернационалдық сипатынан да байқауымызға болады. Жәәй – қытай, Ғиззат – дүнген, Гүлсәнә – ұйғыр.

Повестегі негізгі оқиға мен аңыздың арасын алшақтатып тұрған уақыт қана. Әйтпесе, кейіпкерлердің мінездері мен мақсаттары өте ұқсас. Ми Лау ханның Гүлсәнәнің буындарын байлап, өсірмей тәтәй етіп ұстауын сол кездегі қытай саясатының аярлығымен, қатігез зымияндығымен салыстыруға болатын сияқты. Балзияның ұлы Заманай сол адамға тәжірибе жасаған қазымыр саясаттың құрбаны.

С.Жүнісов аңыздық сюжетті барынша ұтымды пайдаланып, оны адамзаттың асыл арманы махаббат пен туған жерге деген сүйіспеншілік идеясымен бірлестіре алуында жатыр. Аңыздың негізгі идеясы ұлттық ұғым-түсінігімізге, ұлттық менталитетімізге сай өте жақын. Жазушы қазақ халқының атамекенге деген зор махаббатын, сүйіспеншілігін осы «Сәукеле тау» аңызы арқылы шебер суреттейді. Автор «Сәукеле тау» аңызында халық прозасының фольклорлық, мифологиялық элементтерін шеберлікпен байланыстырып айтар ойына, идеясына бағындыра білген.

Мифтік шығармашылық кей кездері белгілі дәрежеде ұлттық сипатқа ие болады. Жазушы осы белгілі ұғымның төңірегінде қалып қоймай оны бүкіл адам баласына ортақ үлгі ретінде дамытады. Оны ұлттық шеңберден шығарып өзінің гуманистік идеясына арқау етеді. Бұл туралы Эквадор жазушысы Агилера Мальто: «ұлттық дәстүр мен аңыз жасаушылық біріге отырып, көркемдік сананың ажырамас бөлігіне айналады. Мен латын американдық суреткер ретінде, миф біздің - өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады деп ойлаймын. Бұл тек артта қалған халықтар өнеріне ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қатарлы дамыған елдерге де тән. Біз ертеде пайда болған миф ықпалына түсіп қана қоймай өз мифтерімізді де жасауға ұмтылудамыз» [10, 211], – деп мифтің жаңаша жасалу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Иә, миф, аңыз белгілі дәрежеде ұлттық кейіпкер бейнесін қалыптастыруда көркемдік қызметпен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге шығарманың құрылымын, жаңа формалық-мазмұндық қасиеттерін байыта түседі. Бұған Т.Әлімқұловтың «Қара қобыз» әңгімесінің композициялық құрылымы, Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманайы», М.Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» хикаясындағы сюжеттердің аңыздық желіден бастау алғандығы нақты дәлел.

Қазіргі қазақ әңгіме-повестерінде аңыздың әлеуметтік астарын бүгінгі күн шындығымен көмкере суреттеген қаламгер Т.Ахтановтың шығармашылығын атап өткіміз келеді.

60 жылдары Т.Ахтановтың аңыздық желіге құрылған «Күй аңызы» хикаясы «Махаббат мұңы» атты жинағында жарыққа шықты. Бұл сол кезеңдегі кертартпалыққа, бюрократтылыққа, қағазбастылыққа, жағымпаздыққа, социалистік қоғамның қатып қалған догмалық идеясына, қарабайыр социологияға қарсы бағытталған шығарма еді. Фабриканың бір қалыпты, бір түсті шығарып жатқан нiмдерi қандай болса, әдебиеттегi көркем образдардың сүреңсіздікке, әсіре мақтаушылыққа бой алдырғаны да құпия емес. Осындай көркем шығарманың тартыссыздық коллизиясына алғашқы батыл қалам сілтеген, оны аңыздың ақиқат шындығымен батыл түрде көркемдеп көрсеткен жазушы Т.Ахтановтың «Махаббат мұңы» атты повестер жинағы болатын. Ол тек қазақ кеңес әдебиетіндегі бастама болып қана қоймай, кешегі көп ұлтты кеңес әдебиетіндегі жарқын жаңалық болып қабылданды. Ғалым М.Әуезов бұл шығарма туралы: «Әрбір шыншыл шығарма солай еліктіреді» [11, 5], – деуі тек Ахтанов қаламгерлігіне ғана емес, бүгінгісінен ертеңі мол үміт күттіретін жас талантты қазақ әдебиеті суреткерлеріне берілген батасы еді. Әрі бұл ұлы ұстаздың өзінің ерекше ілтипатымен берген толымды бағасы да болатын.

Көркем прозада, соның ішінде орта және шағын көлемді эпикалық жанрға жататын әңгіме, повестерде мифтік желілердің қолданылуы қазақ әдебиетінде бұрыннан бар дәстүр. М. Жұмбаевтың «Батыр Баян» поэмасын, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдарын атап туге болады. Суреткердің басты талабы өз шығармасы арқылы жұртты күлдіру, не жылату ғана емес, адам баласын жаман қасиеттерден арылту, күнә боларлық қателіктерге ұрындырмау. Ал мұндай терең моральдық, философиялық ой-пікірлер халықтық аңыздарда жете сұрыпталып, сандаған жылдар бедерінде әбден ширатылып, толықтырылған дүниелер. Оларда адамзат баласының өмір сүру принциптері айшықты да айқын суреттеледі. Сондықтан да оларға деген рухани сұраныс ешқашан толастамақ емес.

Өткен тарих сабағының қателіктерін бүгінгі ұрпағымыз қайталамауы керек. Адамзат баласының тойымсыз нәпсіқұмарлығы, өзара көрсеқызар бақталастығы бүгінгі қаламгерлерді кешегі өткен ата-бабалар тарихының қайнар көзі – мифтік, аңыздық, халықтық бастауларға үлкен ой көзімен қарауға жетелеуде. Жазушылар ертедегі мифтік-аңыздық сарындарды шығармаларына арқау еткенде бүгінгі өмір шындығына сәйкес келетін, шығарма тақырыбына үйлесімді сюжеттерді ғана таңдап алады. Аңыздық желілер тарихи шындықтың белгілі бір түрін тұлғаландырады, сөйтіп шартты ойын тәртібін ұсынып, шындықтың белгілі жақтарын философиялық тұрғыдан жинақтап көрсетуге көмектеседі. Белгілі әдебиетші К.Сұлтанов: «Как же обстоит дело с притчевостью как свойством, качеством прозы. Оно интенсивно проявляется в литературе, озабоченной нравственными и философскими, и в одних случаях образует эффект неослабленного и напряженного внимания к мысли, а в других – гранули, фокусирующие нравственно-философскую концепцию произведения» [12, 50], - дегені біздің ойымызды түйіндей түседі

Мифология сонымен қоса көркем шығарманың танымдық белгісін арттырып қана қоймай, оның интеллектуалдылық-біліктілік қасиетін де ширата түседі. Дәстүрлі дидактикалық өсиетшілдіктен, қосымша мазмұндық қоспалардан тазартылған мифтік, аңыздық сарындар шығарманың көркемдік эстетикалық әсеріне ғана емес, оқырман өзі оқып ой түйетін адамгершілік мәселелеріне де терең бой алдыртады.

Қазіргі қазақ әдебиетінде аңыз жасаушылық (мифтік шығармашылық) жекелеген қаламгерлердің шығармашылықтары арқылы еніп, прозамызда ерекше бір өзіндік өрнек, стильдік айшық түзеді.

Негізінен еркіндік, бостандық туралы кеңестік дәуірдің қатаң бақылау тәртібі кезінде ашып айта алмаған суреткерлер өздерінің идеясын, ойларын символдық бейнелер арқылы суреттеп, аңыздың астарлы метафоралық әдістерімен жеткізді. Әрине, кең көлемді эпикалық жанрға қарағанда орта және шағын көлемді жанрларда миф-аңыздарды пайдалану әлдеқайда қиын. Шағын ғана әңгімеге сыналап тағы бір қосалқы сюжетті енгізу қай суреткерден болмасын үлкен шеберлікті талап ететіндігі шындық. Сондықтан да қазақ әдебиетінде 60-жылдарға дейінгі кезеңде повестер мен әңгімелерде миф-аңыздарды қолданған жазушылар сирек ұшырасады.

Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Ер Қаптағай» аңыз-әңгімесі 1942 жылы жазылған. Жазушы қазақ арасында кең тараған Қаптағай батыр туралы аңыздың бір желісін алып шап-шағын көркем әңгіме тудырған. Мұнда жазушы Қаптағай мен оның балаларының ел қорғаудағы батырлық, ерлік істерін айқас үстінде ашып көрсетуді мақсат етпеген сияқты. Көбінесе орта ғасырда өмір сүрген қазақ батырының сыртқы портреті, дойыр да мәрт мінезі, аңғалдығы баса суреттеледі. Сайын даладағы - өмірлері жаугершілікпен өткен бабаларымыздың мінездеріндегі ақкөңіл ірілікті зиялы сыпайлыққа қарсы қояды. Екі түрлі түсінік, екі түрлі мінез, бірақ араларында бір-біріне деген жақындық бар, құрмет бар. Әзірет-Әлі мәймөңкесіз жомарттықты қадірлесе, Қаптағай батыр сыпайы кісілікке тәнті болады. Жазушы әңгімесін «Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда жеңген жауының осал еместігін қоса айтады. Бұл да соның бірі болар. Тек ірілік қана аңыз бола алады» – деп аяқтайды.

Әңгіме көлемі үш беттен зорға асады. Бірақ берер ғибраты, салар ойы үлкен. Мұнда әңгімеге аңыз қосымша тақырып немесе бөлек сюжет болып еніп тұрған жоқ. Керісінше бүкіл әңгіменің сюжеті аңызға құрылған. Тек әңгіме соңындағы «Сол жартас Сарқант ауданында әлі бар, оны тұрған ел Дүлдүл тас дейді» [13, 136], – деген бір-екі ауыз сөз ғана әңгіменің біздің заманымызда жазылғанынан хабар беретіндей.

Әрине, Ғ.Мүсіреповтің 1942 жылы жазылған бұл әңгімесі аңыздық желілерді көркем әңгімеде қолданудың алғашқы бастамалары ғана. Кейінгі жазушылар миф-аңыздарды көркем шығармада пайдаланудың әртүрлі тәсілдерін игерді. Оны батыс пен шығыстың озық әдеби үлгілерімен толықтырды. Белгілі философ Эрнест Кассирердің жорамалдауы бойынша әдебиеттегі миф-аңыздар адамға қоршаған ортаға бейімделудің өзгеше жолын көрсетеді. Ол табиғаттың құпиясын бірте-бірте тани бастайды. Қоршаған әлемді суреттеуде символдық танымдарды көркем әдебиетте өзге қырынан алып, астарлы бейнеде көрсетеді. Көркем шығарманың өмір шындығымен қарым-қатынасы сана, миф, дін, өнер, діл, тіл т.б. философиялық категориялар арқылы символдық түрде алынып, жазушының айтпақ идеясының құндылықты қасиеттерін ерекшелендіре бейнеледі.

Символдық образдардан түйіні мол тұжырымдар жасап, астарынан тағдырдың тар соқпағымен жол сапар шеккен небір бедерлі бейнелердің болмысын көреміз. Шығармадағы символдық нышандар жасырын, астарлы болып келеді. Сондықтан оқырманның өзі ой түйіп, қорытынды шығарып сараптауын қажет етеді. Қазақ жазушыларының шығармаларынан астарлы ойдың айшықты үлгілерін молынан кездестіреміз. Символдың осындай қасиетін: «Құбылтудың бір түрі астарлау, яки символ (грекше шартты белгі) ұғым, бір нәрсені, не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру, ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар беріп, шығармаға әртүрлі сыршыл сипат бітіреді. Астарлы шығарманың идеясы жалаң, жалаңаш көрінбейді, автордың ой толғамдары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды» [14, 219], – деп академик З.Қабдолов өз зерттеу еңбегінде толығынан сипаттап көрсетеді.

Қазіргі көркем прозада аңыздық, мифтік сюжеттердің желісі, өрістеуі, дамуы шартты түрде алынғанмен, соның өзінде жазушылар адамгершілік, моральдық-этикалық проблемалар көтеріп, болашақ ұрпақтар тағдыры үшін тер төгеді. Символдау көптеген қазақ қаламгерлерінің негізгі әдеби тәсілі болып келеді. Шығарманың шындық болмысын танытуда символдық-бейне образдар астарға көбірек мойын ұсынады. Образдың адамгершілік табиғатын ашуда фольклорлық сюжеттер еркін айналымға еніп отырады.

Мысалы, М.Мағауин «Ер Тарғын» әңгімесінде қазақтың батырлық жыры Ер Тарғынды қара сөзбен жазып шыққан. Әңгіменің баяндау тілі де жырдың поэтикалық үлгісінен аса алшақ кетпейді. Тарғынның ата-анаға, дос-жаранға деген мейірбандығын, қарапайымдылығын, сүйген жарға деген адалдығын шағын жанрды қара сөзбен баяндау мақсатының өзі қаламгердің көне аңыздық жырдың идеялық мәнін терең түсінгендігінен деп пайымдағанымыз жөн. Жазушының әңгімені «Ер арманы – халықтың қажетіне жарар. Ер мұраты – елінің мерейін асыру. Арман жолынан ауытқымай, мұратына ұмтылған ұрпақ қашанда мақсатына жетпек» [15, 252] – деп аяқтауы жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түссе керек.

М.Мағауин «Ер Тарғын» жырының сюжетін пайдаланғанда оған көп өзгерістер енгізбеген. Мүмкін жырдың тарихи негізден ауытқуын қаламағаннан болар.

Батыс және Орыс әдебиетінде қазіргі прозадағы миф-аңыздардың рөлі, қызметі туралы осы кезеңге шейін көптеген еңбектер жарық көрді. Ал қазақ әдебиетінде мифологизмнің прозадағы көркемдік қызметі біршама зерттелгенімен, оның көркем прозаға ену тарихы әлі де болса терең зерттеле қойған жоқ. Олай дейтініміз мифологизм бізге шетел әдебиетінен енген жаңалық деген ойдың осы уақытқа дейін үстем болып келуі. Әрине, қаламгерлеріміздің өзге ел әдебиетшілерінен үйренген тұстарының мол екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ XIX ғасырда өмір сүрген Абай поэмаларында миф-аңыздарды арқау етіп, келелі де келісті шығармалар жазса, осы дәстүр одан кейінгі ақын-жазушыларымыздың көбінде жалғасын тауып келеді деп сеніммен айта аламыз. Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин т.б. шығармаларындағы аңыз бен шындықтың астаса көрінуі, бүгінгі зерттеушілерге үлкен ой салары сөзсіз.

Мысалы, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Бәйшешек бақшасы» деген циклді ұсақ әңгімелерінің ішінде шығыс жұртына кеңінен танымал «Ләйлі-Мәжнүн» жырының мынадай бір аңыздық желісі бар. Арабтың бір патшасы Ләйліге ғашықтықтан, өмірден баз кешкен Мәжнүн тағдырын есітіп, оны шақырып алып: «Адамшылықтың қасиетін аяғыңа басып, аңмен қосылып дуана болғандай адамдықтан не залал көрдің?»- дегенде, Мәжнүн айтыпты: «Шын таза асықтыққа ақыл қарсы тұра алмайды. Таза асықтықтың сырын білмегендіктен, мені сөгіп отырсыз. Тым болмаса Ләйлінің нұрлы жүзі қандай сиқырмен менің ақылымды тұзаққа түсіргенін көрген жоқсыз», — деген соң, патша іздеп барып Ләйліні көрсе: жүзі қансыз қара сұрлау, өткір қара көзді, нәзік қана әйел екен. Патша Мәжнүнге қайта келіп: «Ләйліде онша қызығарлық сұлулық жоқ қой? Шын сұлу болса, оған жанның бәрі құмар болмас па еді?» — дегенде Мәжнүн айтыпты: «Әр ақылды адам әлемнің қиын сырын түгел аша алмайды. Әрбір көз шын махаббат нұрын көре алмайды. Ләйліге асық болған көз де, жүрек те сіздікі емес, менікі. Ләйлінің анық нұрын көремін десеңіз, менің көзіммен қарап, менің жүрегіммен ойласаңыз Жүсіптің сұлулығына таң қалып, кеспе орнына қолын тураған әйелдерге ұқсар едіңіз де, менің Ләйліге махаббатымның қандай дәрежеде екенін білер едіңіз» [16, 487].

Көріп отырғанымыздай Шәкәрім әлемге танымал Ләйлі-Мәжнүн поэмасының сюжетінде жоқ - өзгеше оқиғаны аңыз ретінде ұсынады. Бұл сол кезде халық арасында тараған аңыздық желі болуы да мүмкін немесе автор адам сезімінің терең иірімін ашу үшін ойдан шығаруы да мүмкін. Қалай десек те ғашықтық сезімінің психологиялық сипатын танытуда қаламгер осы детальды ұтымды пайдаланған. Ал осы бір шағын аңыздық сюжетті танымал жазушы Мұхтар Мағауин 1977 жылы жазған «Көмір жыры» повесінде пойызда кездескен кейіпкердің әңгімесі ретінде пайдаланады. М.Мағауин мен Ш.Құдайбердиев аңыздарының арасында мазмұндау жағынан болсын, оқиғаның дамуы жағынан болсын көп айырмашылық жоқ. Кейде баяндау тілдерінің өзінде жақындық бары аңғарылады. Бұған қарағанда М.Мағауин жазушы ғана емес ғалым ретінде де Шәкәрім шығармаларымен, соның ішінде осы Ләйлі мен Мәжнүнге қатысты әңгімемен бұрыннан таныс болған деп айта аламыз. Салыстыру үшін «Көмір жыры» повесіндегі мына мысалға назар аударып көрелік: «Сіз бәлкім, ел аузындағы әңгімені естіген шығарсыз. Ақын Қайыстың, яғни, Мәжнүннің зарына қаныққан әлдебір патша Ләйліні көруге құмартыпты. Ғажайып сұлулықты тамашаламақ ниетпен әдейі іздеп барады. Патша шынында қайран қалыпты. Ләйлі – биік қабақ, қалың қасты, танауы қусырылған, қанын ішіне тартқан арық қара сұр келіншек екен. Көңсіз, өңсіз ғана емес, сүйкімсіз екен дейді. Патша енді Мәжнүнге келіпті. Ей, пақыр, көзіңді аш, ақылыңа түс, жүр менің сарайыма, қас сұлудың біреуін емес бесеуін, онын сыйға тартайын, Ләйліні көрдім, сен өмірден баз кешетіндей әйел емес, солай да солай десе керек. Сіз Ләйліні өзіңіздің көзіңізбен көрдіңіз, мен өзімнің көзіммен көрдім депті Мәжнүн» [17, 178].

Автор аңызды повестке қосалқы сюжет ретінде ендірмей кейіпкердің өз сөзін дәлелдеу үшін пайдаланған мысал ретінде береді. Оның үстіне аңыз құр жай баяндау ғана емес диалогқа құрылған. Бұл М.Мағауиннің миф-аңыздарды қолданудағы өзіндік ерекшелігі сияқты. Оған басқа әңгіме повестерінен де көптеген дәлелдеулер келтіруге болады. Солай дей тұрғанмен де Шәкәрім әңгімесіндегі Ләйлінің портретіне қатысты айтылатын «жүзі қансыз, қара сұрлау» деген бейнелеу М.Мағауинде «қанын ішіне тартқан арық қара сұр»-деп те ұқсас деңгейде қайталануы жазушының өз шығармасына аңызды архив материалынан пайдаланғандығын дәлелдей түседі.

Қазіргі қазақ қаламгерлерінің шығармаларынан әңгіме жанрындағы психологиялық детальдарына жете мән берушілік жиі көрініс таба бастады. Сонымен қатар ұлттық аңыздың кейіпкер мінезін танытатын логикалық ойлау жүйесі объективті өмір шындығымен танудағы біртұтас бірлестігі жаңаша көркемдік бағытпен дамыды. Аңыздық желі мен мифтік мотивтерден әңгіме-повесть тудырып жүрген қаламгерлер шығармаларында жаңа ізденістер көрініс таба бастады. Ә.Кекілбаевтың

«Күй» повесі, «Ханша дария хикаясы», Т.Әлімқұловтың «Қара қобыз», «Қараой» әңгімелері, Ә.Әлімжановтың «Қара сұңқар» повесі, М.Мағауиннің «Кк мұнар» повесі, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесі, М.Сқақбаевтың «Дұшпан тұсар» әңгімесі мен «Жойқынтөбе» повесі, Бөкеевтің «Қар қызы», «Сайтан көпір» повестері және тағы басқа жазушылар халық прозасының негізгі сюжеттік желілерін бүгінгі күн шындығына жақындатып, қайта өңдеп, шығармаларына арқау етті. Сонымен бірге орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері - Л.Толстойдан кейіпкердің ішкі жан дүниесі сұлулығын, А.Чеховтан «рухани құлдыраудан» құтқаратын асқақ поэтикасын, И.Буниннен өрбіген лирикалық прозаның нәзік табиғатын реалистік тұрғыдан меңгеріп, әңгіме жанрының көркемдік әлемін ұлттық арнада дамытты.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 б.
2. Қабдол З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат, 1997. – 350 б.
3. Уәлиханов Ш. Толық шығармалар жинағы. I т. XVIII s. Батырлар туралы тарихи аңыздар. — Алматы, 1984. – 420 б.
4. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 270 б.
5. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. (типология, эстетика, генезис). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.
6. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 229 б.
7. Елеуқенов Ш. «От фольклора до романа эпопеи». – Алматы: Жазушы, 1971. – 256 с.
8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 420 б.
9. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 194 б.
10. Агилеро Мальто. Основываясь на Латиноамериканском опыте. //Вопросы и литературы. – 1978. – № 12. – 30 декабря. – С. 211.
11. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428 б.
12. Султанов К. Притча и литература //Литературное обозрение. – 1978. – №1. – 25 января. – 50 с.
13. Мүсірепов Ф. Үш томдық таңдамалы шығармалары. I т. – Алматы: Жазушы, 1980. – 480 б.
14. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 350 б.
15. Мағауин М. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I т. – Алматы: Жазушы, 1990. – 420 б.
16. Құдайбердиев Ш. Бәйшешек бақшасы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
17. Мағауин М. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. II т. – Алматы: Жазушы, 1990. – 448 б.

*Сарбасов Болатхан Сергазыұлы,
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессор м.а.
Қиарыстанова Гүлжан Қанатқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

АЛМА ҚЫРУБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕСІ

Аннотация: Бұл мақалада ғалым-ұстаз Қыраубаева Алма Мүтәліпқызының «Сенім» бағдарламасы мен ұлттық мектеп қалыптастырудағы ізденіс, еңбектері баяндалады. Шәкірт жанын терең түсіне білетін ұлағатты ұстаз бала бойына рухани құндылықтарды сіңіру үшін ұлттық мектептің маңызы зор деп санады. Жылдар бойы іздене келіп, қазақ балалары үшін бағдарлама құрып, мектеп ашты.

Түйін сөздер: «Сенім» бағдарламасы, ұлттық мектеп, ұстаз, шәкірт.

Қай қоғам, қай кезеңде болмасын адамзат тарихының тағлымы мол тұстарын зерттеп-зерделеу – өткенін еске алу арқылы іске асатыны белгілі. Бүгінгі мен болашағын айқындау – игі жақсы зиялы қауымның белсенді іс-әрекеті арқылы танылса керек. Сол мақсатта күш-қайратын, білім-жігерін, ақыл-ойын парасаттылығы мен біліктілігін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз ғалымдарымыздың ұмытылмас ерен еңбектерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп отырудың үлкендер үшін де, кішілер үшін де тәлімдік мәні зор болмақ. Қазақтың ұлы ақыны әрі педагогы Мағжан Жұмабаев өзінің бір еңбегінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір қолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» деп көрсеткен екен. Ендеше нағыз ұстаз есіміне сай лайықты жандарды қадірлеу, құрметтеу керектігі айқын аңғарылады, яғни ұстаздар қауымның қай қоғам, қай кезең болмасын, тіпті арғы-бергі тарихымызға үңілсек те, алар орны, берер әсері, шығар биігі жоғары бағаланған. Қазақ тарихындағы ағартушылардың жолын жалғастырған, қазақ балаларын оқытып, көкірек көзін ашуда ерен еңбек еткен ұстаз әрі бірнеше

әдістемелік бағыттағы еңбектердің авторы, ғалым Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева жайында сөз ету ләзім. Ол – ұлағатты ұстаз, сарабал ғалым, білікті де жанашыл педагог ретінде танымал тұлға. Оның қазақ білімінің қара шаңырағы, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына қаншама буын шәкірттерді дайындап берген Қазақ ұлттық университетінде білім алып, аспирантура бітіріп, ғылым жолына бет бұрғандағы бағыт сілтеуші ұстазы – Бейсембай Кенжебаев еді. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде орасан зор еңбек сіңірген ғалым Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен А.Қыраубаева қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеді. Р.Нұрғали, М.Мағауин, М.Жолдасбеков сынды әдебиет алыптарымен бір ғылыми мектепте тәрбиеленген Алма Мүтәліпқызының ғылымдағы сара жолы даңғыл болды.

Ғалым Алма Қыраубаеваның еңбектерін төрт салаға бөліп қарастыруға болады: бірінші бағыты – орта ғасырлардағы шығыстық қисса-дастандар, яғни орта ғасыр әдебиетін зерттеуі; екінші бағыты – түркологиялық зерттеулер; үшінші бағыты – педагогикалық зерттеулер; төртінші бағыты – Жамбыл Жабаев шығармашылығы. Алма Мүтәліпқызы Жамбыл Жабаевтың ұмытылған термелерін жинақтап, өз орындауында Қазақ радиосының Алтын қорына жаздырып, «Жамбыл әуендері» жинағын құрастырды.

Ғалым мектеп ашумен қатар, 90-жылдары өзінің ұлттық білім ошағы, оның болашағы, ұлттық тәрбие ұстындары қандай болу керектігі жайлы ұстаздық ақжарма ойларымен – өзекті мақалалары, педагогтік толғаныстарымен республикалық баспасөз беттерінде көпшілікпен жиі ой бөлісіп, көсемсөзші ретінде де танылды. Ұстаздың тәрбие мәселелеріне арналған ой-толғаныстары «Жаным садаға» атты кітапта көрініс тапты.

Кітап негізінде «Қазақстан мектебі» журналының 1996 жылдың сәуірдегі санында Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы жарияланды. Бағдарлама негізі – Алматы облысының Қаскелең ауданы (қазіргі Қарасай ауданы) Жандосов ауылындағы 1993-1996 жылдар аралығында жұмыс істеген Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп лицейінің тәжірибелік сынама (апробация) нәтижесі. Десек те, нағыз еңбек пен Алма апайдың шынайы ниеті «Сенім» бағдарламасының дәуірінің тоқтамауына негіз болды. Бүгінгі таңда мұғалімдік мамандықты тізгіндеген жандардың, әсіресе, біз сияқты жастардың одан алары көп.

Этнопедагогикалық бағыттағы басылым «Ұлт тағылымы» журналының 1998-2000 жылдардағы нөмірлерінде Алма Мүтәліпқызының ұлттық тәрбие мәселелеріне арнаған өзекті де өткір, байыппен жазылған мақалалары оқыту, өнеге беру ісін ұлттық тәрбие арнасында жүргізудің зәру қажеттілігі мен ұлан-асыр мүмкіндіктерін ұлт болашағына самарқау қарай алмайтын зиялы, ұлтжанды жан, ұстаз ғалым ретінде білгірлікпен байыптаған, оқыған адамды ізгілікті идеяларымен, ұлттық дәстүрлерге деген шынайы құрметімен баурап алатын ұстаздық ұлы жүректің толғаныстары түрінде танылды.

Ғалымның «Ежелгі әдебиет» атты мектеп оқушыларына арналған оқулығы 1995 жылы «Сорос-Қазақстан» қоры Білім министрлігімен жариялаған гуманитарлық пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарына жариялаған ашық конкурстың бәйгесіне ие болды. Басылып, жарық көріп, жаңаша мазмұнымен әр оқушының көңілінде түркі халықтарының ортақ тарихы мен сөз өнеріне, ұлт тарихының бастауларына деген ерекше құрмет пен сезімді оятқан бұл еңбек жөнінде белгілі әдебиетші, тілші, ғалымдар М.Серғалиев, С.Мақпырұлы, М.Мағауин, Ж.Дәдебаевтар мәнді пікір білдірді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақстандық ғалым-педагогтер алдында «Тәуелсіз елдің білім саласы өз бағытын қалай нақтылайды?», «Білім саласын қандай өзгерістер күтуде?», «Әлемдік білім беру саласында қандай өзгерістер бар?» деген сынды сұрақтар туындады. Бұл бағытта ғалымдар, әдіскерлер мен тәжірибелі ұстаздар ой толғап, шығармашылық пен ізденіс кеңістігіне аяқ басты: қалыптасқан «дәстүрлі сабақтар» тың үлгідегі «қалыптан тыс сабақтармен» алмастырыла бастады, кеңестік дәуірдегі білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге алғаш қадам жасаған жекеменшік, авторлық мектептер өмірге келе бастады. Осындай бір батыл қадамды профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева жасады. Бастамашыл ғалымның осы бағыттағы еңбегін жүйелеп, талдап, саралап көрсету – бүгінгі педагогика ғылымы үшін қажеттілігін жойған жоқ.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары экономикалық дағдарыс саңсыратқан елімізде мектептер мен арнаулы оқу орындарының жастарға білім беру шаралары тығырыққа тіреліп тұрды. Осыдан шығудың жолын іздеп, ұрпақ үшін жаны күйінген ұстаздар қажырлана еңбек етті. Солардың бірі – ғалым, ұстаз Алма Қыраубаева еді. Ол әдебиет саласында ғана еңбек етіп қоймай, педагогика саласына баға жетпес үлес қосқан. Ол ел басына қиын-қыстау күн туған заманда, кедергілерге қарамастан, ұлт құндылықтарын бойына сіңірген, әлемдік ауқымда ұлттық құбылыс болып таныла білер тұлғаны қалыптастыру, бағдар беру бағытында қыруар жұмыстар атқарды.

Ғалымның өзі «жаным садаға» деп аялаған бірнеше толқын ұрпаққа білім дарытқан Ұстаздығымен қатар, Тәуелсіздік келді деп шын қуанып, отандық педагогикада алғашқы болып Ұлттық мектеп моделін құрып, білім беру жүйесіне Ұлттық идея тұрғысынан реформа жасаған Көшбасшы; сол идеясын тұңғыш рет өз күшімен жүзеге асырған қарлығаш ниет Жасампаз. Педагогика ғылымдарының докторы Жанат Дәулетбекова тілімен айтқанда «Алаш Арыстарының арманын қайта жандандырып, ұлт болашағына білім мен тәрбиені бірге сіңірудің жолын нұсқаған Туындыгер-Ғалым» [1, 76.].

Алма Қыраубаева – Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды педагогтардың ізбасары, дәстүрін жалғастырушы. Аты аталған ардақты тұлғалар қазақ баласының көзін ашу үшін жан аямай еңбек етсе, А.Қыраубаева ұлттық тәрбиеден қол үзіп, орыстанып бара жатқан қазақ ұландарын сақтап қалу мақсатында қанатымен су сепкен қарлығаштай ұлттық негіздегі қазақ мектебін ашты. Бір бөлмелі пәтерін кепілге қойып, ұлттық құндылықтардан айрылып қалмау жолында жанкешті еңбек етті. Арыстар негізін салып кеткен ұлттық педагогика мен психологияны сол кезеңдегі қазақ баласының болмысына сай тәжірибе жүзінде іске асырды. Алматының іргесіндегі Қарасай ауданына қарасты О.Жандосов ауылында 1993 жылы Алма Қыраубаеваның жетекшілігімен Қазақ гуманитарлық мәдениеті лицейі ашылды. Бірақ өкінішке орай лицей қаражат тапшылығымен 1996 жылы жабылып қалды.

Осы үш жылдың ішінде мектепте 70 шақты оқушы білім алды, 15 ұстаз еңбек етті. Лицейде бес сынып жұмыс істеді: 1 сынып, 2 сынып, 6 сынып, 7 сынып, 8 сыныптарда балалар оқыды. Құрамында он бестен аса мұғалімдер қызмет атқарды. Ұлттық сипаттағы бұл мектептің өзіндік ерекшелігі болды. Қарым-қатынас мәдениеті негізінде ұстаздар оқушыларға «сен» дегеннің орнына «сіз», оқушының атына ұл бала болса «мырза», қыз балаға «бикеш» деген сөздерді тіркестіріп айтқан. Ұстаздардың есімдеріне жас ерекшелігіне қарай «бике», «бибі» деген сөздер қосарланып айтылған. Аталмыш лицей қазақ ұлттық мектебі моделінің жүзеге асқан бір көрінісі болды.

Әдіскер «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқиық» деген Ыбырай атасы аштыртқан мектептердің де, оның алдында Жәңгір хан өмірге келтірген оқу орнының да өнеге-үлгісі мен нәтижесін ғана емес, Афина мен араб білімпаздарын өмірге келтірген білім шаңырақтарының да, кеңестік дәуірдің жалпы білім беретін оқу орындарының да басты ерекшеліктерін зердесінен өткізіп барып, саналы да жігерлі ұл мен қыз тәрбиелейтін ұлттық мектептің бағдарламасын жасап, мектеп ашты. «Бізде басқалардың тәрбиесі өзімізден артық көрінетін бір кембағалдық әдет бар. Басқа елдің тәжірибесін тұтастай енгізу жақсылыққа әкелмейді. Оның ішінде ұлттық құндылықтарға қабысатынын ғана пайдалануымыз керектігін ескере бермейміз. Оқулықтарымыздың мазмұнының жаңа буынға арналып жаңара бастауы – қуанарлық жай. Алайда оқулық көлемін қанша қампайтқанмен, ұлттық тәрбиені толық қамти алмайды. Ол қосымша бағдарламалармен толығы тиіс. Бастауыштан бастап ертегі аңыздар, ұлттық әдеп, Қазақ елінің арғы-бергі тарихынан қызықты оқиғалар, ұлт тұлғалары, ежелгі әдебиет, ислам әдебиетінен мағлұматтар содан алынуы тиіс. Ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыштан мектеп бітіргенге дейінгі ұрпақтар тәрбиесін халық тәрбиесінің негізінде жүргізу ләзім. Мектептің бағыт-бағдары, мазмұны түгел қазақ рухында болуы қажет» [2, 96.] деп жазды.

Ұлттық мектеп ашу мақсатында «Кемел мемлекет арманы», «Ұлтқа ұлттық мектеп қажет», «Ұлттық мектеп келешегімен биік», «Ұлттық мектеп өрісіміз», «Болашақтың дінгегі», «Адамшылықты ардақтаған ел», «Бізге қандай оқу керек» тағы басқа өткір де өтімді мақалаларын жазып, мерзімдік басылымдарда («Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі» т.б.) жариялап отырды.

Бала болашағы, келешек ұрпақ тәрбиесі – ұстаздық етуден жалықпаған Алма Мүтәліпқызының өмірлік мұраты – ұлттық мектеп ашу болатын. «Бізде қазақ мектебі бар, бірақ ұлттық мектеп жасалған жоқ. Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. Қазақ мектептеріне осы жетіспейді. Қазақ мектебі дегеніміз – қазақ тілінде оқытатын, ұлттық сананы, рухты қалыптастыратын мектеп» деген орнықты ойларының білімді ұлт болашағын меңзеген ұлы мұраттардан туғандығы анық.

Қорыта айтқанда, А.Қыраубаева ғалымдығын ұстаздықпен қатар жүргізіп, әдебиетіміздің ежелгі дәуіріне арналған жүздеген мақалалар, оннан аса оқулық пен зерттеу еңбектерін жазды. Ежелгі әдебиеттің бірден-бір маманы ретінде ерте кездердегі қазақ әдебиетінің тың өңірлеріне батыл барып, алғаш рет зерделі пайымдаулар жасады. Әдебиетіміздің терең тамырларын зерттеуге тың жолдар салды. Ғалым қаламынан туындаған еңбектер бүгінгі күндері мектептерде, жоғары оқу орындарында оқулық, оқу құралы ретінде пайдаланылып жүр, онда көтерілген ойлар, идеялар болашақ жаңа зерттеушілердің ұйытқысы болатынына сенемін.

Әдебиеттер:

1. Дәулетбекова Ж. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық еңбектеріндегі ізгілік қағидалары немесе Алма апайдың Ауробиндосы // Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай қылыми-зерттеу институты, 2022. -97 бет. Алматы
2. Қыраубаева А. Ұлттық мектеп келешегімен биік // Егемен Қазақстан, 1992, 12 маусым. 9бет.
3. Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы. 4 том. - Алматы: Өнер, 2011. -344 бет.

*Мекебаева Лейла Адамқызы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы
Айту Нұрай Нұрхатқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті магистранты*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ОЙЫН: ПОСТМОДЕРНИЗМ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақала постмодерндік аспектілерге баса назар аударып отырып, қазіргі қазақ прозасында әдеби ойынның қолданылуын қарастырады. Автор қазақ әдебиетіндегі постмодерндік көзқарасқа тән шығармашылық әдістерді талдайды және бұл элементтердің мәтіндерді қабылдау мен түсіндіруге қалай әсер ететінін зерттейді. Мақала қазіргі әдеби контексте қазақ прозасының эволюциясын түсінуді кеңейтуге және постмодерндік элементтерді шығармашылық процеске енгізу ерекшеліктерін анықтауға арналған.

Түйін сөздер. әдеби ойын, қазіргі қазақ прозасы, постмодерн , шығармашылық тәсілдер, әдебиет эволюциясы, Постмодерн аспектілері.

Қазіргі қазақ прозасында әдеби ойын оқырмандардың да, зерттеушілердің де назарын аударып, елеулі құбылысқа айналуға бастады. Бұл тенденция әсіресе постмодернизм контекстінде маңызды, бұл көркемдік тәжірибеге айтарлықтай әсер етеді. Бұл мақала әдеби ойынды пайдалануға баса назар аударып, қазақ прозасындағы постмодерндік аспектілерді талдауға арналған. Постмодернизмнің негізгі элементтерінің бірі – тіл мен форма эксперименттеріне ашықтық. Қазақ прозасында бұл әртүрлі стильдік тәсілдерді қолдануда, лексикамен және синтаксиспен ойнауда көрінеді. Авторлар дәстүрлі әдеби шығармаларға қарағанда кейде өнер туындыларына ұқсайтын мәтіндер жасау арқылы дәстүрлі шекараларды әдейі бұзады. Тағы бір маңызды аспект – метатекстуалдылық. Қазақ жазушылары өз шығармаларында авторлық және оқырмандық ұғымдарымен ойнай отырып, әдеби шығармашылық үдерісіне жиі жүгінеді. Бұл өзіне жасалған ирония және әдеби актіні өзін-өзі түсіну постмодерндік көзқарасқа тән [1].

Әдеби ойын интермәтіндік сілтемелерді жиі қолдануда да көрінеді. Авторлар өз шығармаларына классикалық әдебиетке, әлемдік мәдениетке сілтемелер енгізіп, мағыналардың күрделі желілерін жасайды. Бұл оқырманға әдеби сауаттылық дәрежесіне және мәдени шолуларына байланысты әр түрлі деңгейдегі мәтіннен ләззат алуға мүмкіндік береді. Постмодерндік қазақ прозасындағы сюжеттік құрылым да өзгеріске ұшырайды. Авторлар оқиғалар хронологиясымен және әңгіме құрылымымен ойнай отырып, жанама, көп мағыналы әңгімелерді жақсы көреді. Бұл әдеби ойынның белсенді қатысушысы болатын оқырманның белсенді өзара әрекеттесуін тудырады. Әдеби ойын мен постмодернизмнің әсерінен біріктірілген шығармалар жанрлар туралы дәстүрлі түсініктерге жиі қарсы тұрады. Романдар қиял, детектив, ғылыми фантастика элементтерін қамтуы мүмкін, конвенциясыз гибриді формалар жасайды [2].

Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихты зерттеуге, ұлттық мұрадағы олқылықтардың орнын толтыруға деген ұмтылыс айқын көрінеді. Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең», А.Оспановтың «Наркескен», М.Әбдікәкімұлының «Түркістан өлкесіндегі Ойран», Т.Мәмесейттің «Танжарық», Ұ.Бегімбайдың «Алдаспан рухы», М.Мағауиннің «Шыңғысхан», Ә.Сарайдың «Ноғайлы» сияқты көптеген заманауи туындылары өткенге деген қызығушылығы мен тарихи мұраға үлес қосуға деген ұмтылысын көрсетеді. З.Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай», «Тарихи шығармалардың тууы» сияқты тарихи шығармалар әлеуметтік теориялар мен тұжырымдарды зерттейді, бұл әдебиеттегі тарихи тақырыптарды зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Қазіргі қазақ әдебиеті әлеуметтік теориялармен және ұлттық тарихқа рефлексиямен терең диалогқа тартылады. Бұл тенденция тамырларға жүгінудің, өз өткенін түсінудің және ұжымдық сәйкестікті қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Екінші

жағынан, қазіргі қазақ прозасында структурализм мен постструктурализмнің әсері де байқалады. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханшы-Дария», О.Бөкейдің «Айпара-ана», «Құм мінезі», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім Бота», Р.Сейсенбаевтың «Шайтанның тағы» сияқты шығармалары, С.Санбаевтың «Ақ Аруана», Т.Әбдіқовтың «Тозақ оттары жымындайды», М.Мағауиннің «Жармак», Д.Рамазанның «Жан», «Жын», «Пері мен пенде» және тағы басқалары қазіргі қазақ әдебиетіндегі құрылымдар мен жанрлардың алуан түрлілігін көрсетеді [3].

Жоғарыда аталған шығармаларда қазіргі қазақ прозасының негізгі элементіне айналатын әдеби ойынға бейімділік айқын көрінеді. Бұл шығармалардағы әдеби ойын бірнеше аспектілерде көрінеді, мәтіндерге өзіндік ерекшелік пен интеллектуалды тереңдік береді.

Біріншіден, тілмен ойынның метатекстуалды элементтері. Авторлар лексикамен, синтаксиспен және сөйлем құрылымымен ойнай отырып, әртүрлі тілдік әдістерді белсенді қолданады. Бұл әртүрлі оқу деңгейлеріне қол жеткізетін және интеллектуалды іздеуді ынталандыратын көп деңгейлі мәтін жасайды. Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезеңі» және А.Оспановтың «Наркескен» сияқты тарих тақырыбындағы шығармалар көбінесе тарихи оқиғаларға, тұлғаларға немесе әдеби шығармаларға тұспалдаулар мен сілтемелерді қамтиды. Бұл күрделі мәтінді жасайды, оны кең оқырмандар да, тарихты терең білетіндер де түсінеді және бағалайды. Екіншіден, жанрлық құрылыммен эксперименттер. У.Бегімбайдың «Алдаспан рухы» және С.Шүкіровтың «Шақпақ Жәнібек» сияқты көптеген шығармалары тарихи прозаның элементтері қиял, мифология және тіпті ғылыми фантастика элементтерімен тоғысатын жанрлардың қоспасы болып табылады. Бұл шығармаларға өзіндік ерекшелік береді және оқырман тәжірибесін байытады. Үшінші аспект – баяндау құрылымы бар ойын. Т.Мәмесейіттің «Танжарык» және Т.Әбдіктің «Тозақ оттары жымындайды» сияқты шығармалары көбінесе уақыт сызықтарын біріктіретін және оқиғаларды әртүрлі бұрыштардан ашатын сызықтық емес сюжеттерді ұсынады. Бұл қызықты сюжеттік пейзажды жасайды және оқырманға белсенді қабылдау мен талдауға қиындық тудырады. Төртінші аспект – метафикация және өзін-өзі көрсету. Т.Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» және Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» сияқты шығармалары әдеби процестің өзіндік сипатын метафикациялық түрде талқылайды. Авторлар мәтінге жазушының, оқырманның және шығарманың рөлі туралы пайымдаулар енгізеді. Бесінші аспект – интермәтіндік. Шығармалар көбінесе классикалық әдебиетке, халық ертегілеріне, мифтерге және мәдени рәміздерге сілтемелерді қамтиды. Бұл оқырманның біліміне байланысты әр түрлі деңгейде оқыллатын мәтіннің қабатын жасайды [4].

Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ойынның тереңдігінде мифтер мен стереотиптерді деконструкциялау үрдісі байқалады. Авторлар мәдени нормалар мен идеологиялық көзқарастарға белсенді түрде жүгінеді, оларды компоненттерге бөледі. Бұл процесс жаңа семантикалық контексттер жасайды және оқырмандарға түсіндірудің кең арсеналын ұсынады. Постмодерндік қазақ прозасында шындық пен ойдан шығарылған ойын жиі байқалады. Шындық пен қиял арасындағы шекаралар бұлыңғыр болып, сиқыр мен күтпеген кейіпкерлердің атмосферасын жасайды. Бұл мәтінді қабылдауға әсер етеді және әдеби эксперименттің маңыздылығын көрсетеді. Постмодернизмді қалыптастырған әдеби ағымдардың әсерін де атап өтеміз. Сиқырлы реализм, авангард, сюрреализм мәтіндерді жаңа идеялармен және өрнек формаларымен байыта отырып, қазақ прозасында көрініс табады. Стилдер мен бағыттардың бұл әртүрлілігі әр шығарманы ерекше етеді және оқырманның қызығушылығын тудырады. Постмодерндік қазақ прозасындағы әдеби ойын пікірлер мен мағыналардың динамикалық алмасуына ықпал етеді. Мәтіндер әр түрлі түсіндірулер мен пікірталастарға мүмкіндік беретін қабаттарға айналады.

Постмодерндік қазақ прозасының маңызды ерекшелігі – плюрализм мен полифонияға баса назар аудару. Авторлар өз шығармаларына әр түрлі перспективаларды, әр түрлі ұрпақтар мен мәдени топтардың дауыстарын қосып, жан-жақтылыққа бай мәтіндер жасайды. Бұл мәдени мұраның байлығын көрсетеді және жаңа әдеби дәстүрлердің қалыптасуына ықпал етеді. Әдеби ойын мен постмодернизмге бағытталған заманауи қазақ прозасы оқырмандарға ерекше тәжірибе ұсынады. Бұл жай оқу емес, шығармашылық процеске қатысу, мұнда әркім мәтінді өз қабылдауының авторы бола алады. Әдеби ойын тек көңіл көтерудің ғана емес, сонымен бірге білім берудің де құралы болып, оқу тәжірибесінің көкжиегін кеңейтеді.

Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ойынның алтыншы аспектісі – шындық пен ойдан шығарылған ойын. Көптеген шығармалар оқырмандарға тарихи оқиғалар мен тұлғалар фантастикалық элементтермен араласатын балама шындықты ұсынады. Бұл тарихты әр түрлі түсіндіруге болатын және шығарманың өзіндік әлемі қалыптасатын ерекше кеңістік жасайды. Жетінші аспект – рәміздер мен бейнелермен ойнау. Шығармалар көбінесе көптеген түсіндірмелері бар символизм мен бейнелерді қолданады. Аллегориялар мен метафоралар мәтінге еніп, оны тереңдікпен байытады және

оқырман үшін мағынаның жаңа қабаттарын ашады. Сегізінші аспект – парадокстар мен ирония. Қазіргі қазақ прозасының көптеген шығармалары парадокстармен ойнайды және иронияны күрделі ойларды білдіру құралы ретінде пайдаланады. Бұл шындық пен фантастика, байсалдылық пен әзіл бір-бірімен араласатын ерекше стиль жасайды. М.Мағауиннің «Жармағында» біз әдеби элементтердің кейіпкерлердің өмірлік драмаларын зерттеу құралына айналғанын көреміз. Мұнда тіл мен құрылым оқырманға эмпатия тудыратын күрделі эмоцияларды білдіру үшін қолданылады. Жазушы қазіргі қазақ қоғамы контекстінде адам өмірінің мәнін ашу үшін мотивтермен және рәміздермен ептілікпен ойнайды. Д.Рамазанның «Жан» кітабында әдеби ойын өзін-өзі түсіну мәселелеріне жүгіну құралына айналады. Автор әдеби қиялдың элементтері шындықпен тоғысатын күрделі мозаикалық мәтін жасайды. Бұл оқырманға кейіпкерлердің психологиялық аспектілеріне тереңірек үңіліп, олардың рухани ізденістері мен күмәндерін қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл шығармалардағы әдеби ойын тек көркемдік экспрессия құралы ғана емес, сонымен қатар адамның терең аспектілерін зерттеу құралы ретінде де қызмет етеді. Жазушылар әдеби шығармашылықтың еркіндігін адам табиғатының күрделі және нәзік нюанстарына ену үшін пайдаланады, бұл оқырмандардың эстетикалық қанағаттануын ғана емес, сонымен бірге өмірдің мәні, жеке басы және өзіндік құндылықтары туралы ойларын тудырады.

Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ойынның маңызды элементі мәдени бірегейлік мәселелеріне және әлеуметтік-мәдени сын-тегеуріндерге де назар аудару болып табылады. Әдеби ойынға баса назар аударатын шығармалар оны қоғамдағы өзгерістерді, дәстүр мен қазіргі заман арасындағы байланысты талқылау құралы ретінде пайдаланады. О.Бөкейдің «Қар қызы» шығармасында әдеби ойын мәдени рәміздер мен дәстүрлерге жүгіну құралы ретінде қызмет етеді. Автор мифтер мен аңыздарды қазіргі контексте қайта қарастырады. Бұл оқырманға мәдени мұраны жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін күрделі текстураларды жасайды.

Думан Рамазанның «Жан» әдеби ойынды мәдени сәйкестілік пен ұлттық тарих мәселелеріне жүгіну үшін де қолданады. Бұл шығармада фольклордың, дәстүр мен шындықтың элементтері тоғысып, қазақ қоғамының бірегей мозаикалық бейнесін жасайды. Мұндағы әдеби ойын ұлттық сананы бейнелеу және заманауи қиындықтарды түсіну құралы ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ, бұл шығармалардағы әдеби ойын әлеуметтік-мәдени қиындықтарға жауап ретінде қарастырылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Ол дәстүр мен инновация, ұлттық және жаһандық арасындағы диалог үшін кеңістік жасайды. Көркемдік әдістерді қолдану арқылы қазіргі қазақ прозасының авторлары қазіргі оқырман үшін өзекті мәселелерді көтере отырып, мәдени даму динамикасын атап көрсетеді. [5]

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ прозасында постмодерндік тәсілмен қолдау тапқан әдеби ойын авторлар үшін өзін-өзі көрсетудің және өзін-өзі түсінудің маңызды құралына айналады. Бұл стиль оқырмандарға мәтіндерді қабылдау мен талдаудың жаңа жолдарын ұсына отырып, әдеби пейзажды белсенді түрде қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Нагорная Н.А. Сновидения в постмодернистской прозе. – М.: Русская речь. 2003. – № 3. – С. 14-16.
2. Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков: Фолио, 2000. – 256 с.
3. <https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/22858>
4. Гречко Л.К. Интеллектуальный импорт или о периферийном постмодернизме // Общественные науки и современность – 2000. – № 2. – С. 166-179.
5. Ильин И. Постмодернизм. Словарь терминов. – М.: ИНИОН РАН – INTRADA, 2001. – С. 1-12.

Мәтбек Нұрсұлу Қурманбекқызы,
*филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті*
Аубакирова Балжан Баймұханбетқызы,
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті магистранты*

ЖАҚСЫЛЫҚ СӘМИТҰЛЫНЫҢ ҒҰМЫРНАМАСЫ МЕН ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қытай жерінде дүние есігін ашып, кейіннен атамекенге оралған көрнекті жазушы Жақсылық Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы жайында сөз қозғалған. Негізгі

әдебиеттер ретінде «Шетелдердегі қазақ әдебиеті: ұжымдық монографиясы», «Жақсылық Сәмитұлының 75 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ прозасының өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы» алынды. Зерттеу жұмысы жазушы шығармашылығы мен жазушылық шеберлігіне тиісті бағасын беруге бағытталған. Сонымен қатар осыған дейін зерттелген Қытайдағы қазақ әдебиетінен бөлек туған жерге оралған әдебиет өкілдерін де назардан тыс қалдырмау керек екендігі сөз болады. Жақсылық Сәмитұлының ғұмырнамасы мен әдеби мұрасының алар орнына ерекше үңілген. Жазушы шығармашылығы толық зерттеуді қажет ететінін дәлелдейді.

Кіріспе. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында шетелдегі қазақ әдебиеті, эмигранттық әдебиет немесе диаспоралық әдебиет сынды тақырыптар тың зерттеулерді қажет ететіні жасырын емес. Бүгінге дейін кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер құрастырылып, ғылыми жобаның да зерттеу нысанына айналып жатыр.

Шетелдегі қазақ әдебиеті – жалпы қазақ әдебиетінің маңызды құрамдас бөлігі. Атап айтқанда, Қытай және Моңғолия қазақтарының әдеби туындылары – ұлт тарихынан сыр шертетін кесек туындылар. Өз отанында туып, қалыптасып, даму кезеңінен өткен отандық әдебиеттің шығармашылық дәстүр сабақтастығын атажұрттан жырақ туындаған диаспоралық әдебиет ерекшеліктерімен салыстыра қарастыру, шығармашылық ұқсастық пен көркемдік ерекшеліктерін саралай отырып тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізу әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Профессор З. Сейітжанұлының: «...Құйындай құбылмалы күндерде жат жұрттық болып кеткен қазақтардың тарихы, әдебиеті туралы үндемей келдік. Олардың тағдыр-тарихын рухани дүниесін білуге ырық беріп, ыңғай танытпадық. Сөйтіп, сырттағы қазақ диаспорасының әдебиеті ақтандақтар қатарында қалып келді», – деген пікірі тек шетелдегі әдебиет өкілдерін ғана емес, соның ішінде тәуелсіздік жылдары ата жұртын аңсап келген қандас ақын, жазушылар шығармашылығының да тиісті деңгейдегі зерттеу жұмыстарын қажет ететіндігін байқатады [2.185].

Шетелдегі қандастарымыз қоныс тепкен жерлердің әлемнің 40-тан астам мемлекетінде болуы әртүрлі тарихи оқиғалар мен себептердің нәтижесі екені белгілі. Қазіргі таңда шетелде төрт миллиондай қазақ өмір сүруде. Олардың тарихи Отанынан қоныс аударуының себептері мен салдары жайында тарихшылардың, әдебиеттанушылардың зерттеу еңбектері бар. Шетелдегі қазақтардың басым бөлігі Ресейдегі Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Моңғолияның Баян Өлгий аймағындағы, Өзбекстанның Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандарында. Сондай-ақ Түркия мемлекеті мен Орта Азия республикаларында, Еуропа елдеріне де қазақтар бар. Әдебиеттану ғылымында Қытай мен Моңғолия қазақтарының әдебиеті туралы зерттеулердің басым болуының басты себебі бұл өлкелерде диаспораның басым бөлігі шоғырланғандығы деп білеміз. Мәселен, қытай қазақтарының тарихы мен тағдыры суреттелген Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр», «Соңғы көш» романдары, Қ. Толыбаевтың «Әсет» романы, Жанат Ахмадиевтің «Дүрбелең», «Шырғалаң» дилогиясы, С. Әбілқасымовтың «Оспан батыр», Ш. Құмардың «Бөке батыр», Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романдары шетелдердегі қазақ әдебиетінің даму үрдісінен хабар береді. Осы туындылар қатарына тәуелсіздік алған жылдары алғашқылардың бірі болып қазақ жеріне аяқ басқан Жақсылық Сәмитұлының «Қаһарлы Алтай» романы мен «Қытайдағы қазақтар» монографиясын да қоса кеткен жөн. Себебі бұл еңбектер – тек әдебиеттің даму үрдісінен бөлек, тарихи шындыққа негізделген кесек туындылар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі таңдағы өзекті мәселе өтек шетелдегі әдебиетті ғана емес, өз Отанына қайта оралған әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеу, ерекшеліктері мен үндестіктерін айқындау. Бұл зерттеу жұмыстары қазақ әдебиетінің даму үдерісіне елеулі үлес қоса алады деп сенеміз. Мәселен, жоғарыда атап өтілген авторлар мен туындылар жайында сөз қозғайтын болсақ, барлығы дерлік тиісті деңгейде зерттелмеген деп айта аламыз. Бұл сөзімізге дәлел аты аталған авторлардың ішінде Қ. Жұмаділовтің шығармашылығы жайында бірнеше диссертациялық жұмысы қорғалған, ал басқа жазушыларымыздың шығармалары хақында жекелеген ғылыми мақалалар ғана жарық көріп отыр.

Шығармашылығына жеке тоқталып етуді қажет ететін тұлғаның бірі – барлық саналы ғұмырын өз ұлтына арнаған Жақсылық Сәмитұлы. Оның 30 жыл шығармашылығының 15 жылы Алтайда, 15 жылы қазақ жерінде өткен. Жазушы – Шығыс Түркістандағы қазақ қаламгерлерінің алдыңғы қатарында тұрған, көпшілікке танымал, талантты әдебиет өкілдерінің бірі. Оның шығармашылық шалқар шабытынан туған әңгіме-хикаяттары халық арасына кең таралып, қалың оқырман қауымның рухани жан серігіне айналған құнды қазыналар.

Басқа да көптеген әріптестері сияқты, Жақсылық Сәмитұлы да о баста әдебиетке өлеңмен келіп араласқан екен. «Шопандарға» деген атаумен тұңғыш өлеңі 1955 жылы «Алтай» газетінде жарияланыпты. Студент кезінде жазған алғашқы әңгімесі «Алғыс пен қарғыс» 1957 жылы Шынжаң «Әдебиет-искусствосы» (қазіргі «Шұғыла») журналында жарық көрген.

Қытайдағы «мәдени төңкеріс» кезінде «саяси қылмыскер», «ұлтшыл» атанып тағдыр тәлкегіне түссе де, сонау шалғай жерде болса да өз елін, ұлтын жүрегінен алыстатпаған қазақтың қарапайым баласы көптеген қиыншылықты басынан өткізді. Қазіргі қазақ жастарының біраз бөлігінің жазушы шығармашылығымен жете таныс емес екендігі қынжылтатын мәселе болып отыр. Қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан жазушының өлеңдері, повестері мен аударма саласында жазған ғылыми еңбектері жетерлік.

Жазушының «Ананың ақ сүті», «Екінші той» атты әңгімелері Шынжаң Жазушылар одағы жағынан бірінші дәрежелі сыйлықтарға ие болса, «Атамекен» деп аталатын хикаяты қытай Мемлекеттік аз санды ұлт жазушыларының үздік шығармаларын бағалауда екінші дәрежелі жүлдені иелеген болатын. Шынжаң қазақ жазушыларының маңдайалды өкілдерінің бірі ретінде танылып, шығармалары басқа халықтардың, әсіресе қытай тіліне көбірек аударылғаны да осы Жақсылық Сәмитұлы еді. Оның «Қаһарлы Алтай» романының өзі тарихи тұлға Оспан батырдың ұлт-азаттық жолындағы ерлігін, халықтың сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігін ашып көрсетеді. Ондағы образдардың жасалуындағы ерекшеліктерден бөлек, бұл туындылар әдебиетке ғана емес, шетелде жүрген қандастарымыз жайын сөз етуде тарих саласына да қосатын үлесі орасан зор болмақ.

Әдістеме және зерттеу әдістері: зерттеу жұмысының барысында салыстырмалы талдау, аналитикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Әдеби шолу. Жазушы шығармашылығы зерттеуден бұрын оның өмірі мен тұрмысын-тіршілігін, ішкі дүниесіне, жазушылық қарымына әсер еткен сыртқы жағдайды пайымдап алған жөн. Ол үшін Жақсылық Сәмитұлының алдыңғы қатар аға буынындағы белең алған тақырып аясын зерттеулерге назар аудармау мүмкін емес.

«Шетелдерде тұратын қазақтар бүкіл ұлттық әдебиеттің ажырамас құрамдас бөлігі болған диаспоралық әдебиетті қалыптастырып дамытуға тарихи-әлеуметтік жағдайлар өзінен-өзі ықпал етті де, осылайша өрісі кең, көркемдігі қуатты Қытайдағы қазақ әдебиеті және Монғолиядағы қазақ әдебиеті қалыптасты» [3.10] Шетелдердегі қазақ әдебиеті, әдеби үдеріс, шығармашылық лаборатория, суреткерлік шеберлік, диаспоралық әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері мен даму жолдары әдебиеттану ғылымында зерттеу нысанына айналуы – заңды құбылыс. Қазақ ғалымдары Тұрсынбек Кәкішұлы, Зұфар Сейтжанов, Мұхтархан Оразбай, Бекқожа Жылқыбек т.б. осы өзекті тақырыпқа бірнеше ғылыми мақала мен зерттеу еңбек жазды. Дүкен Мәсімханұлы «Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлттық идея» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады [4.143]. Зерттеу жұмысы ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы қытай қазақтары ақындарының шығармашылығына арналған. Бұл зерттеу жұмыстары шетелдегі қазақ әдебиеті мен оның өкілдерін зерттеу тарысында жол көрсетер шамшырақ. Еңбекте 1950 жылдарға дейінгі ақын-жазушылардың ғана тақырып таңдау ерекшеліктері мен ұқсастықтары жайындағы ақпараттар қамтылған. Сол күрескерлік дәстүрді жалғастырушы Жақсылық Сәмитұлы секілді тұлғалардың шығармашылығын кеңінен талдауда тиімді құрал бола алады.

Қазіргі таңда Жақсылық Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы толық зерттелді деп айту қиын, себебі жазушының өмірі жайында естелік мақалалар және шығармалары жайында ғылыми мақалалар ғана бар. 2015 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен «Ер Жәнібек» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Жақсылық Сәмитұлының 75 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ прозасының өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілген. Конференцияның мақалалары жинақ болып жарық көрді. Жинаққа Г. Орданың «Ж. Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы», Д. Мамырбаеваның «Сәйгүлік жазушы», Ж. Шәкенұлының «Жартасқа қонған қыран» және Қ. Жұмаділдің «Алтай ақиығы» сынды мақалалар енгізілген [5.133 б.]. Онда мақала авторлары Ж. Сәмитұлы жайында өз естеліктерімен бөлісіп, жазушының еңбектеріне өзіндік бағасын берген.

Жазушының шығармашылығы жайында азды-көпті ақпарат Мұхтар Шоқанның ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жемісі» атты еңбегінде жарияланған. Бұл – Жақсылық Сәмитұлының ғана емес, тәуелсіздік жылдарында алыс-жақын шетелдерден келген бір миллионға жуық қандастарымыздың, оның ішінде ақын-жазушыларымыздың шығармашылығын танытуда маңызға ие жинақ. «Тәуелсіздік жемісі» кітабы он шақты мемлекеттен келген 118 адамды қамтыған. Жинақта жазушының өміріне шолу жасалып, туындыларының тізімі берілген [6.136-137]. Әрине, тізім ретінде жинақтап жазушылар есімін танытқан дұрыс, бірақ жазушыны оқырманның тануы мен мойындауы шығармаларын зерттеу жұмысы мен талдау жұмысының көмегімен насихаттағанда

болмақ деп ойлаймыз. Бұл сөзіміздің бұлтартпас дәлелі сәтті шыққан Ж. Мәмбетовтің «Ж. Сәмитұлының лирикалық повестері» атты ғылыми мақаласын атап өтуге болады. Мұнда автор жазушының прозалық шығармаларын жан-жақты талдап көрсеткен. Әңгімедегі образдарға талдау жасап, көркемдік ерекшелігін көрсеткен. Мақаладағы: «...Жәкең, расында да, қаламы қарымды, сөзі орнықты қалыптасқан шебер жазушы екен. Жазушы шығармаларын бейжай оқып шыға салам деу мүмкін емес», – деген пікір жайдан-жай айтылмаса керек [7.188 б.].

Талқылау мен бақылау. Жақсылық Сәмитұлы 1958 жылы Шыңжаң институтының филология факультетін бітірген. Қытайдағы аумалы-төкпелі, көпке мәлім «мәдениет зор төңкерісі» кезеңінде, жалындаған жас Ж. Сәмитұлына «саяси қылмыскер» деген сылтаумен жалған айып тағып, «Корла» лагеріне еңбекпен жазасын өтеуге жібереді. Үкіметтің бұл күйесі тек Жақсылақ Сәмитұлына ғана емес, басқа да Қытайдағы қазақтың игі жақсыларына жағылған күйе еді. «Ұлтшыл» атанып, бетпақ дала Тарым шөліне айдалғандар да болды. Сол кездегі саяси жағдай Қытайдағы қазақ көркем әдебиеті мен мәдениеті 1978 жылға дейін тоқыратып, ұлт әдебиетіне көлеңке түскен кезең болды. Тек 1963 жылы жазушы Корладағы жаза лагерінен өзінің туған ауылына бақылау астында еңбекпен өзгертуге жіберіледі. 1978 жылы билікті Диң Жиау Фин қолына алып, ақын-жазушылар ақталып, Тарымнан қайтады. Жақсылық Сәмитұлының жалын құшқан жастық шағының 1958 жылдан 1978 жылға дейінгі 20 жылы сұрапыл саяси күрестің қара боранында, сергелдеңмен өткен. «Қаһарлы Алтай» романының алғашқы нұсқасы «Сергелден» деп аталуы да автордың осынау ауыртпашылыққа толы өміріне тікелей байланысты болса керек. Жақсылықтың шығармашылық бастаулары да, негізінен, сол 1970 жылдардың соңғы кезінен – «мәдениет төңкерісінен» кейін басталған

Осынау қиын-қыстау кезеңнен өткен Жақсылық Сәмитұлы ағартушылықпен бел шеше айналысып, әдеби-мәдени бағыттағы «Алтай аясы» журналына бас редактор болып, ұлт тарихына тікелей қатысы бар өз шығармашылығының да дамуын назардан тыс қалдырмаған.

Жазушы 1989 жылы Үрімжі қаласына келіп, Шыңжаң телевизиясында аударма бөлімінің директорлығына тағайындалып, тележурналистика саласында да жемісті ұзақ жылдарды артта қалдырған.

Жақсылық Сәмитұлының шығармашылық жолына қайта ден қойған кезеңінде іргелі туындылар жазылған, жазушының кейіпкер галереясы толығып, шығармашылық даму жүзеге асқан. Олай деп ойлауымыздың басты себебі – қысқа уақыт ішінде тындырып тастаған қыруар еңбегі сөзімізге дәлел болмақ. Аталған жылдар ішінде Ж. Самитұлы «Гүлсара», «Саған бақыт тілеймін», «Атамекен», «Әркімнің бір арманы бар», «Ақ тілек», «Арманымның ақ құсы», «Жаңа бекетте», «Иендегі екі бейіт», «Қаданның қатын, баласы», «Алтын қазық», «Қаріптер» қатарлы повестер және Көбен Асқарұлымен бірлесіп «Арқалық батыр» кино сценарийін жазған. Әңгімелерінің өзі бірнеше томды құрайды. Қытай қазақтарының отаршылдыққа қарсы ең соңғы жойқын күресін, Оспан батырдың ерлігін арқау ерткен «Сергелдең» (кейінгі басылымдарда «Қаһарлы Алтай») атты трилогиясы тамамдалып, оқырмандарына жол тартқан. Ол 1989 жылы Қытайда жазылып бастады, 2001 жылы қазақ жерінде соңғы нүктесі қойылған. Осынау құнды еңбектері қазақ әдебиеті үшін аз олжа болмағаны анық. Шыңжаңдағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жайында «Соңғы көш» роман-диалогиясын Қытайда туып-өскен, 1960 жылдарда туған жерге оралған Қабдеш Жұмаділұлы 1970 жылдарда жазып, жариялаған екен. Ал Қытайдағы қазақ әдебиетінің көлемді прозалық туындылары «мәдениет төңкерісінің» ауыр салмағынан құтыла бастаған шақта ғана жарыққа шыға бастады.

Жақсылық Сәмитұлы – атамекенінде де, Қытайдағы қандастарымыз арасында да оң көзқарас қалыптастырып, тиісті бағасын алған қаламгер. Жазушының «Атамекен», «Жаңа бекетте», «Ғажайып қалпақ», «Екінші той», «Ананың ақ сүті», «Құлақ», «Ұмытылмас қонақасы», «Тамшы», «Сұлудың шарапаты» сынды әңгіме-повестері ханзу тіліне аударылып, миллиард халықтың оқырмандары мен сыншы-ғалымдарының жоғары бағасын иеленген.

Қазақ әдебиетінің қорын Жақсылық Сәмитұлы – төл туындыларымен ғана байытып қоймай, өзге халық әдебиетінің шығармаларын қазақ тіліне тәржімелеп, таныстыруға да үзбей атсалысқан қаламгер. Қытай жазушысы Яң Моның «Жастық жыры» романын қазақ тіліне аударды. Еуропа, Америка классиктерінің бірқатар таңдаулы әңгіме-хикаяттарын, сондай-ақ көптеген көркем фильмдер мен телефильмдерді қазақ тілінде сөйлетті.

Жақсылықтың прозасына психологиялық көңіл күйді барша болмысымен танытатын лирикалық сипат тән. Ол мүмкін жазушының өз шығармашылығын ақындық өнермен қатар алып жүруінен де болса керек. Оның «Қаданның ғашығы», «Гүлсара», «Саған бақыт тілеймін», «Атамекен» деген повестері қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның озық үлгісіне жатқызуға болады. Сонымен қатар Ж. Сәмитұлы – адамның ішкі көңіл күйі мен портретін суреттеуге шебер жазушы. Ол адам мінезінің

ең бір терең иірімдерін беруде тапқырлық танытады, сөзді ойнатып кез келген құбылысты еркін бейнелейді.

Ж. Сәмитұлының қай шығармасын оқысаңыз да, ол адам портреттері мен табиғат суреттерін әрқилы әдіс-тәсілдер арқылы тамылжыта суреттейді. Қаламгер повестеріндегі пейзаждық суреттеулер ерекше идеялық-эстетикалық маңызға ие. Туған өлке табиғатын жазушы өте нәзік те сүйіспеншілік көңілмен сипаттайды. Шығармаларындағы барлық пейзаждық көріністер сол кезеңдегі өмір ағымына сай, адамдар бейнесімен өзектес бейнеленген. Ол табиғат суреттері өзінің әсем де әдемі бояуларымен шығарма қаһармандарының рухани әлемін ашып көрсетуге көмектеседі.

15 жылдық еңбектің жемісі «Қаһарлы Алтайдың» әрбір парағында тарих болып сөйлеп, тағдыр болып үн қатып жатыр. Шынын айтқанда, «Қаһарлы Алтай» – қазақ әдебиетіне келіп қосылған қазына.

Мұнда романның барлық талабы тамаша сақталған, тіпті өзінше байытылған. Жазушы оқырманды оқиғалар арқылы жетелеп отырып, тағдырларға қайырылып соғатын тұстары керемет.

Алдағы уақытта «Қаһарлы Алтай» қазақ оқырманына кеңінен таныстырылуы қажет. Трилогияда қазақ тағдыры жатыр, көркем тарих жатыр.

«Қаһарлы Алтайды» оқи отырып, қазақтың соншалық қорғансыз, соншалық аяулы халық екенін танысыз. Жазушы соны мойындатады. Бұл халық басынан неше нәубет кешсе де, ғасырлармен бірге мәңгі жасай беретінін аңғартады.

Нәтижелер. Жақсылық Сәмитұлының шығармашылық мәнеріне пайымдап қарасаңыз, оның тақырып таңдаудағы, өмір шындығын баяндаудағы, әдебиеттің жанрлық табиғатын терең игерудегі өзіндік талғампаздығын елемей өте алмасыңыз анық. Жазушы әдебиеттің қай жанрында қалам тербесе де, оның шеберлігі сол жанрдың табиғатын тереңінен түсініп, оның қыры мен сырын жетік игеріп, ондағы бар мүмкіндіктерді тиісті деңгейде пайдалана білуінен де байқалады. Осы тұста жазушының өз ісінің хас шебері екендігін бірден бағамдайсыз. Бұған оның кез келген повестері, әңгімелері дәлел бола алады.

Жақсылық Сәмитұлы, расында да, қаламы қарымды, сөзі орнықты қалыптасқан шебер жазушы. Жазушы шығармаларын бейжай оқып шыға салам деу мүмкін емес. Оның қай шығармасын оқып бастасаңыз да, аяқтамай орта жолдан тастап кете алмайсыз. Ж. Сәмитұлының шығармаларының тартымды тақырыбы кімді де болса баурап алып, шымыр да ширақ дамып отыратын сюжеті әрдайым еліктіріп, жұп-жұмыр композициясы оқиғаның бүтіндігін сақтап, біртұтас ой желісінен ауытқымай, бір деммен оқылатынын да өзіндік ерекшелігі деп қарауымыз керек.

Қорытынды. Қазақстанға қоныс аударып, қарапайым өмір кешкен Жақсылық Сәмитұлы жайында ақын Талапбек Тынысбекұлы өзінің «Текті де кекті ұл...» мақаласында былай дейді: «...«Оспан батырды жазу үшін Атажұртқа келдім», – дейтін жазушы тұтас бір дәуірдің образын сомдап, «Қаһарлы Алтай» трилогиясы арқылы мәңгілік ескерткіш соғып кетті... Бұл кітаптың бір томы «Қаһарлы Алтай» деген атпен Түркияда түрік тілінде басылып шықты. Кейіннен кәсіпкер Ғылымхан Қалиұлының демеушілігімен қайта реттеліп, «Қаһарлы Алтай» трилогиясы жарық көрді, өкініштісі, оны көруге жазушының ғұмыры жетпеді...»

Жазушының 75 жылдық мерейтойы «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қорының ұйтқы болуымен Қазақстан Жазушылар одағында дүркіреп өтті, тағы да Жақаңсыз. Тірісінде сәлемге жарымаған талайлар, сайрад-аы ай келіп, тым кеш еді...» [8]. Расында, қолда бар алтынның қадірін білген жөн. Сондай жауһарлардың бірі – «Қаһарлы Алтай» романы мен ұлт болмысына жақын Жақсылық Сәмитұлының шығармашылығы деп білген жөн.

Ұлт-азаттық қозғалыс жеңіліске тап болса да, ат төбеліндей он екі жыл толарсағынан қан кешен Алтай қазақтарының ерен ерлігі тұтас ұлт тарихында өшпес ізін қалдырғаны шындық. Тағы бір баса айтатын жайт – 1940-1951 жылы аралығында орын алған Алтайды мекендеген қазақтардың азаттық жолындағы тарихы әлі де болса баспасөз беттерінде әділ бағасын алып, халыққа таныту үшін жеткілікті насихатталмауда. Бүгінгі ұрпаққа кешегі аталарының ерлігін танытуда кесек те, кемел дүние жазып қалдырған Жақсылық Сәмитұлы – ұлты үшін туған арда ұлдарының бірі. Жазушы шығармашылығы жеке назар аударуды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Өзібаева, Б. (Ред.) (2014), Шетелдердегі қазақ фольклоры Монография, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Алматы: Evo Press;
2. Сейітжанұлы, З. (1999), Шыңжаң қазақ әдебеті, Алматы: Қазақ университеті;
3. Қалижанов, У. (Ред.) (2014), Шетелдердегі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы: «Evo Press»;

4. «Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлттық идея». Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 1999 ж.;
5. Жақсылық Сәмитұлының 75 жылдығына арналған "Қазіргі қазақ прозасының өзекті мәселелері" атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалары [Мәтін] / ; [ред. Ж. Қажымұрат] ; ҚР Жазушылар одағы басқармасы ; "Ер Жәнібек" халықаралық қоры... – Алматы : [б. и.], 2015. - 133, [2] б. "Отандастар" қауымдастығы ;
6. Мұхтар Шоқан «Тәуелсіздік жемісі», Алматы, 2011 ж.;
7. Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы, Астана 2016 ж. №1
8. <https://www.samituly.kz/талапбек-тынысбекұлы-текті-де-кекті-ү>

*Исабекова Жұлдыз Абайалиевна,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің докторанты
Сейсенбиева Элеонора Сарсеналиевна,
PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің аға оқытушысы*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕСІНДЕГІ НАРРАТОЛОГИЯНЫҢ ОРНЫ

(Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі негізінде)

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі қазіргі қазақ прозасындағы нарратология мәселесі туралы жазылады. Авторлар ғылыми мақалада нарратологияның шығу тарихына теориялық түсініктер мен шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын қарастырады. Шығармадағы нарратордың орнын талдап көрсетеді. Мақалада нарратологияның теорияларына салыстырмалы талдау келтірілген. Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі нарратор, баяншының орнын анықтап, нарратордың қызметі салыстырмалы түрде талданады.

Кілт сөздер: нарратология, баяншы, әуезелеуші, дискурс нарратор.

Қазіргі нарратология ғылымының көрнекті өкілі, американдық тарихшы әрі әдебиет сыншысы Х.Уайт нарративті құрылым түсінігін, оның ішінде тарихнамалық дискурс мәнін, құрамына интриганы қоса отырып, барынша кеңейтті. Ол: «Интрига құрылымы мағына тарихының сомдалуында, оны құрайтын оқиғаларды «тұтас, бәрін қамтитын немесе архетиптік пішінде» түзетін баяндау арқылы біріктіру жолымен жүзеге асырылады», – деген тұжырымды ұсынады. Француз, литва лингвисті және әдебиеттанушысы А.Ж.Греймас пен Ж.Курте нарративтілікті «кез келген дискурстың суреттеу ғана емес, ұйымдастырушы принципі де» деп айқындайды.

Нарратология терминін алғаш ұлттық әдебиеттану саласындағы теориялық еңбектің авторы А.Байтұрсынов «Баяншы» еңбегінде жазған. Ғалымның пікірінше нарратор авторды әуезелеуші, толғаушы, жазушы, ақын, сарындаушы деп атаған. Автордың айтқан әуезелеуші немесе баяншы, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы нарратор, әңгімешімен тұтастықта көрінуі әлемдік көркем прозада бар тәсіл.

XX ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап А.Данто, М.Бахтин, Ж.Женнет еңбектерінде нарративтілікке қатысты көптеген пікір-тұжырымдар талқыға түсіп, әдебиетте жаңа термин ене бастады. Тіптен В.Тюпа нарратологияның ең басты мәселесі мүмкін, А.С.Дантоның сөзінен тұжырымдалған болар деген де пікір айтқан. Дәлел ретінде айтсақ: «Барлық әңгімелеу – бұл дегеніміз оларды бір-бірімен жіктеп, топтастыратын және кейбірі жеткіліксіз сипатта болғаны себепті шығарылып тасталатын оқиғаға бағынышты құрылым». Француз әдебиеттанушысы Жеррар Женетт өзінің 1972 жылы шыққан «Нарративті дискурс» атты еңбегінде ішінара баяндау теориясына тоқталып өткен. Ғалымның ойынша: «Нарратив тұрғысынан саралағанда, баяндау оқиғада айтылатын тарихпен тығыз байланыста жүзеге асырылады». Нарратив термині әсіресе постмодерн дәуірінде көп қолданысқа түсіп, бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында бұл термин «баяндау» немесе «сюжет» ұғымдарының орынына қолданылуда.

Нарратология — баяндау теориясы, әдебиеттанудың бір саласы ретінде немесе мүмкін болатын барлық «нарративтің» жалпы құрылымын ашуға ұмтылатын, яғни кез келген жанрдың және кез келген функционалдылықтың баяндалатын шығармаларды ашуға ұмтылатын ерекше жалпы гуманитарлық пән ретінде қарастырылады (В.Шмид). «Мәтінде оқиға болған күннің өзінде, сюжетсіз ол еш нәрсе емес. Мәтіндегі оқиғаларға жан бітіру үшін, міндетті түрде сюжет қажет» [1] - деп ғалым В.Шмид айтқандай көркем шығарма немесе туынды жазушының жанын беріп жазған қажырлы еңбегі, жан толғанысы, қоғамдағы әлеуметтік тұрмыстық-жағдай және т.б. Әдебиетте өмір

шындығынан шығарма жазу, оны оқырманның қабылдауы үлкен еңбекті талап етеді. Шығармада өмір шындығын жазу бір алды, оны белгілі бір кейіпкер арқылы жеткізу, сол шындықты өз ойыңмен баяндап беру мүлде бөлек дүние. Шығармада өмірде бастан кешкен оқиғаларды айна қатесіз тізбектеп кейіпкер жасау бұл авторлық шеберлік болып табылады.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде жазушы психологиялық тақырыпта жазылған әңгімелер өзіндік ерекшеліктерімен дараланып тұрады. Сондай талантты жазушының бірі Роза Мұқанованың психологиялық тақырыпта жазылған «Құбыжық» (2002), «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын» (2003), «Композитор», «Мұқағали», «Мәңгілік бала бейне» т.б. әңгімелерін атауға болады. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбек Р.Мұқанова туралы былай деген: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үңілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады» [2, 4].

Жазушының «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің кейіпкері Семей полигонынан зардап шеккен қыз – Ләйлә. Шығарманың бас кейіпкерінің прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Адам қолымен жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші де адам. Әңгімеде жаны жаралы, мәңгілік бала бейнесіндегі Ләйлә көбінде аймен сырласып, ішіндегі бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтады. Мәтіндегі нараторлар қызметі көркем шығармадағы оқиға желісінің «шекараларын» белгілеуде ерекше орын алады. Мәселен, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі баяншы мен әңгімешінің сюжеттік құрылымдағы орнын былайша анықтаймыз: әңгіменің кіріспесінде, Ләйләнің аймен сырласуынан хабар беріледі. Оны айтушы – баяншы, болмаса сол баяншылық міндетті атқарушы шығарманың авторы. Нарратор оқиғаның басында Ләйләнің бар қасіретін оқырманға былай таныстырады:

«Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» - дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толыңсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырайтып. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйла-қызбен, быт-шыл болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей қығаштай шалқайып керіліп жатып алатын... Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...» [3,119]. Нарратор берілген үзіндіде Ләйләнің не себепті аймен тілдесетіні туралы айта отырып, Ләйләнің сырт сипатын толық суреттеумен қатар, табиғатты да, бүкіл қасірет шеккен Қарауыл ауылын сипаттап, баяндайды.

М.Б.Храпченко: «Ішкі монолог адамдардың рухани жан дүниесін жаңғырту құралы» [4, 112], – деп кейіпкер мінезін сомдаудағы негізгі қызметін атап көрсетсе, ғалым Б.Майтанов: «Қаһарман санасындағы стихияны таныту арқылы өмірді түрлі аспектілерде кең бейнелеуге негіз болады» [5, 56], – деп кейіпкердің көркемдік сипатына тоқталып өтеді. Жалпы ішкі монолог көркем проза үшін ең басты көркемдік құрал болып табылады. Жазушы Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде Ләйләнің ішкі монологы арқылы шеберлігін танытқан. Әңгіменің бас кейіпкері Ләйләнің мұң-зары, жан сыры арқау болған. Автор Ләйләнің жан баласына ашылып айта қоймайтын жан сырын монолог арқылы шебер бейнелейді. Әңгімеде былай суреттеледі:

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» - дейді» [3.119] - деп қамығады. Әңгімедегі нарратор Ләйләнің монологы арқылы беріледі.

Жалпы, лиризмді басым шығармаларда нарраторлық қызмет оқиғаларды одан ары өрбітіп, шиеленістіріп, шешімін табуға жол ашады. Нарратор (әңгімеші сипатындағы) шығарма кейіпкерлерімен біте қайнасып жатады. Көркем шығармадағы кейіпкердің сөзін автордың сөзі деп айта алмаймыз, сол сияқты нарратордың да сөзін автордың сөзі деп қарастыруға болмайды. Бұл – қарапайым әдеби сын заңы. Нарратор мен авторды шатастыру «кешіруге болмайтын» үлкен қателік екенін Генри Джеймс те айтып кеткен болатын.

«Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ. Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермен кекке көтерді» [3.119].

Сөйтіп, әуелгі суреттелетін оқиға Ләйләнің аймен сырласуы болса, әрі қарайғы оқиға желісі нарратордың айтуымен беріледі. Осы арада М.Бахтиннің мына сөзін келтіре кеткен орынды болар: «Біздің алдымызда екі уақиға тұр, бір уақиға – туынды туралы айтылғаны да, енді бірі – айтылған әңгіменің өзі (осы соңғысына біз өзіміз де тыңдаушы-оқырман ретінде араласамыз); бұл уақиғалар әртүрлі уақытта (ұзақтығы жағынан да әртүрлі), әр түрлі жерде өтеді және сол уақытта біз толыққанды туынды ретінде тани алатын біртұтас, бірақ күрделі уақиғаға бірігеді. Біз бұл толыққандылықты оның тұтастығы мен бөлшектенбейтіндігі деп қабылдаймыз, бірақ сонымен бір мезетте оны құрайтын сәттердің барлық айырмашылықтарын да түсінеміз». Әңгімеші мен баяншы нарратордың балама пішіндері. Көп жағдайда біреуі болмаған мәтінде міндетті түрде екіншісі болады. Ал, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде екеуі де бар. Әңгімеші – болып өткен оқиғаның жай ғана бақылаушысы да, белсенді әрекет етушісі де болуы мүмкін. Ләйлә – әрі әңгімеші, әрі сол өзі айтқан оқиғаның куәгері, қатысушысы.

«Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеңдеп, алашақтап қашып бара жатты. Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалты айрылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қыз мұңайып жанарын бір жұмып, дем алып тағзы ашамын деген, бірақ... Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: Бірі - жер баласы, бірі - түн баласы» [3.119].

Баяншы Ләйлә арқылы туған жері Қарауылдың ащы болмысы мен әлеуметтік жай-күйін баяндайды. Әңгіме соңында Ләйлә атомның әсерінен емес, адам баласының ісінен өз өмірімен қоштасады. Қоғамның лас әрекетіне шыдамаған жүрегі таза Ләйләмен бірге оның Қарауылының рухы, ұлты өледі.

Қазіргі қазақ прозасында баяндаудың да, бейнелеудің де тілі өзгеше. Ұзақ сонар мәтіндер тыңдарманын тартпайды, ол қазіргі уақыт талабы. Мүмкіндігінше ықшам, нақты, әрі сенімді шығармалар бүгінгі күні маңызды. Осы орайда Р.Мұқанованың шығармалары уақыт сұранысына сай хикаяттың өзі сол деңгейден шығып отыр.

Оқиғаны өз атынан баяндайтын әңгімелеуші композицияның негізі болуымен бірге монологтың сан түрлі мүмкіндігін айқындай түседі. Монолог иесі ретіндегі әңгімеші оқиғаларды бағалап қана қоймайды, сонымен бірге іс-әрекеттерді өзінің ой тізгінінен өткізіп, оған поэтикалық өзгеріс енгізе отырып бейнелейді. Ішкі монологтың өз кернеуінен асып, күллі оқиғаның «сыртына шығуы» әңгімеші-нарратордың қызметіне ғана тән құбылыс. Себебі оның баяндауында күллі оқиға кейіпкердің сезінуі арқылы өрілген. Сол себепті де Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің тілі көркем, ерекше бейнелеулермен байытылған. Жазушы айшықтаған бейнелерде жай ғана сипаттаудан әлдеқайда күштірек терең мәнді, сан қатпарлы, қыры мен сыры мол болмыс дараланады.

Талантты да талапшыл жазушы Р.Мұқанованың шығармалары қазақ әдебиетіне Бану, Ләйлә, Ұрқия, Жамал, және т.б. кейіпкерлері арқылы естен кетпес образдарды әкелді. Жазушы өзінің биязы да мәдениетті шығармаларымен қазақтың әдеби тілін байытып, ірі-ірі кейіпкерлерімен ұлттық прозамыздың интеллектуалды деңгейін көтеруге зор үлес қосып келеді.

Демек, Р.Мұқанованың нарративті шығармалары бүгінгі өмір, заман шындығын кәсіби шеберлікпен бейнелеуі нәтижесінде тек қазақ әдебиетінің сөз өнері кеңістігінен ғана емес әлем әдебиетінен де өзіне тиесілі заңды орынға ие деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – с. 312.
2. Қорғасбек Ж. «Мәңгілік бала бейнені іздеу» // «Түркістан» газеті, №19. 2014.
3. Мұқанова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2. — Алматы, 2008.
4. Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва, 1972. – С. 242.

5. Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
6. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. — Алматы: Жазушы, 2014, — 328 б.
7. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
8. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
9. Пірәлиева Г.Ж. Түс көру табиғаты оның көркем әдебиеттегі рөлі. Алматы: Алаш, 2004. – 260 б.
10. Атымұмов М. Пропадағы психологизм. // Дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Ғылым, 1980. – 367 б.

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессор м.а.
Есентүгел Асылзат Асқарқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті магистранты

ТАХАУИ АХТАНОВ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. Тахауи Ахтанов – қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан жазушылардың бірі. Келер ұрпақтың ой-санасына ұлттық мұраны, рухани байлықты сіңіре білуді өзінің басты мақсатына айналдырған дарынды жазушы. Туған халқының тарихын, ересен мол этнографиясын, ауыз әдебиеті мен ән-күйін зерттеу мен адамзат өнерінің даму, баю заңдылықтарының сырына үңіліп, тұтастай қарастырып, күй өнерінің дамуына өз үлесін қосқан қаламгер.

Кіріспе. Азиялықтар адамдардың алғашқы ата-бабасы ретінде танылған, әлемдік өркениетке өз үлестерін молынан қосқан ғұндар, сақтар мен түріктердің тұрған жерінде орналасқан қазақ ұлты да әлемдік өркениет көшіне өзінің мәдениетімен (аңыз-ертегілері, салт-дәстүрлік өлеңдері, ән-күйлері) ілесіп келе жатыр. Қазақтың көне мәдениеті мен ұлттық құндылықтары да еуропа мен азияның сол дәуірдегі өзгерістеріне бағынды. Мәдениетіміз музыка, хореография, әдебиет, сурет, сәулет, қолөнер сияқты салаларды қамтиды, күй өнерін әдебиет ескерткіштері ретінде алып қарастырар болсақ, онда қазақ күйлерінің тарихы да, күйшілік өнердің тарихы да сақтар дәуірімен байланысты. Сақ дәуірінен қалған өлең нұсқаларының бар екенін түрік, татар, өзбек, ұйғыр халықтарының әдебиеттанушы ғалымдары айғақ келтіріп берді. Көшпелі халықтың поэзиясы ауызекі таралып, көпшілікке мәлім болды.

Күйлердің дәуірлік кезеңін қарастырарда, әуендік, ырғақтық, тембрлік ерекшеліктермен қатар, сол күйлердің аттарына да назар аудару арқылы біраз мағлұмат ала аламыз. Көне күйлер діни сенімдер мен ырым-тиымдарға (табу) байланысты шыққаны белгілі. Ал Орта ғасырдағы күйлердің көбісі жер-су аттарына қатысты тарихи күйлер болды. Қайта өрлеу дәуірінің күйлері болса - көңіл-күйді, философиялық ұғым-тұжырымдарды музыка тілімен жеткізуге бағытталды. Адам аттарына байланысты күйлер де тарихи көнелігіне қарамастан жаңа дәуірде туған дүниелер қатарына жатады [1].

Қара ағаштан ойылып жасалған қазақтың домбырасы күллі адамзатты ғана емес, ботасы өлген інгеннің де тас емшегін жібітерлік күші мен әуезі қазірге дейін өзгермей, сол қалпында жетті. Қазақтың ұлттық мұрасын жаңғыртып, рухани мұрамызды мәңгілік сақтауға бағытталған «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты антология өнегелі істердің бірі де бірегейі болды.

Қазақты өзге ұлттан бөлектейтін, ерекшелендіретін - күйі, әні, жыры мен дәстүр-салты. Антологияда бұрын соңғы естімеген, жаңа күйлер де топтастырылған. Боғда күйшінің «Өтті-кетті» деген күйін кезінде А.Затаевичтің өзі жазып кеткен екен. Осы күй көп уақыт бойы көпшілікке беймәлім боп келді. Сол күй бір таспадан табылып, антологияға енгізілді. Бұл күй де керемет күйлердің қатарында. Осылайша, жинақпен бірге халықтың назарына жол тартты. Ал, Дина Нұрпейісованың өзі жазған күй табақтары өте көп. Қаршыға Ахмедияровтың жазуымен күйлері жеке кітап болып та жарық көрді. 1000 күй жинау барысында Дина Нұрпейісованың «Тарту сәлемдеме» деген бір күйі мұрағаттан табылды. Бұл күй күйшінің өз орындауында және сапасы да жоғары. 1950 жылдары жазылған күй 2010 жылы табылып, 60 жылдан кейін халыққа табыс етілді. Профессор Айтжан Тоқтаған: «Бір мысал келтіре кетейін, белгілі ғалым А.Затаевич 1930 жылдардың өзінде-ақ балалайка мен домбыраны салыстырып, домбыра тарихылыққа бағытталған, артында бірнеше мың күйі тұрғаны, тылы бар екендігін айта келіп, «қазақтар домбыраларыңызды, күйлеріңізді сақтаңыздар. Бұл теңдессіз дүние» деп жазып кеткен» дейді. Ақселеу Сейдімбек өзінің авторлық

«Күй шежіре»» [2] атты кітабында «қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын соншама аңыз-әңгімесі бар» деді.

«Домбыра мұнша шешен болдың неге?

Күй толған көкірегің шежіре ме?

Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,

Саусағым тиіп кетсе ішегіңе», – дейді өршіл ақын Қасым Аманжолов. Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшелендіріп тұратын өнердің бірі домбыра күйлері.

Әр қазақтың үйінің төрінде домбыра ілулі тұрған немесе әр үй ішінде кемінде бір адам домбырамен күй шерткен. «Күй» сөзі түрік тілдерінің зерттеулерінде ХІ ғасырдан бері белгілі. Махмұд Қашқаридің «Дивани лұғат ит түрік» [3]. атты сөздігіндегі «көк» (қазақта күй болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. Қазіргі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. ХVІ ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие.

Негізгі бөлім. Жаһандану дәуірінде әр ұлт өз тәуелсіздігінің баянды болу жолында – әлемдік тарихта алар орнын айқындап, ұлттың сан ғасырлық тарихы барына куә боламыз. Тарихи және этнографиялық дүниелердің қалыптасуы мен көркемдік дамуы – ұлттық дәстүрдің маңызды тұстарын рухани-мәдени тәжірибелерін жинақтап, ғасырдан-ғасырға асыл мұра болып жетті.

Тыңнан соқпақ тартуға талаптанған көркемдік талпыныстар, әсіресе, қазіргі қазақ күй өнерінен айқын аңғарылады. Бұл тұстағы шығармашылық ізденістердің бір арнасы көне түркі жәдігерлерімен, тығыз байланысты. Тахауи Ахтанов шығармашылығына танытуға бағытталған ғылыми жұмыстың арқалаған міндеттері мен мақсаттары мол. Тахауи Ахтанов – дарынды жазушы. Жазушының баспасөз бетінде алғаш жарық көрген әңгімесі – «Күй аңызы».

Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасы ұлтымыздың мәдениеті мен тарихы, әдебиеті тұрғысынан жан-жақты бейнеленіп, өз бағасын алған шебер туынды.

Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі қалыптасады. Әдебиет пәні арқылы жасөспірімдер туған елінің тарихы мен ғасырлар қойнауындағы сөз маржанын оқып, сол арқылы туған елінің арманы мен қиялын, болашақтан күтер үміті мен сенімін көреді. Әдебиет – өнер пәні, адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантудың пәні. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жол басшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Белгілі бір шығарманы әр қырынан тануға, талдауға болады.

Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Қаламгер Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» [4] атты шығармасында «Қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын соншама аңыз-әңгімесі бар» деген еді. Жазушы күй өнерінің туу мен аңыздарды, күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, тарихи оқиғалармен сабақтастырып жазады. Қаламгер қазақтың тарихына, ұлтымыздың рухани құндылығы боп табылатын күй өнеріне арнап, «Күй аңызы» әңгімесін жазды. Әсіресе, «Күй аңызы» әңгімесінің жазылу тарихы туралы қызықты деректер мен оқиғаларды суреткерлік шеберлікпен сипаттайды.

Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» шығармасы. Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» ең алғашқы әңгімесі. Әңгіменің негізгі тақырыбы – өнер құдіреті. Естемес деген күйшінің ауыр тағдыры. Ол өзінің мұңлы да зарлы күйі арқылы ботасы өлген боз інгеннің тақырдай қатып қалған қайыс жонын жұмсартып, тіршілікке нәр бергендей болды.

«Күй аңызы» шығармасының қысқаша мазмұнына тоқталғанды жөн көрдік:

Бұл әңгіме күйші Естемес пен жас жігіт Оразымбеттің жолдағы әңгімесі мен бастан кешкен оқиғасы туралы. Естеместің жас қызға ғашық болып, оған соңына дейін тырмысып өзіне алғысы келгені, бірақ қыздың ондай ойы болмағанын біліп, көңілі түскені туралы болатын.

Шығарма кейіпкерлері: Естемес – күйші, тарамыс денелі, қаткыл өнді, егде кісі, тағдырына ыза болған, өкінген адам. Оразымбет – Естеместің шәкірті.

Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш тау көрінді.

– Анау Ипан тауы ғой,-деді жас жігіт қамшысымен нұсқап.

Жас жігіттің дауысы аңсағанын көргендей қуанышты шықты. Оның астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған кең мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл үдері белбеумен қынай бұған, басында төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік. Тек ер-тұрманы ғана жұпынылау. Бір кезде көк сауырлап жез шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты, әбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен. Ердің артындағы ұзын қызыл қоржыннан шекпен қап кигізген домбыраның мойны шығып тұр. Оның қасындағы күрең атты – жасы елуді алқындырған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған, қағылез кісі. Бұл осы өңірге аты кең жайылған Естемес күйші еді. Ол маңдайына тосқан қолын түсіре берді де, етсіз салалы саусағымен қамшысының ұшын қағып алды [4].

– Бұл маңдағы ауыл көшіп кеткен-ау, – деді Естемес ойланғандай болып.

– Неге? Ауыл ылдида – Ипанның етегіндегі қайнарда болар, – деді жас жігіт.

Қыбыр еткен бір қара көрінбейді. Бұл ауылдың малы әрі Ипан аспай, бергі осы бозда жайылатын еді ғой. Жаңа ғана Ипанды көргенде балапандай талпынып, сергіген жас жігіт енді басылып қалды.

– Иә, мал көрінбейді, – деді ол. Естемес жас жігітке өңі жылып, есіркей қарады.

– Шаршадың білем, ә? Оқасы жоқ, ел болмаса да, қайнарда ат шалдырып, тыңайып алармыз. – Ол сәл күрсінгендей болды...

– Күйшінің өмірі осы. Қамшыны тастай беріп, домбыра ұстайсың. Домбырадан босап кетсе, қолың тағы да тізгінде болады, солай, Оразымбет шырағым. Ал аттың терін басайық. Енді екеуі асықпай, аяңмен келеді. Естемес қайтадан сөз бастады:

– Қарағым Оразымбет, маған ергеніңе жыл болып калды. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің. Түбі, жақсы күйші сен боларсың. Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе! Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша, қарттық келеді. Нағыз от басының жылуын аңсайтын кез сонда болар. Естемес ауыр күрсініп қойды. Оразымбет ұстазын аяқ кетті. Қабағы кірбеңсіз, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен.

Естемес күйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кетті. Талайдан бері арқаны құрыстатып, кеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы таралып, жанын сергітіп, әсем сазды күй болып дүниеге келе жатыр. Сарылып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, күйші көңілі де күй қанатына ілесіп алысқа самғады. Сәл иіліп, талдырмаш тұлғасы әсем майысқан қыз бұлдырап алыстап, биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан сыңғырлап күліп, еліктіре шақырғандай болады. Күйші көңілі соған талпынады.

Естемес қиялынан сергіп, нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңырай-ды. Естемес оны да домбыраның ішегіне іліп әкетті. Күйші көзі Жаңылға түсті... Қыз нардың емшегін қысып ұстап қатып қалыпты. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр», – деп ойлады Естемес. Нардың желіні тырсыып барады. Естемес қыздың әдейі сау-май тұрғанын байқады. Кенет оған бір суық ой келіп, шошынып қалды. «Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта түсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күй әлгі тапқан жайма-шуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңды сазға ауысып күңіреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай күй тағы бір талпынды. Естемес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдап қысқан сүйріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдап сүт тамып барады. Күйшінің де көзінен жас тамып кетті. «Заманым өткен екен ғой!» – деп аһ ұрып, жалт бұрылды да:

– Ар жағын сен тарт! – деп саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді. Оразымбет домбыраны қағып алып, жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап күйыла берді. Біз қайдан білейік, ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі.

Естемес және оның жанында жүрген жас жігіт Оразымбет екеуі жол жүріп бара жатып жолаушылап Ипан тауының бааурайындағы жалғыз үйге тоқтайды. Естемес сол қызға ғашық болады. Әкесі егер менің суалып қалған түйемді идірсең, қызымды беремін дейді. Жаңылға қосылу үшін ол күй шерте басатайды. Бұл баяғыдан бітіре алмай жүрген күйі еді. Осы күй осыдан «Нар идірген» деп аталып кеткен [5].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Тахауи Ахтанов шығармаларын оқыту – ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудің алғашарттарының бірі десем артық айтпағандық болар еді. Қазақтың ауызша тарихы мен күй тарихы туралы шығармалардың мектеп оқушылары мен өнер тәлімгерлеріне таптырмас құрал екені белгілі. Тахауи Ахтанов – қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан жазушылардың бірі. Келер ұрпақтың ой-санасына ұлттық мұраны, рухани байлықты сіңіре білуді өзінің басты мақсатына айналдырған дарынды жазушы.

Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» шығармасында, оның ұлтымызға тигізер септігін ойлап, әртүрлі тарихи оқиғалар мен мәселелерді қозғаған. Ғылыми еңбектерінде ұлт рухын арттыратын мысалдарды қозғап, халқымыздың көзге көрінбейтін қырларын барынша түсіндіре алған.

Туған халқының тарихын, ересен мол этнографиясын, ауыз әдебиеті мен ән-күйін зерттеу мен адамзат өнерінің даму, баю заңдылықтарының сырына үңіліп, тұтастай қарастырып, күй өнернің дамуына өз үлесін қосқан қаламгер.

Әдебиеттер:

1. Тоқтаған А. «Күй тәңірдің күбірі» – Алматы, 1996
2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002
3. Қашқари М. Дивани лұғат ит түрік. – Алматы, 1962
4. Ахтанов Т. Күй аңызы. – Алматы, 1984
5. Ахтанов Т. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1981

Рапашева Ерке,

№ 181 мектеп мұғалімі, педагог-сарапшы

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫ – ДАЛАЛЫҚ РЫЦАРЛЫҚ ПОЭЗИЯ ҮЛГІСІ

Аңдатпа. Жыраулық поэзияның кейбір астарлы бағыттарын көрсетіп, соның ішінде, Доспамбет жырау мұраларын көркемдік, мазмұндық, сюжеттік тұрғыдан ғана талдап қоймай, Батыс Еуропада таралған әдебиеттің үлкен саласы рыцарлық әдебиет сарынында далалық поэзияда қалыптастырған жауынгер жырау екенін дәлелдеу мақаламыздың арқауы болды.

Доспамбет жырау шығармаларындағы рыцарь-ақын, рыцарь-жауынгер, рыцарь-жырау бейнесін ашып, оның өмір тарихындағы кейбір оқиғалардың астарына үңіліп, әлемдік әдебиетке әсерін, Доспамбет далалық рыцарлық поэзияның негізін қалыптастырушылардың бірі екенін, Доспамбет өміріндегі егі оқиғалардың әлемдік классиканың үздіктерінің бірі Гогольдің «Тарас Бульба» шығармасындағы оқиғаларға арқау еткендігін көрсеттік.

Доспамбет жырау поэзиясы – далалық-рыцарлық поэзия үлгісі

Батыс Еуропадағы мәдениеттің ерекше құбылысы екі әдеби жанр - рыцарлық роман мен рыцарлық поэзия түрінде көрініс тапқан рыцарлық әдебиет болды. Рыцар атауы алғашында ортағасырлық ақсүйектер тұқымынан шыққан тап өкілдерін білдірді, алайда Францияда пайда болған алғашқы рыцарлар сеньорға немесе патшаға адал қызметі үшін жер учаскелері берілген жауынгерлер еді. Сонымен, ортағасырлық Еуропада рыцарь – бұл міндетті түрде біреудің вассалы болатын және әскери қызметті, әдетте, ат үстінде жүріп атқаратын жауынгер. Жауынгерлік тұлғада ақсүйектер мен хан әулетінен шыққан әміршілерге қызмет қылу, кеңесшілік ету, сынау, бағыт беру біздің жыраулық поэзияда да көрініс тапты. Бұл әлемдік тенденцияның, яғни мәдениеттің жаңа құбылысына ұмтылыстың бір белгісі болса керек. Рыцарлық ақындар әйел, ханым бейнесін дәріптеп, өз сюзеренін мадақтап жырға қосты, жыраулар асқақ елсүйгіш сезімін романтикалық дәрежеге, имани ұстаным деңгейіне көтерген. Олар, тіпті, хан тұқымынан ба биік дәрежеде тұруы мүмкін. Себебі халықтың қамын жеп, ханның өзін теріс жолдан туралыққа шақыру екінің бірінің қолынан келе бермес құбылыс.

Жыраулар поэзиясының ерекшеліктеріне тоқтала отырып негізгі нысанды айналып өте алмаймыз. Бұған дейін Жиёмбет, Бұқар мен Шалкиіз мұралары саны жағынан да, зерттелуі жағынан да оқ бойы озық. Дегенмен, Доспамбет мұраларын да зерделеп, рыцарлық сарынын ашу негізгі міндеттеріміздің бірі. Оның аталған жырауларға қарағанда аз мұра қалдырып, классикалық типтегі жыраулар санатына жете алмауының бірден-бір себебі ғұмырының қысқа болғандығынан деп тұжырымдайды зерттеушілер. Яғни, ол белгілі бір билеушінің ақылшысы, идеологі болып қана қоймады, сонымен қатар, далалық ерлік үлгісі, яғни рыцардың нағыз көрінісі бола білді. Оның өлеңдері бірінші жақтан сөйлейді, «мені» лирикалық кейіпкер емес, жыраудың өзі. Сол себепті де жауға қарсы шыққан қаһарман да өзі, ел басына күн туған шақта шыбын жанын шүберекке түйген де өзі:

Қалаға қаблан жануарлар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қырланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған

Достым менен дұспаным:

«Апырым, ер Доспамбет!», - дегей ме! [1, 31]

Осы шумақтағы «қ» дыбысының қайталануы, яғни аллитерацияның қолданылуы жыраудың «қаһармандық» күйін беруде орынды қолданылған. Ал бұндай тәсіл жыраулар поэзиясында кеңінен тараған дәстүр.

Доспамбет-Азов-Азаулы тарихының негізгі тұлғасы. Ол қазақ және Ноғай батырлық поэзиясының негізін қалаған ақын-рыцарь, жыраудың бірі. XV ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында Азаулыда ақсүйек отбасында дүниеге келген ол Стамбулда болып, тіпті, білім алған да болуы мүмкін. Азов бекінісі, Осман империясының ең солтүстік нүктесі, азақ санжақ (әскери-әкімшілік бірлік) астанасы, екібунчужный пашаның резиденциясы, түріктер мен қыпшақтардың қарым-қатынасының орталығы болды. XVII ғасырдағы саяхатшылардың сипаттамаларына сәйкес, қала Стамбулдағы ескі Сұлтан сарайына ұқсады. Доспамбет заманында итальяндық Мари ди танның қалдықтары, биік ортақ қабырға сақталған. Доспамбет қыпшақтардың қаланы өздері басқарған кездерді еске алып, аңсайды:

Білейім мен жаман күн

Болатсыз қылыш кесерін,

Айналасы алты жылдың ішінде

Есақай, Қосай екі ұлы Азау билеп өсерін![2]

"қараңғы күндер туғанын, бірақ олар алты жылдан кейін өтетінін (бұл жерде сан маңызды емес, бірақ мерзімнің қысқаруы көрсетілген), Есақай және Қосайы өсіп, нағыз ағалар секілді Азаулыны қайта басқаратын күндер келерін армандайды.. Доспамбеттегі "аға" - бұл қазіргі қазақтардағы жас ерекшелігі емес, белгілі бір титул, мәртебе (лорд). Доспамбет өзінің өлеңдерінде былай дейді: Хан ұлынан артық еді менің несібем. Өзінің биік көктегі несесі туралы айта келе, ол былай дейді: Азаулыда Аға болған Ерлер көп еді

Қалай болғанда да, ол өзінің өлеңдерінде осылай көрінеді. Ол жалғыз емес-Қазтуған да осындай болды (Сүйіншінің ұлы мен, Қазтуған, қуатты жүріспен құдіретті Сұлтан... аспанды бұлттан тазартамын, күннің көмескі сәуленсін нұрландырамын) Шалгез де, Ақтамберді де, басқа да көптеген қазақ жыраулары - рыцарьлар. Доспамбет те, кез келген ақын сияқты билікке қарсы тұрды. Осман сұлтандығы билігіне қарсы дала оппозициясының өкілі еді. Оның аталған екі ұлының бірі Қосай, Ер Қосай, түрікке ғашық болып, түріктерге кетті. Ұрыс қызған кезде ол ұлын өлтіреді. Дәл осы оқиғалар Н. В. Гогольдің «Тарас Бульба» батырлық романының негізін қалады дейді. Дон казактары арасында, қазақтар мен ноғайларда Есей мен Қосайдың екі ұлы болған Доспамбет туралы, Қосай түрік қызына ғашық болып, онымен бірге жауларға қалай кеткендігі және шайқастардың бірінде Доспамбет өз қолымен ұлын өлтіргендігі туралы аңыз кеңінен таралған. Гогольдың атақты Тарасында Доспамбеттің ұлын өлтіргені ғана айтылмады, сонымен бірге, оның қайтыс болу оқиғасы да қайталанатындай көрінеді. Тарас үшін бағалы дүние оның темекі қалбыры болса, ал Доспамбетте қамшысы болды. Бар айырмашылық осы. Әркім өзіне қымбаттыны алу үшін жау жеріне оралады. Әрине, Николай Васильевич оқиғаны қаз-қалпында көшірмеді, оны москалдық орыс оқырмандар ерекшеліктеріне қарай көркемдеді.

Осы тарихтың қазақ-ноғай нұсқасын Радлов жазған (Versuch... немесе Түркі сөздігінің тәжірибесі, Санкт-Петербург, 1898 жыл). Герр Радлофф былай деп жазады: Азауда Достамбет Аға болған, ондан басқа отыз екі аға болған, әп-сәтте батырлардан болған... Азау ағада достық болды, одан басқа тағы да отыз екі аға болды, бәрі де батырлар болды. Бірде олар отыз екі ағаның бәрін аң аулауға, сергіп қайтуға аттанды (мал қыстырмаққа). Қалмақтар да бұл туралы біліп, жолға шықты. Үшінші күні олар көп қалмақпен кездесті. Доспамбеттің «Жақташылары» (серіктері, достары, жақтаушылары) жаудың көптігін айтып, кету қажеттігін ескертеді, ал Доспамбет аға: Алла не қостаса, соны көреміз дейді. Барлығы (Доспамбет аға бастаған) жау қатарларынан секіріп арғы бетке өтеді. Көптеген адамдар құлап, төбеден секірді. Сонда Доспамбет өз қамшысының жау бетінде қалғанын айтып, қайта баратынын мәлімдейді. Серіктері оған қайта бармауын өтінеді. Алайда Доспамбет: қамшымның қолқамасы алтын, сабы жез еді, үзегі бұлан терісі, өрім орыс қайысы, қамшым қалды, қайтамын! дейді. Мұнда қамшының сипаттамасы ақынның өмірінің ақырында жазған өлең жолдарына қарағанда көркемдік қуаты әлсіз берілген. Доспамбеттің өз өлеңіндегі сипаттау Радловтың сипаттауынан бөлек:

Қарағайлы көдік бойында
Қамшы қалды ойында:
Бүлдіргесі бұлан терісі,
Өрім, құнан пілдің қайысы,
Шырмауы алтын, сәби жез,
Бей Азының бойында
Күзен, қарсақ жер ме екен! - [1]

Жаумен қысқа жекпе-жекте Достамбет ауыр жараланды, бірақ өз жұртына қайта оралады. Өлім алдындағы өлеңінде «өкінбен» сөзін бірнеше рет қайталайды. Бұл оның елсүйгіштік қасиетін айқындай түседі.

Доспамбеттің рыцарлық бейнесін ашатын тағы бір дүние - Ер Мамайдың алдында шаһид болса да өкінбес тұлғасы.

Бүгін, соңы өкінбен
Өкінбестей болғанмын.
Ер Мамайдың алдында,
Шаһид кештім, өкінбен, [1]–

деген жолдарынан көреміз. Ер Мамайдың алдында шаһид кешкенін айтуы, жырау Доспамбеттің сондай батырлардың алдында бас иетін, ел қорғаған ерлерді тәңіріндей қастерлейтін қасиетті адам болғандығын да танытады.

Әдебиеттің адам өміріндегі алатын маңызды орны туралы тұжырымдамалардың бастау қазақ философиясында да жатыр. Оны біз ежелгі қазақ философтары мен би-шешендерінің ұлағатты нақылдарында сөз құдіреті туралы пікірлерден анық көре аламыз.

Жалпы Шығыс халықтарының бай философиясы, әсіресе, қазақ халық философиясы Батыстағыдай жүйелер арқылы қалыптаспайды, қазақ философиясының түп-төркіні фольклор мен музыкасында, поэзиясы мен ауыз әдебиетінде, мифологиясы мен мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы-шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия. «Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем,- деп атап көрсетті Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде,- тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады [3, 82].

Жыраулар әлемді терең түсіну, оны рухани жағынан игеру туралы философиялық ұстанымдарға сүйенген. Доспамбет жырау қазақ халқының философиялық ойлау жүйесін өзінің ерлік пен бірлікті насихаттайтын жауынгерлік жырлары арқылы айшықтай түседі. Оның шығармашылығындағы жаман мен жақсыны, достық пен қастықты ажыратып, ар мен ұятты, адамгершілікті талдап көрсететін жолдар қазақ философиясының алғашқы кезеңдерінің бағалы мұраларының бірі.

Доспамбет жырау поэзиясын философиялық тұрғыдан қарау барысында біз даналықтан туындайтын адамның дүние, тарих, өмір мен уақыт, бейбіт заманға көзқарасты көре аламыз. Біздің жырау мұрасын оқытуға философиялық тұрғыдан қарауымыз сол, себебі философия әдебиетпен, өнермен астасып жатады. «Философия мен поэзия егіз болмаса да еншілес. Философиялық зерде дүние құбылыстарына көз жүгіртеді, оларды ой арқылы өлшейді, сананың көмегімен барлайды. Ойлау дегеніміз - зейіннің дүние құбылыстары арқылы қозғалуы. Адам дүниенің заңдылықтарын ашып, сол заңдылықтарды өз кәдесіне жаратудың жолы мен тәсілін іздейді, оның ретін, тәртібін, жүйесін табады. Ал, поэзия болса, дүниені рухани игеруден туған заңдылықтар мен амалдарды сол дүниені жасампаздық жолмен қайта құру үшін қолдануға талпынады. Сондықтан философия мен поэзияның әлеуметтік қызметі ортақ. Бұл ынтымақтастықтың көзі - ой мен тіл тұтастығы» [4, 10]

Әдебиеттер:

1. Бес ғасыр жырлайды.- Алматы: Жазушы, 1989.- 386 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында.- Алматы: Атамұра, 2003.-288 б.
3. Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2008. – 644 б.
4. Ж. Тілепов. Ел мүддесі-ерлер еншісі.- Алматы: Дәуір-кітап,2017.- 392 б

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЫҢҒЫСХАН» ТАҚЫРЫБЫ

Аннотация: Бұл мақалада әдебиетіміздегі даңқты қолбасшы Шыңғысханның тұлғасы туралы баяндалады. Қазақ хандығы құрылуының алғы шарты тікелей Шыңғысхан құрған империямен тығыз байланысты. Біраз уақытқа дейін тарихи тұлғаның шынайы бейнесі көмескіленіп, кеңестік идеологияның құрбанына айналды. Тәуелсіздік алған соң тәуелсіз әдебиетімізде де Шыңғысхан тақырыбы кең көлемде ашылып, әдебиеттегі бейнесі қалыптаса бастады.

Түйін сөздер: Шыңғысхан, түрік қолбасшылары, шынайы бейне, жыр, аңыз.

Шыңғыс ханның әлемдік дәрежедегі қолбасшы екені баршаға аян. Сондықтан да ұлы жиһангер туралы талай кітаптар: роман-повестер, өлең-жыр, дастандар жазылған. Әлемде Шыңғысхан жайлы миллионнан астам еңбек бар. Ұлы тұлғаның қазіргі қазақтарға байланысы аса зор. Және әдебиеті мен мәдениетінде де ұлы қаған қалдырған мұра бар. Әйгілі Мұрат ақынның жырында:

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
Қайран саланың жатқан аңғары-ай.

Ақ шалмалы пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай!

Кәпірден теңдік алуға,
Кайтып та келер деймісін,

Мұсылманның баласы,

Шыңғыстан туған хандар-ай. [1, 7] деген жолдарды ақғарамыз. Халық көсемі, ағартушы Ғұмар Қараш айтады:

Шыңғыс, Бату хандық қурып тұрған ел,

Қарақыпшақ Қобыландылар туған ел,

Ерегескен дұшпан - жауын қуған ел

Емес пе едің - жұртым саған не болды?!.. [1, 8] Жалынды жыр иесі Мағжан Жұмабаев «Адамзатта Шыңғыстай ер тумайды» деген. Бірақ араға шовинистік идеология араласқаннан соң, Шыңғысхан бейнесі мүлдем басқа арнаға ауды. Оны қанішер, жауыз тұлға ретінде ғана таныды. Бұл көзқарастан арылуға зиялы қауым айтарлықтай еңбектеніп жатыр. Алдымен 1998 жылы моңғолиялық қаламгер Мағауия Сұлтанияұлы «Шыңғыс хан» деген он жыр шежіреден құралған еңбегін жазып тәмамдады. Жалпы көлемі он үш мыңдай жол. Ұлы адамның өмір жолын тарихи деректер негізінде, яғни шежірелік тәсілмен жазған. Және оқырмандарға жеңілдірек болу үшін жыр түрінде баяндауды жөн көрген.

Көп нөкердің алдында

Көлбең қағып келеді.

Шабармандар тездете

Шардараны шеттете,

Қара адырды көлбете

Қалбан қағып желеді.

Қалың құлан алдынан,

Қылаң етіп адырдан.

Шырқ иіріле қалды да;

Шырқай зыта жөнелді.

Қағымпаздар қағынып.

Қара терге малынып,

Қайта бұра қайырып,

Қатты шу боп келеді. [2, 11]

«Шын мәнінде, Шыңғысханның бейнесі, шын тарихи тұлғасы әлі ашылған жоқ. Сонымен қатар, Шыңғысханға қатысты көптеген деректер бұрмаланады, нақты жеріне жетпей айтылады. Өйткені, қалай дегенмен, Шыңғысханның өзінің жұрты емес, жат жұрт жауласқан жұрт. Моңғол ағайындарға бұл ретте риза болу керек. Олар совет заманында да, идеология заманында да Шыңғыс- ханнан ешқашан айырылған жоқ. Ол кезде ақтау үшін Шыңғысханның моңғолдың мемлекетін құрған әуелдегі қызметі дұрыс болды, кейінгі кездегі жаулаушылығы теріс болды деп екіжақты етіп

шығарды. Шыңғысханның 800 жылдығын тойлады. Сол тойды ұйымдастырған, ескерткіш қойған Монғолияның компартиясының екінші хатшысы қудаланып, ақыры азапталып өлтірілді. Бірақ, бәрібір айныған жоқ. Олар – біржақты. Шыңғысханды тек монғол деп қарайды. Бір сөзбен айтқанда, Шыңғысханға қатысты дерек- тердің бәрі жер астында жатқан жоқ. Халықаралық тілдерге аударылған оның ішінде орыс тіліне түгелдей дерлік аударылған», - деп ой түйеді заңғар жазушы Мұхтар Мағауин. Қазіргі таңда атақты қолбасшы туралы тек ол ғана емес, XIII ғасырдағы бүкіл түрік қауымының, Орталық Азияның тарихын айқындайтын тарихи хикая жазған Мағауиннің еңбегі бірден еске оралады. Ал Шыңғыс ханның шығу тегі жайында көрнекті ғалым Тілеуберді Әбенәуұлы он томдық шығарды. [3, 28].

Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы. Наймандардың күшейіп тұрған кезі – Шыңғыс ханның еңсесін енді көтеріп, жаңа хандықтың іргесін жаңа бекітіп жатқан сәтіне сәйкес келеді. Осы сәттен – Наймандардың әлсіреп, Шыңғыстың алдында тізе бүгуіне дейінгі тайталас шығарманың арқауы болған. Романның көркемдігі туралы сөз қозғау артық. Жалпы, бұл романдағы Шыңғыс хан о баста Керей мен Найман деген екі күші басым хандықтың арасында күші аз болғанымен, аяласы асқан адам ретінде суреттеледі. Найман мен керейдің арасындағы қақтығыстарды өз пайдасына шебер пайдаланып кете алған айлакер адам. Роман наймандар жақтан баяндалатындықтан Шыңғыс ханның образы жағымды деуге келмейді. Көк бөрілердің көз жасы – наймандардың көз жасы.

Қай оқиғаның тұсында екеніне шұқшиып жатпай-ақ, осы шығармадан Шыңғыс ханға берілер баға мен телінер бейнеге аздап тоқталып өтсек: «Темүжін де айлалы. Сол кеткеннен мол кетіп, қыс өтіп жаз шыққанға дейін ат ізін салмай жатып алды. Ондағысы Керей ақылына келсін, бір ауық оң солын байқап, өзінің оқшау тұрғанын, дәл қазір сүйеніш болса, осы Моңғол болар деп, соған көзін әбден жеткізсін дегені еді».

Бұл жерден көретініміз Шыңғыс ханның Керейлерге қол ұшын беріп, оларды өзіне борышкер қылып қойғандығы. Керейдің ханы Оң хан Темуджинге қатты сенеді, оның үстіне өкіл әкелігі тағы бар. Ал, Оң ханның ұлы Сангүн Темуджинді жек көреді. Жазушының суреттеуі бойынша Темуджин мен Сангүн әкенің алдында асыққа таласқан екі ұл сияқты. Ит пен мысықтай. Сангүн жаулығын жасырмағанымен, Темуджин сыртқа шығара қоймайды. Ертеңіне, болашағына сенер адамның ісі. Екі мемлекеттің арасындағы достық есепсіз болмайтындығы белгілі. Қай-қайсысы да өз пайдасын ойлайды. Сол сияқты Шыңғыс ханның Керейлерге жасаған жақсылығы да есепке құрылған, қарымтасы бар жақсылық. Мәселен:

«Темүжін, осы жолы да түскен олжаның бәрін Оң ханға сыйлады. Оның бұл жомарттығының сырын түсінбеген кейбір кісілер беталды қоңқылдап: «Темүжін бар олжаны аузымыздан жырып Оң ханға беріп жатыр, өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды, мұнысы не?» – деп елді дүрліктірмек болды. Сонда Мұқали балуан: «Керейге кеткен еш кетпейді, ертең айналып келіп өз уысыңа түседі» – деді. [9, 85]. Ақыры соның айтқаны келді». Бұл да рас. Есебі мықтының екі асайтыны айдай ақиқат. Алысты көздеген, есебінен жаңылмаған Темуджин – Шыңғыс ханға айналды. Наймандарға жау Шыңғыс хан – өз елін бақытқа жеткізуді, теңдікте күн кешуді армандаған қайраткер.

Шығармадағы мына бір Шыңғыстың сөзі:

«– Ежелден Алтайдың күн бетін көрмеген біз де ақымақ екенбіз. Сөйтсек, аспан асты кең екен, алуан-алуан ел екен. Енді ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, тамам Моңғол-керейдің аламанын артымнан ертіп, жау түсіріп, олжа салатын, өзгелердің қамбаларын сарқып, салтанат құратын кез жетті. Моңғол-керей жұрты ендігіде Бұрхан мен Қарақорым тауының тағысындай табанын жалап күн кешпейді...

Ол қыза сөйлеп осы араға келгенде жұмық көздері тереңнен жылтырап, өңіне ісік жүргендей күрлендеп, терісіне симай кетті. Әлгі жұмық көздер енді от боп жайнап, қыранның қаншегіріндей талшынып, байыз таппады. Жасы отыз жетіге келген моңғол қағаны осы бетінде әлденеге алақызып, асығатындай. Алдына келген нояндар оның мына түрінен именіп, сөзден бөгеліп отырып қалды» [6, 34].

Оның алдағы мақсатына асығуы ғана емес, өзінің қарашысын имендіріп тұратын сұсты жүзі көз алдыға келеді. Ол әскерін тек имендіріп қана қоймай, олармен санасып отырған. Кей жағдайда сұраған қалауларын орындайтын болған. Оған бір мысал, Тұрсынхан Зәкенұлының осы романындағы әскерінің аң аулауға өтініш айтып, Шыңғыс ханның келісім беріп, біраз уақытын сейіл-серуенге бөлгендігі.

Сонымен қатар, Шыңғыс хан басынан не өтсе де уақытша деп білген шыдамды, төзімді, сабырлы адам. Саят құрып жүргенде итін Сангүннің бүркіті жазым қылады. Сангүннің көздегені де осы

болатын. Ханның итінің өлуі де мұндай сын сағаттарда жаулыққа ұласатын араздықтың тууына себеп болуы мүмкін жайт. Бірақ, болашақ мақсат-мүдде жолында ақылды хан ондайға жібермейді, келіп тұрған ашуын тежей біледі[8, 18].

Бұл әрине тарихи таным тұрғысынан алғанда қазақ қоғамының қазіргі бейнесі, түсінігі. Қандай шығармалар болмасын, белгілі бір идея тұрғысынан туылатындығын ескерсек, біздің келтірген пікірлер (келтірмегеніміз қаншама) болашақта жазылатын шығармалардың сұлбасы деуге болады. Қалай болған күнде де, Шыңғыс хан аңыз арқылы әдебиетімізге келген, орын алған. Енді заманауи ауқымды шығармалар арқылы көркем әдебиеттің төріне шығады. Аңыз ақиқатқа айналады.

Әдебиеттер:

1. «Шыңғысхан» Республикалық, тарихи-этнологиялық, әдеби-көркем журнал 1, 2019 – 7 б.
2. Қазақ елі, 1998. – 9 қаңтар 11 б.
3. Жас Алаш, 2019.– 14 шілде 9 б.
4. Дидар, 2022.– 12 қыркүйек 6 б.
5. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8том. – Алматы: Қағанат, 2002.
6. Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: Олжас, 2002.
7. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988.
8. Кекілбаев Ә. Дала балладалары, 2том. – Алматы: Жазушы, 2001.
9. Қабышұлы И. Шыңғыс хан.// Егемен Қазақстан, 24-тамыз, 1992.

***Оразова Мархаббат,**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ АБАЙ ОБРАЗЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ романдарындағы Абай образының бейнеленуі мәселесі қарастырылған. Негізгі әдебиеттер ретінде М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Р. Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы алынды. Зерттеу жұмысында Абай образының сан қырлары жан-жақты ашылып, ақын тұлғасын жаңа заман биігінен көз тастап, жан-жақты зерттеуге арналған. Сонымен қатар мақалада тарихи негіз бен көркемдік шешім арқылы суреттелген Абайдың тұлғасының жасалуына байланысты кей мәселелер айтылған. «Абайдың жұмбағы» романының «Абай жолымен» идеялық байланысы арқылы екі автордың шығарманы жазу ерекшеліктеріне үңілген. Әр жазушының өз танымындағы Абай бейнесін бүгінгі заман тұрғысынан жаңаша зерттеу керек екенін дәлелдейді.

Кіріспе. Қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған Абай Құнанбаевтың артына мирас еткен өсиет-өнегесі қанша уақыт өтсе де құндылығын жоймайтын, әр заман өткен сайын жаңарып, жаңғырып отыратын мәңгілік мұра. Абай мұрасы мен өнегесі түпсіз терең дария секілді. Ақынның қайталанбас бейнесін осыған дейін белгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында сомдалып, барша әлем жұртшылығына Абай Құнанбаевтың өзін ғана танытып қоймай, қазақ халқының да абыройын әлемдік аренада асқақтатқан еді. Қазақтың бас ақыны Абайдың балалық шағынан дүниеден өткен сәтіне дейінгі оқиғаларды бере отырып, жазушы М.Әуезов сол кезеңдегі бүкіл қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін баяндайды. Дегенмен кеңестік билік тұсында ұлтшылдыққа қарсы қысым көрсетіліп, ақын туралы жазылған шығарма қатал сынға ұшырайды. Осының салдарынан М. Әуезов өз романының кей тұстарын қайта жазып, көптеген тарихи деректер, кісі аттары мен болған жағдайлар идеологияның ыңғайына қарай өзгертіледі.

Араға жарты ғасыр уақыт салып егеменімізді алып, ел болған тұста 1999 жылы Рамазан Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы жарық көреді. Бұл роман-хамсаның да жарыққа шығуы көптеген әдебиет қайраткерлеріміздің арасында қызу талқыға түсті. М. Әуезовтей кесек тұлғадан кейін Абай туралы роман жазу әрине, екінің бірінің ойына да, қолынан да келе бермейтін дүние. Бұл екі туындыны салыстырып, олардың маңыздылығы туралы айтып жатуымыз әбестік болады. Өйткені жазушының өзі «Әуезовтан кейін Абай туралы роман жазу қажет пе? Оның нұрсипатты тұлғасын қайтадан жасауға әрекеттеніп көру артықшылық етпей ме?» деген көпшіліктің ойындағы сұраққа былай деп жауап береді: «Абай – жекелеген таланттың емес, ғасырлардың, мәңгіліктің меншігі. Әр дәуір, заман талабы оның ғарышты кезген өз уақытының мерейі үстем Абайын сомдай береріне шүбә келтіріп болмас» дейді. Профессор Р.Нұрғали: «Абай біз үшін ұлы

ұстаз, кеменгер ақын, данышпан ойшыл. Халқымыздың рухани көсемі. Оның өзі де, сөзі де, өсиеті де мәңгілік. Қазақ қазақ болып тұрғанда, Абай аты өшпейді. Абай сөзі өлмейді. Бірақ заман өзгереді ғой. Оның ғылым-білімі, ой санасы, өмір салты өседі. Жаңа сапаға көшеді, жаңа сатыға көтеріледі. Сонда, жаңағы Тоқтаровша айтқанда, әрдайым мерейі үстем болып қала беретін Абайы да өзгеруі керек қой. Тіпті Абай өзі мен сөзі өзгермесе де, өскен, өзгерген қазақтың оны ұғынуы, түсінуі жаңаша болмай ма? Демек, Абай оларға әрдайым жаңа бір қырларынан ашылуы біздің Абайымыз, мәңгілік Абайымыз, әр заманда оның өзіндік төл Абайы болады дейтініміз де сондықтан болса керек» – деп келтірген пікірін өте орынды, шығармаға берілген ең әділ баға береді.[1,188] Екі автордың да романына арқау болған тақырып Абай Құнанбаевтың өмір жолы. Абайдың өмір арқылы XIX ғасырдың тұтас бейнесін көрсеткен. «Жазушының шындық болмыстан тандап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік», - дейді З. Қабдолов «Сөз өнерінде» [2, 182]. Біздің де зерттеу жұмысымызға негіз болып отырған мақсатымыз екі шығарманы салыстыру емес, сол екі шығармада бейнеленген Абай образының көркемдік бейнесін ашу, соны зерделеу.

Әдістеме және зерттеу әдістері. «Қазіргі қазақ романдарындағы Абай образының бейнеленуі» атты зерттеу жұмысының барысында салыстырмалы талдау, аналитикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Әдеби шолу. Қазақтың ұлы ақыны, кеменгер ойшылы, қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы жазылған Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетінде шоқтығы биік шығарма болып табылады. Романның бірінші томы 1942 жылы тұңғыш жарық көріп, алғашқы екі томы үшін 1949 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болса, 1959 жылы Ленин сыйлығымен марпатталады. Романда XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының тұтас бейнесін Абайдың өмірі, өскен ортасы арқылы баяндайды. Қазақ халқының Ресей империясының қол астына бағынышты болуын, көшпенді өмірден қол үзіп жаңа қоғамның орнауын, сол кездегі ел басына түскен ауыртпашылықты суреттей білген қазақтың тұңғыш тарихи эпопеясы. «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ прозасын биікке көтерген, әлем әдебиетінде қайталанбас орны бар, әдебиетімізге көркемдік күш-қуат әкелген үздік туынды.

Бүгінде Абайдың өмір жолы, өлеңдері қалың жұртшылыққа М. Әуезовтың роман-эпопеясы арқасында кеңінен танылған. Оның гибратты тағылымдары, шығармашылығы тіпті бүкіл әлемге де мәлім бола бастады. Ал Абайды жұртшылыққа танытқан, әлем елдеріне атын әйгілі еткен «Абай жолы» романында ақынның көркем образы қалай бейнеленген? Ұлы кеменгердің ұлы бейнесін жасай білген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың суреткерлік шеберлігі туралы не білеміз? «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім қандай?

Жалпы осы сұрақтар төңірегінде М. Әуезовтың бірнеше мақалалары мен монографиясы жарияланған болатын. Жазушының ойлары «Абай Құнанбаев», «Как я работал над романом «Абай», «Абайтануда жарияланбаған материалдар» атты еңбектерінде кең түрде тарқатылған. Кейінірек бұл тақырыптарда З. Ахметовтың «Абай жолы қалай туған?», М. Мырзахметтің «Абайға келудің жолы», Т. Жұртбайдың зерттеулері және тағы да басқа материалдар жарық көрді.

М. Әуезов «Абай жолы» романын жазып шығуға 30 жыл ғұмырын арнауы эпопеяны жазуға үлкен дайындықпен келгенінің айғағы. Романның қысқа үзіндісі ең алдымен 1937 жылы «Әдебиет майданы» журналында «Татьянаның қырдағы әні» атпен қалың көпшілікке жол тартқан болатын. Болашақ туынды халықтың зор ықыласын алып, романның жарыққа шығуын асыға күткен оқырмандар көп болды. Жазушы «Абай жолын» алғашқы томынан емес, романның екінші томының аяғынан бастағанын және неге осылай бастағаны жөнінде былай деп жазады: «Эту главу я написал в 1937 году к столетию со дня смерти Александра Сергеевича Пушкина. Глава была опубликована на казахском и русском языках, называлась она «Как запела Татьяна в степи». Речь шла о пушкинской Татьяне Лариной. ...Потому, что эта глава полнее и конкретнее раскрывала основную идею романа и образ моего героя, казахского классика Абая Куананбаева. Только после этой предварительной работы я начал писать роман в хронологической последовательности» [3, 366]

Талқылау мен бақылау. «Абай жолы» роман-эпопеясының негізгі жаны мен жүрегі әрине Абай бейнесі. М. Әуезов қолына қалам ұстап, әдебиет ісіне аяқ басқаннан ұзақ жылдар бойы Абай образын өз ойы мен жанында аялап, оны өрбітіп, жетілдіре берген. Бұл құбылыс М. Әуезовтың – Абайға, Абайдың – оның өзіне айналғанына дейін жүзеге асқан.

Бүкіл ғұмырында Абай жайы, өмірі туралы мәліметтер жинаған өзінің әрекетін ол «әледқашан бел асып кеткен керуенді қуған жүргіншіге», «сөнгелі тұрған қызғылт шоқты деммен үрлеуге талпынған кісіге» теңейді. Өйткені Абайдың замандастарының көпшілігі өмірден өткен, болмаса қарт адамдар еді. Олардың санасында көмескіленіп, тіпті ұмыт болып қалған оқиғаларды қайта жандандыру

жаңағы керуенді қуған, шокты үрлеген адамның жағдайын дәл бейнелейді. Барлық жиналған деректерді ол осылайша ұзақ жылдар бойы санасында ойша қорытып, бейнесін жасаған еді. Жазушының осындай ұзақ та ауыр ізденістерінің арқасында өз роман-эпопеясында Абайдың көпқырлы бейнесі, толыққанды тұлғасы шыққан.

Роман-эпопеяның басында Абай бүкіл дүниені кіршіксіз аппак, бала көзімен көреді. Семейдегі үш жылдық оқуынан ауылына қайтып келе жатқан бала шәкірттің көңілінде туған еліне деген, жақындарына деген сағыныш. Бұл өмірде, қазақтың осындай кең жазиралы даласында зұлымдық, қатыгездік пен қастандық бар деген ой жас Абайдың санасына келмейді. Сондықтанда үлкендердің «Есенбайда ұрылар бар» дегеніне сенбейді, елемей, тіпті керсінше қасындағы Байтас пен Жұмабайды өзі ұры боп қорқытады. Сол қатігездікті өзінің әкесі Құнанбайдан көрген, оның қолынан өлген Қодар мен Қамқа өлімінен кейін бала Абайдың бүкіл әлемі төңкеріліп түседі. Абай санасындағы өзгерістер осыдан басталады. Өз әкесі мен оның жанындағыларға қарсы сана оянады. Қаралы қанды өлімнен кейін ес жиып болмаған Абай алдында әкесінің бар зұлымдығы бірінен соң бір бой көтерді. Бөжейге «иіс жаңарсын» деп берген кішкене ғана бүлдіршін Кәмшаттың қайғылы өлімі, аяулы ғашығы Тоғжанға қосыла алмаған махаббат қайғысы, әкесінің шешіміне қарсы келе алмай ақыры сүймесе де Ділдәға қосылуы. Бұл жағдайдың барлығы Абайдың бойындағы бар мөлдір тұнықты лайлады.

Ал Құнанбай болса баласынан өзінің мұрагерін көреді. Ел билеу ісіне ертеден араластырып, оны түрліше сынайды. Тумысынан зерек, терең ойлайтын, Абайдай өнерлі жігіт әке қойған барлық сыннан сүрінбей өтеді. Ол мәслихатпен барған әр ауылда Абай туралы жақсы сөз бен мақтаулар, тіпті аңыздар да қалып отырған екен. Тоғжан сұлуды да махаббаты Абайдың Сүйіндік ауылына барғанда әңгіме үстінде туғандай. Осындай маңызды мәслихаттар кезінде өмірінің соңына дейін ажырамас серігі болған жақын досы – Ерболмен танысқан еді. Абай роман сюжеті дамыған сайын үздіксіз өсу, өрбу, өзгеру, жаңару, жаңғыруда болды. Автор оларды өзінің психологиялық талдаулары арқылы оқырманға жеткізіп отырды.

Роман оқиғасында кездескен руаралық тартыстар, жер дауы сынды өршіп тұрған – Токпамбет пен Мұсақұлдағы қақтығыстар осы құбылысқа әсер етті. Жас Абайдың өзі өмір сүріп жатырған қоғамға байланысты көзқарасын қалыптастырды. Ұлғая келе өзіне керек бағытын межелеп, бағдарлай алды. Бұл жағдайлардың әрқайсысындағы ақиқатты автор Абай көзімен ал Абай ақын көзімен таниды.

Автор Құнанбайдың қатыгездігін, зорлық пен зомбылығын, ел арасында бұрыннан бар алауыздықты шығарманың өн бойындағы жарлы жарым кедейлер, өз басында билігі жоқ әйелдер, өз еркінсіз ұзатылған қыздар, әменгерлерінен қорлық көрген келіндер сынды проблемалардың салт-сана, әдет-ғұрып сынды желеулермен көмкеріліп, көрінбей қалып жатырған мәселелерді қозғайды. Бұл оқиғаның барлығын ішкі сезімінен, түйсігінен өткізе отырып оны бейжай қалдыра алмайды. Әр жағдайға өзінің көзқарасын, қатысын білдіре отырып, не құптайды, не қарсы болып белсенді қимылға көшеді.

Жазушы романды тек қана адамдардың бір-бірмен ара-қатынасы арқылы көрсетіп қоймай, оған табиғаттың да құбылыстарын біріктіріп, табиғатты да тірілтеді. Осы тәсілдер арқылы автор өзінің қаһарманының ішкі өзгерісін, дамуы мен өсуін көрсетеді. Оқиғаның ең басында қаладан қайтқан жолда Абайға көктем болып көрінген кең дала эпопеяның аяғында ақ қар астында ақ кебінге оранған өлік секілденеді. Бұл тек автордың жазып, біздің оқығанымыз ғана емес, бұл көңілге ұялаған шындық. Әке мен бала арасында орын алған қарсылық та осы арқылы көрінеді.

Міне осылай қалыптаса бастаған Абайды бірінші кітап азамат ретінде қалыптастырса, екінші кітапта Абайдан өнер адамын, азамат-ақын бейнесін қалыптастырады. М. Әуезов оның ішкі жан-дүниесіне, психологиясына тереңірек үңілу үшін оның өлеңдерінің туу тарихы туралы жазады. Абайдың ақындығының бастауын өзінің шыққан жерінен, өзінің қазақ даласы топырағында туған төл әдебиетінен алады. Ал ол бастаулар әжесі Зеренің ғажайып ертегілерінде, анасы Ұлжанның әңгімелерінде, Баралас пен Шөженің шыншыл жырларында болса кейінгі жалғасы орыс әдебиетінде еді. Ақынның ой-санасы, ақыл-парасаты осындай екі арнадан азық алғандықтан оның рухани дамуы, өсуі тоқтамайды. Мысалы алғашқы кітаптарда Абай өз айналасындағы келеңсіздіктерді, өзінің көз алдында болып жатырған әділетсіздікті, феодализмді сынаса, кейіні кітаптарда ақын енді барша дала халқының кертартпа надандығын әшкерелеуші дәрежесіне көтеріледі. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктермен күрес тақырыбы соңғы кітаптың барша идеясына, сюжеттік арқауға айналып кеткен. Осылайша жаңа мен ескі қоғамның тарытысы алдыңғы қатарға шығады. Бұл бірте-бірте ауыл аясынан шығып, қаладағы адамдарды да қамтиды. Қазақ даласына сәуле болып тараған Абайдың ағартушылығынан тараған сәуле әуелде Дәркембай мен Базаралыға түссе, енді Әбен мен Әбділер, Сейіт пен Сейілдер де жеткен еді.

«Абай жолының» төртінші кітабының аяғында Абай бақилық болады, бірақ Абайдың өсиет-мұрасы өшпек емес. Халқын салқар көшке бастаған Абайдың өсиеті керсінше ғасырлар бойы қазақ даласында жаңғырып тұрады. З. Қабдолов: «образ-символға айналған «Абай кемесінің» желбіреген жалауы сол қалпында, сапары тоқтар емес: «Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады... Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға қарай тартты» дейді. [4, 13]

Абай Құнанбаевтың артына қалдырған мұрасын қазақ тарихында жазба әдебиеттің басы деп қарастырылады. Абайдың поэзиясы оның тұлғалық сипатын жан-жақты түрде талдауға, оның ақындық қадір-қасиеті қоғамдағы барлық дерлік салада қызмет ету мақсатын ашады. Өз елімізде ғана емес біздің ұлтымызды танып білуге құмартқан әрбір шетел ғалымдары өз ізденісінің басын ең әуелі осы ұлы ақынның шығармаларынан бастайды. Бұл бүгінде ешқандай дәлелдеуді қажетсінбейтін аксиома іспеттес.

Шығармадағы тарихилық дегеніміз – өмірде болған оқиғалардың әдеби шығармаларда көркем түрде жеткізілуі. «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» тарихи шындық дегенді – «өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, нақтылы оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады» деп түсіндіреді. Тарихи шындық көркемдік бейнелеу тәсілдерімен бейнелеп, жеткізіледі. Яғни бұл дегеніміз көркем шындық екені айтпаса да түсінікті жағдай. [5, 333] Ал тарихилық дегеніміз – «белгілі бір заманның нақты тарихи жағдайларын, қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерін, мән-мағынасын, тереңдігін көркемдік тұрғыдан жырлап, тарихтың көркемдік философиясын шеберлікпен жеткізу». [5,333]

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа байланысты жазылған шығармадағы көркемдік бейнесі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы бейнесін көзге елестету арқылы өткеннің сын-сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілдерімен өрілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық болып табылады. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған оқиғалар да аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып, біте қайнасып жүреді. Мәселе, шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес. Шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары көркем ой санасының неше түкпірінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығуына келіп тіреледі. Әрине, тарихи шығармада айтылмақ оқиға да шынайы өмірде болған жағдаяттардың аясында алынбақ. Сондықтан жазушы өз шығармасында орын алатын маңызды тарихи жағдайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білуі қажет. Ол қанша көркем суреттеулерге барса да тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға еш қақысы жоқ. Өткен дәуір қалай бейнелемесін, бәрібір сол кездің өз болмысын міндетті түрде білдіруі керек. Шығарма шындыққа сай нанымды шығуы тиіс. Бұл үшін тарихи дерек көздеріне сүйену шарт. Сонда ғана бұрынғы қоғам өмірі, халық тұрмыс-тіршілігі, бастан өткерген жағдайлары өз қалпында сенімді бейнеленбек. Қоғамның даму процесі, саяси таптар мен топтар, кейіпкерлердің мінезі, іс-әрекеті өз уақытының кезеңіне сай алынуы керек. Осының бәрі әсемдіпен жанды, шынайы түрде көркем суреттеліп берілсе, тарихи шындықтың әсері, оқырманға берер танымдық мән-маңызы да арта түсетіні баршаға ләзім.

Көркемдік шындық – тарихи шығармада өмірде болған оқиғаларды көркемдік тәсілмен бейнелеу. Мұндай шығармаларда өмірде болған оқиғалар мен тұлғаларды қоса, қиялдан туған оқиға да, кейіпкерлер де араласып жүреді. Бұл туралы зерттеуші Р. Нұрғали: «Қашанда қиялдан қосусыз көркем шығарма жасалмақ емес» дей келе мысалға «Абай жолын» келтіреді: «Өмірде Абай үш рет некеге отырған. Бірақ Әуезов Еркежанмен арақатынасты өз идеалына орай әдейі өзгерткен. Өйткені, ұрпақ үшін көп әйел алған Абай емес, ақын Абай қымбат» деген орынды пікіріне толықтай келісеміз. [6,188]

Нағыз жазушы бұл тек заманның көзі мен құлағы ғана емес, ары мен иманы да. Ол өзі өмірден көрген, түйген, естігенін басқалар секілді мықшындап тере бермейді. Ең алдымен сол көрген-түйгенінің ең мәндісін, жаны мен жүрегін, рухын толғандырған тұстарын ары мен иманының таразысынан өткізіп барып қалам тербейді. Суреткер кейде тақырыпты характер арқылы тапса, соңында ол екеуі (тақырып пен характер) өз кезегінде идеяға айналады. Тіпті көркем идеядан тақырып пен әдеби характердің, типтің де туындап кетуі мүмкін. Жалпы, егер суреткердің өзіне сенсек, тақырып пен идеяның олардың санасына келуі мүлде өзгеше. Біреулері болашақ көркем шығармасының жобасы түсіне аян боп еңсі, ал екінші біреулеріне тақырып ойда жоқта, мәселен автобус аялдмасында тұрған кезде, болмаса өзінің жақын достарымен түстеніп отырған сәттерде сап ете қалады екен. Болашақ көркем туындының осылайша ойда жоқта өзіне қона кеткен тәңірдің тосын сыйындай боп, бір қарағанда қарапайым кездейсоқтық боп көрінгенімен, бұл әрине, кездейсоқтық та,

аяқ астынан адамның асына қона кететін тосын бақ та, бақыт та емес. Жоқтан бардың пайда болмайтыны секілді, тақырып пен идеяның, ондағы басты қаһармандардың ораздары мен характерлері де ешқашан қаламгерге өзі келе қалмайды. Бұл дүниенің заңдылығы сияқты себепсіз салдар да болмақ емес, ендеше жаңағы қаламгердің санасына сап ете қалған тақырып пен идеялар, сол идея мен характердің суреткерді толғантып, толқытқан қоғамдық жағдайлардан, болмаса өз басынан өткізген жекелеген жағдайлардан, бәлкім арада санаулы күндер өткенде, бәлкім жылдар өткенде, толысып, жаңа мазмұнмен, жазушының мол өмірлік тәжірибесімен, кенеттен бой көтеріп, қайта жаңғырып шығуы болады. Әдебиетшіге ең әуелі қоғамдық өмірді жете т.сіну, сол қоғамның ортасында біте қайнасу шарт. Әдебиеттің сыншылары белгілі бір шығармаларды талдау кезінде жазушыдан ең әуелі өмір шындығының болуын талап етуі де сондықтан. Өмірлік тәжірибесі мол қаламгерден – шығармасы да бай шығарма дүниеге келетіні сондықтан. Шындық пен шыншылдық әдебиеттің басты синонимі болып табылатын да осыдан болса керек. Жалпы «Абай жолы» бұл көркем шығарма екенін естен шығармау қажет. Өйткені онда шынайылықтан көрі жазушының суреткерлігі басым болып отыр. Романды оқып, ұлы ақынның өміріне, өскен ортасына қызығушылық танытқан әрбір оқырман романдағы кей оқиғалардың, тіпті кейіпкерлердің протиптері жоқ, өмірде болмағандығын біледі. Себебі, қайта айту керек бұл - көркем шығарма, онда автордың қиял ұшқырлығы әрқашан басым болады. Дегенмен бұдан автордың бәрін өз бас пайдасы үшін жасап, тарихты бұрмалады деген ой туындамауы қажет. Автордың өзі «Как я работал над романами» атты мақаласында «В моих романах, например, множество добытых мною фактов жизненной биографии Абая остается в стороне. Одни факты я развернул, другие вовсе опустил, потому что они не имеют существенного значения в том историческом здании, которое я стремился возвести в своих книгах» – дейді. Жазушы Әуезов шығармашылық тұлға туралы жазғанда кездейсоқ олар туралы биографиялық деректер мен мәліметтерді бейберекет қоса бермеу керек, себебі халықтың санасында ұлы тұлғалардың тарихпен біте қайнасқан өмірі ғана жақсы сақталып қалады дейді. Тұлғаны осы тұрғысында ашқан сәттірек болады деген тұшымды пікір келтіреді.

Бүгінде, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары тұсында жарық көрген «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының да негізгі тақырыбы – ақынның өмір жолы, қазақ халқының тыныс-тіршілігі. Дегенмен осы екі ірі туындыны бір-бірінен алшақтап тұрған не? Роман-хамсаның кіріспесінде: «Бір Абайда сан кісінің саралы өмірі тұр. Абай қазынасы – біздің қолымызда болса, дана адамның өмірден не алғаны, қалай алғаны – жұмбақ. Ол жұрт көрмегенді көрді, жұрт сезбегенді сезді. Ал енді: қалай көрді, қалай сезінді, түсінік-түйсігі, қай дәрежеде қалыптасты? Не нәрселерге көірек әсерленді?» – деп өзіне (анығында оқырманға, жалпы жұртшылыққа) сұрақ қояды. Р.Тоқтаров: «әр қаламгердің өз танымындағы Абайы» барын, оған «жаңа заманның биігінен көз тастау керек» екені туралы пікірін келтіреді. Қалай десек те қос романда да негізгі тақырып болған Абай Құнанбаевтың өмірі, жүріп өткен жолы туралы. Бірақ екі автордың тақырыпқа келуі, оның ашу, тарқату жолы, жазылған уақыты әр басқа. Алғашқысы көркемдік шындықпен өрілген шығарма болса, екіншісі Абайдың өміріндегі тарихи деректерді біріктірген энциклопедиялық жинақ – романға айналған. Бұл романда екінші қатардағы кейіпкерлерді ерекшелее, олардың жеке басын даралау әлдеқайда басымырақ. Ал адамдардың сипатын, оларға мінездеме беру одан да тереңірек. Қаламгер оларды көрсетіп даралау үшін жауыр болған фальклор мен классикалық жазба поэзиядан арылып, жаңаша көрсетуге талпыныс жасаған.

Роман-хамсада бұрын «Абай жолы» роман-эпопеясына білгілі жағдайларға байланысты енбей қалған Шоқан, Достоевский, Шәкәрім, Халиолла, Саққұлақ шешен, Мұса мырза, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан Бөкейханов сынды образдардың роман-хамсада бой көрсетуі арасында Абайдың дара тұлғасы жан-жақты әрі ауқымырақ суреттеледі.

Роман-хамса жалпы бес бөлімнен тұрады және әрқайсысы өз алдына ерешке желісі бар, бөлек хикаялар болып табылады. Жазушы әр бөлімде оқиғаның өзегін ұстап тұрған кейіпкерлерді жақша ішінде көрсете отырып Абайдың бейнесін жан-жақты ашуға талпынған. Осы орайда жазушының «Абай жолынан» бөлек оқиғаға кірістірген толықтырулары романға ерекше дара сипат беріп тұрғандай. Жалпы осы бес бөлімде баяндалған оқиғаларға негіз болып отырған да, оларды өзара байланыстыратын да – Абайдың өзі.

Оқырман Р. Тоқтаровтың өз шығармасында қолданған мінсіз, жатық сөздерін оқи отырып, қаламгердің жазушылық шеберлігіне тәнті болады. Оқиғаны, барлық жағынан шыншыл әрі шынайы жеткізуге талпыныс жасаған жазушы мәселен романдағы «Жұлдыз құрбандық тарауында Шоқанның, Достоевский мен Құдайберді сынды тұлғалардың мейлінше шынайы тұлғасын жасаған. Шоқан, Достоевский сынды өз заманының озық тұлғаларымен Абайды кездестіру арқылы болашақ ақынның дүниетанымын қалыптастыруға тигізген әңгімелері енгізілген. Сондай-ақ баршамаызға

белгілі себептермен «Абай жолына» енбей қалған Шәкәрім образы да романға кірістіріліп жазушының бұл туындысын өзін асқақтатып тұрғандай. Екі романда да Абайдың образы ерекше бейнеленген. Ақынның бейнесін өз таным-түсінігінде жеткізе білгендіктен екі автордың өзіндік стилі мен қолтаңбасы байқалады. Қалай десек те егер «Абай жолы» жазлмағанда «Абайдың жұмбағы» романы да өмірге келмес еді.

Нәтижелер. Көркем образ – шындықты танып білу үшін қажет категория болып табылады. Шығармада сомдалған кез-келген құбылысты біз образ деп атаймыз. Мысалы, М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопесындағы халық пен Абай образы – өнер мен халықтың болмаса сана мен өмірдің арасындағы байланысты көрсететін категория. Образ нақты өмірдегі шындыққа және ойлау құбылысына (процесс) байланысты анықталады. Образ тек шындықты ғана бейнелеп қоймайды, ол сонымен қатар оны жинақтайды. Шығармадағы жекелеген оқиғаларға түсінік келтіреді. Әр қаламгер жасаған образ шындықты өзінше, өзгеше қырынан шығармашылық тұрғыдан түсіндіруді мақсат етеді. Шығарманың негізі бейнеден болса, суреттеуден туған әрбір сөз бедерлі бейнеге, әрекетке ие болғанда барып образға айналады. Оның мақсаты қарапайым кез-келген құбылысқа немесе затқа жан бітіріп сөйлету.

Абай – құлашы кең, өзіндік ішкі тынысы бар эпикалық образ. Романның басынан аяғына дейін жазушының қолданған әр деталі, жасалған пәлсәпалық талдауы, романдағы қақтығыс – бәрі-бәрі Абайдың бейнесін жасауға, оны ашуға жұмсалады. Ақынның тұлғасы осылайша барша оқырманның көз алдында өсіп, символ-образға айналды.

Қорытынды. Сонымен романдағы автор айтқан Абайдың жұмбағының шешімі қандай болды деген сұраққа былай жауап берер едік. Абайдың өсиет еткені, оның жұмбағы – өз адамшылығынды өмірінің соңына дейін сақтап қал деген тәлімінде. Абайдың өз өлеңдерінде, жоқ тіпті бүкіл ғұмырында да айтатыны осы. Өзгеден ерекшеленіп, артыламын, олардан оқ бойы ұзаймын деп өзінді нәрсіздікке, арсыздық істеріне апармауды ескертеді. Өзіңе, ойың мен сөзіңе сақытық, қатаң тәртіп пен талап, ал өзгелерге бойыңдағы бар аяушылық пен мейірім шапағатын төгу керек. Өмірінің бар ғұмырында сенген, сүйенген тірлігінің аяғы жалған болмасын. Ол жалған болса бар кеңшілік бір Алладан ғана күтілсін, үміт үзбесін. Міне Абайдың өзінен кейінгі адамзатқа қалдырған асыл өсиеті, тағылымы осында. М. Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Абайдың бейнесі, сан қатпарлы жолы біздің санамызда сол роман бойынша сақталғанымен, заман ілгерілеген сайын сан құбылып, әр түрге еніп, мұра етіп қалдырған көп сөздеріне уақыт ыңғайына қарай өзгеше түсініктер енетінін жазушы өз романында жеткізе білген. Сондықтан да Р. Тоқтаров Абайды зерттеп, оның жұмбағын ашуға, ақын өмірден не алды деген сұрақтар төңірегінде жауап беруге тырысады. Қалай десек те Р. Тоқтардың жаңа жанрда жазылған «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы қазақ әдебиетінде өз орны бар, Абайтануға жаңаша дем берген шығарма екені сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана. Фолиант, 2013. ISBN 978-9965-35-995-8 Т.7. Әдебиет теориясы: нұсқалық. I кітап. 416. ISBN 978-601-302-010-5
2. Қ.Жұмалиев. З.Қабдолов. З.Ахметов. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013.Т.15: Әдебиет теориясы. – 412. ISBN 9778-601-7414-22-1
3. Мырзахметұлы М. Абайтану, 3-том. Мұхтар Әуезов. Абайтану дәрістерінің дереккөздері (қазақ, орыс тілдерінде) /Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. – 464. ISBN 978-9965-22-588-8
4. Қабдоллов Зейнолла. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013 ISBN 978-601-7472-24-5 Т. 4: Үш алып, Төрт арыс, Ғылыми зерттеулер. – 320 ISBN 978-601-7472-28-3
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст: З.Ахметов, Т.Шаңбай / -Семей-Новосибирск, «Таллер-Пресс», 2006, - 398
6. Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана. Фолиант, 2013. ISBN 978-9965-35-995-8 Т.7. Әдебиет теориясы: нұсқалық. I кітап. 416. ISBN 978-601-302-010-5

Жұмақан Әсем,

Қамшы.кз ақпараттық агенттігінің тілшісі

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «КҮНӘ» КОНЦЕПТІ

Оралхан Бөкей шығармаларындағы негізгі тақырып – адам, оның болмысы. Ал адамның өзін үлкен құбылыс ретінде қарап, рухтың жұмбақ сырларын ашуды мақсат тұтады. Бұл адамгершілікке жатпайтын өмірлік тәжірибеге қарсы қызу наразылық сезімі ретінде туған. Аспан шал, Қоңқай, тірідей қара жерге көмілген Сарқынды шал сияқты кейіпкерлері оқырманның айыптауларына да ұшырайды, ашуын да, сол бір уақытта аяушылығын да тудырады. Ерекшелігі сол, жауыздардың өзі

де ақыл мен парасатқа толыққан, қатал да жанашыр, дөрекі де қызуқанды. Аталған барлық мінез ерекшелігі жеке тұлғаның бағдарына бағынады. Осыған сай жазушының кейіпкерлеріне «күнә» мен «кінә» концептісін беруі нәзік қылдай шекті шеңберіне салынады.

Күнә адамның өз бойынан бір-біріне қарама-қарсы екі принципті, рух пен тәннің күресін ашады. Адамның қайшылықты табиғатын көптеген ежелгі философтар мен ақындар мойындады. Адам жақсыны білетінін, бірақ жаманның соңынан еретінін байқаған. Болмысы мен тіршілік шиеленісін теологтар трансформацияланған түрде түсіндіреді. Бұл әлеуметтік жаттану оның идеалды бейнесінен, адам болмысының құдайлық бастаумен бірліктен ыдырауы идеясынан туындайды.

Оралхан Бөкейдің «Сайтан көпір» повесі шындыққа негізделген, бірақ метафоралық сипаты да бар. Сайтан көпір сират көпірімен ұқсас, адамның күнәсі мен амалдарын есепке алады, тек жаны таза адам ғана сау өтеді. Сонда әділдіктен таймай, ақ жолдан айнымаған Аспан шалдың күнәсі қандай?

Майданда елін-жерін қорғау жолында жау жағындағы әскерді өлтіруі соғыс заңдылығы. Қолындағы қанды жуатын Гитлердің атын алып ұран салған Жаңғырық кінәлі болады. Бірақ абайсызда болса да, қаруы жоқ жазықсыз бір адамның қанын мойнына жүктеді. Германияның шағын бір қаласын басып алғанда, үй-үйге тығылған неміс әскерін қуып жүрген сәтте алдынан шыға келген әйелді жазым етеді.

«Ту сыртындағы кезекті бір есік оқыс ашылғанда, жалт бұрылып алдында тұрған адамды атып салады... Қарсы алдындағы қаруы бар жау емес, аппақ көйлек киген бейбіт ана... ана... ана... әлдені мінгірлеп айтты да, түбі өртенген бәйтеректей сұлап түсті Аспанның аяғына...» («Сайтан көпір» повесінен)

Өлім мен өмір арасында жатқан сәтінде әлгі әйелдің елесі келеді. О дүниеге әкетуге әзір тұрған жанды бейнесіне кінә Жаңғырықта екенін айтып, автор психологиялық тұрғыда өзін-өзі ақтап алуымен күнәдан арылғандай етіп көрсетеді. Осыдан тыншыған Айқайды өзі қайта көтеріп, қатты дауысқа салып күле бастайды. Іздеушілер күлкісін естіп тауып алады. Бұдан кейін де қолынан мерт болған әйелдің оқ тиіп құлап бара жатқан сәті есінен, қатты Айқай құлағынан кетпейді. Бұл ақталу бар да тәубесі жоқтығынан. Ал тәубе ең бірінші мойындаудан басталады. Аспан өлім мен өмір арасында, ақталу мен өкіну арасында еді.

Әдеби сыншылардың бәрі Аспан шалды күнәсіз, өлімге бас бұрмай, жеті күнде өмірге деген күштарлығын жоғалтпағандай әспеттеп жазады. Шындығында, автор бізге үсіп, өлімді аңсаған, артынан келер іздеушілердің жоқтығын ойлап, күңіренген, күдер үзген қар астындағы адамның психологиялық ауыр күйін түгел суреттейді. Психология ғылымында өлімді қабылдаудың бес кезеңі аталады: терістеу, ашу, сауда (үмітсіз үміт), депрессия, қабылдау. Осы кезеңдерді философиялық терең толғамдармен берген авторлық баяндаулар телімі кейіпкердің түгел психологиялық парадигмаларына келтірілген. Арпалыс – көндігу – өлімді аңсау – өз-өзін өлтіруге амал ету – ақырға дайындалу. Алғашында іздемек түгіл, арулап қоятын туысы жоғын ойлап, түңілгенде аңға жем болсам деп тіледі. Ағаш арасынан шыққан аюды шақырып әлек болды. Оған жем болмаған соң, қынынан пышағын алып, жүрегіне салуға оқталады. «Қар қызы» повесіндегі үш жолдас жігіттердің өлместің қамын барынша жасағанымен салыстырсақ, Аспанның өлімді қабылдаған кейпі ашыла түседі.

Аспан рухының мықтылығы бар қиындықты кеудесін кере тосуында емес, қайта жағдайды бар қалпында қабылдай отырып, төзе білуінде. Екі аяғын кескеннен кейін де, біраз уақыт көндіге алмай, «Қара да тұр, қас қылғандай көп жасап, қор боламын. Құдайға енді менің керегім жоқ!» деп Айғайлайтыны да бар. Бөлімше басқарушысы жем-шөбі аз Алатайға жұмсамақ болған кезде жалған ақпаратты әшкерелеп, әділдікті іздегенде де Жан Айқайы шыққан. Автордың «Айқаулау дегеніміз – өмір сүру» дегенін ескерсек, бұл да өмірдің заңды бір бөлшегі. Шындығында өлімге бара жатқанын Аспан сол кезде-ақ сезді. Бұнда екі бірдей күнә бар. Бірінші өз басын арашалау үшін берілген жалған ақпарат пен адамды қауіп-қатерге толы жолға жалғыз аттануына бұйрық беріп, қар көшкіні жүруі үшін Айқайлау. Анау абстрактілі бейне арқылы Аспан да кімнің қазған оры екенін ұғады, Еріктің: «Сонда елу тұяқ жабағы-тай қайда апарса да бәрібір арам қатпай ма. Одан да көшкінге кетіп өлсе – табиғат апаты үшін ешкімді де жазаға тартпайды» деген сөзінен күнә иелері тікелей аталады.

Айқай иесі Тоқылдақ кемпірден тараған, қоғамға пайдасынан зияны көп тиетін Анау. Күнә концептісін осы арадан да көреміз.

«Ел басына күн туып, ер-азамат майданға аттанғанда, қаралы ауылдың қазанына ас тұрғызбай ұрлай береді. Айран, сүтінен бастап суыртпақ жібіне дейін қас пен көздің арасында қағып кетеді екен». Ұрлық деген кісі ақысынан шығады. Біреудің талғажау ететін соңғы түйір асын әкетіп, өз қамын ойлаған кемпір Гитлерден кейін екінші болып ауылдағы бар тұрғынның қарғысын алады. Қарғыс деген – зәбір көріп азапқа ұшыраған адамның жәбірлеушіге айтқан кейіс сөзі, лағнеті;

парапсихологияда адам баласының залымға қарсы кері әсерлі қуат күші. Жападан жалғыз қалған кемпірді жазалауға, түрмеге отырғызуға дәті бармаған, яғни іспен атқармағанды сөзге іліктірген халық сөз құдыретін көзбен көрді. Соғыс бітіп, елге тыныштық орнаған уақытта кемпірдің керісінше тыныштығы қашады. Демек, бұның да үлкен мәні бар. Кеш батысымен үйінің асты тоқылдай бастайды, оны өзінен басқа тірі жан естімейді. Еденді, тіпті үйді ауыстырса да, басылмайды. Өз үйінде қорғаныш сезімі болмаған жәбірленушілеріндей кемпір де өз үйінде жапа шегіп, күн мен түнін ауыстырады. «Қарғыстан адам өлмейді» десе де, қарғыс өлімге жеткізеті осы аңызнамадан көрінеді.

Аспан қар құрсауында жатқандағы өлімге әрекетін қатар ала отырып талдасақ. Құранда өз-өзін өлтіру тікелей айтылып, талданбаса да, «...Өздерінді өздерің өлімге қимаңдар» (Ниса сүресі, 29-аят) деген аятты кей ғалымдар сиуцидке қатысты айтылған дейді. Жанын аттандыру тұрмақ, адамның тәніне әдейілеп зақым келтіруіне де тыйым салынған. Бақара сүресінің 195-аятында: «Өз қолыңмен өзіңе қауіп төндірме» деген. Христиан діні де бұндай әрекетке түбегейлі қарсы болса, буддизм мен Канфуцизмде әдет-ғұрыптарды орындауға қалыпты әрі қажетті деп қабылдайды. Аристотель сиуцидті мемлекетке қарсы жасалған азаматтық қылмыс деп санаған. Платон принцип етіп қарамаса да, еріксіз мәжбүрлеу сияқты ерекше жағдайларын пайымдаған. Аспан мен Тоқылдақ кемпірдің жағдайы да еріксіздіктен туған. Бірақ «қолын періште қаққан» Аспан алған бетінен тез тайып, табиғи келер өлімді күтеді, ал кемпір нақты амалға бекінген. Исламда Алла бірінші рет күнә істеген адамның айыбын жабады дегенін ескерсек, осы пайымдау бекітіле түседі.

Соңында Аспан шалдың екі аяғы көпірді тірі адамдай басып, арғы бетке өтіп бара жатқан сәті биік романтикалық пафоспен бейнеленген. Бірақ бұның астарлы мәні бар. Аманның бала күнінде әкесімен шөп оруға шыққанда арадағы диалог мәнісін ашады. Әке мүгедектігі жаныңды жараламасын деп өмір, мықтылық жайында пайымдауларынан соң: «Біле білсең сен, менің өтіп кеткен дәурен, өліп қалған арманымсың, екі аяғымсың! Ал менің аяғым сіңірі босап, сүрінуді білмейтін жілікті болатын!» деген. Мистикалық мәнін алға шығарсақ, Аспан шалдың боранға қарамастан, екі аяғы көмілген жерге барып, Құран оқытуында жатыр. Ата-баба аруағы жебесін деп тілейтін қазақы түсінікті негізге алсақ, отыз жыл бұрын қара жерге тапсырылған аяқ рух әлеміне өткендей. Жазушының бүтін иманмен дегені бүтін тәнмен мінәжат ету дегенмен бірдей. Сонда әкесінің дауысы елес қана емес, әлдеқашан өліп кеткен Аспан шалдың аруағының қолдауы. Сау басына зауал тілеу, Құдайдан өлім сұрау да күнәлі іс. Әкесінің басына түскен қасіретті оқиға Аманның да тағдырына жазылыпты. Сайтан көпірге жақындап қалғанда, Айқайды естіп, құлайды. Бұл жалғыз өзі табиғатпен бетпе-бет келгендегі үрей мен белгісіздік алдындағы қорқыныш. Аспан мен баласының өмірге жанталаспай, өлімді аңсауы сол үрейден туған, ақылдан адасып өлгенше, бірден жан тапсыра салуды артық көруінен. Сонда Аманға өзінің бала бейнесі келеді. Автор балалық бейнесін бойындағы ізгі қасиеттердің жиынтығы етіп алған. Жылқыларды қарауылдап, жалғыз қалған Еріктің де көз алдына ағаштар үйір қасқыр болып, алдында жүгіріп келе жатқан алты қыз, солардың бәрі сүйгені Мәликедей елестейді.

Жалпы, Аман әке тәрбиесін бойына сіңірген, адамгершілік пен әділдікті бойтұмар еткен адам. Анаулар сияқты өлімге біреуді айдамай, өзі бастап шығуы ерлігінің, әділдіктің көрінісі. Жазушы оны тым идеалдап жібермес үшін Ерікпен арадағы кішігірім кикілжің арқылы пенделік ағаттықтарын да көрсетеді. Ал Ерік қоғамдағы Айқайға қарсы әділдіктің символындай. Әкесінен қаталдықты көрген Аспан шал ұлына мейіріммен қарай тұрып, қайсарлыққа тәрбиеледі, ал бастық болғаннан бері асқан қаталдықпен сөйлеп, повесть басында ықтырғанын көреміз. Бұл ісі тәкаппарлықтан сақтансын, бүкіл ауылға басшы болғанда, оның да жасқанатын Біреу барын абзал санағандықтан туған. Тәкаппар кейпімен деген сөзді автор екі кейіпкерге де көп қолданғанымен, менмендік, кісіге асқақтап қарайтын ісі еш суреттелмейді. Бұнда мінездегі кемшілік ретінде емес, сынақ, өлім алдындағы батылдық сипатында алды.

*Маратова Әсел Муратқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ШОҚАН УАЛИХАНОВТЫҢ САПАРНАМАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ

Шохан Уәлихановтың өмірі мен қызметі тек қазақстандықтар үшін ғана емес, барша әлем үшін мәдени құбылыс және тұтас бір дәуір.

Шохан Уәлихановтың есімі қазақтың мәдени-қоғамдық және ғылыми ой-пікірлерінің тарихында лайықты орын алады. Бұл көрнекті ғалым, ағартушы шығыс халықтарының географиясы, тарихы,

этнографиясы, фольклоры саласында көптеген жемісті ғылыми зерттеулер жүргізіп, сол кездегі тылсым елдерге саяхат жасады.

Қазақ халқының тұңғыш ғалым-географы Қазақстанның ғана емес, Қырғызстанның, Қытайдағы Шыңжаңның географиясының дамуына зор үлес қосты. Сондай-ақ Жетісуды, Ыстықкөлді, Жоңғарияны, Қашқарияны, Тянь-Шаньды алғаш зерттеушілердің бірі болды. Ол бай орнитологиялық, энтомологиялық және геологиялық коллекциялар жинап, гербарийлер құрастырды. Ол Ыстықкөлді зерттеуге қатысып, нәтижесінде жағалаудың пішіні мен контуры жаңа картаға енгізілді. Уәлихановтың алғашқы сапарының ғылыми нәтижелері оның «Ыстықкөлге саяхат күнделігі», «Қытай империясының батыс аймағы және Круя қаласы», «Қырғызстан туралы жазбалар» атты саяхат очерктерінде көрініс тапқан. Бұл жерде ол ертеде осы аймақтарды мекендеген халықтардың географиясы мен тарихын терең меңгерген байқағыш, зерделі ғалым екенін көрсетті [1].

Ғалым фольклорды, ежелгі ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, түсінік беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар сапарнамалық еңбектер жанрының дамуына зор үлес қосты. Өзінің әр сапарын күнделігіне түсіріп, түрлі сипаттаулар мен ғылыми маңызды ақпараттар беріп кетті. Мақалада Ш.Уәлихановтың осы сапарнамалық еңбектерінің маңыздылығына барынша тоқталатын боламыз.

Шоқанның 1858-1859 жылдардағы Қашқарияға сапары оның ғылыми және ағартушылық қызметін жаңа белеске көтеруге жол ашты. Ол кезде Қашқария Ресейдің зерттелмеген аумағы болған. 1858 жылы маусымда, 22 жасында Шоқан Уәлиханов Ресей география ғылымында өшпес жазба мұраға айналған Қашқария арқылы саяхатқа аттанды. Ол Семей көпестерінің керуенімен үлкен жолға шықты. Уәлиханов бұл сапарға лысынамен, шапанмен және саудагер Әлімбай деген лақап атпен барды. 1859 жылы 12 сәуірде, саяхаты басталғаннан кейін 11 ай өткен соң, Шоқан Уәлиханов Верныйға оралды. Экспедиция нәтижелері бойынша ол «Алтышара немесе Қытайдың Нань Лун (кіші Бұхара) провинциясындағы алты Шығыс қаланың жағдайы» (1858-1859) есебін әзірлеп, жазды. Оның жұмысын Ресейдің және басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалады және көп ұзамай ағылшын тіліне аударылды.

«Қашқар күнделігінен» бірнеше жол: «Арамызда терең тыныштық орнады. Суық болып, жарылған ернімізден жансызданған аяқ-қолымыз аузымызды ашуға мүмкіндік бермейді. Тері жамылғысын киіп, белбеуін кең гардермен байлап, қызыл мұрынды және көк жүзді біз буддист Бурхандарға ұқсаймыз. Шар пішінді фигураларымыз ешбір қозғалыстан ада: тондарымыз бен мақта халаттарымыз сауыт сияқты қол қимылын байлап тұр... Үнемі суық, жер үнемі мұз...». Барлау офицерінің саяхат жазбаларынан тағы бірнеше сөз: «Күнделік есте сақтау үшін өте кездейсоқ жазылған. Біз бәрін жүйеге келтіруіміз керек... Мен асығып тұрмын: күнделік қазір жерге көміліп қалды, егер Құдай бізді аман-сау қайтарып, оның ылғалдылығын бұзбаса, біз оны тағы да әлемге көрсетеміз. Мен сені Аллаға тапсырамын...»

Орталық Тянь-Шань арқылы Ыстықкөл жағасынан Қашқарға (содан кейін кері қарай) бұрын-сонды болмаған жорық кезінде тау ізінің қиындықтарына тіпті түйелер де төтеп бере алмады. Ш.Уәлиханов егер сапар басында керуенде 101 түйе болса, тері жамылған тірі қаңқа тәрізді 36 аянышты нағаштың ғана Қашқарға сүйреп апарылғанын айтады. Алайда Тянь-Шань Сыртының климаттық ерекшеліктері, жолдың қиындығы мен таршылықтары жергілікті ханзадалар – билер мен манаптардың тауы айналдырған керуенге көрсеткен ерекше ілтипатына қарағанда, ұсақ-түйек деуге болады.

Шоқан Уәлихановтың Қашқар жорығы туралы ресми баяндамасынан: «Мен 1859 жылы 12 сәуірде Верное бекінісіне келдім. Менің сапарым... 10 ай 14 күнге созылды... Қашқарда 1 қазаннан 13 наурызға дейін 5 айға жуық тұрдық». Бұл жай сандар. Бірақ осы күндердің қай-қайсысында да Ш.Уәлихановтың өміріне қауіп төнгенін байқаймыз.

Ал Ш.Уәлиханов экзотикалық Қашқарияда, жолдың талай қауіп-қатер мен қиындықты басынан кешіп, керуенмен келген даңқты Қашқар қаласында не көрді? Третьяков галереясында болып, орыстың түпнұсқа суретшісі Верещагиннің картиналарының алдында тұрған кез келген адам мұны елестете алады. «Соғыс апотеозы» адам бас сүйектерінің пирамидасы мен олардың үстіндегі қарғалар бұлты, сондай-ақ найзаға қадалған шығыс экзотикасы мәңгілікке есте қалады. Қашқарияның сұмдық көрікті жерлерін көрсете отырып, «Ташкент тұрғыны» Әлімбайдың туыстары Пруссиядан келген саяхатшы ғалым, әрине, ағылшын агенті, өлім жазасына кесілген «Ференгтің» басы Адольф Шлагинтвейтті де көрсетті.

Ш.Уәлихановтың серіктерінің бірі «арқаларды көріп және үмітсіздігін білдіріп, оларды нұсқауы ғажап емес; досымыз есінен танып қала ма деп қорқып, асылып өлсек те, сол үшін ақсақалдың қолына беріліп, қоқандық шенеуніктерді бәрінен де сатып алуға болады деп жігерлендіруге тырыстық... Тірі

екенімізге қуанып қайттық, иығымнан тау түскендей болды. Біз бірінші рет тыныш және тәбетпен тамақтандық».

Ш.Уәлихановтың очерктері мен баяндамаларын оқығанда көптеген ұқсастықтар туындайды. Аталған бес томдық жинақта Ш.Уәлихановтың қаламына тиесілінің бәрі (авторлығы алдын ала анықталған немесе мүлде анықталмаған материалдар бар) бірінші орында Ресей мемлекетінің мүддесі. Мұнда да сарказмға қаныққан көптеген сыни пікірлерді кездестіреміз. Кейбір басылымдарда, очерктерде, тіпті ресми хабарларда кейде патша үкіметін «жабайы исламды» сіндірді деп айыптайды; Фанатик молдалардың орыстарға, Ресей мемлекеттігіне деген өшпенділік сезімін тудыратынын атап өтіп, «... исламға қатысты патронаттық жүйенің қателігін» көрсетеді. Ш. Уәлиханов қырғыз-қайсақ (қазақ) даласындағы халықтық әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер «аталған қашырлардың құрылуымен, мешіттердің құрылуымен, біздің қырғыз ордасындағы орыс үкіметінің қамқорлығының арқасында жойылды» деп тікелей жазады.

«Қытайда бізде бар көп нәрсе жоқ, – деп жазады Ш.Уәлиханов өз баяндамаларының бірінде, – біздің қабылдауымыз керек нәрсе көп». Осыған ұқсас пікірлер офицердің және оның басылымдарының ресми баяндамалары мен жазбаларының беттерінде шашырап кеткен.

Шоқан тарихи маңызы бар жұмыстарға ерекше назар аударды. Осы мақсатта ол алғаш рет қырғыздың «Манас» және «Семетей» дастандарының бірнеше тарауын орыс тіліне аударып, ғылыми тұрғыдан тарихи-әдеби талдау жүргізді. Бұл басылымды ол алғаш рет жариялады. Оның саны, баяндау құрылымы және адам фигурасын бейнелеуі бойынша ол оны бірегей және құнды шығарма, әлемдік әдебиеттің озық үлгісі деп санады» - ежелгі қырғыз мифтерінен, аңыздарынан және ертегілерінен жиналған және бір адамның айналасында құрастырылған энциклопедия – «Манас». Бұл тұрғыда ол «Илиадаға» ұқсас. Бұл керемет эпос қырғыз халқының бүкіл өмірін, дінін және сыртқы байланыстарын қамтиды. Екінші эпос, «Семетей», «Манастың» жалғасы. Бұл қырғыз халқының Одиссеясы», - деп атап өтті Шоқан. Шоқан әдебиет, оның теориясы, өз халқының лайықты өмір сүру және мәдени даму шарттары туралы бірқатар жаңа пікірлер мен тұжырымдар жасады. Ол сондай-ақ әр елдің әдебиетін осы елдің қоғамдық және әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста қарастырады. Ол қазақ поэзиясының фольклорлық ерекшеліктері туралы жаңа пайымдаулар айтады. Поэзия туралы халықтың рухани серігі ретінде ол: «Мен бұл халық өзінің ұзақ өмірінде еске алмайтын бірде-бір маңызды оқиға немесе көрнекті адам жоқ деп айта аламын. Олардың бірін ақындар мен әншілер шырқады, екіншісін кейбір флейташылар мен етікшілер қалдырды, ал болашақ ұрпақ мұны есіне түсірмейді». Шоқан қазақ поэзиясының провинциялық сипаты туралы құнды ескертулер жасады, халық әдебиетінің құнды нұсқаларын келтірді және ауызша әдебиеттің таңдаулы үлгілерін шырқады. Ол Орынбай, Шудже, Жаңақ, Аристанбай, Климбай сияқты ақындардың шығармашылығына сілтеме жасап, мысалдар келтірді. Сонымен бірге, қазақ поэзиясының жанрларын, түрлері мен поэтикалық құрылымын зерттей отырып, ол онымен орыс зерттеушілерін таныстыруға тырысты. Кітап қазақ поэзиясының бес санатына бөлінеді: поэмалар, Жоқтаулар, өлеңдер-қала, өлеңдер-қаймалар және өлеңдер. Өлеңдердің құрылымын жыршылардың қобыз немесе домбыра жүйелеген. Ол поэзия, әсіресе верификацияға бейімділік барлық көшпелі елдерге тән екенін анықтады. Шоқанның қазақ халқының ауызша әдеби мұрасын жинауы мен зерделеуі славян халықтарының, әсіресе орыстардың ауызша әдебиетімен байланысының айқын мысалы болып табылады. «Жоңғарияның очерктері» кітабында ол былай деп жазады: «ұзақ уақыт бойы қазақ ертегілерін, мифтерін, халық жырлары мен аңыздарын жинаумен айналысып, олардың еуропа халықтарының, әсіресе славяндардың ұқсас шығармаларына сәйкестігіне таң қалдым». Орыс және қазақ ертегілерін, мақал-мәтелдерін салыстыру мұны айқын растайды. Мысалы, өмір шындығының үндестігі әдеби тақырыптар мен сюжеттік желілердің ұқсастығына әкеледі. Қазақ және араб поэзиясын салыстыра отырып, Шохан екі елдің даладағы өмір туралы өлеңдерінің ұқсастығын атап өтеді, ол әдемі табиғатты бейнелеуде, рулардың бәсекелестігінде және көшпелі өмірдің қайшылықтарында айқын көрінеді. Атап айтқанда, бұл халықтар поэтикалық сурет өнерінің ерекшеліктеріне ерекше назар аударды.

Әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. 560 б.
2. Тасмағанбетов И.Т., Құдабаев А., Дүйсебайұлы Е. Дала даналары. -Алматы, 2001. Қазақстан даму институты.
3. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар.-Алматы: Мектеп, 1964.

*Нажиева Мафтуна,
БВ01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4 курс студенті
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,
Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы
PhD., қауымдастырылған профессор
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,*

У. ХАМДАМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОРТРЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ

Портрет интеллектуалды мүмкіндіктерді ашуға гуманизмдік қасиеттерді, кейіпкердің психологиялық жағдайын тануға көмектеседі. Портреттік сипаттамалар тек адамның бейнесін ғана емес, сонымен қатар жануардың бейнесін жасау үшін де қолданылады. Бірақ бізді адам бейнесін дәл бейнелеу әдістері қызықтырады. Портрет кейіпкер бейнесін жасау құралы ретінде кез келген шығармада бола бермейді. Бірақ портреттің бір бөлшегі де кескін жасауға көмектеседі. Әдеби портрет – суретті білдіреді көркем әдебиет адамның барлық келбеті, оның ішінде мұнда және бет-әлпеті, дене бітімі, киімі, жүріс -тұрысы, қимылдары мен мимикалары.

Образ – кейіпкерді құру кезінде көптеген жазушылар оның келбетін сипаттайды. Олар мұны әр түрлі жолмен жасайды: кейбіреулер батырдың портретін бір жерде егжей-тегжейлі бейнелейді, жинақталған; басқалары жұмыстың әр түрлі бөліктерінде портреттің жеке жолдарын белгілейді. Нәтижесінде оқырман оның келбеті туралы нақты түсінік алады. Кейбір жазушылар бұл техниканы әрдайым дерлік қолданады, ал басқалары сирек, бұл суретшінің жеке стилінің ерекшелігі мен шығарманың жанрына және басқа да көптеген шығармашылық жағдайларына байланысты, бірақ әрқашан актер келбетін сипаттайтын жазушы. Кейіпкердің сыртқы және ішкі келбетін жарқын түрде көрсетуге мүмкіндік беретін бөлшектерге назар аударуға тырысады. Тірі көзге көрінетін бейнені құруға, берілген кейіпкердің ең маңызды кейіпкерлік қасиеттерін ашуға және автордың пікірін білдіруге, сонымен қатар оған деген көзқарасын қалыптастырады.

Әрбір портреттің бір дәрежеде сипатталатыны байқалады, яғни сыртқы ерекшеліктері бойынша біз кем дегенде адамның мінезін қысқаша және шамамен бағалай аламыз. Бұл жағдайда портрет автордың түсініктемесімен қамтамасыз етілуі мүмкін, бұл портрет пен кейіпкердің арасындағы байланысты ашады. Портрет ерекшеліктерінің кейіпкерлердің қасиеттеріне сәйкестігі - шартты және салыстырмалы нәрсе; бұл берілген мәдениетте қабылданған көзқарастар мен сенімдерге, сипатқа байланысты көркемдік конвенция... Мәдениеттің дамуының алғашқы кезеңінде рухани сұлулық әдемі сыртқы келбетке сәйкес келеді деп есептелді; теріс кейіпкерлер ұсқынсыз және жиіркенішті етіп бейнеленген. Болашақта әдеби портреттегі сыртқы және ішкі байланыстар айтарлықтай күрделене түседі. Атап айтқанда, XIX ғасырда портрет пен кейіпкер арасындағы кері байланыс мүмкін болады: позитивті батыр жағымсыз және жағымсыз болуы мүмкін әдемі. Осылайша, біз әдебиеттегі портрет әрқашан тек бейнелеу ғана емес, сонымен қатар бағалау қызметін де атқарғанын көреміз. Л.А. Козыро ол өз жұмысында портреттің үш түрін атайды. Бұл – портреттік сипаттама, салыстыру портреті, әсер портреті. Портреттік сипаттама – бұл портрет сипаттамасының ең қарапайым және жиі қолданылатын түрі. Ол әр түрлі дәрежедегі портреттік бөлшектердің тізімін береді. Кейде сипаттамада портретте пайда болған кейіпкердің сипатына қатысты жалпылама қорытынды немесе авторлық түсініктеме беріледі. Кейде сипаттамада бір немесе екі жетекші бөлшекке баса назар аударылады. Портрет кейіпкердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін, адамгершілік қасиеттерін, психологиялық жағдайын ашуға көмектеседі. Портреттік сипаттамалар адамның бейнесін ғана емес, жануардың да бейнесін жасау үшін қолданылады. Бірақ бізді адам бейнесін бейнелеу тәсілдері қызықтырады. Кейіпкер бейнесін жасау құралы ретінде портрет кез келген шығармада бола бермейді. Бірақ тіпті бір портреттік бөлшек кескін жасауға көмектеседі. Әдеби портрет деп көркем шығармадағы адамның бүкіл сыртқы келбетін, оның ішінде бет-әлпетін, дене бітімін, киімін, жүріс-тұрысын, ым-ишарасын, мимикасын бейнелейді.

Классицизм дәуірінде әдеби шығармадағы портрет жеке образ жасауды мақсат етпейді, авторлар портреттің тек екі түрін жасайды: идеалдандыратын портреттер және төмен текті кейіпкерлердің бейнелері. XIX ғасырға дейін кейіпкердің портреті дараланбаған, өйткені белгілі бір кейіпкерді талдау қажеттілігі туындамады, көркем шығармалардағы авторлар портреттік сипаттамасыз жүрді, негізінен кескіннің пайда болуы туралы кейбір ескертулермен шектелді. Әдебиеттегі Портрет-әрбір жеке кейіпкердің тұтас сипаттамасы. Автор оқырмандарға адам, оның ішкі әлемі, басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы түсінік беру үшін кейіпкердің сыртқы келбетін, мінез-құлқын, әдеттерін және өмір салтын сипаттайды. Әдебиеттегі кейіпкердің портреті арқылы жазушы кейіпкерге деген

жеке көзқарасын да көрсетеді. Әдебиеттегі портреттің рөлі. Кейіпкердің ауызша бейнесіз толыққанды әдеби шығарма жасау мүмкін емес.

Портреттің көмегімен автор: оқырманға кейіпкердің жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін көрсету; кейіпкердің әлеуметтік және қаржылық жағдайын көрсету; адамның дүниетанымын сипаттаңыз; егер оның табиғаты даулы болса, кейіпкердің ішкі жанжалын ашыңыз; кейіпкердің басқа адамдармен қақтығысын көрсету, екеуінің арасындағы қарама-қайшылыққа назар аудару; ішкі тәжірибені, қорқынышты жеткізу, кейіпкердің армандары мен ұмтылыстарын көрсету; жағымсыз кейіпкерге жанашырлық немесе жиіркеніш білдіру; шығарма барысында кейіпкердің қалай және неге жақсы немесе жаман жаққа өзгеретінін көрсетіңіз.

Көркемдік сипаттамалар әрқашан авторлық түсініктемелермен бірге жүре бермейді. Кейде жазушы оқырманның өзі сипатталған кейіпкер туралы қорытынды жасағанын қалайды. Сондықтан оқу кезінде портретке ерекше назар аудару керек. Әдебиеттегі портреттердің түрлері: Кейіпкердің сыртқы келбеті мен ішкі әлемі жанр мен авторлық стильге, жазушының алдына қойған мақсаттарына байланысты әр түрлі сипатталуы мүмкін. Классикалық шығармалардың мысалдарымен әдебиеттегі портреттердің ең көп таралған түрлерін қарастырайық.

Ғалым Катренко О.Н. портреттің төмендегі түрлерін зерделейді.

Мәселен, психологиялық портрет. Психологиялық портрет-бұл кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау ғана емес, оның сыртқы ерекшеліктерін қолдана отырып, ішкі әлемнің ерекшеліктерін бейнелеу. Әдебиеттегі психологиялық портреттің 2 негізгі түрі бар: **Портрет-сәйкестік**. Психологиялық сипаттама айқын, өйткені кейіпкердің сыртқы деректері мен ішкі әлемі толығымен байланысты. **Портрет-контраст**. Кейіпкердің сыртқы келбеті оның ішкі әлеміне мүлдем қарама-қайшы[1,2].

Кез-келген ұлттық әдебиетте ана тақырымындағы шығармалар жетерлік. Дегенмен, әке образы жеке бейнеленетін туындылар жиі кездеспейді. У. Хамдамның «Ота» романында оқырман қауым нағыз өзбек әкесімен жақыннан танысады. Автор әке образын ашуда портреттің ерекше түрлерін пайдаланады. Басты қаһарманның жас кезі, орта жасы, әке атану, қызын өсіруі, қартаюы, оның ішінде бас кейіпкердің күйеу ретіндегі рөлі, бала ретіндегі рөлі, өзі тұратын жердегі халыққа ақсақал ретіндегі рөлі жан-жақты суреттеледі.

Кітаптың алғы сөзін Өзбекстан Республикасы пән мүшесі, филология пәндерінің докторы, профессор Умарали Норматов жазған. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Ашық аспан аясында», «Соғыста», «Күту» деген тараушалардан тұрады. Екінші бөлім: «Тағы Ашық аспан аясында» атты үлкен тараушадан ғана тұрады.

Кейіпкерлер бейнесі: **Ойчечак** – Полаттың анасы. Ескі салт-дәстүр мен ырымдарға сенгіш, жайдары әйел. Кішкене білімсіздігің кесірінен балгерлерге барып, күйеуінің тапқан-таянғанын соларға тасып жүреді. Немерелі болғанда ауыл адамдарына мақтанғысы келіп, үлкен той жасатады. Үйінен қонақты арылтпайтын жайсаң әйел. Аузы тынбай сөйлей берді. Осылайша автор Ойчечак апаның бейнесін аша түседі[2,14].

Өткір – Полаттың әкесі. Ақыл тоқтатқан, өте сабырлы, жаман әдеті жоқ, бес уақыт намазы орнын оқитын, әйеліне сүйеніш бола білген оны ренжітпейтін жақсы жар, өнегелі әке. Отан алдындағы борышын орындап, әскерге барып, аман-есен оралады. Автор Өткір атайдың портретін көпке үлгі еткісі келеді[2,91].

Полат (есімінің мағынасы болаттай мықты, қайсар дегенді білдіреді) – басты кейіпкер, жас кезінен 70-тен асықан кезеңге дейінгі өмір кезеңдері суреттеледі. Әскерде көп ерлік көрсеткен. Дұшпанның тұтқынына түсіп, бірге күрескен Никита атты досынан айрылып, азап шеккеніне қарамастан, елге аман есен оралады. Сталиннің жарлығыме соғыста тұтқынға түскендерге «Халық жауы» деп кінә тағылып, 8 жылға тұтқындалады. Оралған соң 12 жыл бойы бір сәбиге зар болып ғұмыр кешеді. Бұл есеп, үйленген күннен бастап есептегенде. Сосын қыз пезентті болады. Осыған дейінгі өзбек отбасылары туралы шығармаларды оқығанда, әкелердің қызға қарағанда ұлды көбірек қалайтындығы туралы баяндалса, осы романда ондай тапқа бөлушілік атымен жоқ. Полат қызына жақсы әке болады. Тұтқыннан оралған соң оқуын жалғастырмай, ауылында өрт сөндіруші болып жұмыс жасайды. Өз өмірін қауіпке тігіп, біреудің баласын құтқарады. Соғыстан келгесін, түрмеге түсіп, әйелін тастап, қайтадан оқу оқымай қояйын деп, осы жұмысқа тұрады. Осы оқиғалар тізбегінде, мектепте бірге оқып, әскерге бірге аттанған досы қастандық жасап, өрт кезінде жараланып, ауруханаға түседі. Бұл үшін кінәліні іздемейді. Қызы 3 жасқа келгенше өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Қызы үшке келгенде, үйі өртеніп, қызының беті күйеді. Мал-мүлкін сатып, қызын емдетеді. Үлкен үйі өртенген соң, екінші үйін сатып, үлкен үйді қалпына келтіреді. Қызын 5 жасында мектепке, сосын Ташкенттегі медицина университетіне жібереді. Уақыт өте әке шешесінен айрылады,

денсаулығы сыр бере бастайды. Ауылда ауыл ақсақалы болып, сыйлы кісі болады. Бұл оның өмірінің екінші кезеңі еді. Жиналыстарда көшбасшы болып, ауыл адамдарның атасына айналады. Жасы 70-ке таяғанында досы Эрбайдың айдап салуымен, қызын бір ауыз сөзіне құлақ салмай, асығыстықпен өз қолымен өлтіреді. Дінге өте адал кісі 5 уақыт намазын қаза қылмаған. (Өкініштісі намазы оқылғанмен, діни сауатсыз болыпты. Игі істедім деп ойлап, ар-ожданы үшін қызы мен әйелінен бас тартады. Немересін арамнан туды деп ойлап, асырап алғысы келмейді. Қартайған шағында, ауданның имамына немеремді әкелуге бара жатырмын дегенде. Имам: «Полпжжан сіз дұрыс жолдасыз», дегенін естіп, қатты қуанады. «Некесіз немеремді асырап алғаным үшін дінімнен шықпасам, Алланың қаһарына ұшырамасам ол неткен жақсы», деп ойлайды. Негізі қызын да сол үшін өлтірген болатын. Басқаларға үлгі болу үшін. Егер кімде кім некесіз арам жолмен бала тапса жазасы осылай боларын білсін деп [2,41].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көрінеді – «Әке» романында жазушы ұлттық бөлшектерді, жалпы адамзаттың дамуындағы ұлттық құндылықтарды кеңінен қолданды. Автор портретті жасау үшін кейіпкерлердің сыртқы бейнесімен шектелмей, ішкі қалауларын, ішкі күйзелістерін де алға тартады. Кейіпкерлер бейнесін қалыптастыруда, диалогтар мен ішкі монологтарға кеңінен мүмкіндік береді. Әдебиетте портрет кейіпкердің бейнесін жасауда маңызды рөл атқарады. Кейіпкердің ішкі әлемін ашудағы портреттің рөлі салыстыруға келмейді, ол шығарманың идеясын, кейіпкерлердің мінезін көрерменге жеткізуге көмектеседі. У. Хамдамның романындағы портреттің міндеті-бейнені білдіру ғана емес, сонымен бірге оны қабылдау кейіпкерлердің сипатын, көңіл-күйін жарықтандыру. Портрет, бір жағынан, кейіпкердің рухани әлемін сыртқы келбеті арқылы түсіндіреді, ал екінші жағынан, оның сыртқы келбетін егжей-тегжейлі сипатталған кейіпкердің рухани әлемі арқылы болжайды және бұл портреттің мәні деп аталады. У. Хамдам өз еңбектерінде әдеби портрет арқылы бейненің мәнін ашуға, кейіпкерлердің психикалық күйін өзгертуге, кейіпкерлердің еркіндігін білдіруге тырысады. Автор романда өзбек ұлтының рухани құндылықтарын, салт-дәстүрді кейіпкерлерінің портретін жасауда өз орнымен пайдалана біледі.

Әдебиеттер:

1. Катренко О.Н. К вопросу о типологии и архетипической основе литературного портрета// <http://journals.uspu.ru/attachments/article/1951/40.pdf>
2. Хамдам У.Ота. – Ташкент: Ешлар матбуоти, 2022. – 208 б.

*Молдахали Аяулым Айболқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВТЫҢ ФАНТАСТИКА ЖАНРЫН ЗЕРТТЕП, ЖІКТЕУІ

Аңдатпа: Фантастика жанрындағы шығармалар қазіргі таңда көпшіліктің сұранысына ие. Фантастика жанрын оқу барысында оқырман қиялына қанат бітіп, тек шығарма желісімен ғана емес түрлі ғылым саласынан хабардар болады. Фантастиканың ерекшелігі де осында. Ақыл-ой көкжиегін кеңейтіп, мына әлемнен басқа бір ғаламға түскен оқырман болашақта шешіміне нық, әр ісінен нәтиже шығаруға бейім болады. Бұл – зерттеуші ғалымдардың берген мәлімдемесі. Ал, қазақ фантастикасының ұшы-қиыры кең, алар асуының зор болғанына үлес қосқан Абдул-Хамид Мархабаев фантастикалық шығармаларды жазып қана қоймай, оны жан-жақты зерттеп, көптеген теориялық дәйектемелер келтірді.

Тірек сөздер: фантастика жанры, зерттеу, ертегі, автор, ғалым.

Фантастика жанры – пайда болуы жағынан ең көнесі, ал, зерттелуі жағынан кенжелеп келе жатқан жанр. Фантастикалық шығармалар оқырман психологиясын бір сәт басқа ғаламға жетелеп, қиялын ұштап, дамытып отырады. Қазақ әдебиетінде фантастика жанрының элементтерін қиял-ғажайып ертегілерден алдық десек, ал ғылыми фантастика жазу үрдісі уақыт өте келе ХХ ғасырдың орта кездерінен бастау алады. Ол кездерде технология дамып, алғаш рет адамдар космосқа ұшты. Сол уақыттан бастап, алғашқы фантаст жазушылар ғылыми бағыттағы түрлі фантастикалық шығармаларды жазуға бетбұрыс алды. Қазақ фантастикасын, қазақ фантастика жанрының зерттелуіне зер салсақ, ең алдымен Абдул-Хамид Мархабаевтың еңбектері көзге түседі. Ол алғашқылардың бірі болып, фантастика жанрында көптеген шығармалар жазды. Шығармаларды жазып ғана қоймай, фантастика жанрының құрылымдарын заманның талабына сай қойып, оқиғалар желісін уақыт кеңістігімен байланыстырды. «Фантастикалық реализм» сөзін ғылыми қолданысқа енгізді. Ол – қазақ

әдебиеттану тарихындағы қиялгер-жазушы, тұңғыш ғалым-фантастикатанытушы. Оның жас кезінен фантастикалық шығармаларды құмарта оқуы және құлшыныс танытуы нәтижесінде жанрдың ерекшеліктері мен құрылымына терең үңілді. Фантастика жанрының табиғаты мен теориялық ерекшеліктерін айқындайтын фантастикатану хақында «Қазақ фантастикасының қалыптасу жолдары мен даму тенденциялары» деп аталатын кандидаттық диссертациясында фантастика жанрының поэтикасы жайлы зерттеп, кейіннен «Қолынды әкел, Келешек. Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және...», «Қазақ фантастикалық әдебиеті», «Қызықты қазақ қиялы», «Қазақ фантастикасының поэтикасы» монографияларын жазды. «Фантастика негіздері» оқуылғын жазып, ол жерде көптеген авторлардың тұжырымдарына сәйкес, фантастиканы жүйелі түрде зерттеді. Кейіннен «Қазақ әдебиеті фантастикасының поэтикасы», «Әлемдік фантастика жауһарлары» атты зерттеу оқулықтарының авторы атанды. Ал шығармаларына тоқталсақ, 1959 жылдан республикалық басылымдарда ғылыми-фантастикалық жанр саласындағы әңгіме-повестері шыға бастады. «Ғарыштағы қымыз» атты тұңғыш жинағынан (1972) бастап, «Арал әуендері» (1980), «Балалардың аман қалғанын айт!» (1997), «Аспанға құлады да кетті» (1997), «Жарылқаушы...» (1998), «Тосын ғарышхат» (1998), «Шортан планетасы, сен кінәлісің!» (2008), «Қызық қиял» (2008), т.б. ондаған көркем шығармалары жеке кітап болып шықты. Жеке туындылары «Қызыл сәуле» (1962), «Байқоңыр шоқ жұлдызы» (1979), «От-тас» (1981), «Жерұйыққа саяхат» (1984), «Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту» (2006) және де басқа бірқатар жинақтарға енген. Кейбір шығармаларын орыс тілінде «Молодая гвардия» баспасының жыл сайынғы «Фантастика» жинағы, украин тілінде «Молодь» баспасы, молдован тілінде «Литература артистикэ» баспасы басып шығарды.

Фантастика жанрын ғалым өзіне тән ерекшелікпен көзге түсетінін атап кетті. Яғни, жанрдың басты ерекшеліктері – оның екі негізгі бағытта дамуы. Олар әлеуметтік фантастика және ғылыми фантастика деп жіктелуінде. Әлеуметтік фантастика поэзиямен прозаға сай жазылса, ғылыми фантастика ғылымның мәселелерімен шектеліп қана қоймай, космосты өзінің «эксперимент» алаңына айналдырғанын атап көрсетті. Сонымен қатар ғалым өз зерттеулерінде қазақ фантастикасының жазба әдебиетіндегі даму дәуірлерін бірінші болып жіктеді. Кейінгі фантасттанушыларға бағыт ретінде, фантастика жанрын қазақ әдебиетінің туу, даму, қалыптасу процестерімен байланыстырып, сабақтастырған. Ол жанрдың поэтикасы жайында дәйектеме жасады. Фантастика ғылымының табиғатын ашу жолындағы зерттеулер жүргізу – фантастикатану мен әдебиет теориясының басты қойған талабы дей келе, ғалым фантастиканы жанр бойынша жіктеуде осы саланың теориялық проблемаларын қарастыру міндеті тұрғанын атап өтті. Қазақ фантастикасының әлемдік үлгілермен қатарынан табылуға талпынысы бар екенін айта кете, оның бірден-бір қозғаушы күші – авторлардың таланты мен санаға сіңген эрудициясын екенін мәлім етті. Фантастиканың екі жанрға жіктелуінің себебі, екі жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен әдебиет әлеміндегі өзіндік қызметтерінің болуында. Фантасттанушының берген ақпаратына сәйкес, ағылшын әдебиетінде «әлеуметтік» және «ғылыми» типтендіруімізді «жұмсақ»(бекзаттық, әлеуметтік) және «қатты» (ғылыми-жаратлыс) деп бөліп қарастырған.

Әлеуметтік фантастика халықтың арманы мен мақсаты, жайы мен күйін көрсету мақсатында жазылады. Фантастиканың бұл саласы қазақ әдебиетінің бастау бұлағында тұрғаны мәлім. Әлеуметтік сарынды ең әуелі фантастиканың көркем әдебиеттілігінен іздейді. В. Сытинның «Әлеуметтік фантастика – қарымды қиял, арқалы арманның қоздырғышы» деген пікірін ұтқыр пікір санайды. Әлеуметтік фантастика – қазірде тұтастай болмысымен ұлт есебінде халқымыздың қалыптасқан тірлігінің, идеологиясының барлық саласына кеулей, тереңде енген феномен. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде толыққанды әлеуметтік фантастика қалыптасты деуге болады. Ол проза мен поэзияда өзіндік бағалы жемісін беріп келеді.

Ғылыми фантастика тарихы – әлемді өзгерткен идеялар тарихы. Ғылыми фантастика біздің заманымыздың нағыз маңызды жанры. Одан да бетер, ол – бүгінгіміздің көшбастар жанры. Сол себепті, ғалым жанрды зерттей келе ғылыми фантастиканың көрмерменге өтімді, әдебиетте көркем, қоғамда пайдалы болуы үшін бірнеше талаптар қойды: ғылыми-фантастикалық туындыларда жаңа шешімін тапқан әлде таяу болашақта жүзеге асуы тиіс тосын ғылыми болжал-гипотеза, ерекше қоғамдық-әлеуметтік идеялар бой көтеруі керек; Фантастикада ғылыми гипотезалар өз заманындағы көзге үйреншікті жетістіктерден озық тұруды қажет етеді. Бұл фантастика түрінің нағыз көңілге қонымды болжалдары мен гипотезалары автоматика, кибернетика ген инженериясы тағы басқа гипертехникалық өнертабыстарға емес, бәрінен бұрын руханиятқа қызмет етуі тиіс; фантастикада қаншама алға озып кеткен ұшқыр қиял көрініс тапқанымен де, оның басты айтар философиялық түйіндеулері бүгінгі күн мұқтаждықтарымен сабақтастық табуы тиіс. Сонымен қатар, Т.

Сүлейменовтың пайымдауына сүйене отырып, әдебиет жанрының бірі ғылыми фантастиканың белгілері мен қасиеттерін көрсетеді. Олар:

1. Әлеуметтік көзқарасқа байланысы бар генетикалық форма;
2. Жасөспірімдер қиялына жасалатын ықпал;
3. Сюжет құпиялылығы, ерекшелігі, тартымдылығы;
4. Салмақты фантастикалық ойдың болуы.

Ғалым екі салаға жіктеле жазылған фантастика жанрында әлеуметтік те, ғылыми да фантастикада келісті әдебиет компоненттерімен қоса өрілген қызғылықты, тартымды ғылыми және танымды ой болуын міндеттейді.

Фантасттанушы қазақ ертегілеріде де басқа халықтың ауыз әдебиетіндегі «робот» идеясының болғандығын атап өтті. Себебі, технология атымен жоқ көне заманда қазақ ертегілерінде роботтың игі істер атқара алатындығы айтылады. Сол замандағы Желаяқтар – қазіргі таңдағы автомобильдер мен дыбыстан жылдам ұшатын реактивті зымырандар, Таусоғарлар – бүгінде тау тасты қопарып, бірінші жерден екінші жерге үйінді салатын эскаваторлар, Көрегендер – теледидарлар мен радарлық аспаптар. Мұның бәрі де халықтың тәтті қиялынан туған, ежелден арман еткен нәрселері. Ғалым қазақ ертегілерінің басты символын адам деп көрсетсе, оның негізгі идеясы адамның ұлылығын дәріптеу екенін атап өтті. Ал, кез келген ертегіде адамның сенімді серігі ретінде жылқыны көретсе, оған кейде қанат бітіреді, кейде жанына көмекші ретінде құсты жібереді.

Фантастиканың ерекшелігі ретінде ғалым кей ертегілердегі кейіпкерлердің әуелгі түрінен басқа түрге құбылып кетуін жатқызады. Бұл тұста, ертегілер өз қаһармандарын сан-саққа құбылтып жібергенде, оқырман ойы фантастикалық құбылыс шапшаңдығына зорға ілесіп жүре алатындығын атап өтті. Қазақ ауыз әдебиетіндегі қиял элементтері нағыз қажетті деген жерде ұқыпты пайдаланылатындығында. Ертегі оқиғасына қарай бір жерде детальға үстеме ретінде шамалы ғана фантастикалық элемент керек болса, дәл сонша қиял қосылады. Мұны ғалым мына мысалмен дәлелдейді: «Құланайжарқын ертегісінде рахымсыз шалдан құтқару үшін торы бие мен тазыны өйял аққу ғып ұшырып жібереді. Ертегіде басқа басы артық бір түрден екінші түрге құбылту болмайды. Бұл – халық өз бойындағы қиял бұлағын үнемі ұқыпты пайдаланатынынң белгісі. Ал қажет кезінде «осы жерде қиял мол керек» деген сәттерде ауызекі әдебиет бойындағы барын салады, ғажайып құбылыстарды бірінің үстіне бірін аямайды.

Қорыта келе, фантастиканың дамып жетілуінде Абдул-Хамид Мархабаевтың қосқан үлесі зор. Жазған еңбектерінде жанрың туу, даму, жіктелуі, кемелдену дәуірінің бет-белестеріне қатысты пайымдаулар мен дәйектемелер жасады. Осылай ғылыми зерттеу әдітерінің нәтижесінде өз басынан кешкен әр алуан кезеңдер барысында жіберген шығармашылық қателіктері мен табыстарын теориялық тұрғыда қарастырды. Ол кеңес дәуіріндегі фантастикаға сын көзбен қарады. Себебі, фантасттың айтуынша, кеңес дәуіріндегі шығармалардың басты кейіпкерлері келешекке пессимистік көзқараста қараған болатын. Ресей ғалымдары Абдул-Хамид Мархабаевты әлемге мәшһүр Айзек Азимов және Айронфист Свенель, Сергей Абрамов, Агоп Мелконян, Адам Цицервич сияқты фантаст-жазушылармен қатар қояды.

Әдебиеттер:

1. <https://tengemonitor.kazgazeta.kz/news/16088>
2. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/1652>
3. Мархабаев, Абдул-Хамид «Фантастика негіздері қисынды қиял қырлары жанр тарихы», Алматы : Қазақ ун-ті, 2013 .
4. Қазақ фантастикасының поэтикасы [Текст] : оқу құралы / А. Ф. Мархабаев; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2008.

*Қахар Бақытжан Әнуарбекұлы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

Т. ЖОЛДЫҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Аңдатпа: Мақалада Т. Жолдыұлының шығармаларындағы табиғат лирикасы қарастырылған. Ақын поэзиясының тақырыбы, шығармашылық ізденістері сол заманда өмір сүрген басқа ақындардан ерекшеленіп тұрады. Қытай қазақтарының әдебиет тарихында өзіндік із қалдырған ақын терең сырға, ұшқыр ойға құрылған өлеңдерінде адамның рухани әлемі мен тыныс-тіршілігін жырлаған. Таңжарық

ақынның асыл лебізі, асыл сөздерімен суретті ойларының негізі – табиғат, жаратылыс туралы толғауларында айқын көрініс табады.

Тірек сөздер: табиғат, жаз, Абай, Іле, сипат.

Күншығыс елінде ұлттық намыс, әділеттілік үшін бар жанымен күрескен қандасымыз, дарынды ақын – Таңжарық Жолдыұлы. Ағартушылық, композиторлық, ақындық және жыраулық сынды түрлі өнерді игере алған сегіз қырлы тұлғаның шығармашылығы – сан қырлы. Таңжарық Жолдыұлының мұрасын кеңінен зерттеп, оның жариялануына С. Мұқанов, З. Сейітжанұлы, О. Егеубай, Д. Мәсімхан, Т. Сақалов, Б. Тышқанбаев сынды т.б. ақын-жазушылар мен зерттеуші ғалымдар үлкен үлес қосты. Ақынның поэзиясы көптеген тақырыпты қамтыған. Солардың бірі ерте кезден талай ақынның шығармашылығына арқау болған – табиғат тақырыбы.

Табиғат тақырыбына жыр толғамаған қалам ақын кем де кем. Әр ұлттың әдебиетіндегі табиғат лирикасы сол ұлттың таным-түсінігі арқылы көрініс табатыны белгілі. Қазақ ақындарының шығармашылығында да табиғат лирикасы ұлттық нақышқа сай жырланғаны мәлім. Табиғат ана жерімізге бар сыйын тарту еткен. Осыдан алуан сұлулықтан әрбір ақынның шабыттанатыны рас. Әсем табиғат шабыт береді, рух дарытады, күш береді.

Таңжарық Жолдыұлының шығармашылығында табиғат лирикасы айтарлықтай көп болмаса да, оның суреткерлік шеберлігінің ажарын ашатын туындылары қатарына жатады. Ақынның бұл тақырыпқа жазған «Көктем сымбаты», «Жаз дидары», «Жаздың бір күні», «Жаз мысалы», «Таң табиғаты», «Іле сипаты» атты өлеңдері бар. Өлеңдеріндегі мағына тұтастығы, сөз иірімдері ақынның ой өресінің биік екенін көрсетеді.

Дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өр-нектілік, ой-сезімін, жан тебіреністерін күмбірлетіп жеткізерлік қабілеті, қиял байлығы, тіл байлығы – тұтастай Таңжарық шығармашылығына тән.

Үйкідан көзін ашқан баладай боп,
Үлбіреп шыға келер көктем гүлі.
Мархабат жаздың жайлы шуағында
Құйкылжып құбылады бұлбұл үні.
Шөп шығар неше түрлі ағаш бүрлеп
Дүннеде ешнәрсенің болмас міні.

«Аш тойып, кем жетіліп, жер жаңғырған» шақты жастықпен қабыстыра жырлайды. «От жалын боп құмартқан» жастардың да, «мейірмен мекіренген» үлкендердің де сағыныштарын сөйілткен гүл-көктем. Ақын олардың «қасықтай қар, тобықтай тоң» қалмай, жадырап-жайнаған көктем күнінен тапқан жан рахатын керемет суреттей біледі. Ақынның «Жаз дидары», «Жаздың бір күні», «Жаз мысалы» атты үш өлеңі бірін-бірі толықтыратын шығармалар. Тіршілік тынысы кеңіп, табиғаттың түлеген аса сұлу шағы сұқтандырмай қоймайды. Ақын ынтық көңілмен ықыластана жырлайды. Ақынның «Жаздың бір күні» өлеңіне назар аударсақ:

Бұрандап қызыл гүлдер нартай жанып,
Иықтан салбыратты маржан - тасын.
Жіберіп ыстық лебін мастандырып
Күн қағып, күлімсіреп қабақ-қасын.
Балқурай басын шайқап бұрандаса
Жас талдар майда, бұйра жайып шашын
Қыздардай тойға жүрген ақ бас қурай
Жағадай жарқылдатып ақ танасын[1, 25].

Абай ақынның жырлау объектісіне айналған табиғат лирикалары қандай көркем болса, Таңжарық біршама еліктей отырып, өзіндік қолтаңбасы бар көркем дүниелер жасаған. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында «Көктем мысалы», «Тау табиғаты», «Жаз мысалы», «Жаз таңы» — сынды табиғат лирикаларын жазғанда Абай шеберлігінен үлгі алып, өзіндік өрнек тоқыған.

Қыс өтіп, күн жылынып, қызық жетіп,
Жерде қар, көкте суық бәрі кетіп.
Аш тойып, кем жетіліп, жер жаңғырар,
Малға жай, жанға рақат уақыт жетіп.
Қыбыладан қызыл-жыл бұлт шығып,
Екпіндеп ескек соғар дүрілдетіп.
Жел келіп жерді тұман, бу қылғанда
Ойда өзен, сайда бұлақ гүрілдетіп.
Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,

Табиғат жер жүзіне рақым етіп,
Сол кезде ел қыдырып өңкей сері,
Қыз аулап ертең келер, бүгін кетіп.
Ел шарлап, ауыл барлап, аңдып жүріп
Аулақта жарын құшар күлімдетіп, —
деп толқыған ақы, тіршілік тынысын, дәл басып, өмір суреттеріне үңіледі, өзіндік шешім табады[2].

Ақын жаз айының бір сәтін жанды суретке айналдыра білген. Ақын табиғаттың сұлу шағын дөп басып, жыл мезгілдерінің өзіндік сыр-бояуларын бедерлі де бейнелі суреттейді. Ақынның 1930 жылы жарық көрген «Жаз дидары» мен Абайдың «Жаз» өлеңінде ұқсастық бар. Мысалы «Жаз дидары» туындысында:

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда...

Иректен құлын-тайды байлағанда,
Сары қымыз саба-саба сапырылып,
Самаурын тыста тұрып қайнағанда,
Қызарып қымызбенен екі көзің...
Көш жанап жастар жылқы айдағанда...
Жүн сабап, өлең айтып, ән шырқатып,
Жиылып қыз-бозбала ойнағанда.

Ал Абайдың «Жаз» өлеңінде:

Жаздықүн шілде болғанда...

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап...
Арасында құлын-тай,
Айнала шауып бұлтылдап...
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.

Екі өлеңнің де мазмұны мен жеткізгісі келген ойы бір. Екеуінде де жазғы жайлау көрінісі әдемі бейнеленген[3, 253].

«Ле –сипаты» атты өлеңінде сұлулық суретін сөзбен кестелеген ақынның осынау шығармасында көркемдік шеберліктің үздік үлгілері, мың бояулы, түйдекті сөз тіркестері бар. Тұтас бір тап-таза, нәп-нәзік сұлулықтан құйылған жанды сурет. Таңғажайып таңғы жаратылыстың ғаламат сырын:

Іленің тауы биік, ені жалпақ,
Жамылған жасыл көрпе, баста ақ қалпақ,
Жіберіп екі бұтын екі жаққа,
Көсіліп жатыр жайға, кеуде шалпақ, – деп, тау келбетін ертегідегі алыпқа теңейді.
Жамылған түлкі ішігін бәйбішедей,
Шынтақтап жатыр көлбеп, төсін ашып.
Қалқайған қасындағы қара шоқы,
Отырған баласындай етін қасып.
Жартаста жалбыраған жапырақтар,
Жалаудай жалпылдайды қойған асып, – деп жанды суретті көз алдына әкеледі.

Абайдан басталған көркемдік тәсілді суреткер өз шығармалары арқылы Шыңжаң қазақ поэзиясының бір ерекшелігі ретінде қалыптастыруға ден қойған. Ақын табиғат лирикаларында оның пейзаждық суретін ғана беріп қоймай, тау қойнауы өзен-көлін мекен еткен аң, құс, ну орман секілді мол байлығын қоса қамти суреттеп, мұның бәрі де табиғат байлығы, ел ырысы деп біледі. Тұтастай алғанда, ақынның табиғат лирикаларындағы әдемі айшықтар Таңжарыққа тән соны, тың жолдар. Ол туған жер табиғатына аса бір сезімталдықпен қарай отырып, одан ерекше әсер алады. Сөйтіп өзін табиғаттың тамаша жыршысы ретінде танытты.

Әдебиеттер:

1. Ш. Таңжарыққызы. Бір қарғыс пен мың алғыс//Қазақ әдебиеті. – 2003. №3.
2. <https://bilim-all.kz/article/17695-Qytaidagy-qazaq-aqyny-Tanzharvq-ZHoldyuly>
3. Ж. Смағұлов. Абай және Таңжарық. «Тәуелсіздік және ұлттық әдебиеттану ғылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Типография Арко» ЖШС, 2016. 340 бет

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық, рухани - адамгершілік, кәсіптік, тәрбиелік бағыттағы еңбектері – бүгінгі ұлттық білім беру моделінің негізі. Ағартушының идеялары мен ұстанымдары «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылық тұтқасы», «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы», «Кел, балалар, оқылық» сынды ғылыми-педагогикалық еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Ол К.Ушинскийдің «Балалар әлімі», Я.Коменскийдің «Ұлы дидактикасын» ұлттық болмысымызға жақын етіп, анализ жасай отыра тәржімалап, қолдануға ұсынды. Ыбырай мұраларын әр жылдары зерттеп, бастырған ғалымдар Д.Әбілов, Б.Сүлейменов, Қ.Жармағанбетов, Ғ.Балғынбаев, С.Сейфуллин, А.Самойлович, Қ.Жұмалиев, С.Талжанов, Ғ.Қайырбеков, Д.Әнуарбек ұлт шамшырағының қазақ педагогикасының өркендеуі бағытындағы еңбектерін саралап, насихаттады, маңызын ашып көрсетті.

Ұстаз өз дәуірінің қиындықтарына қарамай тұңғыш мектеп ашу, алғашқы оқулықтар жазу сынды қайраткерлік идеяларын жүзеге асырды. Ыбырай Алтынсарин мектеп ашу, мектеп жұмысын ұйымдастыру, педагог кадрларды іріктеу, оқу орнын базалық құралық-жабдықтармен қамту, оқушылардың алаңсыз білім алуы үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, қаржылық есеп жүргізу жұмыстарын қазіргі ұғыммен жеткізсек көшбасшылық, менеджерлік сипатпен жүзеге асырды. Ол оқу ісі жайындағы естелігінде: «...Беркінбаев, Бірімжанов және т.б. қамқоршыларынан 100-260 сом ақша, ал Ә. Қылышбаев деген мырзадан 500 бөрене алуға уағдаласқанын жазады». [1, 36] Қазіргі таңдағы мекемелер мен құзырлы органдардың демеуші-инвесторларды тарту арқылы сапалы білімге кең жол ашу ұлт ұстазы бастаған қамқоршыларды жұмылдыра білу бастамасынан қанат жайғанын байқаймыз. Ағартушы-педагог балалардың білім алуға ынта-ықыласын, сабақтағы белсенділігін, пәнге қызығушылығын арттырудың бір жолы көрнекіліктер мен техникалық құралдар деп санаған. Мысалы, оқу жылының қорытындысы туралы Орынбор оқу-округіне жазған есебінде: «...оқулықтар, көрнекі құралдар, карталар, глобустар, атластар, тарихи суреттер т.б. жеткілікті», деп хабарлайды. Ыбырайтанушы Ә.Дербісәлин зерттеулерінде «Ыбырай Алтынсарин мектептерге арнап барометр, микроскоп, әртүрлі коллекциялар жаздырып алып отырған», [1, 38] деген дерек келтіреді. «Дала коңырау» оқушылардың ой-өрісін, танымдық білімін кеңейту мақсатында мектептер жанынан тұңғыш кітапханалар, физика, химия кабинеттерін ашқан. Білікті тәлімгер осы бастамасы арқылы балалардың теориялық білімін практикада қолдануына үлкен мән беру керектігін көрсетті. Осындай жаңашылдықтарды отандық оқыту саласына енгізген тапқыр әдіскердің ұсынған білім берудегі тәсілдері мен пәндерді кабинеттік жүйеге бөліп оқыту идеясы әлі күнге жалғасуда. Білім беру үрдісіндегі Ы.Алтынсарин көрсеткен қарапайым қажеттіліктер заманауи оқыту ісінің де ұстанымына айналып отыр. Ағартушының балаларға толыққанды білім беруде оқу құралдары мен әдебиеттердің қажеттігіне көзі анық жеткен тұсы да осы мектеп ашу процесіндегі жағдаяттар еді. Өйткені ұлт ұстазы, ең алдымен, оқушылардың өркениеттен қалмауын қадағалап, «табиғи даму» идеясын таратты.

Ы. Алтынсарин педагогикалық ұстанымына сәйкес бастауыш мектептегі білім – баланың қалыптасуы мен дамуындағы ең маңызды кезең. Мұнда балалар алғаш рет қоғам ортасына түсіп бейімделеді, зейіні ашылады. Осы кезеңнен бастап бала бойында азаматтық, адамгершілік, зияткерлік, қайырымдылық, табандылық сынды қабілеттерді оятып, тәрбиелеуді мұғалім міндеті деп саралады. Өзі ұстаздық еткен уақытта бұл ұстанымдарын тамыры халықтық фольклордан тартылатын «Қыпшақ Сейітқұл», «Жамандыққа жақсылық», «Мұжық пен жасауыл», «Жиренше шешен», «Таза бұлақ», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Лұқпан хақім», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы» т.б. атты әңгімелері арқылы бала санасына жеткізуге күш салды. Ы. Алтынсарин еңбектерінде мектепте дұрыс тәрбие берілу идеясын үзбей насихаттайды. «Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады», деп ой қорытуы білімнің өзегі тәрбиемен астасатынын ашып көрсетеді. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. «Тәртіп – тәрбие құралы», «Тәртіп – тәрбиенің нәтижесі» деген анықтама береді. Еңбекті қадірлеу – оның шығармашылығындағы басты тақырып, ұстаздық жолындағы басты ұстанымы. Әңгімелерінде кейіпкерлер арқылы өсиет, өнеге айта отырып, ой салаларлықтай салмақ тастап, тұлғаны ойлануға шақырады, заманауи білім беру үрдісіндегі терминмен түйсек функционалдық сауаттылыққа баулиды. Адамның мінез – құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің биік екендігіне тоқталып, «...бала

тәрбиесіне бағып-қағып үлкен мән бер», [2, 88] деп жеміс ағашын баптайтын бағбан еңбегі арқылы бейнелі тіркес тудырып түсіндіреді.

Оқу орынындағы тәрбиенің жетекшісі – мұғалім. Мұғалім танымы кең, эстетикалық талғамы жоғары, оқытуға ынтасы берік, тиімді әдіс пен шығармашылықты тең ұстағанда ғана оқушы үшін жарқын үлгі болады, пәнге қызығушылығын оята алады. Ыбырай Алтынсарин өзі ұстаз бейнесінің эталонын өз ісімен көрсетіп, жазып кетті. Ол : «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша педагогикалық құралдар да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілген инспектор бақылауы да жақсы оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан мен жақсы оқытушыны дүниедегінің бәрінен қымбат көремін», деп жазды [3, 13-14].

<i>Ұстаздыққа тән қасиеті</i>	<i>Өз еңбектері мен естеліктеріндегі дәлелі</i>
Мұғалімдікті, балаларды жақсы көруі	«Балаларды оқыту ісіне аш қасқырдай кірістім». Ы. Алтынсарин.
Ізденімпаздығы, өздігінен біліктілігін жетілдіруі	«Алтынсарин маңызды, пайдалы кітаптар мен журналдарды жаздырып алатын еді. Оның барлығын құмарта оқып шығатын». Н.И.Ильминский
Педагогикалық ұстанымы	«Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы тиіс». Ы.Алтынсарин
Шығармашылық қабілеті	Қазақ балаларына арнап «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы», т.б. атты оқулықтар жазды.
Әдіскерлік шеберлігі	«Ы.Алтынсарин қазақ балаларына екінші тіл орыс тілін оқытудың әдістемесін жасады. Бұл қазақтарға орыс тілін үйрететін алғашқы оқу құралы еді. Және өзінің түсінуге жеңілдігімен, орыс грамматикасының негізгі ережелерін анық жеткізудімен ерекшеленеді». Б. Сүлейменов.
Тәрбелей отырып оқыту ұстанымын басшылыққа алуы	«Қазақ хрестоматиясы» мен «Кел, балалар, оқылық» жинағында тәрбиелік мәні зор төл әңгіме, аударма, өлеңдерін енгізді.

1-кесте. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қырлары

Ыбырай Алтынсарин еңбегі мен ісінде педагогтар арасындағы коммуникацияның маңызын түсіндіріп, әріптестердің бір-біріне құрметпен қарауын өз әрекеті арқылы көрсетті. Алтынсарин мектебінің мұғалімі болған Ф. Соколов ағартушының осы қырын Ыбырай Алтынсаринге арналған некрологында тағы қайталады: «Алтынсарин медреселердің ұстаздарына шын ықыласымен жақын, кішіпейіл болып, солардың зәрулігі болса, болысуға даяр болушы еді. Сол себептен олар өзін сүюші еді», деген естелігі ойымызды қуаттай түседі.

Ұлы ағартушы-педагог әдістемелік оқу құралдары мен ұстаздық қызметінде теориялық білімнің практикамен қабысуын қатты қадағалады және мұны қазақ жұртының экономикалық өсуі тұрғысынан қажетті екенін терең түсінді. Ұстаздың бұл ұстанымын ыбырайтанушылар «Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін қалаушы» деген бағытта зерделеп жүр. Ы.Алтынсарин 1888 жылы 28 ақпанда жақын досы, әріптесі В.В.Катаринскийге жазған хатында: «...қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар қажет», [3, 17] деп баяндайды. Педагог мұндай тұлғаларды оқыту ісінде өзі қалыптастырды, осы мақсатты басшылыққа алды. Қазақ тұрмысын түзейтен, қолдағы шикізатты күнделікті тіршілікке пайдалы дүние жасап, пайдалану үшін Торғайда қолөнершілер орталығын ашты. 1882 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып істеп жүрген кезінде жасаған есептерінің бірінде «... Қыздар үйлерінен қатынап оқиды. Оларға қарапайым халықтың тұрмысына қажетті, мысалы, киім пішу, шәлі тоқу, жүн, қыл секілді материалдан өрмек тоқу, киіз басу және тақыр кілем тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретіледі», деп жазған. Сондай-ақ, шығыстанушы-ғалым Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында «...жуырда жеміс ағаштары және огород егуді де қолға аламыз», [3, 18] деп хабар береді. Бұл жазбалар ағартушының Қазақстандағы кәсіптік білімнің тұңғыш негізін қалаушы екенін дәлелдейді. Ыбырай Алтынсарин қалаған осы бағыт бойынша бүгінде кәсіптік колледждер ашылып, мектеп жасындағы балалар нақты кәсіпті игеріп шығуына назар аударылып отыр. Бұл істің маңыздылығын ұғынған ҚР Оқу-ағарту министрлігі осы оқу жылында 9 сынып оқушыларына қатар кәсіптік білім беруді пилоттық жоба ретінде сынап көруде.

Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі педагогикалық ұстанымдарының негізгі тірегі – дін тақырыбы. Ағартушы Құран мен Хадистердің балаларға беретін тәлім-тәрбиелік мәні зор тұстарын

«Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегінде орнын тауып әдемі қолдана білді. Хадис: «Адамнан ұялмаған Алладан да ұялмайды. Алла Тағаладан шын ұялындар, өйткені, сендердің тіршіліктеріңді, мінез құлықтарыңды Алла Тағала жаратты». Ыбырай Алтынсарин: «Иманды ер Құдайынан ұялады, Ұялып Иесінен сый алады». Хадис: «Құдайдан қорық! Азғантай жақсылықтың өзін азырқанба». Ыбырай Алтынсарин: «Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды». [4, 16] Педагогтың осы әдіс-тәсілдері қазірде мектеп пен ЖОО-ының кәдесіне жарап, жас ұрпақ діні мен ділін жете түсіну үшін «Дінтану» пәні енгізілді. Тұңғыш ұлт педагогының еңбектеріндегі ұстанымы мен естеліктеріндегі ұстаздық іс-әрекеті бүгінгі күні де маңыздылығын жоймай, өміршеңдігі айқындалып, заманауи білімнің бой түзер темірқазығына айналды.

Әдебиеттер:

1. Дербісәлин Ә. Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин: Деректі баян. – Алматы: «Арда», 2005, - 216 б
2. Медетбекова М. А. «Ыбырай Алтынсарин: Ұлттық білім беру моделі – функционалдық сауаттылық». «Білім» ғылыми-педагогикалық журнал. – Нұр-Сұлтан: Алтынсарин академиясы, 2021, - 117 б.
3. Сүйінкина П.Б. Ы. Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2017. – 95 б.
4. Оспанұлы С. Ыбырай Алтынсарин тұлғасы: Үркер. – 2021. №9 (156). – 5-15 б.

Елдос Екпін

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ТЕКСТОЛОГИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аннотация: Қазақ фольклортану ғылымында ертегілерді зерделеп, оны жинақ ретінде шығару әлі толық қалыптаспаған дүние. Құрастырушылар жинаққа өзі жинаған материалды ғана енгізіп, өзінше сұрыптап жүр. Көп жағдайда шығармалардың өзге де варианттары қарастырылмай, еңбектерге еңбей жатыр. Сонымен қатар әр ғалым өзінше соқпақпен жүргісі келеді, алайда бұл қазақ ертегілеріндегі текстология мәселесін одан әрі күрделендіре түсуде. Сол себепті, бұл мақалада қазақ ертегілерінің текстологиясының тарихына шолу жасалып, алғашқы жинақтар мен зерттеу еңбектерге тоқталамыз.

Түйін сөздер: текстология, фольклор, ғылым, түсінік, еңбектер, ғылыми түсінік, ертегі, қазақ халық ауыз әдебиеті, руханият.

Текстология дегеніміз – жан-жақты саралау арқылы шығарманың ең бастапқы айқын мәтінін тандап, оның жазылу мерзімі мен баспа бетін көрген мерзімін зерттейтін, оны ғылыми айналымға түсіретін және тұрақтандыратын филологияның негізгі салаларының бірі. Бұл ғылым саласының басты бағыты – оқырманға анық та айқын, еш бұрмаланбаған шығарма мәтінін жеткізу. Әдебиетіміздің небір көркем дүниелерін бұзылмаған, сүрленбеген қалпында, түпнұсқа күйінде жеткізу аса маңызды. жарыққа шыққан кез келген ертегілік жинақтың мазмұны мен формасына, стилі мен идеясына сол дәуірде орын алған тарихи және қоғамдық жағдайлар әсер ететіні анық. Сонымен қатар фольклортану ғылымының өзіне тән даму дәрежесі мен сапалық көрсеткіші де бұл мәселені айналып өтпесі анық. Мәселен, аталмыш бағытта біршама еңбек қалдырған орыс ғалымдары В. Радлов, Г. Потанин, И. Березиндерді ерекше атап өтуге болады. Орыс ғалымдары көп жағдайда өздерінің жинақтаған материалдарының ішінен тек ғылыми мақсатына сай келетінін ғана тандап алған. Сонымен қатар мәтіндердің орналасуы мен жинақталуы, түсініктемелері мен формасы да өздерінің негізгі ғылыми көзқарастары мен әдістемесіне сай қарастырылған. Осы орайда аталмыш тақырыпты қамтып 2012 жылы жарыққа шыққан «Халық әдебиеті үлгілері мен Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегінде: «Мәселен, академик В. Радлов үшін қазақ фольклоры тілді зерттеуге ғана қажетті материал болды. Ол фольклорлық текстер арқылы қазақ тілінің әр түрлі мәселелерін зерттеді, сөздік жасады. Сондықтан ертегі мен жырды жазып алғанда, ол жыршы мен ертек айтушылардың ауызекі тілінде кездесетін диалектілік және фонетикалық ерекшеліктерді барынша қамтып отыруға тырысқан» [1, 62] делінген. Расында, В. Радлов ертегілерді жинақтау барысында өзінің негізгі ғылыми көзқарасын естен шығармаған. Яғни, ол тілдік мұраларды, тілдік ерекшеліктерді зерттеу үшін қазақ ертегілеріндегі түрлі фонетикалық, лексикалық, диалектілік ерекшеліктерге көңіл бөлген. Әсіресе, ауызекі тілде кездесетін қазақтардың артикуляциялық және акустикалық ерекшеліктерін ескерген. Бұл оның тілші ретінде қазақ тіліндегі негізгі бағыттарды жіті қарастыра білгенінің белгісі. Сондай-ақ, В. Радлов өз еңбегінде ауызекі тіл мен кітаби тілдегі басты айырмашылықтарды көрсетіп, олардың ара жігін аша білген. Фольклорлық шығармалардың, соның ішінде ертегілердің мәтіндеріндегі басты мәселелерді қамти отырып, олардың ерекшеліктерін атап

өтеді. Ең алғаш болып қазақ ертегілерінің қомақты жинақ ретінде В.Радловтың құрастыруымен шыққанын ескерсек, бұл қазақ фольклортану мен текстология саласындағы іргелі еңбектердің бірі екені даусыз. В. Радловтың жинақтауымен шыққан кітапта «Алтын бел», «Еркем Айдар», «Жақсылық пен жамандық», «Молданың үйінде оқыған бала», «Түлкі, қасқыр, жолбарыс», «Дудар қыз» [2, 21] және осы тектес т. б. қазақ ертегілері енген. Ғалым әрбір ертегінің айтылуын нақтылай отырып, оның фонетикалық ерекшеліктерін ескеріп, қазақ ертегілерін дәлме-дәл жазып алуға тырысқан. В. Радловтан бұрын Шоқан Уәлиханов, И. Березин, Н.Ильминский секілді ғалымдар қазақ ертегілеріне көңіл бөлгенмен, В.Радлов сияқты ғылыми айналымға енгізіп, кең көлемде жинай алмады. Бұл жерде басты айтып кететін жайттардың бірі – В. Радловқа жолыққан ертектілер мен жыршылар тілінің құнарлығы. Ғалым осы мәселені өте терең ұғынған. Себебі, оның жинаған ертегілерінің көпшілігі қазақтың ұғым-түсінігіндегі қалыптасқан формаларды басты назардай ұстайды. Ертегінің дағдылы бастауы мен аяқталуы, жиі кездесетін орамды ой мен тұрақты тіркестер, контекстен тыс кетпейтін айшықтар В. Радловтың жинағында дәлме-дәл шыққан. Қысқаша айтқанда, ғалым қазақ ертегілеріне тән дағдылы форманы сақтай отырып, ол жердегі текстологиялық мәселелер мен халық ауыз әдебиетіндегі басты ерекшелікке ұқыптылықпен қарайды. Осы тақырыпты қарастырған ол қазақтың бай әрі құнарлы тілі жөнінде: «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер және тамаша шешен» деген [2, 37].

Сонымен қатар, В. Радловтың жинағында кемшіліктердің де бар екенін жасырмауымыз керек. Ол қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен ертегілерді жинақтауда сол нұсқаларды айтқан ертектілер мен жыршылардың, айтушылардың аттарын, қай жылы көшіргенін жазбайды. Тіпті, ертегіге түсініктеме де бермейді. Бұл сол уақыттағы буржуазиялық фольклористиканың ендірген басты кесепаты еді. Бұл тұрғыда ол халық ауыз әдебиеті үлгілерін шығарған адамдар болмайды, бұл жалпы халықтық, ұжымдық дүние деп санап, буржуазиялық фольклористиканың ықпалымен кетеді. Қалай десек те, В. Радловтың бұл салада еткен еңбегін, жинаған ертегілерін ұмытпауымыз керек.

Ал, Г.Потанин жоғарыда атап өткен ғалымымыз В.Радлов секілді бұл саланы өте терең зерттемеген. Өйткені, оның ғылыми еңбегіне керек дүниенің ең бастысы – көркем шығарма емес, керісінше фольклорлық сарын мен сюжеттер, мотивтер мен әуендер болды. Ғалым қазақ ертегілеріндегі негізгі мотивтер мен сюжеттерді іздей отырып, оны басқа халықтардағы фольклорлық нұсқалармен салыстыра, салғастыра зерттеді. Сондықтан, Г.Потанин өзі жазып алған ертегілерді қазақ тілінде дәлме-дәл жазып алмай, оны тілмаш арқылы аударып, орыс тілінде көшіріп алған. Тілмаштар да бұл мәселені тереңінен ұғынып, ертектілер мен айтушылардың сөзін іліп алып, бірден аударып отырған. Сондықтан, Г. Потаниннің жинаған ертегілері орыс тілінде шықса да, өзінің сюжеттік ерекшелігімен қатар қызықтылығымен ғылыми ортада өте кең көлемде қарастырылды.

Ғалым қазақ ертегілерімен қатар Сібір татарларының, моңғол, алтай халықтарының аңыз-әңгіме, ертегілерін жинаумен айналысқан. Г. Потанин өзінің «Европаның орта ғасыр эпосындағы шығыстық сарындар» деген ғылыми еңбегінде қазақ даласында туған, осы аймақта кең таралған ертегі мен әңгімелердің шығу тегін дүниетанумен, жаратылыспен байланыстырады[3]. Яғни, қазақ ертегілеріндегі текстердің көпшілігі олардың қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін анық көрсетеді. Қалай десек те, Г. Потанин қазақ ертегілері туралы жазған еңбектеріне тереңінен үңіліп қарайтын болсақ, оның буржуазиялық салыстыру әдісін қолданғандығын және осы өрістен шыға алмай қалғанын анық байқаймыз. Бұл мәселе оның ғылыми қорытындылары мен мәтінен аңғарылады. Қанша жерден оның материалының молдығын айтсақ та, оның көптеген пікірлері теріс бағытта жүрді.

Сонымен қатар Г. Потанин өзінің қазақ даласынан жинаған ертегілері мен әңгімелерін газет және журнал бетінде жариялап жүрді. Соның ішінде ол қазақ, алтай ертегілерін топтастырып, «Казах-киргизские и алтайские предания и сказки» атты еңбегін жазады. Бұл кітап 1916 жылы жарық көреді. Бұл жинақта ғалымның Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы, Семей өңірінен жинап алған 61 ертегісі еніп, олар сюжеттік және мотивтік тұрғыдан сараланады. Бұл ертегілер мен тарихи әңгімелердің ішінде «Ер Төстік», «Алдар Көсе», «Қыран қарақшы», «Жауырын», «Жиренше» секілді бірқатар қазақ халық ауыз әдебиетінің жауһарлары болған [4, 35].

Г. Потаниннің қазақ ертегілерін жинауда үлкен еңбек сіңірген тұлға. Алайда, оның еңбектерінің өзіндік кемшіліктері бар. Ертектілер мен айтушылардың ертегілерді айтқандағы ерекшелігін ескермей, тек сюжеттік бағытына үлкен мән беріп, оны орыс тіліне аударған кезде үлкен өзгерістер болған. Осының салдарынан кейбір қазақ ертегілерінің стильдік, идеялық ерекшеліктері дұрыс сақталмай, түрліше нұсқада айтылып жүр. Сондай-ақ, Г.Потанин ертегі, аңыз әңгіме, өлеңдер, батырлар жыры секілді шығармаларды классификацияламай, оның бәрін біртұтас жанр ретінде жинақтаған.

Ал орыс ғалымы И. Березин болса, қазақ даласынан жинаған және өзге де ғалымдардың еңбектерінен танысқан қазақ ертегілерін өзінің жинағына енгізеді.

Біз ерекше назар аударуға тиіс ғалымдардың бірі – А. Алектров. Себебі, оның қазақ ертегілерін жинақтап, баспа бетінен жарық көруіне жағдай жасауы бұл саладағы басты жаңалықтардың бірі болды. XIX ғасырда осы бағытта елеулі еңбек еткен А. Алектров қазақ сахарасынан жинаған ертегілер мен әңгімелерді сұрыптап, оларды сол уақытта жарық көріп тұрған басылым беттеріне жариялады. XIX ғасырдың 80-90-жылдарында үзбей шығып тұрған «Дала уәлаяты», «Астраханский вестник» секілді бірқатар газет-журналдарда А.Алектровтың жинақтаған қазақ ертегілері орыс тілінде жарияланып тұрды. А. Алектров пен Г. Потаниннің ұқсастығы – қазақ ертегілерін орыс тілінде жариялауында болды. Алайда А. Алектров Г. Потанинге қарағанда сюжет пен мотивтен гөрі, шығарма тілінің сақталуына, бұзылмауына көптеп көңіл бөлді. Бұл оның қазақ ертегілерінің текстологиясының сақталуына бірден-бір әсер ететін жайт. Тіпті, ғалым 1880-1900 жылдары аралығында қазақтың 100-ден аса ертегі, әңгіме, жырларын баспа бетіне жариялаған. Соның айшықты мысалы ретінде «Астраханский вестник» газетінде тек 1893 жылдың өзінде «Лұқпан хахим», «Айтуған батыр», «Жиренше мен Алдар Көсе», «Қарағай мен сексеуіл», «Алдаркөсе мен Шық бермес Шығайбай», «Хан мен жігіт», «Тақ Сүлеймен», «Өтірік ертегі», «Әулие бала» секілді ертегілер жарыққа шықты. Осының өзінен А. Алектровтың қазақ ертегілерін жинақтауда, қазақ ертегілерінің текстологиясын сақтау, мәтіндік ерекшеліктерді бұзбауда үлкен еңбек атқарғанын анық аңғара аламыз.

Ертегіні ғылыми жолмен жинап, оны ғылыми айналымға түсіруде ең басты назарда ұстайтын шарт – ертегіні қара сөз, яғни проза күйінде жазып, оны ертегінің немесе айтушының қалай айтқанын дәлме-дәл жазып алу, қолжазбамен тиянақты түрде жұмыс істеу. Бұл жерде халықтық өнерге айналған фольклордың мол үлгісін көрсете отырып, ондағы басты мәселелерді ортаға саламыз. Демек, осы мәселеге келгенде, біз тек ертегінің өзіндік стилі мен нақыш-мақамын ғана көрмейміз, сонымен бірге халықтық ертегінің түпнұсқалық қалыбын да анық аңғарамыз.

Әдебиеттер:

1 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012.Т.3: Халық әдебиеті үлгілері мен Абай шығармаларының текстологиясы – 400 бет;

2 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. – СПб., 1870. – Ч. 3: Киргизское наречие. – 658-с;

3 Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе / Г. Н. Потанин. – Москва : Типо-литография Товарищества И. Н. Кушнерев и К, 1899. – 893 с;

4 Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки / Г. Н. Потанин. – Петроград : Типография В. Д. Смирнова, 1917. – 151 с;

Ермекова Балнур,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ- КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада қазіргі қазақ және ағылшын әдебиетіндегі балалар прозасының идеялық-көркемдік аспектілері талданады, екі мәдениеттегі балаларға арналған әдеби шығармаларды жасау тәсілдеріндегі ортақ белгілер мен бірегей ерекшеліктерді анықталады. Авторлар шығармалардың тақырыптарын, құрылымы мен стилін, сондай-ақ мәдени контекстің қазіргі әлемде балалар әдебиетінің қалыптасуына әсерін қарастырады.

Түйінді сөздер: қазақ балалар прозасы, ағылшын балалар әдебиеті, идеялық-көркемдік ерекшеліктер, салыстырмалы талдау, тақырыптар, құрылым, стиль, мәдени контекст, қазіргі балалар әдебиеті.

Қазіргі балалар әдебиеті әртүрлі мәдениеттердің әдеби мұрасының маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, қоғамдардың құндылықтарын, дәстүрлері мен шығармашылық тенденцияларын бейнелейтін айна болып табылады. Мақалада біз балалар прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне назар аударамыз, оларды қазіргі қазақ және ағылшын әдеби ағымдарының контекстінде қадағалаймыз. Бұл

талдау осы екі әдеби дәстүрдегі қазіргі балалар шығармаларына қандай тақырыптар, стилистикалық шешімдер мен мәдени реңктер тән екенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін зерттеу тек әдеби зерттеушілер үшін ғана емес, сонымен қатар педагогтар, ата-аналар және әдебиеттің жас ұрпақтың қабылдауын қалыптастырудағы рөлін бағалайтындар үшін де маңызды. Балалар әдебиеті әртүрлі мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеудің шығармашылық алаңы бола отырып, қиялдың, эмоционалды интеллект пен сыни ойлаудың дамуына ықпал етеді. Қазіргі қазақ және ағылшын Балалар прозасы әлеміне ену біздің алдымызда қызықты оқиғаларды ғана емес, әдеби дәстүрлердің бірегейлігі мен алуан түрлілігін айқындайтын терең мәдени және әдеби контексттерді де ашады [1].

Балаларға арналған әдебиеттің дамушы әлемінде мәдени контекст қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасының бірегей ерекшеліктерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл әдеби дәстүрлер әр халықтың терең құндылықтары мен дәстүрлерін баса көрсете отырып, тақырыптарды, мотивтер мен бейнелерді таңдауда қалай көрінетінін қарастырайық. Қазіргі қазақ Балалар прозасы – қазақ мәдениетінің байлығына қаныққан әдеби мұраның маңызды қабаты. Балаларға арналған мәтіндер жас тұлғалар қалыптасатын этникалық және тарихи ортаның ерекшеліктерін көрсетеді. Халық аңыздарына, мифтерге және дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген сюжеттер жиі кездеседі. Бұл тәсіл мәдени мұраның байлығын сақтап қана қоймай, балалардың қабылдауын байытады, оларға өз тарихының көп қырлы әлеміне енуге мүмкіндік береді. Қазіргі авторлардың ағылшын балалар прозасында біз мәдени эсердің байлығын кездестіреміз. Британдық әдеби дәстүр өзінің ерекше ерекшеліктерін балалар әдебиеті әлеміне әкеледі. К.С. Льюистің алғашқы шығармаларынан бастап қазіргі заманғы бестселлерлерге дейін ағылшын балалар прозасында дәстүрлерге, адамгершілік құндылықтарға және әлеуметтік-мәдени аспектілерге назар аударылады. Қазақ әдебиетіндегідей, мұнда тарихи оқиғаларға, мәдени ерекшеліктерге және ұлттық дәстүрлерге бет бұратын кейіпкерлер жасалады. Қазақ және ағылшын балалар прозасындағы тақырыптарды таңдауды салыстырмалы талдау жалпы үрдістер мен бірегей ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Екі жағдайда да авторлар өз мәдениеттерінің құндылықтарын атап өтуге және балаларды көп қырлы және танымдық жұмыстармен қамтамасыз етуге тырысады. Алайда, қазақ авторлары халық даналығы мен әдет-ғұрпына жүгінсе, ағылшын әдебиеті көбінесе әртүрлі мәдени топтар енгізген фольклор мен мифология элементтерін қамтиды. Екі мәдениеттің де балалар прозасындағы мотивтер олардың ерекше қасиеттерін көрсетеді. Қазақ шығармаларында табиғатпен байланыс, үлкендерді құрметтеу, патриотизм және рухани даму мотивтері жиі кездеседі. Бұл тақырыптар ойын-сауық элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқырмандар арасында моральдық және этикалық құндылықтарды тәрбиелейді. Екінші жағынан, ағылшын Балалар прозасы шытырман оқиғалар мен өзін-өзі тануды іздеу дәстүрін сақтай отырып, жеке тұлғаның жеке дамуына, қоршаған әлеммен қарым-қатынасына және достықтың маңыздылығына баса назар аударады. Кейіпкерлер мен сюжеттер арқылы мейірімділік, төзімділік және айырмашылықтарды құрметтеу бағаланатын қоғамның бейнесі жасалады. Қазіргі балалар прозасында қолданылатын бейнелер мәдени контексттің көрнекті көрсеткішіне айналады. Қазақ шығармаларында дәстүрлі құндылықтарды бейнелейтін кейіпкерлер жиі кездеседі: аға ұрпақ, ұлттық батырлар мен данышпандар. Бұл бейнелер жас оқырмандардың жеке басын қалыптастыруға және мәдени мұрамен байланысты нығайтуға ықпал етеді. Ағылшын балалар прозасында әр түрлі мәдени контексте оқырмандар түсінетін және ұнататын әмбебап бейнелер, кейіпкерлер жиі қолданылады. Мұндай бейнелер әдеби шығармалардың таралуына және бүкіл әлемдегі балалар арасында жалпы мәдени құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасының осы идеялық-көркемдік ерекшеліктерінің барлығы әдебиет пен мәдени ерекшеліктер арасындағы терең өзара іс-қимылды көрсетеді. Олар балаларға арналған әдебиет ойын-сауық көзі ғана емес, сонымен қатар әлемді құндылық қабылдауды қалыптастырудың маңызды құралы екенін көрсетеді. Осы идеялық-көркемдік аспектілерді салыстырмалы талдау әдебиеттің мәдени тамырларын жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар оқырмандардың ой-өрісін кеңейтуге, оларды балалар прозасының көп өлшемді әлеміне тереңдетуге көмектеседі [2].

Қазіргі әдебиетте балалар үшін қазақ және ағылшын тілдерінде балалар өмірінің әртүрлі аспектілерін қамтитын әр түрлі және тартымды сюжеттер құрудың жарқын үрдісі байқалады. Бұл маңызды құбылыс қазіргі авторлардың балалар оқырмандарына олардың әртүрлі қызығушылықтарын ескере отырып жақындауға, сондай-ақ олардың ішкі әлемін байыта алатын әдеби шығармалар жасауға деген ұмтылысын көрсетеді. Балалар әдебиетіндегі маңызды бағыттардың бірі-отбасымен және достарымен қарым-қатынасты қамту. Қазақ шығармаларының сюжеттерінде отбасылық құндылықтар, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністік, сондай-ақ достықтың маңыздылығы тақырыптары жиі кездеседі. Авторлар өз шығармаларында отбасы мен достары

баланың өмірінде бере алатын жылулық пен қолдауды жеткізуге тырысады. Ағылшын балалар әдебиеті сонымен қатар балаларға жақын қарым-қатынастың маңыздылығын түсінуге және бағалауға көмектесетін әртүрлі сценарийлерді ұсына отырып, осы тақырыптарға жүгінеді. Шытырман оқиғалар балалар әдебиетінің сюжеттік желісінің ажырамас бөлігіне айналады. Қазақ авторлары ұлттық аңыздар мен дәстүрлерге негізделген қызықты әңгімелер жасайды, оқырмандарды кейіпкерлер жұмбақтар мен сынақтарға тап болатын таңғажайып шытырман оқиғаларға батырады. Ағылшын Балалар прозасы сонымен қатар қиял әлемінен бастап, балалар проблемаларды шешуді және қиындықтарды жеңуді Үйренетін шынайы сценарийлерге дейінгі шытырман оқиғалардың әртүрлі формаларын ашады. Тәрбие мен оқыту тақырыптары екі мәдениеттің де қазіргі балалар әдебиетінде маңызды орын алады. Қазақ авторлары дәстүрлерді, тарихты және ғылыми фактілерді көрсете отырып, өз шығармаларына оқу сәттерін біріктіруге тырысады. Бұл тәсіл білім беру кеңістігін қалыптастыруға көмектеседі және балалардың оқуға деген қызығушылығын оятады. Ағылшын әдебиетінде білім беру аспектілері ғылыми фактілерді қосудан бастап, оқу приключениялары мен өзін-өзі анықтау төңірегінде сюжеттер құруға дейін әр түрлі формада болады. Әлеммен өзара әрекеттесу – бұл қазіргі балалар прозасының сюжеттерінде көрініс табатын тағы бір маңызды аспект. Қазақ авторлары туған өлкесін, оның табиғаты мен дәстүрлерін зерттейтін батырлардың бейнелерін жасайды. Бұл балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін тереңдетуге және туған табиғатқа деген құрметті дамытуға мүмкіндік береді. Ағылшын балалар әдебиеті әртүрлі мәдени және әлеуметтік аспектілерді, сондай-ақ көп мәдениетті қоғамды түсіну мен құрметтеудің маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі балалар әдебиетіндегі әртүрлі тақырыптар оқырмандардың қызығушылығын оятады және олардың қиялын дамыту үшін қолайлы әдеби орта жасайды. Тақырыптардың кең ауқымын қамтитын сюжеттер балаларға өздерінің қызығушылықтары мен тәжірибелеріне сәйкес келетін әдеби шығармаларды таңдауға және табуға мүмкіндік береді. Сонымен, қазіргі балалар прозасындағы тақырыптар мен әртүрлі сюжеттер оның динамикалық дамуына және жас оқырмандар үшін тартымдылығына ықпал етеді. Қазақ және ағылшын авторлары шытырман оқиғалармен, өзара қарым-қатынастармен және оқыту сабақтарымен байытылған әдеби әлемдерді ойдағыдай құрып, әдебиеттің құндылықтарды қалыптастыру құралы және балалардың өз әлемін жан-жақты қабылдауы ретіндегі маңыздылығын атап өтті. «Гарри Поттер» – Джоан Роулинг: Гарри Поттер сериясы сиқыр мен шытырман оқиғаның бірегей әлемі жасалған қиял әдебиетінің көрнекті үлгісін ұсынады. Роулинг сюжетке моральдық сабақтарды, достықты және өзін-өзі анықтаудың маңыздылығын сәтті тоқиды. «Груффало» – Джулия Дональдсон: бұл кітап көркем элементтер мен оқу сәттерін біріктіреді. Автор тартымды кейіпкер Граффалоны жасайды және ақылдылық пен ойластырылған шешімдердің маңыздылығын көрсететін оқиғаны баяндайды. Бұл мысалдар мәдениеттердің әрқайсысының бай әдеби мұрасының аз ғана бөлігі болып табылады. Қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасында дәстүр мен инновация арасындағы, тартымдылық пен білім беру мазмұны арасындағы тепе-теңдікке деген ұмтылыс байқалады [3].

Қазіргі әдеби әлемде балалар үшін қызықты үрдіс бар — стилистикалық эксперимент, ол жас оқырмандар үшін тартымды мәтіндерді қалыптастырудың негізгі элементі болып табылады. Қазіргі заманғы авторлар қазақ әдебиетінде де, ағылшын балалар әдебиетінде де өз шығармаларына әртүрлі тілдік және стилистикалық әдістерді белсенді түрде енгізіп, оқырмандарға ерекше және қызықты әдеби әсер беру үшін формасы мен мазмұнымен ойнайды. Қызықты тілдік әдістерді қолдану қазіргі балалар прозасының маңызды аспектісіне айналуға. Қазақ авторлары өз оқырмандарына мәтіндерді ұсына отырып, мазмұнды жеткізуге ғана емес, оны тілдік экспрессиямен байытуға да ұмтылады. Лексикамен ойнау, жарқын бейнелер мен стандартты емес бұрылыстарды қолдану жас оқырмандардың назарын аударатын, олардың тілдік дамуын ынталандыратын және ой-өрісін кеңейтетін ерекше тілдік қолжазба жасайды. Осыған ұқсас тенденциялар ағылшын балалар әдебиетінде де кездеседі, онда авторлар тілге құмарлықпен тәжірибе жасайды. Мұнда тартымды және оңай сіңетін мәтіндер жасауға мүмкіндік беретін әртүрлі стилистикалық әдістер әсіресе өзекті. Аллитерациялар, ассонанстар, сөздік ойындар — мұның бәрі оқырмандардың тілдік дағдыларын бір уақытта қызықтыратын және байыта алатын қызықты және есте қаларлық туындылар жасау үшін қолданылады. Қазіргі балалар прозасындағы стилистикалық эксперименттің маңызды аспектілерінің бірі визуалды элементтер болып табылады. Қазақ авторлары өз шығармаларына түрлі-түсті сипаттамаларды ғана емес, сонымен қатар иллюстрациялар, графикалық тәсілдер сияқты көрнекі элементтерді енгізеді, бұл мәтіндерге қабылдаудың қосымша қабатын береді. Бұл тәжірибе қиялдың дамуын ынталандырады және сюжеттерді визуалды қабылдауға ықпал етеді, бұл әсіресе жас оқырмандарға қатысты. Ағылшын әдебиетінде мәтіннің визуалды аспектілеріне де қызығушылық бар. Иллюстрациялар, беттерді безендіру, қаріптерді креативті пайдалану — мұның бәрі

шығармаларға қосымша эстетикалық тереңдік береді және оларды балалардың қабылдауына қол жетімді етеді. Көрнекі элементтер визуалды дизайнның ғана емес, сонымен қатар балалар әдебиетінде ерекше маңызды мазмұнды түсінуді қолдаудың маңызды құралына айналады. Осылайша, қазіргі балалар прозасындағы стилистикалық эксперимент жас оқырмандар үшін ең тартымды және білім беру мәтіндерін жасауға бағытталған шығармашылық тәсіл болып табылады. Қазақ және ағылшын авторлары қызықты тілдік әдістер мен көрнекі элементтерді енгізе отырып, балалардың әдеби тәжірибесін бай және алуан түрлі етуге ұмтылады. Мұндай жетілдірулер әдеби канонды байытады, әдеби талғамның қалыптасуына және оқырмандардың жас кезінен бастап ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етеді. Негізінде, балалар әдебиетіндегі стилистикалық эксперимент шығармашылық процестің ажырамас бөлігі болып табылады, ол тәрбиелік аспектімен қатар жас оқырмандар арасында қиялды, логикалық ойлауды және тіл сезімін қолдауға және дамытуға бағытталған. Бұл балалар әдебиетінің сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар балаларға арналған әдеби жаңалықтардың қызықты әлемін жасайды, оларды сөз бен қиял әлеміне одан әрі енуге шабыттандырады [4].

Қазіргі балалар әдебиетіндегі білім беру аспектілеріне баса назар аудару жас оқырмандар арасында білімді байытудың және сыни ойлауды ынталандырудың маңызды көзі болып табылады. Екі мәдениеттегі көптеген шығармалар мазмұнды білім беру элементтеріне назар аударады, осылайша балалар әлеміне жаңа көкжиектер ашатын, тек көңіл көтеріп қана қоймай, тәрбиелейтін әдеби шығармалар жасайды. Қазақ балалар әдебиетінде авторлардың өз шығармаларының сюжеттеріне білім беру сәттерін енгізуге деген ұмтылысы ерекше көзге түседі. Бұл ұлттық тарихи оқиғаларды, халықтық дәстүрлерді және мәдени ерекшеліктерді сюжетке біріктіруді қамтуы мүмкін, бұл оқырмандарға қызықты оқиғаларға еніп қана қоймай, өз елі мен халқы туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазақ балалар әдебиетіндегі білім беру элементтері көбінесе тарих пен дәстүрді қабылдау арқылы ұлттық және мәдени бірегейлікті сақтау және беру тәсіліне айналады. Ұқсас тенденциялар ағылшын балалар әдебиетінде де байқалады, онда авторлар өз шығармаларына білім беру элементтерін белсенді түрде енгізеді. Бұған ғылыми фактілер, табиғат әлемі, тарих және мәдениет туралы нұсқаулықтар кіруі мүмкін. Шығармалар балалардың сыни ойлауын дамыта отырып, қоршаған әлем туралы ақпарат беру арқылы білімге деген қызығушылығын оятады. Кейде білім беру сәттері тоқылған сюжеттер балаларға арналған әдебиетке тереңдік пен мазмұн қосады. Қазақ балалар прозасында бұл мәдени аспектілерді ашып қана қоймай, балаларға дәстүр құндылықтарын үйрететін фольклорлық элементтердің интеграциясы болуы мүмкін. Мысалы, ұлттық әндерді, әдет-ғұрыптар мен аңыздарды қосу сюжетті ғана емес, оқырмандардың өз мәдениеті туралы білімдерін де байыта алады. Ағылшын балалар әдебиетінде білім беру сәттері ғылым, өнер, тарих және әлеуметтік ғылымдарды қоса алғанда, әртүрлі білім салаларымен байланысты болуы мүмкін. Бұл оқырмандар үшін жаңа ақпаратты біліп қана қоймай, аналитикалық және сыни дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін бай тәжірибе жасайды. Шығармалар балалардың интеллектуалды дамуына ықпал ететін ойын-сауық қана емес, сонымен қатар оқу құралдарына айналады. Осылайша, қазіргі балалар әдебиетіндегі білім беру аспектілеріне баса назар аудару оның ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың білімі мен интеллектуалдық қабілеттерін қалыптастырудың маңызды құралы ретіндегі рөлін көрсетеді. Білім беру сәттерін сюжеттерге біріктіру қызығушылықты ынталандыратын, ақыл-ой дағдыларын дамытатын және оқуға белсенді көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін бірегей әдеби тәжірибе жасайды. Қазақ және ағылшын балалар әдебиеті білім беру аспектілеріне назар аудара отырып, оқырмандардың жаңа буынын тәрбиелеп қана қоймай, мәдени және ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпал етеді. Білім беру сәттері ойын-сауық пен оқу арасындағы көпірге айналады, бұл білім мен сыни ойлау табысты өмір сүрудің негізгі қасиеттері ретінде бағаланатын қоғамдағы баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал ететін тепе-теңдікті қалыптастырады [5].

Қазіргі балалар әдебиетінде фольклорлық элементтерді қолдану қазіргі авторлардың өз шығармаларын байытудың, оқырмандар үшін тартымды және Ерекше әлем құрудың қызықты әдісін ұсынады. Бұл тәсіл әдеби шығармаларға әртүрлілік пен қызығушылық әкеліп қана қоймай, мәдени мұраны берудің маңызды құралы бола отырып, дәстүрлерді, аңыздар мен мифтерді сақтауға ықпал етеді. Қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық элементтерге жиі жүгіну байқалады, бұл идеялық-көркемдік ерекшеліктердің негізгі аспектілерінің біріне айналады. Авторлар өз шығармаларында халық ертегілерін, батырлар туралы аңыздарды, сондай-ақ ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің элементтерін тоқиды. Бұл қызықты сюжеттерді құрып қана қоймайды, сонымен қатар мәдени құндылықтарды сақтау және жеткізу құралы болып табылады. Қазақ балалар прозасындағы фольклорлық элементтер шығармаларға шынайылық беріп, балаларға өздерінің мәдени тарихының

байлығын сезінуге мүмкіндік береді. Ағылшын балалар әдебиетінде фольклорлық мотивтер мен элементтерді қолдану үрдісі де байқалады. Авторлар ұлттық мифтер мен ертегілердің бай дәстүріне көтеріліп, оларды өз шығармаларының сюжеттеріне тоқиды. Бұл оқырмандарға сиқыр мен жұмбақтарға толы қызықты әлемдерге енуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ағылшын балалар әдебиетінде фольклорлық элементтерді қолдану мәдени көзқарастың кеңейуіне және ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге ықпал етеді. Қазіргі балалар прозасындағы фольклорлық әсердің маңызды аспектілерінің бірі-бірегей әлемдерді құру. Қазақ авторлары ұлттық мифтер мен аңыздарға жүгініп, балалар өз мәдениетінің сиқырына бой алдыратын қызықты әлем құруда. Бұл элементтер атмосфераны және шығармалардың көрнекі көрінісін құруда маңызды болады. Мұндай әдістер жас оқырмандардың назарын аударып қана қоймай, олардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын қалыптастырады. Ағылшын балалар әдебиетінде фольклор ерекше әлемдерді құру үшін де қолданылады. Авторлар өз шығармаларына ертегі кейіпкерлерін ғана емес, Ұлттық аңыздардың элементтерін де біріктіреді. Бұл сюжеттерге тереңдік пен өзіндік ерекшелік қосады, шығармаларға өзіндік ерекшеліктер береді және мәдени бірегейлікке баса назар аударады. Қызықты әлемдерді құрудан басқа, фольклорлық элементтерді қолдану оқырмандарды тәрбиелеуге ықпал етеді. Қазақ авторлары өз шығармаларында халық аңыздары мен мифтеріне негізделген оқу және моральдық сәттерді жиі салады. Бұл балаларда құндылықтар мен адамгершілік сабақтарын түсінуді дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетпен байланысты нығайтады. Ағылшын балалар әдебиетінде фольклорлық элементтерге тоқылған оқыту аспектілері де жиі кездеседі. Авторлар Достық, әділеттілік және даналық туралы сабақ беру үшін ертегі сюжеттерін пайдаланады. Бұл тәсіл шығармаларды қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар балаларда адамгершілік құндылықтар мен дүниетанымды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Осылайша, қазіргі балалар әдебиетінде фольклорлық элементтерді қолдану көп қырлы және маңызды аспект болып табылады. Ол шығармаларға бірегейлік пен қызығушылық беріп қана қоймайды, сонымен қатар мәдени мұраны сақтау және беру құралы ретінде қызмет етеді. Қазақ және ағылшын авторлары өз туындыларына ұлттық мифтер мен аңыздарды сәтті енгізіп, бір уақытта баурап алатын және тәрбиелейтін туындылар жасайды. Бұл тәжірибе жас ұрпақ арасында мәдени өзін-өзі тану мен құндылықтарды қалыптастырудағы әдебиеттің рөлін көрсетеді [6].

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Ұлыбританиядағы заманауи балалар әдебиеті екі ұлттың мәдени дәстүрлері мен шығармашылық әлеуетінің бірегей көрінісі болып табылады. Қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері әдеби мұраның байлығын, қазіргі заман мен дәстүрдің өзара іс-қимылын бейнелейді. Қызықты әлемдерді құру, фольклорлық элементтердің байлығы, білім беру аспектілеріне жүгіну және стилистикалық эксперимент — бұл барлық ерекшеліктер балалар әдебиетінің ландшафтын қалыптастырады және оқырмандардың жаңа буыны үшін әдеби канон қалыптастырады. Қазақ және ағылшын авторларының шығармалары тәрбие мен оқытуға көңіл бөледі, ал фольклорды пайдалану мазмұнын байытып, оған бірегей ұлттық сипат береді. Қазіргі балалар әдебиеті ойын-сауық құралына ғана емес, сонымен қатар балалардың жеке басын қалыптастырудың қуатты құралына айналады. Бұл шығармалар дәстүрлерді шабыттандыруға, үйретуге, сақтауға және ұрпақтар арасында көпір құруға қабілетті. Жоғарыда аталған барлық идеялық-көркемдік ерекшеліктер бірге балалар әдебиетінің түрлі-түсті бейнесін жасайды, оқырмандардың назарын аударады және олардың әдеби қабылдауында айтылмайтын із қалдырады.

Әдебиеттер:

1. Асқаров Нұрсұлтан. "Қазақ әдебиеті мен балалар прозасы." Әдебиет және сауат. № 4 (2021): 12-25.
2. Айтмағанбетова, Сабина. "Аталмас жарғы – балалар әдебиетінің даму үшін технологиялық мәселелері." Жас әдебиет және ағартушы технологиялар. № 2 (2020): 45-58.
3. "Қазақстандық балалар әдебиеті мен көмекші тәжірибе: тарих, аспап, баптама." Әдебиет тарихы жылдары. № 3 (2019): 112-125.
4. Smith, Emily. "The Evolution of Children's Literature in Modern Britain." *Literary Insights: Journal of Comparative Literature*. Vol. 7 (2022): 89-104.
5. Johnson, Lucy. "Cultural Perspectives in Contemporary Kazakh Children's Prose." *International Journal of Comparative Literature*. Vol. 5 (2020): 76-91.
6. Abisheva, Madina. "Incorporating Kazakh Folklore in Modern Children's Literature: A Case Study Analysis." *Journal of Folk and Fairy Tale Studies*. Vol. 12 (2021): 155-170.
7. Rowling, J.K. "Harry Potter and the Philosopher's Stone." Bloomsbury, 1997.
8. Donaldson, Julia. "The Gruffalo." Macmillan Children's Books, 1999.

АҒЫЛШЫН, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Етістікті фразеологиялық тіркестердің түрлері, пайда болуы, шығу негіздері мен қызметі

1.2 Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің стильдік-эспрессивтік ерекшеліктері

1.3 Ағылшын және түрік тілдеріндегі тіліндегі етістікті фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері

Фразеология грек тілінің *phrasis* («сөйлемше» және *logos* («ұғым», «ілім») – 1) тілдегі тұрақты тіркестерді қазіргі және тарихи даму тұрғысынан тексеретін тіл білімінің саласы; 2) бір тілдегі тұтас фразеологиялық қор. Фразеологияның қалыптасуындағы объективті және субъективті факторлар – фразеологиялық мағынаның коммуникативтік жағдайларға бейімделуі және сөйлеу кезіндегі сөз тіркестерінің туынды мағынаға ие болуы. Ал сөздің жанамалық қатыста номинацияға ұшырауы, ұғым мен түсінікті тереңдетудегі танымдық қызмет пен жүйе, әлеуметтік жағдайдағы мәдени ұлттық ерекшеліктерді көрсету, т.б. Яғни, ұлт мәдениетін болмыс ұғымының аясында таныту мақсатында тілдің жинақтау қызметі арқылы фразеологизмге этнолингвистикалық талдау жүргізу. Фразеологизмдер стилистикамен тығыз байланысты болғандықтан, оларды тіл білімімен қатар әдебиеттану ғылымында зерттейді.

Тіліміздегі сөз байлығымызда тек жеке сөздер ғана емес, құрылысы жағынан күрделі единицалар да кездеседі. Олар: ала ауыз, тайға таңба басқандай, төбе шашы тік тұру, қой аузынан шөп алмас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған [1,165-2016].

Мұндай сөздер қазақ тілінде мындап кездеседі, оларды фразеология немесе тұрақты сөз тіркесі деп атайды. Ал, фразеология сөзі екі мағынада қолданылады: 1) тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің жалпы атауы; 2) тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

Етістікті фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-бірінен әрқашан ашық айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау (түр-түрге бөлу, топтастыру) тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде етістікті фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылып жүр. Етістікті фразеологиялық оралымдар лингвистикалық әдебиеттердің бірінде бүтіндей тұрақты тіркестін, тұтас мағынасы мен оның (тіркестің) сыңарларының мағыналарының ара қатысы жағынан топтастырылса, екіншілерінде құрылымы жағынан үшіншілерінде қызметі (функция) немесе эмоциональды-эспрессивті қасиеті жағынан топтастырылады.

Академик В. В. Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастың, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н. М. Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі фразеологиялық сөйлемше деп есептейді.

Етістікті фразеологизмнің түрлерін біреу мағынасына, енді біреу құрылымына, үшіншісі - қызметіне қарай топтастырып, әркім әр түрлі классификациялайды.

Академик В.В.Виноградов етістікті фразеологизмдерді құрастырушы сыңарларының мағыналарының өзара қатысы жағынан алып, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үшке бөлсе, Н.М.Шанский төртінші етіп фразеологиялық сөйлемшені қосады. К.Аханов та осы төрт түрін мақұлдайды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді арнайы зерттеген І.Кеңесбаев фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес деп екіге бөледі. Ал, фразеологиялық тіркесті түйін тіркес және түйіс тіркес деп екіге бөледі. Ал, мақал-мәтелдерді өзгеше құбылыс ретінде қарастырады [2,9-166].

Барлық пікірді жинақтай келгенде, ғалымдардың классификациясы бір-бірінен алыс кетпеген. Мысалы, І.Кеңесбаевтың фразеологиялық түйін тіркесі В.В.Виноградовтың фразеологиялық бірлігіне, түйіс тіркесі фразеологиялық тізбегіне, мақал-мәтелі фразеологиялық сөйлемшеге келеді. Қысқасы айырмашылық терминдерде ғана деуге болады.

Тіл арқылы қатынас жасау процесінде сөздер, әдетте, жеке дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің тілдің грамматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен

синтаксистік единицалар - еркін (ерікті) сөз тіркесі мен сөйлемдер жасалады. Сөздердің, жалпы тіркесі және синтаксистік (еркін) сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен емін-еркін тіркеуінен жасалады. Бірақ сөздер бір-бірімен жапа тармағай тіркесе бермейді, мағыналарының үйлесімділігі болғанда ғана, тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік сөздердің бір-бірімен семантикалық жақтан үйлесуге бейімділігі дегенді білдіреді. Еркін сөз тіркесінде оны құрастырушы сыңарлар (сөздер) мағыналық үйлесімділік шеңберінде басқа сыңарлармен (сөздермен) ауыса алады [3,115-118б].

Етістікті фразеологиялық оралым барлық тілде басқа единицалармен, атап айтқанда, бір жағынан, сөзбен, екінші жағынан, еркін сөз тіркесімен шектесіп жатады.

Даяр қалпы қайталану белгісі сөз бен етістікті фразеологиялық оралымға бірдей қатысты барлық басқа белгілерді, атап айтқанда, етістікті фразеологиялық оралымның құрамы мен құрылымының тұрақтылық белгісі мен мағыналық тұтастық белгісін ашып айқындайды.

Етістікті фразеологиялық оралым тұрақты қасиетімен сипатталады. Оның тұрақтылық қасиеті мынадан көрінеді: фразеологиялық оралым бүтіннің бөлшектері ретінде ұғынылатын, өзара тығыз байланысты сыңарлардан (сөздерден) құралады да, ол сыңарлар бірінен кейін бірі әбден қалыптасқан тәртіппен орналасады, басқа сөздерден ауыстырылмайды, қалыптасқан орын тәртібі өзгермейді [4,158б].

Қазақ тілінде де, басқа түркі тілдердегі сияқты фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер.

Фразеологизмдердің етістікті тіркестеріндегі ұғымның түп қазығы есім сөздерге байланысты. Есім сөздерге тіркесіп айтылатын етістікті компоненттер әр алуан. Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге қарағанда күрделі, сонымен қатар олардың парадигмалық жіктелуі де бай.

Қазақ тілінде де басқа түркі тілдеріндегі сияқты етістіктің аналитикалық түрлері өте көп. Осыған орай, фразеологизмдердің вариант атарларының біразы есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы көбеіе беретінін жоғарыдағы келтірілген мысалдардан айқын аңғарылады. Көмекші етістіктермен түрленуі арқылы компоненттер саны да өзгермелі болады. Мысалы: шыбын жаны шыға жаздау / шыбын жаны шығып кете жаздау; тұла бойы қалтырау / тұла бойы қалтырап кету; екі қолды мұрынға тығу / екі қолды мұрынға тығып қалу, т. б. [5,170-200б].

Ағылшын тілінде етістікті фразеологизм кемінде екі немесе үш сөздерден құралады. Кейбір етістікті фразеологизмдер шылау арқылы не үстеу арқылы жасалады. Кейде етістікті фразеологизм басқа сөздермен бірігіп басқа мағынаға ие болады. Етістікті фразеологизм жазба түрден көрі ауызекі тілде кеңінен қолданылады.

Етістікті фразеологиялық тіркес құрамында сөздердің тұрақтылығы, мағына бірлігі басты белгі болып есептеледі.

Ағылшын тілінде етістікті фразеологизмдер шылау арқылы не үстеу арқылы жасалынып, тыңдаушы немесе сөйлеуші етістікті фразеологизмдерді сөзбе - сөз онай түсінеді. Мысалы: "He walked across the square", "When I entered the room he looked up" The dog barked and we backed off in a hurry;

Ағылшын тілінде етістікті фразеологизмдер шылау немесе үстеу арқылы не бірнеше зат есімдер мен есімдіктерден құралып та жасалынады. Мысалы: ask someone out - John asked Liz out yesterday. They went to a French restaurant; back out - It is too late to back out now. If you back out, you'll have to pay a fine;

Ағылшын тілінде көптеген етістіктер мен демеуліктер етістікті фразеологизмдер ретінде қолданылып идиомалық мағынаға ие. Мысалы: This question is too difficult, I give up; Watch out! The bus is coming; Етістікті фразеологизм "give up" идиомалық мағынада бірдемені істеуді тоқтатуды білдірсе, тура мағынасында "give"(беру) және "up" (жоғары) деген ұғымды білдіреді. [6, 153-175р]

Фразеологиялық материалдарды талдау нәтижесінде етістікті фразеологиялық бірліктердің лексикалық жағынан әртүрлі құрылымды болатындығын байқадық.

Етістікті фразеологизмдерден әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі көбірек аңғарылады. Түрік тіліндегі етістікті фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері дегеніміз яғни тілдегі сөздердің мағыналары, мағыналық өзгеру жолдарын қарастырады. [7, 256-287р.]

Түрік тілінде етістікті фразеологизм басқа тілдердегідей кемінде екі немесе үш сөздерден құралады. Кейбір етістікті фразеологизмдер шылау арқылы не үстеу арқылы жасалады. Кейде етістікті фразеологизм басқа сөздермен бірігіп басқа мағынаға ие болады. Етістікті фразеологизм жазба түрден көрі ауызекі тілде кеңінен қолданылады. Мысалы, adı çekilmek деген етістікті фразеологиялық оралымның қазақша баламасы – аты шығу. Түрік тіліндегі adına dadına kurban olmak kesilmek деген фразеологиялық оралымның қазақ тіліндегі баламасы – жағымпаз болу. Түрік тілі мен

қазақ тілінде бұл фразеологизмдер өзара мәндес болғанымен, олардың жасалуына әр басқа белгілер мем салыстырулар негіз болған. [8,211-251s.]

Түрлі тілдерде бір-бірімен мәндес (мағыналас) келетін етістікті фразеологиялық оралымдар бар. Ондай етістікті фразеологиялық оралымдардың жасалуына әрбір тілде әр басқа белгілер, түрліше салыстырулар негіз болған оны төмендегі берілген кестеден қарауымызға болады.

Ағылшынша	Қазақша	Түрікше
Love is blind	Махаббат көр	Aşk kördür
Love makes all hearts gentle	Махаббат жүректі жылытады	aşk bütün kalpleri yumuşatır
Money Talks	Ақша бар жерде басқа сөйлемейді	Para insanı konuşturur
Money breeds money	Ақша ақшаға барады	Para Parayı çeker
One swallow does not make a summer	Бір гүлмен жаз бітпейді	Bir çiçekle yaz bitmez
He who laughs last laughs best	Соңғы күлген жақсы күледі	Son gülen iyi güler
He that travels knows much	Көп білгеннен емес көп білгеннен сұра	Çok gezen çok bilir
Two heads are better than one	Ақылды ақылдыдан жоғары	Akıl akıldan üstündür

Әдебиеттер:

1. Аханов К., Тіл білімінің негіздері, Алматы, 2003, 165-201б.
2. Мұқышева А., Тұрақты сөз тіркестері туралы [Мәтін] Ұлағат. - 2006. - №1. 9-16б.
3. Құрманбаева Ш., Қазақ және түрік тіліндегі фразеологизмдердің когнитивті сипаты [Мәтін] Шығыстың аймақтық хабаршысы. - 2000. №3. 115-118б.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ, Қазіргі қазақ тілі.- Алматы, Мектеп, 1963, 158б. 5. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов., Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі, Алматы: «Санат», 1997, 15-18, 170-200б.
6. Longman Dictionary of English Idioms. L., 1981, 153-175р.
7. Makkai. A., Idioms Structure in English, The Hague, 1987, 256-287р.
8. Ömer Asım Aksoy., Bölge ağızlarında atasözleri ve deyimler I-II. Ankara, 2009, 211-251s.

Кашаулиева Эльмира Кокталовна

*Алматы қаласы, №148 мектеп-гимназияның
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИСАТАЙДЫҢ БАТЫРЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Махамбет Өтемісұлының суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, тілі мен стилі мен тегі жалпы поэтикасы нұсқалы бай. Ол арғы – бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармаларына сіңірген. Ақын өлеңдеріндегі ұлттық рухани құндылықтар айқындалады.

Кіріспе. Махамбет мұраларына қалам тартпаған ақын, жазушы, тарихшы, әдебиетші жоқ десек артық айтпаймыз. Оның ақындық пен батырлықты, қайсарлық пен ерлікті бірге көтере жүріп халықтың бостандығы мен теңдігі үшін күрескені туралы еңбектер молынан табылады.

Белгілі ойшыл М.Әуезов Х.Досмұхамедовтан кейін ірі зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі. Ол Махамбет өміріне тарихи шежірелік сипаттама бере отырып, Исатай мен Махамбет достығын, олардың қазақ тарихынан алатын орнын дерек көздерін негізге ала отырып анықтап, алғашқылардың бірі болып Махамбет бейнесін сомдаған [1].

Жас ұрпақ тәрбиесіне әр ғасыр өзінің қайталанбас тұлғасын беріп отырғанын тарихи деректер толығымен дәлелдейді. Академик З.Қабдолов: “Махамбет өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат” – деп атап көрсеткендей, Махамбеттей баһадүр ақынның ұлы тұлғасы қазақ халқының жауынгерлік қасиетінің, ерлік дәстүрі мен ұлттық классикалық мұрасының өзіндік қайталанбас ерекшелігін айғақтайды [2].

Ақын өз шығармаларын халыққа ұсына отырып, өзіндік ерекшелігі бар, қайталанбас образдар тобын да әдеби ғылымға әкеп қосты. Аталған тың образдар тек Махамбет жырларынан ғана кездеседі. Сол образдардың бейнесіне ішкерілей еніп, өзімізше, түсіндіріп өткенді жөн көрдік.

Махамбет өз өлеңдерінде Исатайдың бейнесін – батыр бейнесін жасады. Исатайға тікелей арнап шығарылған «Тарланым», «Мінкен ер», «Тайманның ұлы Исатай», «Исатайдың сөзі», «Қызғыш құс», «Исатай деген ағам бар» т.б. сияқты өлеңдер. Мысалы:

Исатай деген ағам бар,

Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлына дос болып...
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына отырған Иса-кем,
Ханның бір тауын қайтарған! [3].

деп шабыттана жырлайды.

Исатай кұр ғана әдеби қаһарман емес, тарихи адам. Мәселен:

Халқымның көрген қорлығы,
Хандардың еткен зорлығы.
Ақ жүректі тебіrentіп,
Ер көңілін желдентіп
Ақ сүйектің баласын
Қара ұлына теңгеріп,
Қоңыраулы найза өңгердім, –

деп келетін жолдарынан халқының азаттығы үшін көтеріліс туын ұстап хан-сұлтандарға қарсы шыққан Исатайдың бейнесін көреміз.

Ең бір керемет теңеудің бәрін Махамбет Исатай бейнесін суреттеуге жұмсаған. Өлең жолдарынан Исатайдың сыртқы портретіне мінезі мен ақылы сай, басқалардан анағұрлым ілгері адам етіліп суреттелумен қатар, осы үзіндінің өзінде ақынның Исатайға деген терең сүйіспендікпен, жүрегін жарып шыққан жылылықтың лебі де бетке үргендей сезіледі.

Махамбетте Исатайдың алдында тұрақты эпитет «ер» сөзін қолданатын тұстары да бар. Мәселен:

Біздің ер Исатай өлген күн...
Он сан байтақ бүлген күн!...
Орта белін сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған күн...

Өзіне дейінгі батырлар жырларында жиі ұшырайтын әсірелеулер де Махамбетте аз кездеспейді. Мысалы:

Арыстан туған Исатай...
Қоғалы көлдер суалып,
Тізеге жетер-жетпес күн болған...
Мына отырған Иса-кем,
Дулығалы бас кесіп,
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суарды-ай! [3].

Бұл жолдардан Махамбеттің Исатайды суреттеуде өзіне ақындық дәстүрді де пайдаланғанын көреміз.

Негізгі бөлім. Ақын Исатайды суреттеген толғауларында неше алуан теңеу, эпитет, метафоралар қолданады. Исатайды небір халықтың асыл сөздерімен суреттеп, батыр тұлғасын танытар айқын теңеулер табады. Мысалға, ақынның кез-келген Исатайға арналған өлеңін алсақ, бұл өлеңдерде Исатай өз бойының барлық көрінісімен көз алдында елестейді. Батырдың сырт тұлғасы ғана емес, ішкі сыры, қайтпас қайсар мінезі, жайдары, жарқын жүзі, ақылы мен өнері, жауға деген айбары, ашуы, ел ішіндегі беделі – барлық жағынан өте сүйкімді сипатта бейнеледі [4]. Мысалы:

Мінкен де мінкен, мінкен ер,
Бұл сықылды неткен ер?
Көлденең жатқан Жайықтан
Құралайдың күнінде
Еркек қойдай бөлініп,
Қырқарланып өткен ер.
Күншығыстың астында,
Күнбатыстың тұсында
Қарындасым бар-ды деп,
Қабырғасын сөксе де,
Қанын судай төксе де,
Қайыспас нар-ды деп,
Маңдайынан күн өтіп,

Жауырынынан жел өтіп,
Күн астымен жеткен ер...

(«Мінкен ер»).

Өлеңді оқи отырып, Исатайдың батыр тұлғалы, төзімді, қайсар мінезді екенін біле аламыз.

Махамбет қай кезде, қандай жағдайда болсын, Исатай жөнінде өз пікірін үлкен ізетпен айтады. Ол әрдайым Исатайға зор құрмет көрсеткен адам. Махамбет өлеңдерінде өзі туралы сөйлегенде: «Исатай деген ағам бар, ақ кіреуке жағам бар», – деп өзін мейлінше кішіпейілді, көп қосынның бірі есебінде санайды. Яғни, көтерілісті басқаруда да Исатаймен бірдей бола тұра, Махамбет Исатайдың қасында өзін кіші санайды. Исатайды ардақтап, төбесіне көтереді, Исатайдың өліміне қайғырып, оны жоқтағанда, Махамбеттің аузындағы отты сөздері арқылы оның қатты қайғырғанын көреміз. Мысалы, жырда:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсым қолым жетер ме,
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным көп болды-ау
Саған да менің арманым!
Кермиығым кербезім!
Керіскідей шандозым.
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым»
Тебіренбес ауыр мінездім!
Садағына сары жебені салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған.
Тереңнен көзін ойдырған,
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған.
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан.
Айқайласа белдік байлаған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен;
Атқан оғы Еділ –Жайық тең өткен,
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан,
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен! [5].

Өлең тұтастай жоқтау сарынында жазылған. Сондықтан да оны тұтастай бергенді жөн көрдік. Бұл жоқтау – өлеңде Исатай бойындағы бар жақсы қасиеттер ашылады. Жоғарыда айтылған өлең жолдарында Исатайдың бейнесі қандай тамаша сипатталған. Исатайдың халықшылдығы, батырлығы, қайраты, ақылы, жігері, қысқасы, батыр бейнесі толық әр қырынан ашылған.

Осы тектес Исатай өліміне байланысты жырларында ақын өзін азапқа салған жан жарасын табиғатпен қанаттастырады:

Жібектен бауы көнеріп,
Ақсұңқар ұшқан күн болған...
Телегей теңіз шалқыған
Қоғалы көлдер суалып.
Тізеге жетер-жетпес күн болған...
Исатайдан айрылып,
Алқалай келген кеңесте
Дем құрыған күн болған, –

деп ақын қазалы күндердің суалуын, бәйтеректің қу түбір болуын Ер Исатайдың өлімімен байланыстыра отырып, кейіпкердің көңіл-күйімен табыстырады.

Махамбет өлеңдері осындай буырқанған сезім арпалысының, яғни ақын көңілінің шабытты шағының табиғат көркімен үйлесуінен, үндесуінен туған. Бұл өлеңдерінде кейіпкер мен табиғаттың тұтасып жататындығы басым. Ақын пейзажды яғни табиғат көркін дүниені танып білудің ұтымды бір әдеби тәсілі ретінде қарап, одан үлкен философиялық ой түйіндеген [6].

Махамбеттің «Тайманұлы Исатай» атты өлеңінде жыраулық дәстүрді қолдана отырып, әрі өсиет айтып, әрі Исатайдың жақсы қасиеттерін тағы да бір санамалап өтеді. Өлеңнің шынайы әсерлілігін, көркемдігін көрсету үшін, толықтай мәтінді бергенді дұрыс көрдік.

Арғымақтан туған қазанат,
Шабуыл салса нанғысыз.
Қазанаттан туған қаз мойын,
Күніне көз көрінім жер шалғысыз.
Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз.
Аруанадан туған мал бар,
Асылын айуан десең нанғысыз,
Жаманнан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда
Жарамды бір теріге алғысыз.
Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді,
Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел! [5].

Сонымен, Махамбет Исатайдың шынайы бейнесін сөзбен, жырмен суреттеп шығып, тарихи тұлғаны халыққа өткір тілмен жеткізіп берген. Ақын өлеңдерін оқу арқылы-ақ Исатай батырдың шынайы тарихи тұлғасын тани аламыз.

Махамбет – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын. Халық қамы үшін атқа мініп, жауына қарсы өзінің жалынды сөзін жай оғымен қатар жұмсады. Ақынның өжет сөздері батырдың беліндегі ақ семсер, алмас қылыштай қиып түсер өткір қарудан кем емес еді. «Хан жақсылардың» бет пердесін ашып, ақын оларды халық алдында әбден әшкере етті. Көтерілісшілердің көзін ашып, санасын оятты. Ел басына қара түнек орнатушы хан-сұлтандар екенін алғаш ашық түсіндіруші Махамбет болды. Махамбеттің тілегі, ісі, жүрегі халықтан еш уақыт бөлінген емес. Керісінше, халықтың, көтерілісшілердің қалың қауымының мүддесімен ұштасып жатады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Махамбет өлеңдері – тарихта болған оқиғалардың көркем кестесі, ер намысы, ел рухы! Сондықтан да Махамбеттің керемет дарыны мен ереуілді ерлігін айырып айту қиын. Қалам мен найза – ақын Махамбет пен батыр Махамбеттің қос қаруы. Осыған байланысты да ақын өлеңдерінің ерлік сипаты күшті болып отыр.

Махамбет Өтемісұлының құдіретті дарын иесі екендігі оның сыршыл да шыншыл, өткір өлеңдері мен дауылпаз күйлерінен көрініс тапқан. Бұл шығармалардың көркемдік мәні өте бай, сондықтан да тәрбиелік қуаты шексіз. Ақын өлеңдері күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. – Алматы: Жазушы, 1984.
2. Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. //Ана тілі, 2001, №32,9 тамыз.
3. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы, 1979
4. Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы // Қазақстан мектебі, №6, 1970
5. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы: Арыс, 2001
6. Махамбет әлемі: Махамбет-200ж. «Арыс» қоры баспасы Т.13. Алматы, 2003

СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Аңдатпа. Сүйінбай Аронұлы – қазіргі қазақ поэзиясындағы айтыс өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып, көркемдік жаңалықтар, өзгеше қаламгерлік мәнер, машық әкелді. Өмірден көрген білгендерін жырмен шашу қылып, кейінгіге мол мұра, қомақты көркем қазына қалдырды. Ақынның сұлу да сырлы жырлары уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалың оқырманның қызыға, құмарта іздейтін рухани сусынына айналды.

Кіріспе. Сүйінбай – ақындық өнердің қадір-қасиетін таныған, оның мәні мен мақсатын терең түсінген саналы өнерпаз. «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деген ақын өлеңнің құдірет-күшін танып, ақындық өнердің қыр-сырын бойына дарыта алған. Ақын өз бойындағы ақындық шабыт туралы да жырға қосып, өз талғамы мен шабытының ерекшелігі жайлы тебірене толғаған.

Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын,
Бәйге аттай шу дегенде талмайтұғын.
Жасымнан көп шабылған жүйрік едім,
Сұңқардай көкке өрлесе талмайтұғын.
Сүйінбай сөйлер сөзге тарылмаған,
Жалтылдап жанған оттай жалындаған.
Саңқылдап қалың қазақ арасында,
Еліріп өлең айтса арындаған, –

деп жырлаған ақын өз бағасын өзі әділ берген.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі халқының ежелден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі. Құнарлы сөз, кесек ой, келелі уәж оның поэзиясына, эпикалық қарым, көркемдік сипат дарытып отырады.

Сүйінбайдың ақындық мектебі жайлы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Жамбылдан басқа ақындар да Сүйінбайды өздеріне ұстаз тұтып, оның таланты алдында бас иген» [1,105б.], – деп тұжырымдайды. Жоғарыдағы аталған зерттеуші ғалымдар адуын ақынның поэзиясын жоғары бағалап, Сүйінбайды таптық айқын сара бағыты бар өз алдына бөлек, бүтін бір ақындар шоғырының басында тұрған жыр алыбы деп санайды.

Сүйінбай өлерде айтқан бір өлеңінде мұрасының қағаз бетіне түсіп, жазылып қалмағанына өкінеді. Өзі қайтыс болғаннан кейін өлеңдері елдің есінде қалмай, өзімен бірге жойылып кете ме деп қауіптенеді. Өлеңінде ақын кесір мінезді Жұмыққа реніш те білдіреді. Олай болуының себебі халық ақыны Ә.Сариев былай түсіндіреді: «Арудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақыртып алып, өзінің өлеңдерін жаздырып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін – елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын» [2], – дейді. Бірақ, тағдырға бас иген, өнерге бейтарап Жұмық бұл сөзге құлақ аспайды. Қайта оның сөздерін ауру сандырағы деп түсініп, Сүйінбайға «Құдай алдында күнәлі болмай, жөніңмен жатып, тағдыр бұйрығын қарсы ал», – деп ақыл береді. Жұмықтың осындай тоң мінезін сынап айтқан Сүйінбайдың «Жұмыққа» деген өлеңі былай басталады:

Атың емес, Жұмық – ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім – ау көзім жұмып,
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.
Өмірді келген, кеткен аңдамайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін
Жаман ойға келгенде талғамайсың,
Қияс мінез, томырық от пен жалын
Қайтейн осыныға арланбайсың, – [3,305б.].

Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар.

Негізгі бөлім. Бірінші саласына ақынның жиырма шақты толғау – жырлары жатады. Оның мазмұны шет жұрттық басқыншыларға қарсы қол бастаған қазақ батырларының ерліктерін жырлау, өмір сырларын ақтарып, дүние – әлем, бақ – дәулет, талап – талғам, өзгерістерін толғау. Өмір – қоғам құбылыстарын байқаған, дүние, әлем, адам, оның орны туралы толғанысы терең:

Дүние – ескі сарай – ды,
Жолаушы жүрген азамат
Көркіне оның қарайды,
Сонда-дағы тауарих
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды.
Өміріңнің орағы

Қуанба көріп жаңа айды [3,3076.].

Екінші бір шығармасында әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп – өнер ұясы, ұшып – қонары болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенінше, халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал – жан біткен бәрі де,
Өсіп – өнген жерге кетеді...
Халқыңның күні саған түсті,
Әділетті жан болып,
Басқара бер,
Басыңа салған істі.

Ақын шығармаларының бұқарашылық беті, әлеуметтік сыры айқын. Оның жүрегі елім, халқым деп дүрсіл қағып, тыным таппайды.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.

Ел еңсесін көтерер ерлік, батырлық екенін айта келіп, сол батырды тудырып, баптап өсіретін ел керек, ерге сай елі, еліне сай ері болса ғана іргесі тегеурінді, мықты деген ойын ақын былайша береді:

Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.

Ақын ерлікті, жауға мейірімсіздікті әр тұста жырлап, жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді.

Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі болмаса,
Ерменен жауға бармаса,
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса [3,3066.].

Сүйінбай шығармалары – образды, сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шыңға көтеріледі. Әсіресе, үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланады. Ал датқа, ұлық, болыс, би, ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Абайдың “Болыс болдым, мінекей!” сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбеттің Жәңгірге, Шернияздың Баймағамбетке, Жанақтың Рүстем төреге, Шөженің Бәйтiкке айтқандары сияқты Сүйінбайдың төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері – үндес те мұндас, түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры – қары, залымның,
Жаныңа бәрін жиыпсың [3,3016.], –

деп басталатын Сүйінбай тебіреністері “Хан емессің қасқырсың”, “Мен едім” сияқты Махамбеттің жалынды жолдарына пара-пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма.

Халқына қызмет еткендей ақылды адам басшы болса игі деген армандарын да білдіреді:

Халыққа жайлы хан болсаң,
Өкпе, жүрек қолқамсың,
Көп жұлдыздың ішінде
Жеке туған шолпансың.
Әділеттен тайсаңыз –
Екі көзі қанданып,
Жегеннен басқа білмеген

Тоғайда жүрген қорқаусың [3,3066.].

Халыққа төремін деп көкірексіп жүргендердің бірі хан емес, момын елге шапқан қасқыр, енді бірі төре емес, төбеде ұлыған төбет бейнесінде екенін Махамбет пен Шернияз поэзиясы анықтап бергенді. Ал, Сүйінбай осы алып ақындар дәстүрін білгірлікпен жалғастырды.

Сүйінбайдың әрбір арнау өлеңдері – өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлеңдерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе, пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Ақынның «Жақсы менен жаманның айырмасы» мен «Нақылдары» - көтерген мәселелері жағынан тікелей тәрбиелік мәні бар шығармалар. «Жақсы мен жаман адамның айырмасы» деген өлеңінде ол адам бойындағы мінез-құлықтар туралы, адамгершілік қасиеттер жайында ой толғайды.

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,
Халқының қалың жүнді көрпесіндей
Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын көрпесіндей.
Жамандар өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсығар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай [4], –

деп ақын адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді салыстыра суреттеп, оқырманына анық та айқын тандау жасатады. Сөйте отырып, соқырға таяқ ұстатқандай етіп санаңа сіңіруді мақсат етеді.

Философиялық сарын өз кезеңіндегі басқа да ақындар сияқты Сүйінбайға да тән. XIX ғасыр поэзиясындағы жиі көтерілген мәселенің бірі – ғұмыр диалектикасы болса, бұл турасындағы ақынның көрнекті туындысының бірі – «Ақын боп жиырмамада» атты өлеңі. Адам өмірін кезең-кезеңге бөліп, әр онжылдықтың өзіндік ерекшелігін суреттеген ақын былай деп жырлайды:

Ақын боп жиырмамада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырық асып елуге келгеннен соң,
Түбім терең құрақты,
Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым [4,156.].

Ойшыл ақын жиырма мен елу жастың арасын адам ғұмырының ең жемісті кезі деп лайықты бағалайды. Сөйтіп жас шақтағы табандылық пен алғырлықтың адам өміріндегі алар орнын жоғары қойды. Ақын шығармасының негізгі идеялық түйіні - адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға келу.

Қорытынды. Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қияқты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын, анық көрінеді.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларындағы көркемдік кестелер, әр сөзді орынды қолдануы ақын

туындыларының тіл көркемдігін, өзіндік мәнерін, сөз қолданудағы ерекше шеберлігін анық көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы, 1997.
2. Жолдасбеков М. Кісілік кітабы. III том - Астана: Күлтегін, 2012.
3. Жеті ғасыр жырлайды. I том. - Алматы: Жазушы, 2004.
4. Аронұлы Сүйінбай Шығармалары. /Толғаулары, сын-сықақтар, өлеңдері, айтыстар/. - Алматы: Жазушы, 1990.

Орал Самат Нұржанұлы
Алматы қ., №148 мектеп-гимназияның
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Қазақ лирикасының дамуына өз үлесін қосу үшін ақын әрқашан суреткерлік шеберлігін шыңдау, жетілдіру үстінде болды. Өмірден ерте кетсе де кейінгіге мол мұра, қомақты көркем қазына қалдырды. Ақынның сұлу да сырлы жырлары уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалың оқырманның қызыға, құмарта іздейтін рухани сусынына айналды. Қазақ өлеңінің мазмұнын терендетіп, пішінін жетілдіруде де зор үлес қосты.

Кіріспе. Жүмекен Нәжімеденов – қазақ әдебиетінде өзіндік қомақты орны бар, поэзияға жаңаша өрнектер мен айшықтар енгізген, өлең логикасына өзінше қараған, қазақ поэзиясын мазмұнына да, пішініне де жаңашылықты батпандап енгізген, өз шығармашылығымен қазақ әдебиетін бір сатыға көтерген ақын.

Жүмекен поэзияның терең сырлы құпияларының молдығын, көркемдік палитрасының байлығын оның әр кезеңдегі жырлары жарқыратып аша түседі. Өлең жазу – жіпке моншақ тізу емес, қиындығы мол соқпақты жол екендігін ескерте келе, шынайы ақынның сол соқпақты жолда ширай түсетініне «*Суыртпақ*» деген өлеңінде әбден сендіреді. Мұнда ақын көз майын тауыса, ертеден қара кешке дейін шыт матадан суыртпақ тартқан қарт әженің бейнесін әсерлі суреттей отырып, шыңыраудан ой тартып, сындарлы сөз саралаған ақын еңбегін соған теңейді. «*Көңілімен сол бір шыттай суыртпақтап тартам жыр*» деп түйеді автор.

Әдебиеттің қай жанрының болмасын құрылыс материалы, өрнек бояуы – көркем сөз. Қаламгер өз туындысы оқырманға неғұрлым тартымды, жанына жақын, көкейіне қонымды болу үшін тіл мәнерін құбылта, құлпырта білуі керек. Жүмекен поэзиясының осы сырына жіті назар аударады. Сөз сөйлемдегі образды бейнелеудегі өзінің табиғи орнына дәл қаланбаса, сөз тіркесіндегі сөздер тобына шұғыла шашып тұра алмаса, онда ол әлдебір басы артық нәрсе болып шығады. Сондықтан ақынның:

Рөлін артист-сөздер ойнай алмай,

Ақынның жылап берді күлген жерін, –
деуі осы шындықты айтқаны. Поэтикалық ізденіс жолында талант талай күйлерді басынан кешіреді. Ақын алдында тұрған міндет көп. Оның әбір өлеңі - жаңа ойдың жаршысы, сезім дүниесінің тың серпіні. Олай болмайынша өлең дегеніміз поэзияға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қарабайыр сөздердің жиынтығы ғана болып шығады. Ондай туынды оқырманның ойын — сезімін қозғап, жан-жүйесін баурап, жігерін қанаттандырып, көкірегін күйге бөлей алмайды. Демек, ізденіс, тек қана талмай ізденіс керек [2, 226].

Албырт сезімді жас таланттың кемеңгер классиктерге еліктеп, өзін сол жолда сезінуге тырысатыны болады. Бірақ өзін қаншама Пушкинмін, Байронмын, Гейнемін деп сезінгенмен, қилы қабатты, сиқыры сан-сала поэзия өз сырын ешкімге жайып салмайды. Осы бір шындықты Жүмекен тайға таңба басқандай қып аса орынды айтып береді:

«Ұлы ақындар» жазса да, өлең - итің

Жаман болып тууға ұялмайды.

Еліктеу – жас талапкердің басында болатын жай. Қай жазушы, қай ақын да алғашқы қалам табын еліктеуден бастайтындығына дәлелдер жеткілікті. Алайда шын талант үшін еліктеу ұзаққа созылмайтын процесс. Белгілі бір әдеби бағдарға түскеннен кейін, қаламгер өз сүрлеуін іздеуі керек. Осы принципті берік ұстаған талант қана болашағынан үміт күттіреді. Ал үнемі еліктеудің жетегінде

кете бергеннің өзіндік үні, өзіндік беті болмақ емес дегенді аңғартады Жүмекен. Ақын шексіз еліктеуден осылай сақтандырады.

Жүмекеннің бұл пікірі ұлы жазушымыз М.О.Әуезовтің «Еліктеу – үйренудің, үлгі алудың шебер жолы емес, оңай сатысы. Ол – оңай соқпаққа түсу. Әр соқпақ жазушы үшін – қайталау, аз ізденудің айғағындай болады» деген ойымен сабақтас екені көрініп тұр.

Ақын ізденіс адамы. Ол өз өнерінде жаңалықтар ашуы керек. Сол жаңалықтар көкжиегін ашуға ұмтылысы болмаған поэзия - поэзия емес. Жүмекеннің ұстанған сенім тұтқасы осы. Ақын «тереңнің түбін іздеп келем бүгін» деген ойын сабақтай келіп:

Көкалалы бір жерге көшіп шығып,
Көз көрмеген бір сайға қазық қақтым.
Бір сұлумен бейтаныс білісіп қап,
Бейтаныс бір белдеуге ат байладым, –

деп ізденістің тың иірімдеріне бой ұрғанын аңғартады. Ол ағынан жарылып, кейде ізденіс үстінде тайқы басушылықтың да болатынын жасырмайды. Бірақ бұл адасқаныңды да аңғара біліп, тізгінінді тез түзеп алу шарт. Бұл да Жүмекен қаламына тән қасиет.

Негізгі бөлім. «Ой, осы бір буын деген бір пәле» деген өлеңінде Жүмекен пішін мәселесіндегі ақын мен сыншы арасындағы қарама-қарсы қайшылықты тілге тиек етеді. Пішін қуалаған сыншы мықты көзге түседі. Ақын пішін мен мазмұнды бір-бірінен айырып қарауға болмайтындығын айтады. Өлеңнің жылтыраған сыртқы сұлулығына тәнті болған сыншы ондап» жетістікті буын санынан, ырғақ желісінен ғана іздейді. Ақын мұндай сыншыларды «құлақ деген мықты талант, ал бас қайда» деп келекелейді. Сөйтіп, автор поэзиядағы пішіншілдікке қарсы соққы береді [2, 67].

Шынайы қаламгер өз жазғанына толық қанағаттанбайды –«Дәл осы өлеңім мінсіз» – деп еш уақытта айтпайды. Оның жүрегінде әсемдікке деген шексіз талап жатады. Ақындық азабының, бірі осы болса керек. Жүмекен «*Күш берген өмір маған да*» деген өлеңінде осы күйді ашық айтқан:

Жазуға кетті жартысы,
Сызуға кетті жартысы.

Бұл ақынның бүкпес шындығы. Таланттың шығармашылық сәттері де осылай өтеді. Талантсыз шығарма оқушысына ләззат нәрін бере алмайды. Табиғи дарын біткен адам ғана бар өмірін өнер жолында сарп ете алады.

Солардың бірі – Абай. «*Абай ескерткішіне*» деген өлеңінде ақын шаршап, шалдықтым деген шақтарында Абайды күш-жігер беретін «қара шалым» дейді. «Өлмейтұғын артына сөз калдырған» ұлы ақынды өзінің құбыланамасындай көреді [3, 256].

Жүмекен «*Жыр келеді, жыр келеді жылды аттап*» деген өлеңінде жылдың мәңгілігі туралы пікір айтады. Кемеңгер жыр еш уақытта өлмейді. Ол жарқын қырынан жаңара түседі. Жыр ескірсе де, жыр көктеммен бірге түлей көріктене береді дейді.

Жыр келеді жылды аттап,
Жырларға жыл жол ашқан.
Ақылды арман құндақтап,
Тербетіп тұр көк аспан.

Жүмекен өз замандастарының талантты туындыларына балаша қуанады. «*Қасым аға*» атты шағын өлеңде арынды ақынның шығармашылық портретін, өзіне тән психологиялық ерекшелігін шебер көрсеткен. Жүмекен Қасымды космос ақынына балайды. «*Құйрықты жұлдыздай*» ерте өлгендігіне өкінеді. Бірақ Қасым өлендерінің өлмейтіндігін поэтикалық шебер нақышпен «*Құдай тартқан секілді бір сызықты ақ бормен, қара тақта – аспанға*» деп әсерлі бедерлейді.

Поэзия керуені әрқашан да алға тартып келеді, есейіп, ер жетіп, еңселеніп келеді. Осы жолдағы дәстүрді жетілдіру - поэзиямыздың биік мұраты. Ол ірі таланттардың ғана қолынан келетін іс. Жүмекен осы проблемаға да ат басын бұрып кеткен. Ақынның «*Дәстүр*» атты өлеңі осы мәселеге арналады. Ақын өзіне - өзі сын көзімен қарайды.

Жырым-жықпыл кезді түргініп,
Екпінімен бұза алмады ырғақты,
Дәстүр атты дәу алдында дір қақты.

Ақын – шалқыған шабыттың адамы. Шабытсыз ақын – қайырлаған кемемен тең. Шабыт құшағында отырған ақынның көңіл-күйін ауызбен айтып жеткізу қиын. Үздік талант иесі Жүмекен Нәжімеденов мұндай күйді басынан талай рет өткерген шығар. Ақынның шабытты шағын шебер суреттеген өлеңінің бірі – «Алатау». Өлеңнің тақырыбына қарап, әп дегенде тауға арналған екен деп қаласың. Ал, шынында, Алатау сынды шабыт иесі жырланады. Өлеңнің қысқаша мазмұны мынадай: Ақын Мұқағали Мақатаев бірде «Алатауды, шіркін-ай, маған берсе» депті, қасында келе жатқан жігіт:

«Қайтер едіңіз» дегенде, ақын оған зекіп тастайды. Сөйтп, әлгі жігіттің ақын жанын сезе білмеген санасыздығы сыналады. Ақынның шамырқана шабыттанған шақтағы күйі мен адуын асқақтығы мадақталады [3, 335].

Жүмекеннің ақын және поэзия туралы ой-толғаныстары осындай. Енді оның өлең-өнеріндегі өрнектері, суреткерлік шеберлігіне тоқталайық.

Шын өнерге жолдама беру жолында, оны халық игілігіне айналдыру үшін ақын-жазушылар әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Олар бір-біріне ұқсамайды. Содан келіп шығармашылық даралық туады. Ақынның не жазушының өзіндік үні, өзіндік қолтаңбасы, өзіндік шығармашылық бағыт бағдары деп осыны айтады. Суреткердің бір-біріне ұқсамайтын, өзгеше мәнер, өзгеше сөз саптауымен ерекшеленетіні, оқиғаны баяндау әдісі, композиция құрудағы шеберлігі және басқалары бірінен бірін бөлектейді.

Демек, бұл – өр қаламгердің стилі. Осыған орай әдебиет зерттеушісі профессор Қ.Жұмалиев былай дейді: *«Стиль - жазушының барлық туындыларын түгел камтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтыны сықылды жазушының әр шығармасын тереңірек зерттесек өзара жақындығын, бірліктерін көреміз. Олар бір жазушының қаламынан шыққан туындылар болғандықтан, әрқайсысы "мен пәленшенің қаламынан тудым" деп сыбырлап тұрғандай. Өйткені, стиль – жазушының өзі»* [4,154].

Олай болатын болса, әр жазушының, әр ақынның өз стилі бар екен. Тек поэзияның өзін алып қарасақ, қазақ әдебиетінде өзіндік стилін айқын анықтаған қаншама ақындарымыз бар. Олардың әрқайсысының мәнер-машығы бөлек, ақындық табиғаттары өздерінше өзге. Сол шексіз иірім шеберлігінің үлгісіне сүйенген ақын өз зердесі арқылы небір сөз маржандарын шығармасына пайдаланып, көркем бейнелеу синтезін жасайды.

Ақын Мұқағали Мақатаев Жүмекен туралы былай деген еді: *" Жүмекен – жұмбақ ақын. Тамырын терең салған, ойға бай, тілге сараң суреткер. Ақындарға тән шалқу, тебіреніс, толғаныстың өзі де құпия, жасырын. Оқушының қолына теренде жатқан ойының бір ұшын ұстатады да, арғы жағын өзің тап дегендей жайлап шығарып салады" [5].*

Жүмекен жырының табиғатын дәл танып айтылған пікір. Жүмекен өз туындысындағы ойына оқырманның терең бойлауын талап етеді. Сөз саптауына, оның бояу-реңкіне бір емес, бірнеше рет үніліп, жымдасқан жігін таба білуді қалайды. Бұл суреткердің өзіндік ерекшелігі, бұрын-сонды қазақ әдебиетінде көрінбеген, кездеспеген қасиет.

"Жас өнерпазға тән кем-кетік көп кешікпей қалады. Ал Жүмекен Нәжімеденовтің "кем-кетігі" келесі кітаптарында одан әрі айқындала түскен тәрізді. Өйткені, кейбір әдебиетші ағайындар ойлағандай, Жүмекен Нәжімеденовке тән дәстүрден тыс балалық оның кемістігі емес, келешек жетістіктерінің нышаны" [6], – деп Қадыр Мырзалиев Жүмекеннің осы бір құпиясын ашып айтты. Сыншылардың ақын шығармашылығының алғашқы кезеңінде оның поэзиясында буалдырлық бар деп айтып жүргені де осы еді. Бұл – стиль ерекшелігі жолындағы алғашқы барлаулар, ізденістер мен тәжірибелер болатын.

Шынында да, оның өлеңдерін салғаннан желдіртіп оқып, бірден түсіну оңай емес. Ақынның ой астарына қайта-қайта үңіліп қараған абзал. Түсінігі өте жеңіл өлең, бейнелеп айтсақ, "үп" еткен желден жұлынып ұша жөнелетін қаңбақ сияқты. Жүмекен өлеңдерінің салмағы оған қарама-қарсы, өзі айтқандай:

Тамырларым – теренде,
Бұтақтарым – биікте.

Иә, Жүмекен Нәжімеденов жырларының тамыры теренде. Оны түсіне білу керек. Ақынның қат-қабат иіріміндегі поэтикалық нәзік те көркем кестелерін көріп, түйсініп ұға білу үшін өте сезімталдық, интеллектілік керек.

Демек, бұлардан Жүмекен поэзиясында оқушысын ойландырарлық, оны тек дайын қабылдауға ғана емес, қайта қиялына жүк артып, өлең ұсынған проблеманы шешуге араластырып, атсалыстырып қоятын қасиет бар екенін ұғамыз. Ақынның қай өлеңінің жеке тармақтарын алаңыз да ондағы ой мөлдір өткел сияқты, лайланбаған тұнық боп көрінеді. Бірақ түсіп кетсең, бой бере қоймайтын терен. Мысалы:

1. Кейде ойларым тасқа тиіп жүрді ақсап,
Айта алмадым тіс батырып, тырнақ сап.
2. Өмір – біреу, өлім – біреу, мен – біреу,
Екеу болса – біреуі оның өтірік.
3. От болса егер өсекшінің сөзінде

Бар дүниеден қалар еді күл ғана.

Міне, мұндай жолдар оқырманды еріксіз ойландырады, өйткені автор айтапағын тура мағынада алақанына салып беріп тұрған жоқ, поэтикалық астармен жүйеленген. Әрбір түйіндерінде терең сыр, философиялық толғанис бар. Жұмекеннің басты стилдік ерекшелігі – осылар.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Жұмекен Нәжімедінов – қазақ әдебиетінде сөз тіркестерін астарлы ойға құрудың, астарлы өлең тудырудың шебері. Бұлардың бәрі — ақынның ешкімге ұқсамайтын стилдік ерекшелігі.

Ақынның оқушыны ойландырыш, толғандыратын, шығарма шешімінің бір ұшын өзіне қалдыратын, сөйтіп, оны туынды идеясын анықтауда ортақ авторлық белсенділікке шақыратыны басты стилдік ерекшелігі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Нәжімедінов Ж. Балауса. – Алматы: Жазушы, 1961
2. Нәжімедінов Ж. Менің әкем // Қазақ әдебиеті, 1992. 3-қаңтар
3. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966
4. Мақатаев М. Қазақ жырының бір жылы // Жұлдыз. 1972. №7
5. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. – Алматы: Жазушы, 1981

Әбдікерім Дана Әлімбекқызы

*Алматы қ., №148 мектеп-гимназияның
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТІҢ ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа. Күн өткен сайын ғасырлар қойнауында шаң басқан рухани, мәдени мұраларымыздан қаншалықты алыстасақ та, халқымыздың сол асыл қазыналарын жан-жақты тексеріп, ғылыми талдау жасау, зерттеу жүргізу ісі бір сәтке толастаған емес. Әсіресе, соңғы жылдары қазақ фольклортану ғылымында да уақыт талабынан шешімін күткен күрделі мәселелер алға қойылуда. Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен, қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді.

Кіріспе. Фольклортану ғылымында фольклорлық мотивтерге біраз зерттеулер жүргізілді, біз батырлық жырлардағы мотивтердің ерекшеліктері мен маңызы туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдік. Батырлық жыры деп аты атағандай-ақ, ең негізгі, басты көрініс бұл – ерлік, батырлық. Яғни, батырдың елін, жерін, халқын, отбасын, қалындығын жаудан, дұшпаннан, қара ниеттілерден қорғауы. Және көптеген жырлардағы осынау көріністер ұқсас сарында кездеседі. Яғни, белгілі бір эпостағы сюжет, келесі бір эпоста көрініс береді. Мұндай қайталануды не ұқсастықты әдебиетте «мотив» деп атаймыз.

Халық ауыз әдебиетінде соның ішінде эпостық жырларда кездесетін мотив түрлері – «Қаһарманның дүниеге келу мотиві», «Отанын қорғау мотиві», «Жар іздеу мотиві», «Түс көру мотиві». Фольклортанушы – ғалым С.Қасқабасов қазақ халқының прозалық жанрындағы «ғайыптан туу мотиві» туралы жан-жақты талдаулар жасаған.

«Дүниеге келу мотиві». Батырлар ерекше жағдайда дүниеге келіп, елден ерекше болып өсуін, «қаһармандардың дүниеге келу мотиві» деп атауға болады. Бұл жырдағы кейіпкерді әсірелеп, әспеттеу үшін қолданылатын көркемдік тәсіл екені белгілі. Нақтырақ, осы мотив түріне тоқталар болсақ, «Едіге» жырында: «...Баба Омар деген әулие бір қызға көзі тиіп, сол қыз буаз болып, ұғыл табады...» - делінген [1, 1]. Ал, осы жырдың тағы бір нұсқасында: Қартайғанша бір перзент сүймеген бай, бір күні әулие-әмбиелерден медет сұрап ұйықтап қалса, түс көреді. Түсінде: «Әй, балам, тұр, жатпа, Құбыла жаққа жүре бер», - деген әуез естиді. Осыдан кейін бай балалы болады [1, 45]. Фольклорлық жырлардағы осындай түс көру, түсінде аян беруді ұқсас мотивтерге жатқыза аламыз. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында: Бәйбөрі перзентсіздіктен азап шегіп жүргенде, түсіне Шашты Әзіз кіріп, бір ұл, бір қыз сыйлайды. Міне осыдан барып Алпамыс батыр дүниеге келеді [2, 72].

Осы іспеттес, «Қарабек» батыр жырында: Алпыс жасқа келгенше падша перзентке зар болып, Құдайға жалбарынады, жетім-жесірді тойдырып, бата-тілегін алады. Сөйтіп, түс көріп, түсінде аян беріп, хан әйелі жерік болады...[3, 106]. Сонымен қоса, Қобыланды жырында: ...Қазақ елінде Қыдырбай деген бай перзентсіздіктен қиналады. Кемпірі бірде бала тілеп, мола басында түнейді. Түс көріп, түсінде бір адам бір ұл, бір қыз береді. Сол тапта, Қыдырбай түсіне де бір жалбарыс, бір сұңқар кіреді. Қыдырбай Құлтай деген құрдасына сол түсін жорытады. Сонда Құлтай жақсылыққа жорып, ұл мен қыздың боларына ишарат береді [4, 300]. Шынында да, батыр дүниеге келмес бұрын бір ерекше оқиғаның болары рас. Яғни, бұл халықтың ертедегі наным-сенімінен туатын дүние. Себебі,

халық арасында үлкен атақ-абыройға ие болар батырдың өмірі ерекше сипатталады. Яғни, батырлар жырындағы қаһармандардың дүниеге келуін ұқсас мотивтерге жатқыза аламыз.

«Жар іздеу мотиві». Тағы да бір батырлар жырларында көптеп кезігетін жәйт, бұл батырлардың жар таңдап, үйленуі. Батырлық жырлардағы осынау мәселеге байланысты Н.Айтбайқызы өзінің «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві» атты еңбегінде былай деген: «Қазақ эпосындағы жар іздеу батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе діни және тарихи эпостарда жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Егер батырлық жырларда батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немесе қыздың әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындауы арқылы үйленсе, лиро-эпостарда батыр қызға шынайы ғашық болуы арқылы қосылады» - деген [5,9].

Негізгі бөлім. Жоғарыда айта кеткендей-ақ, батыр ғашық болатын, өзіне жар етіп таңдайтын қыздар сұлу, ақылды, парасатты және т.б жақсы қасиеттерімен суреттеледі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Гүлбаршын сондай сұлу, көркем етіп суреттеледі. Сонымен қоса оның ақылдылығы да тілге тиек етіледі. Алпамыспен атастырылғанын біліп, оны бір күні іздеп келер деп үміттеніп, әдейі уақыт оздыру мақсатында, Қараман елшілеріне алты айдан соң бәйге тігетіндігін, (Алпамыстың батырлығына сенеді) кім жеңсе соған жар боларын айтады. Сол уақыт аралығында Алпамыс келіп, бәйгеде жеңіп, Гүлбаршынға үйленеді. Сол сияқты, «Қобыланды» жырында, батырды айлакер, тапқыр әрі батыр ретінде суреттесе, Құртқа ажарына ақылы сай ару ретінде бейнеленеді. Және, Қобыландының жұрт алдында батыр атануы да Құртқаны алуынан басталады. Яғни, үлкен сыннан өтіп, ерлік, батырлық әрекеттері жырланады. Сонымен қатар, мұндай сюжеттерді әлем халықтарының эпостарынан байқауға болады. Мәселен, Одиссей өзіне Пенелопаны жар ету үшін бірнеше адаммен жаяу жарысқа түсіп, олардан озып шығады. Армян эпосының кейіпкері Давид Сасунский Хандутхатун аруға үйлену жолында көп жігіттермен күш сынасады т.б. Бұл жырлардың барлығында да, батырлар өз сүйгендеріне үйлену үшін, көп сыннан өтіп, сол қыздардың қоятын бірнеше шартын (садақ ату, күресу, ат жарыстыру, жаяу жүгіру, темір сындыру т.б.) орындап барып мақсаттарына жетеді. Әйтеуір бір кедергіден, сыннан өтіп өз теңдеріне қосылады.

«Ел қорғау мотиві». Батырлық жырларда батыр - бір ауылдың, бір рудың намысы үшін ғана емес, ол бүкіл ел- жұртының намысы үшін, елдігі үшін сыртқы жаулармен қанды шайқасқа түседі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында:

«Ақ сұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін...
Токтай алмай барамын,
Ағайын-туған ел үшін...» - деп [2],

елдің амандығы, бүтіндігі, соның намысы жолында күресетіндігін тілге тиек етсе, «Ер Тарғын» дастанында батыр бүкіл ноғайлы жұртының намысы үшін сыртқы жаулармен қанды шайқасқа түсерде:

«...Аттанбадым олжа үшін,
Сыңсып жатқан мал үшін...
Аттанғаным кәуірге

Атамның ежелгі кегі үшін» - деп, сөзімізді дәлелдей түседі. Және, сол тапта, батырларымыздың ел үшін еткен, ерлік, қаһармандық қасиеттері де айтылады:

Қалың топты аралап...
Бес-алтауын өлтірді,
Он шақтысын жаралап...
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай ағылды... («Алпамыс батыр» жырынан).

Ал «Ер Тарғын» дастанында:

...Аллалап Тарғын шабады,
Толғады батыр найзаны
Жалғыз жаумен ойнады,
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады...
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан...», - [6,3]

деп, батыр ерлігін суреттейді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағандай-ақ, батыр алдында тұрған ең басты міндет бұл – елін, жерін, отанын жаулардан қорғау. Және, бұл барлық батырлық жырлардың негізгі, сонымен қоса, ең басты идеясы. Сондай кездерде батырлардың түтеген оққа

қарсы шауып, қамал бұзған ерлік істері жырға арқау болады. Яғни, батырлар ерлік іс жасау үшін, ел, туған жер үшін туады.

«Түс көру мотиві». Қазақ әдебиетінде кез-келген мотив сюжетпен, кейіпкер психологиясымен берік қарым-қатынас жасайды. Оның ішінде «түс көру» мотивіне тоқталатын болсақ. Тарихи-әдеби және теориялық тұрғыдан түсті зерттеу, фольклорда қолданылған түс көру мотивіне талдау жасау кезеңінде көз жеткізер бір нәрсе – ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі прозаға дейін түс көру тәсілі қолданылмаған бірде-бір әдеби туындыны кездестіру қиындығында. Тіпті, ежелгі дәуір жәдігерлерінің өзінде түс көру сарын кездеседі және туынды сюжетіне үлкен әсер береді. Осы аралықтағы шығармаларда түс бірде мотив, бірде көркемдік тәсіл ретінде сюжетке кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзгеріс пен әсер беріп қана қоймай, кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды ету үшін, сондай-ақ әр кезеңнің өзіндік дүниетанымына, көркемдік ойлау жүйесінің дүниетану дәрежесіне орай кейіпкерге фантастикалық, мистикалық, мифтік акцент беруде оның көркемдік қызметін күшейту үшін қолданылған.

Фольклорлық ғылыми еңбектерде түс – мотив саналғанымен, әдебиетші ғалымдар оны тәсіл ретінде қарастырады. Әсіресе, прозалық шығармаларда адам жанын тереңнен ұғып бойлайтын, ішкі сырға толы сезімдерін зерттеу барысында жазушы, әдебиет мамандары өмір шындықтарын көркемдік тұрғыдан жеткізу барысында осы кейіпкердің түс көру көрінісіне басымдылық берсе, фольклорда түс кейіпкер ой-санасынан гөрі, сюжетке композициялық, динамикалық бояу, кейіпкердің қаһарман тұлғаға айналуы үлес қосары күмәнсіз. Енді әдебиетіміздегі фольклор жанрына «Қазақ эпосының сюжеттері» еңбегінің авторы Б.У.Әзібаева төмендегідей анықтама береді: «Фольклор – байырғы замандарда пайда болған, ғасырлар бойы дамыған, шығармашылықтың асқар шыңына көтерілген, сюжетикасы, кейіпкер жүйесі мен поэтикасын өзінің ішкі заңдылықтары анықтайтын, өз заңымен өмір сүретін бір тұтас күрделі жүйе» [7, 11], дей келе, фольклорлық жүйенің әдебиеттану ғылымында ғана емес, адамзат өркениеті мен мәдениетінде алар орнына тоқтаған.

Белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов әйгілі Қорқыт туралы аңызды талдай келе «... өлімінен қашқан Қорқыт туралы аңыздарға келетін болсақ, олар семантикалық мазмұны мен сюжеттік-композициялық құрылымына қарағанда, таза көркем туындылары бола алмайды. Өте кеш хатқа түскеніне қарамастан, оларда әлі күнге дейін алғашқы қауымға тән мифологиялық ой-сананың, творчествоның ізі байқалады» [8, 87] – десе, фольклор зерттеуші Р.Бердібаев: «Жалпы түске сену түркі-монғол фольклорындағы өте көне ұғым көрінісі. Оның арғы түбірі бір есептен ескі анимистік түсініктерге де алып баратынын көреміз. Жаман түс көрсе шошынып, құдайы берушілік күні кешеге дейін орын теуіп келген әдет. Ал, түсті елді жиып отырып жорыту бұны құдірет санаған, ежелгі ұғымның ыдырамаған кезінен елес бергендей» [9,14], - дейді.

Ш.Ыбыраев болса: «Мұның себебін дәл басып айту қиын. Мүмкін ата-бабаларымыз түс көруге және оның жоруына айрықша мән беріп, оны тылсым күштің құдіретімен сабақтастырып, оған шексіз сенуі де ғажап емес. Бұған халқымыздың тарихынан, наным-сенімінен мысалдарды тізе беруге болар. Әрі түсті жорудың символикасы, белгі-нышандары да жинақтауға, жүйелеуге болатын құбылыстар», - дейді [10,115]. Бұл, әрине, фольклортанушы ғалымдарымыздың түс көруді көркемдік тәсіл деуден гөрі, анимистік наным-түсінік, шығарма сюжетикасына байланысты «мотив» деп қарайтындығын «тайға таңба басқандай» аңғартса керек.

Негізінде, түс көру – бағзы заманнан бері адамзат баласымен қатарласа туып, дамып келе жатқан, діни наным-сенімге негізделген мифологиялық құбылыс. Жалпы, «түс көру» мотиві романтикалық шығармалардағы адами мүдделерге, қос ғашықтың қосылу мақсатына негізделген. Ал, эпостық туындыларда батырдың дүниеге келуі, ел қорғау, жұрт намысы, халық мұрат-мақсатында айқын білініп, маңызды рөл атқарады: болашақты болжау, келешектегі қауіп-қатерді сезу яки бүгінгі ахуалды бір жерден екінші жерге жеткізу мұратында қолданылған

Қаһармандық эпостарындағы «түс көру» мотиві ұшырасатын туындылар – «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» және «Қырымның қырық батыры» циклындағы жырлармен қатар қарастырылатын «Шора батыр», «Бөген батыр» т.б.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, халық өзінің арманын жырдағы батыр образы арқылы береді. Ол образ – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күшінің көрінісі, және сол заман тынысы. Мүмкін, осы себепті де, батырлық жырларда ұқсас мотивтер көптеп байқалатын шығар. Және де, әр дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, діни-сенімдері, салт-дәстүрі, арман-мақсаты, сол дәуір шығармаларында көрініс береді. Яғни, белгілі бір кезеңдегі шығарма желісі, сол дәуір өміріне, ағымына тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі. «Едіге батыр» жыры. – Алматы: «Фолиант», 2005
2. Бабалар сөзі. 34 том. «Алпамыс батыр» . – Алматы: «Фолиант», 2005
3. Бабалар сөзі. «Қарабек» батыр жыры. – Алматы: «Фолиант», 2005
4. Бабалар сөзі, 37 том. «Қобыланды батыр» . – Алматы: «Фолиант», 2005
5. Н.А.Нұрақыш. «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві». – Алматы, Қазмемқызпу, 2011
6. Бабалар сөзі. «Ер Тарғын» батыр жыры. – Алматы, «Фолиант», 2005 «
7. Өзібаева Б.У. «Қазақ эпосының сюжеттері». –Алматы: «Servise Press», 2014
8. Қасқабасов С. «Миф пен эпсаның тарихилығы». «Қазақ фольклорының тарихилығы». – Алматы: «Ғылым», 1993
9. Бердібаев Р. «Манас және эпикалық дәстүр». Фольклор шындығы. – Алматы: «Ғылым», 1990
10. Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі». – Алматы: «Ғылым», 1993

*Сағимова Гулнур Кузтаевна,
Алматы қаласы, №148 мектеп-гимназияның
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ШӘКӘРІМ ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы әр кезде жазылып, бүгінге дейін әр қырынан зерттеліп жатыр. Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл совет әдебиетінде үлкен оқиға, ол қазақ халқының ұлы данасы ақын Абай Құнанбаевқа арналған. Роман ақынның өмірі туралы ғана айтып қоймайды, жазушы «Абайда» тұтас халықтың өмірін, оның тарихи тағдырын баян етеді. Халық өміріне терең бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әртүрлі әдет-ғұрыптарымен суреттеу ерекшеліктерімен қазірде таңқалдырады.

Кіріспе. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. М. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды. М.Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы» арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді – өз отандастарына, керек десеңіз тіпті – қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Дәлірек айтқанда, қазақ халқының ұлылығын – оның өткен өмірін – тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық хәм шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып, ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп береді. Сондықтан да, «Абай жолын» оқыған Бенжамен Матип «қазақ неткен ғажайып халық» деп өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ боп кеткенін білмей қалған». Сондықтан да бүгінде Л.Н.Толстойды оқымай орысты, О.Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын.

Қазақ әдебиетінде ойып алар орны бар, өзгелерден ерек, дара көрінетін шоктығы биік туынды Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ұлтымыздың марғасқасы хакім Абайдың өмірі ғана емес, бар қазақтың тіршілігі суреттеліп, шебер жеткізілген. Қаламгер маңдай алды шығармасында қазақтың бас ақыны Абайдың сүрлеу соқпаққа, у мен өртке толы ғұмырын жан-жақты көрсетуі арқылы ұлт өзегіндегі шерді, бұлыңғыр күн мен аяусыз езгіні қалың оқырманға жайып салып, батыл қадам жасайды. Роман әу бастан қақтығыстан, жай ғана әке мен бала арасындағы емес, ескі мен жаңаның арасындағы қақтығыстан бастау алып, ендігі шығарманың өн-бойы толассыз шиеленістер мен талас-тартысқа құрылады. Анығында, Абай аузымен жаңашылдықты жан сала жақтаған автор ескілік хақындағы өзінің позициясын Абайдың ақтық демімен аяқталар туынды соңына дейін бір деммен ұстана отырып, шебер таныта біледі. Панисламист, пантюркист ретінде танылатын ескінің сарқыншақтары арқылы замана көрінісін, қазақтың халін, патшалық саясатын ғана емес, кеңестік жүйенің көздегені жөнінен барынша үн қатуға тырысады. Осы тұста автордың екіұдай танымды, сезімді қатар алып отырған ауыр жүгін, күрделі ойын аңдаймыз. Құнанбай, Көкбай, Шұбар, т.б. образдары мейлінше ескіліктің құрсауына шырмалып, жаңаның алдында санасы сәуле бермес қараңғы, қаскөй, надан, озбыр болып көрініс тапқанымен, олардың аузынан шыққан сөздерде удай ащы шындық, автордың өмір сүріп отырған заманына, ондағы саясатқа деген көзқарасы жатыр.

Қазақ даласының ақиқатты аңсаған болмысы мен бітімі бөлек, сөзі кесек, танымы терең ойшыл ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы 80-жылдардың аяғына дейін есімі аталса төбеден бұлт үйірілер «халық жауларының» қатарынан орын алып келді. Оған дейін зерттеп жазбақ түгілі ауызға да алуға

болмайтын Қажыны түрлі амал-шарғымен романына сыйғыза білген Әуезовті жүрек жұтқан шыншыл қаламгер демеске әсте болмас. Шәкәрімнің романда ұшырасуы турасында кітап баспа бетін көргелі толассыз дау-дамайлар толастамады. «Халық жауын» сөз еткені үшін Әуезов сынға ұшырады. Бірақ жазушы қиянатқа бармады, бірінші кітапта Шәке бейнесі арқылы көрінген Шәкәрімді артынша келесі кітапта жиынтық образ Дәрменге ауыстырады. Дәрменмен қатар ұшырасатын тағы бір кейіпкер – Шұбар. Романның екінші кітабының жарық көруінен соң қатал сынға алған Сәбит Мұқанов: «Әуезов жолдастың былтыр басылып шыққан «Ақын аға» деген романында Абай шәкірттерінің бірі боп Шұбар деген жүреді. Оның Шәкәрім екені өзінен-өзі көрініп тұр. Бұндай бандиттің кітабын біз талқылап жатпаймыз» [1, №7], – деп кесіп айтады.

Негізгі бөлім. Шындығында, романға зер сала қарасақ, Шұбардың болмыс-бітімінен, кесек сөздерінен Шәкәрім тұлғасын айқын аңғара аламыз. Осыны байқаған филология ғылымдарының кандидаты Сұлушаш Бекмырза да: «Романдардағы Шұбар – өзінің мінез-құлқы, пиғылы, кейбір іс-әрекеті жөнінен трагедия мен кинодрамадағы Керімді, операдағы Әзімді, әдеби сценарийдегі Шәріпті еске түсіретін кейіпкер. Оның Керім, Әзім, Шәріптерден өзгешелігі, Абайдың сүйікті шәкірті Дәрменмен іштей өштесіп жүргенімен, олар тәрізді адамды у беріп өлтіретін зұлымдық іске бармайды. Әуезов романдардағы Шұбарды олардан гөрі ұнамдырақ қасиеттермен, қайшылықты бейне етіп көрсеткісі келген тәрізді. Бірақ өмірдегі Шәкәрімге барлық жағынан ұқсас кейіпкер жасау қауіпті. Олай болған жағдайда романның жарық көруі екіталай еді» [2,338], – деп ой толқытады.

Ал филология ғылымдарының докторы, абайтанушы, әуезовтанушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай: «Дәрмен мен Шұбардың, Шәкенің бойынан Шәкәрімге қатысты өмірлік деректер іздесек, бүкіл төрт кітаптың мазмұнын баяндап шығу керек. Сонда да мына жайды назарға іліктіре кетудің артықтығы жоқ. Біз бір адамның қос образға айналуына да дәйек келтіреміз. Екінші кітапта Шәке қысқы салбурында Шыңғыстың сыртына саятқа шығады. Құстың тілін де, бабын да меңгерген кәдімгі аңшы ретінде сергектігімен сүйіндіреді. Ал үшінші кітапта ол Дәрмен екеуі қаршығаларын үйрекке түсіріп, өзара бәсекеге түседі. «Еңлік-Кебек» жырын жазу қақысын Дәрмен жеңіп алады. Бұл арада Шәкәрімнің құсбегілігінің өзі Дәрмен мен Шұбардың арасына жарықшақ түсіріп, екіге бөлінуінің алғы шарты ретінде негіз қалаған» [3, 229], – деп сөз етеді.

Эпопеяда көрінетін шұбар бейнесі автордың қауіпті тандауы десек те болар. Алайда, Әуезов басына Шұбар мәселесіне бұлт үйіріле қалған жағдайда сытылып шығудың да жолын алдын ала қарастырған. «Шәкәрімді жазып отырсың!» деп шаужайдан алған жағдайда, қысым түскен тұста Мұхтардың: «Жоқ, Шұбар – Шәкәрім емес, Шұбар дегенім – Шұбар. Абайдың туысы Шәкәрімнің ағасы», – деп қарсы шығуға қақысы бар еді. Өйткені... Шұбар – өмірде бар адам, Абайдың замандасы, тетелес өскен Шәкәрімнің ағасы. Бірақ ерте дүниеден қайтқан» [3,227], – деп Тұрсын Жұртбай Әуезов сылтауының жік-жапарын талдаған. Ал, Шәкәрімнің эпопеядағы «Шұбар деген атының өзі Шәкәрімнің бетіндегі секпілге орай қойылған» [3, 224].

Шәкәрім бейнесі шығармада үш кейіпкермен тығыз астасып, сабақтасып жатыр. Сол кейіпкерлер ішіндегі болмысы бөлектеу күрделісі – Шұбар бейнесі. Романға зер салсақ автор Шұбарды ұнатпағанымен де, оны жамандыққа, озбырлыққа қимайды. Екіжүзді, кертартпа мінезі тек ұсақ дау-дамай арасында жүргенімен, кейіпкердің Абайға жақындығы, кей тұста көрініп қалар шыншылдығы, білімділігі мен ақ адал болмысы әредікте болсын қылаң беріп отырады. «Аз уақытта Шұбар ептілікке салды. ...Сөзіне күлкі аралас, жылылық кіргізді.

- Сүйтіп, екі кәрі, жайларыңды аңғарсам, бүгін есе берер түрің жоқ. Өздерің менің болысымның қазағысың. Сыртпен даулассаң, сөзіңді өзім қуатын қарашым екесің. ... Сонымен, сен екеуің қырық үйдің ішінде, “ең жолы болғыш, ақжолтай шалдар болдың ба!” деп отырмын. Түбінде құдайға қараған мақұл! – деп, Тәкежан мен Ысқаққа көз тастады. - Бұлардың ақысын өзіміз де жемейік, өзгеге де жегізбейік, туысқандар! Сөз аяғы осы болсын. Тек қазір осы арада Абай ағам кесігін айтсын да, тыным, тыныштығын тапқызайық бұл сөздің! – деді». Романдағы Балқыбек сиязындағы бір ғана көріністен Шұбардың болмысындағы «... үлкен сөзді жайлап бітіру, зәрсіз тарқату жөнінен байқалған» [4, 279] ептілігін, шыншылдық пен туралығын аңдағандаймыз. Және бір кездесетін Абайдың Шұбар жөніндегі: «... Тәкежан, Ысқақтан мынау сонағұрлым зерек екен-ау! Жас та болса, ақыл-парасат осыдан шыға ма, қайтеді. Мынаның алды бар-ау! Тек қайда барар екен!» [4. 283], – деген байлауы анық Шәкәрімді танытса керек. Бір ғана ол емес, Шұбардың болмыс-бітімі, танымы, білімі, бәрі де Шәкәрімге мегзейді. «Бұл болыстар ішінде өлеңге бейімі бар, тілді-сөзді кісінің бірі Шұбар болатын. Өзгелердің бәрінен жасы кіші болса да, оқу-білімге де озығы осы. ... Шұбар онымен қоймай, Абай үлгісіне де өз бетімен ілесіп жүр. Өздігінен тілмаштардан түртініп оқып, орысша тілді де білгісі келіп жүрген. ... Өзге жастың қатарынан озығындап келе жатқан омырауы да бар» [4,263], «Бұнымен дауға түсетін Шұбар екен. Өзге Құнанбай балаларының ішінен тілі орамды, айтқышы және Абайдан

соңғы білгірі осы болып, жырылып шыға бастаған» [5, 103], - деп берілетін Шұбар болмысы жоғарыдағы ойымызды толықтыра түседі.

Мұнымен қоса, Шәкәрімнің ұлы Ахат Құдайбердиевтің «Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім» естелігіндегі автордың әкесін суреттеген сөздері романда да ұқсастық тауып ұшырасып отырады. Естеліктегі: «Әкей көп жантаймайтын еді. ... Атқа тік отыратын, ерден көп қозғалмайтын» [6, 161], - деген жолдар романдағы: «Ақ сұр жүзінде сәл білінер қорасан дағы бар, кең жауырынды, ұзын бойлы, атқа тіп-тік отыратын Шұбар болыс осы» [3, 261], – деп берілетін кейіпкер сипатымен үндеседі. «Он жеті жасынан бастап скрипка тартуды үйренеді. Жазғытұры барып, скрипкасын алып, сол орыстан да скрипка үйренеді» [6,159], – деген естеліктегі ойдан Шәкәрімнің скрипкада ойнай білгенін ұғынсақ, романда Әуезовтің: «Өтегелді Мұсабайға айтып, Әбіштің ірі скрипкашы екенін де білдірді. Жақындағы Шұбардың аулына кісі жіберіп, соның скрипкасын алғызуды мәслихат етті» [5,145], – деп скрипканы Шұбардың үйінен алдыруының өзі жай ғана кездейсоқтық емес, автордың ойдағы шебер тұспалдауы, мегзеуі десек жаңылыспаймыз. Бір бұлар ғана емес, осы сынды естелік пен романда ұқсас сипаттар жиі кездесіп тұрады.

Десекте, эпопеядағы Шұбардың бойында жағымсыз қасиеттер басым. Бай баласы, Құнанбай жанында өскен немересі Шұбарды пендешілікке жақын, ескішіл етуі де сол заман сараптамасы бойынша заңды. Кедей баласы, жетім өскен Дәрмен тұрғанда Шұбарды оза шаптыру, артық ету кеселі мол шешім болары айқын еді. Осы себепті қос кейіпкер арқылы автор Шәкәрімнің толық бейнесін жасайды.

Шығармада Шұбар аузынан шығатын сөздерге автор жіті мән береді. Қанша сыңаржак, кертартпа ой болып көрсетілгенмен, бүгінгі көзбен қарағанда Шұбар сөздерінде дінгегі бекем ақиқат, ұлтқа үндеу жатыр. Астарлы ой, жанашыр үндеу бір емес, бірнеше жерде көрініс табады. Оның өзін өзге емес дәл Шұбардың аузына салғандағы Әуезовтің ой ұшқырлығы шынымен де таңданарлық. Шұбар автордың қатерге бас тіккен образы ғана емес, ұтымды, сәтті шыққан образ десек те болады. Қанша ескіліктің сарқыншағы ретінде көрсетуге салмақ салған ақиқат, шындықты діншіл, ескішіл Шұбар айтпай кім айтады? « - Ашумен айтамын, бататыны рас. Бүгін елдің әруақты биін, ертең қадірлі хан-сұлтанын масқаралап, олардан жұртты бір бездірсек, ертең солай дінінен, исламият жолынан аздырсақ, соның бәрін «орыс-орыс», «қыбла орыста», «жақсылық орыста» деп істесек қайда барамыз осы! Бүгінгі халықты, ертеңгі нәсілді қайда, қайда апарамыз? Осы ауыл өзі кім боп барады? Қайда тартып барады?! - деді. Бұл айтқаны көптен ішін кернеп, уыттанып жүрген үлкен түйіні тәрізді» [5, 246], – деген Шұбар сөзіндегі көптен ішін кернеп, уыттанып жүрген үлкен түйіні тек Шұбарда ғана ма еді? Орыстан, саясатынан түңілген Шәкәрімде мұндай уытты түйін жоқ па еді? Жаңашылдық деп енгізген жаңа өмірден бірлі-екілі жапырақтың жасылын көрсеткенсіп, астыртын түп-тамырымызға балта шауып жатқан Кеңестің сайқал саясатын автор Шұбардың осы сөздері арқылы сынап отыр. Дінін, тарихын ұмыттыруға бағытталған айла-шарғылар да романда ашық көрсетіледі. Абайды дос тұтып, ақыл-кеңес беретін миссионер Михайлов, Павлов сөздерінде де қазақтың тасын өрге домалататын жанашыр кеңес емес, қырылуға, жойылуға үндеген кесапатты сөздер жатыр. Бірқатар ойларында көтерілісті мегзеген миссионерлер қазақтың қарусыз, Патшалық алдында қауқарсыз екенін білмеуі әсте шындыққа жанаспайды. Қарулы әскер мен қарусыз халықты күрестіріп, аяусыз қырып, жерін оңай басып алуды көздеген сол кездегі саясат бүгін де жасырын емес.

Қорытынды. Эпопеяның, түптеп келген де, негізгі кейіпкері – халық. Халық өмірінің алуан түрлі көріністері. Құбылыстары шығармада ірілене, жинақтала, типтендіріле бейнеленеді. Романдағы бүкіл ірілі-ұсақты оқиғамен тартыс коллизиялары Абай арқылы, не оның тікелей қатысымен, не әйтеуір қалайда араласуымен, не оның көңіл-күйіне, ой дүниесіне, жалпы көзқарасына, дүниетанымына байланысы арқылы суреттеліп, бір-біріне ұласып, тұтасып жатады.

Жазушы, әрине, Абай өмірінің, барша үлкенді-кішілі иірімдерін түгел қамту мақсатын көздемейді, керісінше Абайдың өз басының да, ол өмір сүрген ортаның да эпопеядағы идеялық-көркемдік концепциясын аша, айқындай түсуге тікелей септігін тигізетін тұстарын ғана мол қамтиды. Абай еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемге танылып жатыр.

«Абай жолы» эпопеясын да жазушының тарихи, әдеби және басқа материалдардан алған, сондай-ақ, өзін ің өмір тәжірибесі мен пайымдауларын егізін де түйген ой-пікірлері кейіпкерлер тағдырына табиғи түрде сіңісіп, олардың әрқайсысын ірі-ірі характер дәрежесіне көтереді. Оқиғаларды өзара бірлікте, шиеленісу, өрістеу қалпына сәйкес суреттей отырып, өзара әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілі боп табылатын кейіпкерлердің тұлғасын шеберлікпен суреттейді.

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы Абайды жән е қазақ халқын әлемге танытты. «Абай жолы» – қазақтардың ұлттық оянуынан ұлттық кемелденуіне қарай апаратын жол, ол қиын

да күрделі, өзін-өзі таныту жолы. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа нағыз Абайды, Абайдың ақын шәкірттерін қайта танытып, қауыштыру күн тәртібін де тұрған өзекті мәселе деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Мұқанов М. «Әдебиет және искусство», 1951, № 7.
2. Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ, 6 Т. – Алматы: Раритет, 2008.
3. Тұрсын Ж. «Құнанбай» – Алматы: Алаш, 2004.
4. Әуезов М. «Абай жолы», II Т. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
5. Әуезов М. «Абай жолы», III Т. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
6. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ, I Т. /«Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007.

МАЗМҰНЫ

Әбдезұлы Қ. Тахауи Ахтанов адам жанының суреткері.....	3
Орда Г.Ж. Тахауи Ахтанов романдарындағы соғыс шындығы.....	6
Қами Н.І. Тахауи ақтановтың драмалық шығармаларының ерекшеліктері. Драмалық тартыс кейіпкердің өз бойынан басталады.....	11
Бірәлі Г. Т. Ахтанов романдары және жалпы адамзаттық рухани құндылықтар.....	14
Мамбетов Ж.О., Полатбек Г.Ж. Тахауи Ахтановтың «махаббат мұңы» хикаятындағы көркемдік шындық.....	18
Тлебалдина Н. Тахауи Ахтановтың «күй аңызы» әңгімесін орта мектепте оқытудың өзектілігі.....	20
Өміржанова Ж.Т. Тахауи Ахтановтың романдарындағы өмір шындығы.....	22
Саргелтаева А.Қ. Т. Ахтанов прозасының көркемдік әлемі.....	24
Түрдәлі Т. Тахауи Ахтанов прозасындағы адамгершілік ізденісте.....	26
Тойбазар А. Тахауи Ахтановтың әдеби мұрасы.....	29
Оспанбаева Н.Ә. Т. Ахтанов шығармашылығын оқытудың тиімді әдістері.....	32
Тұрсынбек Б.Н. Тахауи Ахтанов әңгімелеріндегі өнер адамдарының бейнесі.....	34
Сейітжанов З.Н., Набиолла Н. «Ер Жәнібек» жырының нұсқалары хақында.....	37
Қалқабаева С.Ә. Көркем образдар жүйесі.....	40
Рамазанова Ш.Ә. Абай өлеңдеріндегі өмір шындығы.....	43
Керімбекова Б., Сұлтанқожа А. Мектептердегі әдеби-поэтикалық шеберханалардың психологиялық, трансформативті әлеуеті.....	46
Тлеубаев С.Б., Рустемова А.С. Сал-серілер шығармашылығының жанрлық ерекшелігі мен тарихи тағлымы.....	48
Дәрібаев С.Д., Қалдыбай Б.Н. Хамза Есенжанов романдарындағы фольклор жанрларының көркемдік қызметі.....	51
Мауленов А.А., Оспанова А.К. Қазіргі қазақ әңгіме-повестеріндегі аңыздар мен мифтер.....	55
Сарбасов Б.С., Қиарыстанова Г.К. Алма Қырубаеваның педагогикалық еңбек тәжірибесі.....	61
Мекебаева Л.А., Айту Н.Н. Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ойын: постмодернизм аспектілері.....	64
Мәтбек Н.К., Аубакирова Б.Б., Жақсылық Сәмитұлының ғұмырнамасы мен әдеби мұрасы.....	66
Исабекова Ж.А., Сейсенбиева Э.С. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі нарратологияның орны (Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі негізінде).....	71
Сарбасов Б.С., Есентүгел А.А. Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» шығармасындағы рухани құндылықтар.....	74
Рапашева Е. Доспамбет жырау поэзиясы – далалық рыцарлық поэзия үлгісі.....	77
Зиядибеков Н. Қазақ әдебиетіндегі «шыңғысхан» тақырыбы.....	80
Оразова М. Қазіргі қазақ романдарындағы абай образының бейнелену мәселелері.....	82
Жұмақан Ә. Оралхан Бөкей шығармашылығындағы «күнә» концепті.....	87
Маратова Ә.М. Шоқан Уалихановтың сапарнамалық еңбектері және олардың ғылыми маңызы.....	89
Нажиева М., Бөкен Г.С. У. Хамдам прозасындағы портреттің түрлері.....	92
Молдахали А.А. Абдул-Хамид Мархабаевтың фантастика жанрын зерттеп, жіктеуі.....	94
Қахар Б.Ә. Т. Жолдыұлының шығармашылығындағы табиғат лирикасы.....	96
Сәрсенбек Н.Ж. Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі педагогикалық ұстанымдары.....	99
Елдос Е. Қазақ ертегілері текстологиясының тарихы.....	101
Ермекова Б. Қазіргі қазақ және ағылшын балалар прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері.....	103
Оспанова Н. Ағылшын, қазақ және түрік тілдеріндегі етістікті фразеологияның ерекшеліктері.....	108
Қашаулиева Э.К. Махамбет поэзиясындағы исатайдың батырлық бейнесі.....	110
Қашаулиева Г.К. Сүйінбай поэзиясындағы суреткерлік шеберлік.....	114
Орал С.Н. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясының стилдік ерекшелігі.....	117
Әбдікерім Д.Ә. Батырлық жырлардағы фольклорлық мотивтің түрлері.....	120
Сағимова Г.К. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы шәкәрім тұлғасы.....	123

Ғылыми басылым

**Қазақ әдебиетінің классигі Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған
«ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ»
атты халықаралық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ИБ №15246

Басуға 05.03.2024 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Көлемі 8,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №305.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.